

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ

Тандамалы
шығармалар
жинағы






-24768-

Өзбекәлі
ЖӘНІБЕКОВ

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

Бірінші кітап



Алматы
2011

УДК 070
ББК 76.02
Ж 36

*Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды.*

Жәнібеков Ө.

Ж 36 Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: ҚАЗ-
ақпарат, 2011. 1-кітап – 320 бет.

ISBN 978-601-03-0097-2

Қазақ ұлтының біртуар перзенті Өзбекәлі Жәнібековтың қолдарыңыздағы бірінші кітабына ел мен жер тарихы мен ұлт тағдыры, салт-дәстүрлерге қатысты мақалалары, зерттеу еңбектері топтастырылған.

УДК 070
ББК 76.02

ISBN 978-601-03-0097-2 1 кітап
ISBN 978-601-03-0096-5 (общ)

© «ҚАЗАқпарат», 2011

Уәлихан ҚАЛИЖАН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,
филология ғылымдарының докторы,
Қазақстанның Еңбек
сіңірген қайраткері

РУХ САРДАРЫ

Уақыт деген зымырап өтіп жатыр. Өмірдің әр күні өткен сайын бәзбіреулердің есімі көшіп, кейбіреулердің есімі өсіп, ұрпақ жадында, тарих парағында қалып жатыр. Сондай тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков.

Өзбекәлі өткен ғасырдың, коммунистік жүйе мен тәртіп, мораль мен партиялық талап адам санасын қысып тастаған, ұлттық сананы өшіріп, коммунистік идеологияны миға зорлап кіргізген мәңгүрттік заманда ноқтаға басы сыймаған қайраткер һәм ұлтжанды дара тұлға. Ол көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, халық мұрасын жинап, оны қазақ мәдениетінің алтын арқауына айналдырған тарихшы-этнограф, ғалым.

“Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді” деседі халық даналығы. Шыны сол, Өзбекәлі Жәнібековтің де тағдыры біреулер үшін ерекше нұрлы, жарқын болып көрінуі де мүмкін. Бірақ қайраткер тағдырына байыптап қараған адам, оның тар жол, тайғақ кешулерден өткенін байқар еді. Өйткені ол өзінің принципшіл мінезімен, ұлтжанды көзқарасымен жоғарыдағы тағдырды шешетін адамдарға ұнай бермейтін. Сондықтан болар

оның өмірбаяны бірде өсу, бірде түсу сияқты бұралаң сатыларға толы. Бірақ осының бәрінде оның азаматтық болмысының іздері сайрап жатыр.

Өзекеңнің тағдыры мыңдаған Кеңес Одағы балаларының тағдырына ұқсас еді. Ата-анадан ерте айрылды, тағдыр тауқыметін тартты. Қабырғасы қайысып, өмірге ерте араласты. Қиянат, екіжүзділік сияқты адамдардың зорлығын ерте көрді. Сондықтан да жатбауырлау өсті. Бірден жұртпен шүйіркелесіп, иш-бауырға кіріп кететін мінезі жоқ. Мұның бәрі бала психологиясына қатты әсер етті. Әрі төзімділікке, еңбекқорлыққа, алға қойған мақсатты орындау үшін өзін жұдырықтай жұмылдырып, кек сақтамайтын шыдамдылыққа үйретті.

Өзекеңнің ұйымдастырушылық, өзі бас болып, мәселеге кірісіп кететін табиғи мінезі де ерекше. Содан болар Өзбекәлі Жәнібеков дегенде жұрт елең ете түсті, жұрт «не айтар екен» деп аузына қарады.

Өз естеліктерінің бірінде Өзекең “Жүзім соншалықты суық болмағанымен кейбіреулердің кездескенде дегбіріп, сасып қалатынын білем” дейді. Мен де мұны бастан өткергем. Ұмытпасам 1987 жыл еді. Желтоқсанның ызғары басыла қоймаған. Ол кезде «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы едім. Қазақтың атақты ақыны, өзімнің рухани ағайым Мұхтар Шахановты газетке тікелей телефон-сұхбатқа шақырдым. Мәселе, Наурыздың ешқандай діни мейрам емес екендігін тағы бір көтеріп, қоғамдық ой туғызу және оны халыққа қайтару идеясы болған-ды. Сұхбатты өткізуін өткіздік-ау. Бірақ зәре қалмағаны рас. Өткені пыш-пыш әңгіме көбейді. Бірақ соған қарамастан номер сайын пікірлер шоғырын жариялай бердік. Осылай екі апта өте шықты.

Телефон шыр-шыр ете түсті. Ар жағынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі

хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің хатшысының дауысы естілді. «Сізді Жәнібеков шақырады».

Ө.Жәнібеков ешқашан кездескен адамым емес еді. Тек сыртынан бірді-екілі көргенім бар. Жаным көз алдыма келген-ді. Бірақ Наурыз жөніндегі топтамаларды, жүздеген хаттарды жинастырып алдым. Айтқан уақытында алдына бардым. Кірдім. Шұқишып бір қағазға қарап отыр. Басын изеді де қойды. Қолымен орындықты көрсетті. «Отыр» дегені болар деп, орындықтың шетіне жайғастым.

Қағазды ұзақ қарады, ары шимайлады, бері шимайлады. Сосын столының бір бұрышына қаттап қойды.

– Наурыз мәселесін дұрыс көтеріңіздер. Ғалымдарды, этнографтарды, қарапайым адамдарды сөйлетіңіздер. Дұрыс болған, – деді.

Мен Өзекеңнің алдына хаттар мен газет қиындыларын қойдым.

– Шаханов Кольбинде болды. Мен де газет көтерген мәселенің дұрыс екендігін айттым. Оңтайлы шешім қабылданды. Бұл біздің “Лениншіл жас” қой деп, Шерхан Мұртаза мен Сейдахмет Бердіқұлов туралы жылы лебіз білдіріп, газеттің өз жолынан таймай жүргендігін ескертті. Төбем көкке жеткендей болды.

Бар болғаны осы. Өмірімде Өзбекәлі Жәнібековпен бірінші әрі соңғы рет бетпе-бет кездесуім осы. Бірақ қысқа кездесу менің ол туралы көзқарасымды қалыптастырды. Жұрт мақтайтын Өзбекәлі Жәнібековке тәнті әрі ерекше ілтипат сезімімен кабинетінен шықтым және күні бүгінге дейін сол кездесуді ұмытқан емеспін. Өзекеңе деген құрметім мен ілтипатым өзгерген емес.

Өзекеңнің естелігінен:

“Наурыз “Жыл басы – жаңа күн – Ұлыстың ұлы күні” ретінде көне заманнан 1926 жылға дейін тойланып келген. 20-жылдардың шолақ белсенділерінің саяси «қырағылығының» салдарынан діни мереке-міс деген сылтаумен...

62 жыл бойы атаусыз қалғаны қай жағынан алғанда да қиянат еді.

...Наурызды елден, ел Наурыздан ажыратуға болмайды.

Мұның алдында осы мәселені Мұхтар Шаханов та газет бетінде көтерген болатын!

Иә, Наурыз халқына осылай оралған болатын...

Өзбекәлі Жәнібеков өнерді жан-тәнімен сүйген, ұлттық құндылықтарымызды, жәдігерлерімізді жинаған ірі ұйымдастырушы. “Адырна”, “Сазген”, “Ғасырлар пернесі” одан “Отырар сазы” оркестрінің құрылуының ұйытқысы болған да Өзбекәлі Жәнібеков.

Өзекең Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы болып жүргенде “Торғай әуендері” дүниеге келді. Театр құрылды, Қазақстан Жазушылар Одағының Арқалық бөлімшесі ашылды. Айта берсе Өзекең атқарған істер жетерлік. Олар туралы замандастары, өнер саңлақтары айта жатар.

Өзекеңнің көптеген кітабы жарыққа шықты. Айтылған, айтылмаған деректер қаншама? Оқысаң қызық деректерге кенелесің. Соның бір эпизоды былай болып келеді.

“...Съезге (комсомолдың – У.Қ.) қатысатын Қазақстан делегациясын Мәскеуге пойызбен жіберіп, өзім ұшақпен барып, Қазан вокзалынан қарсы алдым. “Нұрсұлтан, қалай қалай?” десем, Алматыда съезде көргенмен ұмытып қалған болар, “Сіз кім боласыз?” деген қарсы сұрақ естідім. Нұрсұлтан Назарбаевпен осылай танысқан едім. Бұл 1962 жылдың сәуір айы еді”.

Бүкпесіз, зілсіз дерек.

...Содан бері қанша уақыт өтті. «Дүние бұрандаған бір қисық жол». Қоғам ауысты, заман өзгерді. Өзгермейтін бір-ақ нәрсе. Ол адамның осы дүниеде атқарған істері. Ұрпақ пен ұрпақты жалғайтын, халық санасында, тарих толқынында қалатын абыройлы

істері. Ондай өрелі істер Ө.Жәнібековтің тағдырында жетерлік.

Биыл Өзекең тірі болғанда 80-ге келер еді. Бірақ оның есімі ел есінде, халық жүрегінде қалды.

Рух сардары Өзбекәлі Жәнібековтің қос томдығы қолдарыңызға тиіп отыр. Ойлы, көзі қарақты оқырман кешегі мен бүгінгінің парқын өзі ой елегінен өткізіп алар. Адамның өзі жазған дүниесінен артық құнды не бар?! Бірінші кітапты "Ойтолғақ", екінші кітапты "Ойөрнек" деп біріктіргенді жөн көрдім.

Өмірімде бір-ақ рет бетпе-бет көрген адамның Арыстанбаптағы күмбезіне барып қол жайып, құран оқытып, құрбандық шалып едім. Жақсы адамның жақсы дүниесі өз оқырманына жетсе бұл да сауаптың бір түрі емес пе?

Ұрпағың ұмытпайды, Өзеке!

7

106

«Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар
Арқа мен қосым қалар деп...»

Қазтуған жырау

ТАРИХ ҚОЙНАУЫНА ҮҢІЛСЕК

Қазақ данасы шексіз де шетсіз. Алтайдан Каспий теңізіне дейін, Батыс Сібір ойпаты мен Орал тауларынан Тянь-Шанның теріскей сілемдеріне дейін көсіліп жатқан бұл алқап тек кең өрісімен немесе аса мол табиғи байлықтарымен ғана емес, осы өңірді мекендеген дана тайпаларының өзіне тән сипаты бар, түп тамыры ортақ мәдениетінің осынау ұланғайыр кеңістікте ежелгі заманнан бастап-ақ қалыптаса бастағанымен және оның Қазақстанның қазіргі шегінен едәуір тысқары жерлерді де қамтығанымен қызықтырады. Өзінің ізашарлары болған ежелгі сақтармен, үйсіндермен, қаңғұй-қаңғарлармен, түркілермен, қыпшақтармен қазақ қоғамының арасындағы тектестік байланыс, басқаны былай қойғанда, ең алдымен археологиялық қазба зерттеулері арқылы айқындалған бет пішіннен, дене құрылысынан, сол сияқты қалыптасқан заттық мәдениеттен, өнерден, кәсіпшіліктен көрінетін белгілермен дәлелденген. Палеоантропологиялық және краниологиялық зерттеулер арқылы қазақтағы антропологиялық тұрпаттың үш мың жыл бойы желісі үзілмей, жалғасып келе жатқаны да белгілі болып отыр¹.

Сәулеткерліктегі шаршы үшкілінің, шеңбер бөлшектерінің, Әбу Нәсір Әл-Фараби айтқандай, өлендегі үйлесімге, поэзиядағы шумаққа, логикадағы силлогизмге дәп келетіні секілді ежелгі сақтардың әйгілі аңтабы стильдегі кейбір

¹ Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. Алматы, 1970, 1 б.

туындыларының сарыны қазақ аңыз-дарында да кездеседі. Ал олардың мазмұндық желісі жартасқа қашалған суреттерден, ою-өрнектерден, зергерлік бұйымдардан да айқын сезіліп жатады. Түркілердің түсінігінше, құс – аспанның, балық – судың, ағаш – жердің белгісі болған екен. Ал мұндай таңбалардың қазақтың қолтума өнеріне еніп, оның мазмұнын байыта, молайта түскені анық¹.

Қазақ өзінің ата-тегін құраған көнетүркілер мен қыпшақтардан киіз басуды, киіз үйдің мейлінше жетілдірілгенін, кілемнің түксіз түрлерін, әсіресе алаша токуды, ши орауды, үй жиһаздарын, қару-жарақты, ер-тұрманды, қанық әуез аспаптарын сүйекпен безендіруді, күміспен күптеуді мұра етіп қабылдаған. Түркі-қыпшақ киім үлгісінің пішіміндегі кейбір ерекшеліктер қазақ киім-кешегінде де кеңесіп отырады.

Осындай өзгешеліктердің қазақта сақталуы – оның қайта реттеуге көне бермейтін тұйық шаруашылығында ғасырлар бойы мардымды өзгеріс болмағандығымен тікелей байланысты. Мұның мәнісі, Энгельс атап көрсеткендей, “Саяси, құқықтық, пәлсапалық, діни, әдеби, көркемдік т.б. жағынан дамудың экономикалық дамуға негізделетіндігінде”².

“Жүздеген, тіптен мындаған жылдар көлемінде болған төңкерістер (өзгерістер – Ө.Ж.), – деп жазған Арминий Вамбери, – қазақ тұрмысына болар болмас қана өзгеріс әкелген”³. Бұған ел басына күн туған қиын-қыстау сәтте үдере көшіп, жауға жол азабын тарттырып, сілесін қатырумен бірге, оған тұтқиылдан соққы беріп, жымжылас етіп ізін жасырып кете беруге мүмкіндік беретін ұлан-ғайыр кеңістіктің де әсері болған. Сонымен қатар біз осы бір құлазыған кең даланың арқасында бейбаракат,

¹ Марғұлан Ә. Байырғы сак, ғұн, үйсін өнері. ҚСЭ., 2 том, 98-101б.

² Маркс К, Энгельс Ф. Избранные Письма. М., 1953, 470 б.

³ Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. СПб., 1865, 182-183 б.

шектен тыс бейғам, салақтығымыз да жеткілікті, кім көрінгенге жем болған анқау ел болдық. “Анқау елге – арамза молда” болатыны тағы бар.

Қазақ мүмкіндігіне орай кіреуке /сауыт/, дулыға киіп, найза-сүңгімен, қылышпен, садакпен қаруланған. Жаугершілік, “жер дауы”, “жесір дауы” жиі болып тұратын сахара жағдайында қолына қару ұстап, ерлік көрсете білгендердің мерейі үстем болған. Әсіресе қару-жарақ соғатындар аса үлкен құрметке бөленген. Дала тұрғындарының арасында ұстахананың өзі де, “темірден түйін түйіп”, өз кәсібінің құпия сырымен жұртты тамсандырған ұста өнері қасиет тұтылған.

Қазақ қару-жарағы қолданысына қарай соғатын (шоқпар, сойыл, дырау, дойыр, дода, қамшы), шаншып-түйрейтін (найза, сүңгі), шабатын (айбалта, қылыш), ататын (садак) болып бірнеше түрге бөлінген. “Дала жағдайында өте сирек кездесетін және рудан руға ауысып отырған»¹ білтелі мылтықтан басқа қазақта оқ-дәрімен атылатын қару, бірнеше адам бірігіп пайдаланатын зеңбіректер болмаған.

Қазақтың қару-жарағы жайында ең мол дерек қалдырған Шоқан Уәлиханов қана. Қару-жарақтың сыр-сипаты жайлы біз үшін бағалы мағлұмат “Қара қыпшақ Қобланды”, “Алпамыс батыр” жырларында, Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” романында кездеседі. Ал В.П.Курылевтың 1978 жылы ССРО Ғылым Академиясының Антропология және Этнография музейінің XXXIV жинағында жарияланған “қазақтың қару-жарағы” атты мақаласында оның жекелеген нұсқаларын тұңғыш рет тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеп, ғылымға енгізуге талпыныс жасалғаны белгілі.

Жорықта қазақтың қолына шоқпар ұстап, қарына сойыл ілгені мәлім. Қамшының дойыр, дода, дырау секілді әскери түрлері бірінен бірі өрім өлшеммен ғана

¹ Валиханов Ч. Оружие казахов в древние времена и их военные доспехи. Собр. соч. т.1. Алматы, 486 б.

емес, қалқанының ауқымымен, тарамысының аумағымен, соққының мығым болуы үшін бұрғылап тесіп, қорғасын құятындықтан сабының салмағымен де ажыратылған.

Кісі өлімін болдырмауға барынша тырысқандықтан қазақ барымта кезінде шокпар, сойыл сияқты қаруды, онда да қарсыласын ат үстінен қағып түсіру үшін ғана пайдаланған. Ал жаугершілікте садаққа, найзаға қоса жүзі өткір, ұзын сапты айбалтамен, алмас қылышпен қаруланған.

Халық ұғымында от басының тыныштығы мен ырысының белгісі болып есептелген қару-жаракты жауынгерлер ғана емес малшы қауым мен егінші-дихандар да қастер тұтқан. Алайда ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, жаңа тарихи жағдайда қажетсіз болғандықтан найза, сүңгі, қылыш, айбалта сияқты қару түрлері бірте-бірте істен шығып қалған да, оқ-дәрілі қару-жарак кеңінен тарай бастаған.

Қазақ халқының қалыптасуы жайында сөз қозғағанда, ең алдымен оның Россия, Қытай және Орта Азия хандықтарының аралығында оқшауланған жағдайда өмір сүріп, көпшілігінің көшпелі және жартылай көшпелі, тіптен барлығы дерлік экзогамиялық неке¹ қатынасында болғандығын мұның өзі Дешті қыпшақты² мекендеген әр түрлі тайпалар арасындағы дәстүрлі байланыстардың, Тұрақты қарым-қатынастардың нығая түсуіне тікелей ықпал етіп, оларды біріктіре, жақындастыра түскендігін ескерген жөн. Көне заманнан басталған бұл үрдіс ХV ғасырдың ортасына, дәлірек айтқанда, 1456 жылға қарай жаңа мазмұн алған. Осы жылы Жәнібек, Керей деген сұлтандар өздеріне ерген елді көшпелі өзбектердің (тарихшылар Дешті Қыпшақты мекендеген елді осылай

¹ Экзогамия – рулас, туыстас /қазақ арасында жеті атаға дейін/ адамдардың некелесуіне тыйым салу.

² Дешті қыпшақ – сөзбе сөз алғанда қыпшақ даласы, Сарыарқанын және оған іргелес жатқан далалардың көне атауы.

атаған – Ө.Ж.) билеушісі Әбілхайыр ханнан түпкілікті бөліп алып, шығысқа қоныс аударған да, Шу бойында қазақ тайпаларының басын қосып, дербес хандық құрған.

Қазақ тайпаларының бірігуіне осы тұста Евразия белдеуінде орныққан күштердің арасалмағы да өз әсерін тигізген. 1468 жылы бүлікшіл сұлтандарға қарсы жорыққа дайындық кезінде Сығанақ қаласында Әбілхайыр қайтыс болған. Ол өлген соң оның қоластындағы Сібір мен Каспий аралығын алып жатқан орасан зор мемлекет ыдырай бастаған. Қазақ Маңғыстау, Үстірт, Сарыарқаға, Жайық, Сырдария, Арыс, Келес, Шыршық, Талас, Шу, Іле, Ертіс аңғарындағы жерлерге түпкілікті орныққан. Қазақпен тікелей туыстас өзбек Орта Азияға, ноғайлы Еділ арқылы Кавказдың теріскейіне қарай ойысқан. Жәнібек пен Керей құрған қазақ хандығына тағы да ондаған мың шаңырақ келіп қосылған да, XVI ғасырдың басына қарай қазақ тайпаларының біржола бірігіп, тұтас халық болып қалыптаса бастағаны ақиқатқа айналған.

Біртектілік, өзін-өзі тұтас ел ретінде сезіну XVII ғасырда Есім ханның (туған жылы белгісіз – 1628), әсіресе оның жоңғарлармен шайқаста опат болған немересі Жәңгір ханның ұлы Тәукенің (1680-1718) тұсында нығая түскен. Өзінің қаталдығымен, дұшпанына деген қатыгездігімен аты шыққан Абылай хан (1711-1781) да үш жүзге бөлінген қазақ тайпаларын мемлекет етіп біріктіріп, жоңғар шап-қыншыларына қарсы қою үшін көп әрекет еткен. Қол астындағыларды жауға қарсы жұмылдыра отыра, талай-талай жеңіске жетіп, асқан ерлік көрсеткен Абылай халық арасында зор беделге ие болған. Қазақстанның күдіретті қоңсылары – Россиямен де, Қытаймен де қарым-қатынаста аса көреген саясатшы, өрісі кең мемлекет қайраткері ретінде көзге түскен.

Сыр бойындағы қалалар мен қазақ елінің басқа да маңызды орталықтарына көз тігіп, қармалауышын созған дұшпанға қарсы кескілескен шайқастарда халықтың бірлігі сомдала берген. Дұшпанның сағын сындырып, жоңғар

мемлекетінің өмір сүруінің өзін екі талай еткен жүздеген, мындаған ерлердің есімі тарихта сақталмағанымен олардың ерлігі ел есінде мәңгі қалған.

Жоңғар шапқыншылығынан кейін де қазақ елі есін жия бастаған. Алайда сахараның байлығына ұмтылған қытай империясының, қоқан хандығының, Бұқар мен Хиуа билеп-төстеушілерінің тарапынан төнген қауіп-қатер қазақ халқын Россиямен жақындасуға, оны пана тұтуға итермелеген. XVIII ғасырдың отызыншы жылдарында Россияның құрамына Кіші жүз, кейінірек Орта жүз енген. Ұлы жүз болса Россия бодандығын XIX ғасырдың орта шенінде ғана қабылдаған. Дегенмен олардың қай-қайсысы болса да ұзақ уақыт бойы өздерінің хан, аға сұлтандарына, билеріне бағынып, шын мәнінде Россиядан тәуелсіз өмір сүре берген.

Қазақстанның Россияға қосылуы елді патша өкіметі мен жергілікті шонжарларға талатқанына, отарлау саясатының шектен тыс бейбастағына қарамастан қазақ халқы үшін аса маңызды тарихи оқиға болған.

Қазақ сахарасына шаруашылық жүргізудің жаңаша әдісі, озық рухани мәдениет нышандары, прогресшіл ой ене бастаған. Белгілі шығыстанушы ғалым, филолог, тарихшы этнограф, саяхатшы Шоқан Уәлиханов (1837-1865), қазақтағы сыншыл реалистик әдебиеттің негізін қалаушы, ақын, композитор, ойшыл философ Абай Құнанбаев (1845-1904), ағартушы педагог Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) орыс халқымен, оның озық ойлы мәдениетімен жақындасып, туыстасу пиғылында болған.

Алайда, қазақ өмірінің шын мәніндегі жаңғыру жылнамасы шығыстың басқа да халықтары сияқты он жетінші жылдың Октябрінен басталған. Владимир Ильич Ленин Қазақстанда революцияның өркен жаюын үнемі мұқият қадағалап, Совет өкіметінің орнығуына орасан зор ықпал еткен. Ол 1920 жылғы тамыздың 26-да Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік республикасын құру

туралы декретке қол қойған. 1936 жылы Қазақ АССР-і одақтас республикаға айналған.

Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, бәлкім, өзіміз көтеріп отырған мәселені осымен доғаруға да болар еді. Алайда біздің тарихшылар көп жылдар бойы өздерінің бар күш-жігерін халқымыздың көне тарихы мен мәдениетін талдап-зерттеуден гөрі “қазақ” этнонимінің анық-қанығын ашуға бағыттаса да, қазақтың этногенезі мен шығу тегі жөніндегі мәселені дүдәмал күйден арылта алмады. Оның басым көпшілігінің көшпелі немесе жартылай көшпелі күн кешкенін алға тартып “қазақ” этнонимін “қазак” (қаз тәрізді – Ө.Ж.) ұғымымен, тіптен көптеген түркі тілдерінде кездесетін жауынгер-шабандоз, қиыншылықты іздеп тауып жүретін көзсіздер деген мағына беретін “қазақ” деген түсінікпен де шатастырып келді. “Қазақ” атауы о баста халықтың ата тегін құраған жұрттардың бірі – ежелгі сақтармен байланысты қос құрамды “қас-сақ” (нағыз сақ – Ө.Ж.) ұғымынан шыққан деген тұжырымды айтқандар да болды.

Әйтседе “қазақ” деген ұғымның ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан, А.Вамберидің сөзімен айтқанда, «бет пішіні мінез-құлқы, тілі мен әдет-ғұрпы жағынан өзінің көне нұсқасын өзгелерден гөрі көбірек сақтап қалған»¹ дербес халықтың есімі болып табылатын дәлелдеп жатудың, тіптен оның этимологиясын іздеп әуре-сарсаңға түсудің мүлде қажеті жоқ қой деп ойлаймыз.

Мұндай әурешіліктен еш нәтиже шықпайтынын кезінде Г.Е.Грумм-Гржимайло да кесіп айтқан болатын. Ол былай деп жазған: “Жалпыға белгілі “қазақ” деген сөзге түсіндірме жасауға ешқандай негіз жоқ және оның шыққан тегін іздеу орыс, араб, ағылшын секілді толып жатқан атаулардың түп-төркінін іздеу сияқты бос әурешілік”.²

Түптеп келгенде, “қазақ” деген сөз шыққан тегін, әлеуметтік мәнін былай қойғанда, жазба деректерде

¹ Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. Спб. 1865, 189 б.

² Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхйскнй край, т. II., Л., 122 б.

X ғасырдан бастап кездесіп отырады. Ол жергілікті елде, әсіресе қыпшақтар мен оларға туыстас тайпалар арасында кеңінен қолданылып келген. Ал “қыпшақтардың моңғол үстемдігінен кейінгі дәуірде қазақ халқының негізін құрағаны»¹ да белгілі. Қазақтың қалыптасқан дербес халық болғаны туралы дерек 1534 жылы ноғайлы арасында болған орыс елшісі Даниил Губинде де бар. Иван Грозныйға жіберген хабарламасында ол “қазақтар” әміршім, құдіретті де батыл құсайды, жұрттың айтуынша, әміршім, Ташкентті жаулапты, тіпті ташкенттік ханзадалар, менің естігеніме карағанда, екі рет шайқасып, қазақтардан сокқы жепті”². Ал мұның бәрін былай қойып, Иакинф атайға жүгінсек, “қазақ”, қытайша – “хасақ”, Іле өзенінен солтүстік – батысқа қарай созылып жатқан ұлан-ғайыр аймақ»³ болып шығар еді.

Бұған қоса, қазақтың кең алқапқа қоныс тепкен, сан жағынан көп, өзіндік этномәдени мұрасы бар, бірегей антропологиялық тұрпаты, ұлттық мінез-құлқы бар халық екенін де естен шығаруға болмайды. Бір ғажабы – аса зор кеңістікті мекендегеніне қарамастан оның шаруа-шылығында, тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында әдеби және әуез шығармашылығында онша айырма бола бермейтіні. Ол жайлаған аймақтың тек шығысы мен оңтүстік шығысындағы сөйлеу машығын есептемегенде, отырықшылыққа, егіншілікке байланысты кейбір сөздер болмаса, қазақ тілінде диалект деген атымен жоқ. Ал мұның өзі, зерттей білсек, түп тамырын сонау көне заманнан тартатын халықтың заттық өндірісінің деңгейін, өмір салтының, талғамдық нысаналарының

¹ Бартольд В.В. Киргизы. Соч. т.1., часть 1., М., 1963., 493 б.

² Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. Часть 1., СПб, 1832., 47 б.

³ Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Спб. Алматы, 1935, 152 б.

дәрежесін пайымдай түсуге қолғабысын тигізетін жағдай.

Бұлар уақыт керуені алға тартқан жайттар. Тарих пен қазіргі заманды өзара сабақтастыра, салыстыра отырып қана, біз қазақ халқының бүгінгі тынысын, жетістіктерін дәл бағалап, оның дәрістерін адам санасындағы қасаңдық пен тоңмойындықты жоюға бағдарлай аламыз. Тек осы тұрғыдан карағанда ғана халықтың ежелгі және күні кешегі өткен жолына тыянақты баға бере отыра, оның тарихи мәңгүрттік секілді қатерлі кеселден айығуына жол ашар едік. Олай етпеген жағдайда тарихтағы “ақтандақтардың” қай-қайсысы болса да жеткіншек ұрпаққа имандылық және отаншылдық тәрбие беру ісіне керісінше ықпал етуі ықтимал.

НАРТӘУЕКЕЛ!

Көшпелі өмір тауқыметі, өзі қоныстанған ұлан-ғайыр кеңістікте толастап көрмеген жаугершілік, әлділердің озбырлығы, қашанда жазықсыздарды сергелдең ететін бакталастық, өмір-бақи кедейдін сонынан қалмайтын аштық пен жалаңаштық қазақтың бойына көнбістік, жазмышка, тағдырға бой ұсыну пиғылымен бірге төніп келген қатерге “Нартәуекел!” деп қарсы тұра білу қабілетін қалыптастырған. Өмірдегі сәттілік пен сәтсіздіктің өзі шыдамдылыққа, оралымдылық пен шындалғандыққа, жас ұрпақтың қалай өсіп, қандай тәрбие алатынына байланысты болғандықтан сахара тұрғындары осынау қасиеттерді баланың бойына қаршадайынан сіңіре беруге баса назар аударған. Сол себептен де болуы мүмкін, қазақтың көп әдет-ғұрпы адамның дүниеге келуіне, балалық шағына, есейіп, ер жетуіне орайластырылған. Нәресте дүниеге келгенде өткізілетін шілдеханада ауқаттылар арнайы қонақ асы беріп, ақын айтыстырып, ат шаптырын, көкпар тартқызатын болған. Сәбиге ауылдағы

ең қадірменді азаматтың немесе көнекөз қарттың есімі бсрілетін. Кейде бүлдіршінге көз тимей, тіл мен пәледен таса, мығым азамат болып өссін деген ниетпен кез келген, тіптен ынғайсыздау ат та бсріле салынатын.

Қазақ туыстық шежіресін ата жағынан жалғастырып, ұлынан туғанды ғана немере деп санаған. Қыздан туған бала немере деп есептелмейтін де “жиен”, оның үбір-шүбірі “жиеншар” делінген. Қыз баланы жат жұрттық деп санаған сахара халқы үшін, жазылмаған заңның қағидасы бойынша, қыздан тараған ұрпақ ата әулетін жалғастыра алмайтын. Ел аузындағы “жиен ел болмас, желке ас болмас!” деген ескі ұғым осыдан қалған. Ал жиеннің халі осындай болғанда жиеншардың жақындығы жайында сөз ету мүмкін еместігі – өзінен-өзі-ақ белгілі. Тек қазір ғана, онда да қала тұрғындарының арасында қазақ қыздан туған сәбиді де европалықтарға еліктеп немерем деп жүр.

Қазақ немересінен туғанды “шөбере”, ал шөбереден өр-бігенді “шөпшек”, шөпшектікін “немене”, неменеден өргенді “туажат” деген. Мұнан әрі қарай санақтың жоқтығына қарағанда, шамасы баланы қаршадайынан үйлендіргендіктен бұрын туажатына дейін жеткен қарттар болғаны ықтимал.

Қазақ сәбиім тезірек өсіп, ер жетсін деген ниетпен шілдеханадан кейін “бесікке салу”, жылдам жүретін желаяқ, жүйрік болсын деп “тусау кесу”, ұрпағым ат жалын тартып, азамат болсын деп “атқа отырғызу”, сүндеттендіру рәсімдерін ескерусіз қалдырмауға тырысқан. Адам өміріндегі аса бір үлкен белес үйлену болғандықтан, оның салтанатына жасалған тойды әнмен, бимен, алтыбақан маңындағы ойын-сауықпен, ат шаптыру, “қыз қуу” қызығымен ерекше етіп өткізетін болған.

Тағы бір тоқтала кететін жайт, “қыз қуудың” о баста үйлесу рәсімімен де байланысты болғандығы. Ол бұрын жігіттің сәйгүлік мінген сұлуды қуып жетіп, оған деген сезімін білдіруіне бағышталған болса керек. Ал олай

24768-

ете алмағанда жігіт бойжеткеннен күдерін үзуге мәжбүр болатын. Кейіннен спорттық ойын түріне айналған “қыз куу”, сөз жоқ, осынау өмірлік дәстүрдің нақтылы көрінісі болуы мүмкін.

Неге екені белгісіз, кезінде әзіл-қалжыңға, сан түрлі кәде-жоралғыларға негізделген құдалық пен үйлену салтанатына байланысты ойындар қазір көбірек ұмыт қалған. Олардың құндылығы елдің рухани мәдениетін жұртқа мейлінше мол танытатындығында. Бір қызығы - табысуға тиіс екі жақтың ой-қиялы, әзіл-қалжыңы жарасымын тауып, үйлену тойының өзін құдалардың бірінің тапқырлығын, екіншісінің жалтарғыштығын аңғартатын тамашаға айналдырып жіберетіндігі.

Осындай ойын-сауық, той-думан, әдет-ғұрып үстінде казак өз перзенттерінің бойынан батылдықты, ептілікті, қаһармандықты көруге үміттенетін. Әрине, сахара жағдайында мұндай қасиеттерді тек аламан бәйгеге, жорға жарысқа, көкпарға, жігітжарысқа, “жауқаштыға”, сондай-ақ аударыспаққа, жамбы атуға, күміс алуға, казакша күреске қатысу арқылы ғана бойға сіңіруге болатын-ды.

Қазақтың ұлттық ойындары кұр қызықшылық емес. Олардың негізіне алғашқы қауым адамдарының әр түрлі кимылдар мен би арқылы жиналған жұртқа сәтті болған аң аулау кезіндегі іс-қаракеттерді көрсеткені сияқты тұрмысқа қажетті дағдылар – өмірлік тәжірибе алынған. Сахара жағдайында баланы қаршадайынан еңбекке баулып, ойын үстінде шынықтырып, әр түрлі әдет-ғұрыптар арқылы үлкенді сыйлауға, ата дәстүрін сақтауға, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейтін болған.

Қазақ әрқашан да меймандостығымен, мейірмандылығымен, қарапайымдылығымен, жайдарлылығымен оқшауланған халық. Екі қазақ кездесе қалса, алдымен сұрасатыны жеті атасын білу болатынын кезінде А.Вамбери де аңғарған. Кім болса да, мейлі бұғанасы қатпаған бала болсын, берілген сұраққа жауап беруге

тиіс, әйтпесе жетесіз боп көрінуі ықтимал. Жеті атасын білуді бұл жерде бір жағынан дала тұрғындары арасында мәлімет алмасудан, екіншіден экзогамиялық семья құру мүмкіндігін қарастырудан туған жағдай деп қараған жөн.

Қазақ арасындағы “барымтаны” – бірінің малын бірі айдап алуды кейбір тарихшылар қазақтың қанына сінген, заңдастырылған ұрлық деп дәлелдегісі келеді. Бұл жерде барымтаның себепсіз болмайтынын қалай ескермеске. Оның түп-тамырын үлкен бір халықтың мінез-құлқы мен ұлттық қасиеттерінен емес, зорлық-зомбылыққа негізделген рулық- патриархалдық, шонжарлық қарым-қатынастардан іздеген жөн.

Тұрмыс салтының аса қарапайымдылығынан, қазақ, өзіне тән ұтқыр ойды, білуге деген құштарлықты табиғаттан алған. Кезінде компас дегеннің не екенін білмеген, сағатпен пайдаланып көрмеген халық ай мен күнге, әлем шырақтарының жылжысына қарай айналасын бағдарлап, тәуліктің нақтылы мезгілін анықтай білген. Ол осыдан кем дегенде үш мың жыл бұрын құрастырылған, он екі жылдық мүшелге негізделген Шығыс календарымен пайдаланып, аптаның әр күніне, әр айға өз атауын беріп, жыл мезгіліне, даланың табиғи-климаттық құбылыстарына болжам жасай білген.

Қазақ егістікке дән себуді күн мен түннің көктемгі теңесер тұсында – наурыздың 21-нен 22-не қарағанда, ежелден келе жатқан есеп бойынша киіз үйдің шаңырағынан оның ортасына күн түскенде, найзағай күркіреп, ағаш бүршік атып, көктің қаулап көтерілетін шағында бастаған. Салтанатты сәтті қарсы алар түні жұрт ақ пен астық, жауын-шашын мол болсын деген тілекпен үйдегі барлық ыдыс-аяқты сүтке, айранға, шұбатқа, дәнге, бұлақ суына толтырып қоятын болған. Наурыз күні адамдардың бәрі көңілді күйде біріне-бірі “төс такастырап” игі тілектерін білдіретін, пәле-жаладан аулақ болуды тілесетін.

Наурызда бүкіл ел болып таң шапағатын қарсы алатын. Таң сәріден ерлер жағы арықты, тескенді¹, бұлақ

көздерін аршитын, қарттар “Артында мал қалғанша ағаш қалсын!”, “Бір ағаш кессен, онын ек!” деген леппен ағаш отырғызатын.

Түске қарай ауыл маңындағы алдын ала белгіленген жерде “Бел көтерер” үшін өгіз сойылатын. Өйткені өгіз ең төзімді әрі күшті мал деп есептелген. Өгіз етінен пісірілген “Бел көтерер” наурыз көжемен бірге берілсе адамға ерекше күш-қуат әкеледі делінген.

Бұдан соң “Айқыш-ұйқыш” басталатын. Жастар, егде тартқандар, қарттар белгілі бір қашықтықта жынысына қарай топ-топ болып жайғасатын. Бастаушының әзіл қалжыңымен, сықақ өлеңмен шақыруынан соң біріне бірі қарама-қарсы жүгіріп ортаға шыққан еркек пен әйел немесе қыз бен жігіт, тіптен кемпір мен шал төс тақастырады да әйел еркектер жағына, еркек әйелдер тобына қосылатын. Ойын жиналғандардың бәрі бір-бірімен “төс тақастырып” болғанша жүргізіле беретін болған. Ал “Аударыспак” кезінде ат үстіндегі екі жігіт бірін-бірі аударып түсіруге тиіс болған. Егер оның біреуі қарсыласын атына теріс отырғызып үлгірсе, жеңілген жігіт жұрттың күлкі-қалжыңына көміліп, өз тобына қайтып оралатын.

Наурыз мейрамы әдетте ақындар айтысынсыз, спорт бәсекесінсіз, алтыбақансыз өтпеген. Ақындар қақтығысында олардың әрқайсысы жақсы мен жаманның, инабаттылық пен зұлымдықтың, имандылық пен эзәзілдіктің, жаңа жыл мен өткен жылдың кейпіне кіре айтысатын. Қыз жігітті күреске шақырып, оның алдына егер жеңсем жүрегімнің әміріне бағынасың, ал егер

¹ Тескен /кескен/ – қырдың астымен ылдифа қарай тесіп өтетін су жүйесі. Ол бір-бірімен су жүретіп үңгір арқылы байланысқан құдықтар тізбегінен тұрған. Көктемде үңгірді “тазалағанда алынған топырақ құдықтар арқылы сыртқа шығарылатын. Тескен арқылы су еңкіс беткейге қарай өз тегеуірінімен ағатын болған. Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе Келес аңғарында, осындай тескендер 50-жылдардың аяғына дейін пайдаланылып келген.

жеңілсем сенің айтқаныңнан шықпаймын деп шарт қоятын сәттер де болатын. Наурыздың кейде үйлену тойына айналып кете беретіні де міне осыдан. “Қызықшылықтың соңы тойға ұлассын!” – деген игі тілек те осылай туған. Айтыс, қазақша күрес, тағы басқа қызықшылық ымырт жабыла аяқталатын да “Алтыбақан” маңындағы тамашаға кезек тиетін. Өйткені бұл өткен жыл кетіп, жаңа жыл кіретін сәт деп есептелген.

Совет өкіметі тұсында жаңа дәстүрлердің жан-күйерсымақтары болған кейбір басшы-белсенділердің іс-қаракетінен осынау тамаша халықтық мейрам ұмытылып кете жаздаған. Кейбіреулер наурыз мейрамын дінмен байланыстырып, оған тікелсеі қарсы күрес жүргізіп, тиісті орындар арқылы тыйым салғызған. Тіптен, наурыз кезінде мешітте оған арнап намаз оқылмайтыны да олардың қаперіне кірмеген. Наурыз дәстүрінің өзі қазақ даласына мұсылман дінінен жүздеген жылдар бұрын орныққан дәстүр екені де ескерілмеген.

Міне, осы жайларды ескере отырып, көпшіліктің қалауымен 1926 жылдан бергі ұзақ үзілістен кейін 1988 жылы Алматы облысы мен Алматы қаласында Наурыз мейрамы өткізілді. Жамбыл ауданындағы мереке Ақпан айына ілесе келетін Наурызды қарсы алу көрінісінен басталды. Наурызды қошеметтеушілер қатарында қазақ дастандары мен халық ертегілерінің кейіпкерлері – Алдар көсе, Жиренше мен Қарашаш, Мыстан кемпір, Қара дәу, Қаңбақ шал мен Тазша бала жүрді. Осылардың қатысуымен өткен қызықты ойындардан кейін аудан жерін мекендейтін 36 ұлттың өкілдері өздерінің ән салып, би билеудегі, қолөнеріндегі, ұлттық тағам әзірлеудегі шеберліктерін ортаға салды. Спорт сайыстарына, әсіресе ат жарысына деген жұртшылық ықыласында шек болған жоқ. “Наурыз” қалашығында көпшілік қолды бұйымдар саудасы ұйымдастырылып, оның орталық алаңында еңбек озаттарына, көп балалы әулеттерге, көп жасаған көнекөз қарттарға сый-құрмет көрсетілді.

Сөйтіп, Наурыз мейрамы шын мәнінде Көктемнің, Еңбек пен Жаңарудың мерекесіне айналып, дәл осы сәтте өзге бір түске еніп, көктемгі күннің шуағымен нұрланған даланың көркімен астасып кеткендей болды. Мұндай мереке жыл сайын көктемгі егіс жұмыстары басталмас бұрын арнайы өткізіліп тұратын болып ұйғарылды. Наурыз мейрамына дайындық кезінде әр адам өз қора-қопсысын реттеп, үйін актаса, ауласына гүл егіп, ағаш отырғызса, көшелелерді, ауыл-селоларды, қалаларды көріктендіруге ат салысса қандай жарасымды десеңізші.

Қазақта ертеден келе жатқан тағы бір ғұрып бар. Ол – тасаттық. Әдетте жауын-шашын болмаса жұрт өзен жағасына, көл, немесе бұлақ басына жиылып, құрбандыққа шалынатын ортақ малды тәңірден жауын-шашын “тілеп” су үстіне бауыздайтын. Кейде тасаттық бергеннен кейін іле-шала жауын жауатын кездер де болған.

Қазақтың бірқатар дәстүрлері мен наным-сенімдері жануарларға байланысты болып келеді. Бұған Маңғыстаудағы бейіттерде кездесетін қойтастар, археологтар тауып жүрген қой, жылқы, түйе бейнелері де дәлел бола алады. Қазақ жылқыны, қой мен түйені киелі деп есептеп, оларды бастан ұруға, тебуге тиым салған. Ал сиыр мен ешкі бұлардың қатарына жатқызылмаған. Әсіресе ешкі байғұсты оның бойындағы “жын-шайтанды” шығарамыз деп кім көрінген соғып кете беретін болған.

Сөз жоқ, малшы қауым төрт түліктің әрқайсысының ерекшеліктерін жақсы біліп, олардың төлдеу уақытын да өз ыңғайына қарай реттеп отырған. Әдетте ол үшін күн жылыған кез қолайлы деп есептелген. Саулықтың мезгілсіз қашуына, қолайсыз кезде қоздауына жол бермеу үшін қошқарға күйек /алжапқыш/ байлау ғұрыпы да осыдан шықса керек.

Қазақ арасында ежелден келе жатқан ырым бойынша қошқарға саулықты сүрем деп былажығын мезгілсіз

тамызып жібермес үшін күйек байлау көп балалы әйелдерге ғана тапсырылатын болған. Бұл қойдан алынар қозы мол болсын, ұрғашысы көп болсын деген ниеттен туған. Әдетте қошқардың күйегі қой қашуына ең қолайлы кезең деп саналған қыркүйек айының соңында, сәрсенбінің “сәтті” күні немесе бейсенбінің түнінде алынған.

Қазақ ислам дінін ұстанған. Алайда, бұрын кең даланы еркін жайлаған тайпалардың діншілдік деңгейі біркелкі болмаған. Мұсылман дінін тек әлділер ғана, әсіресе мешіті, медресесі, басқа да діни орындары бар жерлерде ғана пайымды түрде ұстанған. Жұрттың басым көпшілігі ислам қағидаларынан бар болғаны тұспалдап қана хабардар болған. Өйткені ауылдағы молдалар ешқандай арнайы діни оқу орнында оқымаған дүмше жандар болған. Сондықтан олар бұхараның діни көзқарасын дамытуға ықпал ете алмаған. Дүмшеге ең оңайы балаларға құранды бассыз-көзсіз жаттата беру болған. Сахарада дүмше молдадан өзге “оқымысты” болмағандықтан баласын оған оқуға берген жұрт: “Баламның сүйегі менікі, еті сенікі. Не істеймін десең де еркінде, әйтеуір жазу-сызу үйренсе болғаны” деп ол қойған шарттың бәріне келісетін.

Дүмшеге байланысты жыр алыбы Жамбылда мынадай бір шумақ бар:

Оқымаймын молдадан,
Екі иығын қомдаған,
Бала келсе сабаққа
Жем аңдыған дорбадан
Боз інгендей боздаған.
Қайтіп сабақ береді,
Айтқаны ішке қонбаған?
Оқымаймын енді одан,
Домбыраны қолға алып,
Өлең кірген түсіне
Жөрегінде мен болам.

Қинама, әке, қинама.

Болмас енді зорлаған¹.

Бұл жолдар ұлы ақынның он жасында шығарған тұңғыш өлеңі екен.

Молдаға оқудың ақысы заттай, немесе ақшалай төленетін, оның балаға дүре соғып, түрлі жаза қолдануға құқы болған. Оның үстіне шәкірт молданың үй шаруасына қолқабысын тигізуге міндеттенген.

Дешті қыпшаққа ислам шамамен IX-X ғасырлардан бастап тарай бастағанымен, пұтқа табынған ата-бабасынан табиғатқа және одан тыс күштерге бас ұруды мұра еткен қазақ санасына молда, ишан, кожалардың арқасында ғана жүздеген жылдарды артқа салып орныға бастаған. Шоқан Уәлихановтың айтуынша, қазақтағы мұсылмангершілік дін енгенге дейінгі наным-сенімдермен ұштасып жатады. Ол құдайды жарыса мадақтайтын бақсының зікіріне де, ишанның дұғасына да бірдей сенген. Мұсылман әулиелерінің мүрдесіне де, оған еш қандай қатысы жоқ тасқа, ағашқа, бұлаққа да бас иген. Ауырса, әйелі бала көтермесе “киелі” жерлерге түнеп, құран оқытып, құрбандық шалдырған.

1962 жылы ел арасындағы жерұйық туралы тамаша аңызға тікелей қатысты мағлұматтар қарастыра жүріп, Қазақстанның оңтүстігіндегі Қарақоңыр темір жол бекетінің маңайында ақ басты қарттан мынадай бір әңгіме естіген едім:

“Ерте, ерте, ертеде Бөген өзені сорға барып сіңіп, Арыстың Сырға құяр тұсында осы өңірдің әміршісі Бурыл ханның Дүрсұлу атты перзенттен жалғыз, айдай сұлу қызы болыпты. Небір байлар мен батырлар хан қызына қолы жетпей құсан болады. Тек буыны қатпаған жас болса да, ұлы дихан атанған Шәміл ғана қыздың көңілінен шығады. Тәкәппар ару жігіттің алдына бір

¹ Жамбыл. Толық жинағы. Алматы, 1946, 3-4 б.

шарттан соң бір шарт қояды. Өзі туып өскен Бұзық (ежелгі Шілік – Ө.Ж.) қаласын сумен қамтамасыз етіп, Бөгеннің төменгі ағысындағы жұртты қуаңшылық зардабынан, қала тұрғындарының жайқалған бау-бақшасы мен жүзімдіктерін су тапшылығынан біржола құтқару үшін Арыс пен Бөгеннің арасын қосып, екі өзен аралығындағы алқапқа су жіберуді өтінеді. Шынайы махаббатты аңсаған албырт жігіт қыз тілегін жерге қалай тастасын? Қырық күннің ішінде Ақарықты қазып, Арыс суын Бөгенге әкеп құйып, арнасын толтырады. Сол жігіттің арып-ашып, кетпеніне сап жонған жерінде ағаш жаңқасынан өсіп шыққан бес тораңғыл¹ әлі күнге дейін жайқалып тұр...”

Бір ғажабы, екі өзеннің арасын қосқан қайсыбір арықтың белгі-бедері бұл жерде күні бүгінге дейін сақталған. Бәлкім, оны осы аймақтың басына төнген жаугершілік заманда көп шапқыншылардың бірі тып-типыл етіп қиратқан. Бұл маңайдағы үлкен қоныс бүгінде сол Шәміл мен Дүрді еске түсірердей “Шәуілдір” (Шәміл мен Дүрдің уақыт өзгерісіне түскен есімдері болуы мүмкін) деп аталған.

Жол көрсетуші – ақсақалдың нұсқаған жеріне келгенде шынында да бес тораңғының сортаңда өсіп тұрғанын көріп қайран қалдық. Қазақстанның шамамен мұнан кем дегенде бес мың жыл бұрынғы нәубетатының қалдығы болып табылатын тораңғы ағаш бүгінде Сыр мен Іле бойында ғана кездеседі. Қазір тораңғы тоғайларының алқабын кеңейту жөнінде шаралар да жүзеге асырылуда. Мүмкін, біз көрген тораңғылар, сонау ерте заманда осы жерде сыңсыған қалың орманның тамырын тереңге жіберіп бізге жеткен жұрнағы шығар.

Ағаш бұтақтарына байланған шүберектерді көргенде “киелі” жерлерді кастер тұту дәстүрінің әлі де қалмағанын сездік. Ағаштардың біреуінің қуысындағы

¹ Жергілікті халық тораңғыны “тораңғыл” деп атайды.

кішігірім ойықта қар мен жаңбырдан жиналған су жылтырайды. Біреу оның қасына кішкентай ағаш қасық қалдырыпты. Сірә, “қасиетті” судан ішсең дертіңнен айығасың дегені болса керек. Сол жерде киелі белгі ретінде жылқының бас сүйегі сырықтың басына ілініпті. Аулада құрбандыққа мал шалатын жер, ғұрыптық дәм әзірлейтін ошак та бар екен.

Арада 20 жыл өткен соң яғни, 1982 жылы бұл жерге қайтадан оралғанымызда Бестораңғылдың кәлі мүлдем өзгеріп кеткенін аңғардық. Ағаштар әбден қартайған болса керек, дінгегінің өзегі шіріп кетіпті, бірақ қабығымен нәр тартатындай әлі де өсіп тұр. Бес тораңғының төртеуі ғана қалыпты, біреуі, қатты дауылдан болуы керек, құлап жатыр. Бұтақтарына байланған шүберектерден де ештеме қалмапты.

Осыдан біраз жыл бұрын қазіргі Кентау қаласынан жиырма шақырымдай жерде Үкаш Атаның көне ғимараты болды. Оған діндарлар келіп, тәу етіп қайтатын. Ел аузында сақталған дерек бойынша, мұнда жерленген Үкаш дін тарату үшін осында келіп кәпірлердің қолынан опат болған әулие. Оның бойы қырық метрдей болыпты деген лақап та бар. Тіптен қырық метрдей жерге созылып жатқан мүрденің үстіне күнкағар бастырма тұрғызылған. Ғимаратта құран оқитын орын, шырақ жағатын арнайы тектер де бар. Алайда қаланған қыштарына, пайдаланған құрылыс материалдарына, қабырғасының кейбір тұстарының сипатына қарағанда ғимараттың әрбір бөлшегі әр кезде тұрғызылғаны аңғарылады. Шамасы, Үкаш Атаға деген құрметті ұлғайта түсу мақсатымен ескі дәстүр бойынша өлгендерді “әулие аяғына жерлеу” арқылы мүрде біргіндеп ұлғая берген сияқты.

Мұны біз алғаш рет 1978 жылы көрген едік. Төрт жылдан соң келгенде ғимаратты танымай қалдық. Мүрденің қабырғасын әлдекімдер сылап тастапты. Оның

қырық жамау екенін айғақтап тұратын аңғал-саңғал кесек қатарлары да көзге түспейтін болыпты.

Ислам өзге дінге қатысты орындарды да онда жерленгендерді “әулие” деп жариялап, өз кәдесіне жарата білген. Осындай орындардың талайының мешітке айналдырылғаны да бізге белгілі. Маңғыстау түбегіндегі жартастан қашап салынған Шақпақ Ата жертөле мешіті бұған бірден бір дәлел бола алады. Мешіт Маңғыстауға мұсылман діні келмей тұрған кезде салынып, кейінірек кеңейтілген болса керек. Алғашында оның ең үлкен бөлмесі отқа табынушылардың ғибадатханасы болған сияқты. Мұндай болжам жасауға мешіттің “Шақпақ” /тас, от/, “Ата” /қастерлі жер, әулие/ деген сөздерден тұратын атының өзі де меңзеп тұрғандай.

Қазақстанның ұлан-ғайыр даласында әлі күнге дейін мұндай “киелі” жерлер жиі кездеседі. Бір кезде ата-бабаның аруағына, “тәңірге” құлшылық ететін орындар болуы ықтимал ескі “обалар”, көне қорғандар мен үйінділер, табиғаттың құдіретіне табынудан қалған белгілер – бұлақ көздері, ағаштар мен тоғайлар ұшырасып жатады.

Қазақ арасында көнетүркілерден қалған “тәңірге” сенушілік “алла-тағала” ұғымымен бара-бар. Оның біреуді қарғағанда – “О, тәңір атқыр!”, “О, көк сокқыр!”, құдайға жалбарынғанда – “О, тәңірім!”¹ дейтіні де осыдан.

Біздегі оттың алаулаушы қасиетін қастерлейтін әдет зороастризммен² байланысты. Қазақ жазғытұрым қыстаудан көшерде айнала от жағып, “пәле-жала” ілеспесін деген ырыммен барлық малын, жүк артқан түйелерін де от ортасынан өткізетін болған. Ал күзде қайтып оралғанда қыстауда жаздай “мекендеген” жын-шайтанды тағы да от жағып, аластап “қуатын” болған. Ескі сенім бойынша отты су құйып өшірмеген, отқа түкірмеген, отты етікпен таптамаған және оттан аттамаған.

¹ Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. т.1, Алматы, 1961, 470 б.

² Зороастризм – отқа табыну, көне діннің бір түрі. Орта Азияда пайда болып, б.з. дейінгі бірмыңжылдықта Иранда етек жайса керек.

Әдетте, қалыңдық келін боп түскенде, қайын енесі отқа бір қасық май құйып, алақанын қыздырып алып, ұлының қалаулысының бетін сипап, ақ тілегін білдіретін. Денесі қызара бөртіп ауырған адамның құрбылары науқасты отбасына жатқызып, мағынасы түсініксіз, кейде тіптен өңкей әдепсіз шумақтардан тұратын бәдік айтатын. Тұмаураатқан кісінің басынан алау айналдырып, су бүркіп ұшықтайтын.

Отқа табынушылық ортағасырлық қоныстарда да болған. Оған дәлел - археологиялық қазба үйлерде киелі от жағылатын арнайы ошақтардың кездесетіні. Бір ғажабы, отқа табыну ислам дінімен қатар жүрген.

Осынау ғұрып-салттардың қай-қайсысында да алланың аты аталып, оған жалбарынатын сөздер айтылатын. Жұрт аллатағаладан ұрпағын сау-саламат, бақытты студі тілейтін. Қазақ арасындағы құмалақшы, көзбайлаушы - сикыршылар да мұсылман дініне дейін орныққан наным-сенімнің нышанын аңғартатын жайт болып табылады.

Бақсы науқасты емдерде қылқобызын сарнатып, даңғыра қағып, асай-мұсайын сылдырлатып билейтін де, түсініксіз бірдемелерді айтып, аурудың сеніміне ұялап, есін шығаратын. Науқастың тәніне орныққан жын-шайтанды “қуамын” деп оған қол жұмсауға дейін баратын. Бірнеше күнге созылған баксының “емі” кейде қайғылы аякталатын болған.

Қазақтағы өліктің әруағын қастерлеуде де мұсыл-мандық сипатпен қатар, оған дейінгі ескі салттың ырым-жырымдары кездесіп отырады. Дегенмен, мұнда да айқын аңғарылатын нәрсе – халықтың дүниетанымының адам бойында өмірге де, өлімге де белгілі бір қатынас қалыптасырғандығы. Қазақтың дүние салғандарға деген ниеті өлікті жерге беру, еске алу үшін ғана емес, бүгінгі және болашақ ұрпаққа арналған. Ата-баба әруағын сыйлау, қазақ ауылындағы үлкенге ізетті, кішіге инабатты болу дәстүрі ең алдымен имандылық, әдептілік және ізгілік қасиеттерден нәр алған. Ол ел басына күн туған қилы-қилы заманда халықтың тектестік тұтастығын сақтап қалуға да кепіл болды десек, қателеспес едік.

Қалыптасқан дәстүр бойынша, әдетте киіз үйдің сырттан кіре беріс оң жағы қарттар үшін әрдайым бос ұсталған. Алда-жалда үйде біреу қаза болса оны да оң жаққа салатын. Елде ауқатты адам қайтыс болғанда оған арнап қаралы үй тігіліп, еденіне қара киіз, кілем төселетін, оң жағына қара кілем жабылған төсек ағаш қойылатын да, өлік сонда қоштасу ғұрпы аяқталғанға дейін жататын. Өлген адамды үйден аяқ жағынан бастап шығаратын. Бұл оның от басынан мәңгі шығып кеткендігін білдіретін.

Қаралы үйде молда, ауыл ақсақалдары, марқұмның шашын тарқатқан жесірі, қара жамылып жоқтау айтатын әйелдер ғана болатын. Ал еркектер жағы сұр шыттан қаралы белбеу буынып, таяққа сүйеніп, көңіл айтуға келгендермен сыртта көрісетін де, үйге құран оқылып, жұбату айтылатын кезде ғана кіретін.

Әдетте бір-бірімен араздасып, жауласып келген ауылдар қайғы үстінде бұрынғының бәрін ұмытып, азалы күндерде ешкім де бас араздығын еске алмайтын. Марқұмның туған-туысқандары, жора-жолдастары мен дос-жарандары қаралы ауылға өз үйлсін тігіп, сойыс малын, қымызын, бауырсақ-шелпегін пісіріп ала келетін. Қазаға ортақтас адамдардың бәріне азалы дастархан жайылатын.

Бұрын қазақта “от басы-ошақ қасын” әр түрлі пәлекеттен сақтайды-мыс және мұнда оның жоқтаушысы – еркек кіндіктің бар екендігін білдіретін белгі болсын деп, үйге кіре беріс оң жақ босағаға сыртынан найза қадайтын әдет болған. Бәлкім, бұл қазаққа ежелгі ата-бабасынан ауысқан салт болар. Өйткені, ертеде әйелге көңілі кеткен еркек оның күймесіне белгі ретінде сүңгісін, қорамсағын қыстырып, онымен ашыналық қатынас жасайтын болған.¹ Ал өлік шығарылатын қаралы үйдің оң жақ босағасына қазақ әдетте қара ілген.

¹ Древние авторы о Средней Азии. Ташкент, 1940. 21 б.

Отқа “тазартқыш” күш ретінде қараған.

“Бұл жұмыс өліктің артын күтудің үлкен бір серті еді, – дейді Мұхтар Әуезов өзінің “Абай жолы” романында, – Қара дегені – ұзын найзаның басына тігілген ту. Егер Бөжей жай қазақ емес, төреден шыққан болса, сол төрелердің өзді-өз тұқымының туларын тігер еді. Ақ тулы, көк тулы, ала тулы төрелердің тұқым-тұқым, ішкі-жігі осыдан көрінетін. Ал қарадан кісі өлсе тудың түсі өліктің жасына қарай болады. Ол жөндерге келгенде, Байдалы ескіге жүйрік Сүйіндікпен ғана ақылдасты.

Сүйіндік жас кісі өлсе туы қызыл болатынын, кәрі өлсе, ақ болатынын айтып келді де, “Бөжейдей орта жасты кісінің қаралы туының бір жағы ақ, бір жағы қызыл болуы керек” дегенді айтқан. Жаңағы Байдалы әкеп тіккен ту – қара дегені осы сді.

Бөжей өлген күннің ертеңінде тігілген осы қара Бөжейдің өлімі өзге өлімнен ерекше күтілетінін жариялады. Соның шарты: Бөжейге ас беріледі, жыл бойы арты қатты күтіледі деген болатын. Қара тіккен Байдалы халық атынан Бөжейдей арысына ас берем деген ырымын жасады. Бұл әдеттің екінші белгісі тағы бар. Байдалы қараны тігіп, барлық жиылып тұрған жанкүйер жақындармен бата қылған кезде, сол үйдің екі жақ босағасына екі ат жетектеп келді. Бірі – доға жал семіз күрең ат. Екіншісі – дом боп жарап қалған, сартап болған сұлу қара көк ат. Күрең ат – Бөжейдің қыс мінетін аты. Қара көкті – осы жаз басынан байлап жүр еді.

Бөжейдей азаматтарының ыстық көзіндей болған екі серік аты келгенде барлық үлкендердің өздері де еңіреп-еңіреп жіберісті. Біреулер таяғына сүйеніп көрілер жер тіреп жыласып:

– Арысым-ай, арыстаным, бауырым-ай, – десіп, күңіреніп еді.

Өзгеден бұрын бойын жиып алған тағы да Байдалы болды. Ол әуелі оң жақ босағада тұрған күрең атқа кеп:

– Жануар-ай, иең кетіп тұл қалдың ғой, сен бейбак, – деп, жақындап келді де, күрең аттың кекілін шорт кесті.

Содан құйрығынан алып, уыстап тұрып, дәл тірсегінен жоғары келтіре, қалың құйрығын да борт-борт кесіп алды.

Қара көк атқа да соны істеп, тұлдаған екі атты осы өңірдің өзге жылқысынан бөлек түске кіргізіп қоя берді. Қара тіккен жерде ас берудің серті айтылды. Мынау тұлданған екі ат келесі жылға дейін мінілмейді. Қол тимей семіріп барып, жыл асқан соң иесінің асына сойылады...

Байдалы екі аттың артынан қарап тұрып:

– Қара көктің жал-құйрығы қара ғой. Қаралы ат осы болсын. Көшкенде ерімнің каралы ер-тұрманы осыған ерттелсін, тұлдаған киімдері осы жануарға жабылсын, – деді. Бұл сөзі байлау еді.

Осыдан соң Байдалы бастаған үлкендер кастарына Қаршығалыдағы барлық басты ру, бай ауылдарының мал иелерін алып отырып, Бөжейдің жаназасына, пірясына байлайтын мал-мүліктің әңгімесіне кірісті¹.

Қазақта кісі қайтыс болғаннан кейінгі жетінші, қыркыншы күндері, жоғарыда айтылғандай, бір жылдан кейін ас беріліп, марқұмды еске түсіретін. Елде қадірі артқан, аса құрметті жандардың асы төрт жылдан кейін де өткізіліп, азалы мерзім содан соң ғана аяқталатын. Аста дәм-тағам сияпатынан басқа, ат жарысы, күрес өткізілетін. Ат жарыстың бас бәйгесіне түйе бастаған тоғыз мал, палуанға сәйгүлік ат, бөрік пен қоса жібек шапан тағайындалатын.

Қазақта өлгендердің әруағын қадірлеуде біршама өзгеше. Әдетте жер қойнына берілген жанды еске түсіретін ештеңе болмауға тиіс. Қазақтың қабір басына белгі соғып әуре бола бермейтіні де міне осыдан. Бейіт, күмбез, құлпытас, сағана тамдар тек халық пір тұтып, аса құрметтейтін мұсылман әулиелерінің, қара қылды қақ жарған әділ ру басы - билердің, жаугершілікте ерлігімен даңқы шыққан батырлардың, қайсы бір суырып салма ақындардың,

¹ Әуезов М. Жиырма томдық шығ. жинағы 3 том, 197-198 б.

сал-серілердің басына ғана орнатылатын. Алайда, қазақ қоғамында таптық жіктелу күшеюіне байланысты кейінгі кезде, әсіресе XVIII ғасырдың аяғынан бастап, кесене-күмбездер, бейіт, бедерлі құлпытастар, қойтас, көктастар әлділердің, байлығы мол шонжарлардың, бекзадалардың зираттарына да тұрғызыла бастаған.

Дәулетті қазақ өлікті көмбей, кебінге орап жерлей салатын әулеттік сахана /склеп/ да салған. Сахананың тар, сатылы дәлізі апаратын жерасты бөлігінде еркек пен әйелді бөлек жерлеуге арналған, арасы дуалмен бөлінген, жанында жекелеген құдығы бар екі лахат орналастырылатын. Өлікті жынысына қарай бірін оң жақтағы, екіншісін сол жақтағы лахатқа кебіндеп жатқыза салатын да, үшінші өлік әкелінгенде онымен бірдей жынысты бұрынғыны жанындағы құдыққа құлатып жіберіп, орнына жаңа өлікті жатқызатын. Осылайша саханаға бір әулеттің адамдары бірінен соң бірі жерлене беретін.

Жерленгендердің аты-жөні кашалған құлпытастар сахананың алдына қойылатын.

Осы айтылғандардың өзінен-ақ ғасырлар бойы негізінен рулық-патриархалдық болып қала берген қазақ қоғамының құрамдық жағынан қисапсыз малға, жайылымдарға, құдықтарға иелік еткен шонжарлар мен оларға тәуелді кедей шаруалардан тұрғанына күмән келтіруге болмайды. Шонжарлардың қатарына қауымды өздерінің төленгіт жасақшыларының көмегінен бағынышты етіп ұстаған хандар, аға сұлтандар; ру, тайпа істерін басқарған, сотта кесім айтқан билер; жаугершілік кезінде ерлік көрсетіп, аты шыққан және бірсыпыра дәулетке ие болған батырлар; малға, жайылымға, шабындыққа ие байлар; сол сияқты, діндарлардан өз пайдасына пітір, садақа жинаған ишандар, қожалар, молдалар жатқызылады. Ал езілген қауым құрамына шонжарларға ресми бекітіліп берілмегенімен оларға тәуелді болып сан алуан алым-салық төлеп, қызмат еткен шаруалар; ешқандай малы жоқ және бай

“туыстарының” тырнағына түскен тақыр кедейлер кіреді.

Қоғам руларға, тайпаларға, жүздерге бөлінген. Олардың әрқайсысының өз туы, жауынгерлік ұраны, мысалы, арғындарда “Ақжол”, қыпшақтарда “Ойбас”, қоңыраттарда “Алатау”, “Мүкәмал”, наймандарда “Қаптағай”, үйсіндерде “Абақ”, дулаттарда “Бақтияр” болған. Рулық-тайпалық белгі-таңбалар да өз алдына ерекше болған. Мәселен, қыпшақтардың таңбасы қос әліп – араб жазуының қосар алынған алғашқы әріпі, қоңыраттарда – босаға, наймандарда – бақан, дулаттарда – шенбер, арғындарда – қос көз, алшындарда – айырық, шымырларда – айшық. Қаңлылар өз таңбасына – шылбырды, адайлар – садақты, шектілер – жебені қабылдаған.

Зерттеушілер үнемі көшіп-қоңып, кейде жаугершілікке, кейде әлдінің зорлығына тап болып үдере қашып жүріп, кейбір рулардың басқа тайпа құрамына сіңіп кете беретінін анықтаған. Тіптен тайпа өзінің құрамына сіңген руға атын беріп, соның есесіне күшейіп те кететін. “Басқа біреулер ығыстырған бір ұрпақтың көшу-қонуы, – деп жазған Ш.Уәлиханов, – жалпыхалықтық қозғалысты, жалпылай қоныс аударып отыруды туғызады. Дәл осы жағдай қазіргі бізбен тұстас көшпелі қауымның шығу тегін зерттеуге үлкен қиыншылық туғызып отыр”.¹ Мұндай жағдайда басқаның құрамында қалған кішігірім қауымдар өздері қосылған елдің таңбасына белгілерін қосатын болған.

Рулық белгілердің аражігін ажыратып, зер сала зерттеп, оларды өзімізге мәлім жазба және басқа да ескерткіштерден белгілі деректермен егжей-тегжейіне дейін салыстыра отыра, қазақ ру-тайпаларының тектік құрамын, шұғылданған кәсібінің сыр-сипатын, тарихта алған орнын анықтауға болар еді. Мысалға алсақ, қоңыраттардағы “босаға” жерге, қонысқа, тұрақты мекенге деген ықылас-құштарлықты бейнелеп қана қоймай, осы тайпаның жартылай отырықшы болғандығын аңғартады.

¹ Валиханов Ч. Избранные произведения. Алматы, 1957, 325 б.

Халық арасында кең тараған “Қоңырат болсаң босаған берік болсын!” деген накыл сөз де осыдан қалған.

Қазақ қоғамында мұсылмандық діни қағида – шаиғат пен ата жолының әдеті (адат) қатар өмір сүріп келгендіктен қанға қанмен кек алуға, құн сұрауға, айыпкерді ұрып-соғуға, малды барымталап күшпен айдап әкетуге т.б. жол берілген. Бұлар Тәуке ханның “Жеті жарғысында”¹ заңдастырылған. Ел арасында қызға қалың мал төлеу, өлген туыстың әйеліне әменгерлік ету кең өріс алған. Алайда, әменгерлік әкесі өлгеннен кейін жесір қалған өгей шешені иемденуге құқы бермейтін. Өзара көмек, қолғабыс ету, қиналғанда қол ұшын беру үшін әр түрлі әулеттің адамдары арасында тамырласу, “төс тақастырып” достасу салты да болған.

Кісі өлтіргені үшін құн сұрауда қазақ қоғамы зұлымдықпен қасақана кісі өлтіру мен абайсызда, байқаусызда болған кісі өлімнің аражігін қатаң ажырата білген. Әдетте, соңғысының жазасы біршама жеңілірек болған. Сот үкімі шешімін қалыптасқан дәстүрге, ескі әдетке сүйене шығаратын билер мен ақсақалдардың аралық соты арқылы жүргізілген.

Мұның бәрін, сайып келгенде, рулық-патриархалдық қатынастардың қазақ арасында едәуір ұзақ сақталғандығының салдары деп қараған жөн. Өз билігін нығайту жолындағы күресте хандар жүздердің² аға билеріне арқа сүйеген. Жерлікті билеп-төстеушілерді әлсіретуге тырысқан Абылай ханның тұсында ішкі, сондай-ақ сыртқы

¹ Жеті жарғы, жете жарғы (монғ.), жете-мемлекет, жарғы-жарлық, мемлекет жарлығы деген мағына беретін құсайды.

² Жүздер – Орта ғасырларда этномәдени, этносаияси, шаруашылық-экономикалық және басқа байланыстардың нығаюы барысында пайда болған қазақ тайпаларының аймақтық бірлестіктері. Өздері қоныстанған негізгі үш аймақ шеңберінде оларды хандар аға билердің көмегімен басқарған. Жүзге, руға бөліну – ескінің сарқыншағы ретінде халықтың тектестік абайында әлі де болса сақталып келеді.

саясатқа да ханның аймақтық басқарушыларының – аға билерінің ықпалы зор болған. Ұлы жүздің аға биі Төле Әлібекұлы (1663-1756), Орта жүзден шыққан Қазыбек Келдібекұлы (1665-1765), Кіші жүзден танылған Әйтеке (Айтық) Байбекұлы (XVIII ғ. аяғы – XVIII ғ. ортасы) сол кездегі Қазақстанның аса дарынды мемлекет қайраткерлері болған. Қазыбек Келдібекұлын /Қазыбек биді/ алсақ, ол тек ханның Орта жүзді басқарушы аға биі болып қана қоймай, өз заманының асқан ірі дипломаты болған адам. Ол Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет секілді хандардың үзеңгілес серігі, патша өкіметімен Орта жүз қазақтарын Россия құрамына қабылдау жөнінде Абылай жүргізген келіссөздерде арада жүрген делдал ретінде де белгілі. Бидің тікелей ықпалымен Абылай біртіндеп Россиямен жақындасу пиғылына ауыса бастаған. Шешендіктің, төрешілдіктің, әділқазылықтың тәсілдерін шебер меңгерген Қазыбек би, өз ойын әдемі кестелеп, жұрттың көкейіне құя білген шешендігі, сөзінің ұтқырлығы үшін кезінде Қаз дауысты Қазыбек атанған.

“Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұламадан” кейінде толастай қоймаған жоңғар шапқыншылығы, Қоқан, Хиуа хандарының тынымсыз жортуылдары, жергілікті шонжарлардың өзара қырқысы онсыз да әбден титықтап біткен елді одан сайын әлсірете түскен. Россияға қосылуымен байланысты хан лауазымы жойылғаннан кейін бел алған аға сұлтандар бұрынғысынша халықтан заттай алым-салық жинап, жерге, жайылымдарға билігін жүргізе берген. Ерекше артықшылыққа ие болған ру басы – билер, кедей-шаруалардың еңбегін иемденген байлар, жұртты алдап-арбап күнелткен қожа, молда, ишандар байлыққа кенеле түскен.

Әйтсе де, XIX ғасырдың 60-шы жылдарында Қазақстанды Россияға қаратудың аяқталуы оны жалпыорыстық экономикаға қосуға, мұнда капиталистік жолмен дами бастаған қалалардың, орыс, украин қоныстарының пайда болуына, қазақтың орыс халқымен жақындаса түсуіне

жағдай туғыза бастаған. 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында Сырдария, Жетісу облыстары құрылған. Бір жыл өткен соң Орынбор генерал-губернаторлығының құрамында Орал, Торғай, Батыс Сібір (кейіннен Дала) генерал-губернаторлығының құрамында – Ақмола, Семей облыстары пайда болған. Облыстар – уездерге, уездер – болыстарға, болыстар – 120-200 түтіннен тұратын әкімшілік ауылдарға бөлінген. Бұдан былай барлық жер мемлекет меншігі деп жарияланған, сот ісі мен жарғыларға да өзгерістер енгізілген.

1867-1868 жылдардағы реформалар шын мәнісінде казак қоғамының барлық топтарында ашу-ыза, қатты наразылық тудырған. Сұлтандар құқысының шектелуіне наразы болған. Билер ру, тайпа бойынша басқару әдісінің бұзылуымен, сот ісіне енгізілген өзгерістермен ешбір келіскісі келмеген. Халық бұхарасы патша өкіметі мен жергілікті шонжарлардың зорлық-зомбылығының күшеюіне, салықтың ұлғаюына, жерді пайдаланудағы шектеулерге қарсы шыққан.

Шонжарлар мен кедейлер арасында бұрын үдсre көшу, жәбірлеушінің малын айдап әкету арқылы көріністің таптық күрес енді ашық қақтығыс сипатын ала бастаған. “Шешінген судан тайынбас!” дегендей нартәуекелге бел байлаған халық таптық айқаста өзінің қымсынатын ештеңесі жоқ екенін саналы сезіне бастаған. Жалынды отаншыл-ақын, халық батыры Махамбет Өтемісұлы өз халқын күреске, батыл қимылға шақырып: “Хан баласы ақсүйек, ежелден табан аңдысқан. Ата дұшпан сен едің, ата жауың мен едім. Ежелгі дұшпан ел болмас, етектен кесіп жең болмас!” – деп бітіспес кесім айтқан. Бірақ, күш тең емес еді. 1867-1868 жылдары Орал, Торғай облыстарында, Маңғыстауда, тағы басқа жерлерде бұрк ете түскен халық толқулары асқан каталдықпен басылған.

Сөйтіп, XIX ғасырдың аяғына дейін өзінің рулық-патриархалдық сипатын сақтаған казак қоғамы дүниетанымдық,

әсіресе біртектілік, біртүлділік, инабаттылық, ғұрыптық, діни сезімнің бірлігі аркасында біртұтас тарихи-мәдени кеңістікте онан әрмен топтаса түскен. Оған әлеуметтік құрылымның шаруашылықпен, экономикамен, тұрмыспен, өмір салтымен тығыз байланыстылығы да себепкер болған.

Бұларды зерттеп-білудің біз үшін аса қажет екендігі – тарихқа талдау жасап, түсініктеме беруде бұрын жіберілген кемшіліктерді қазіргі сындарсыз күштер социалистік қоғамның табиғатына тән қасиет деп түсіндіргісі келіп, оның жоғары идеяларын іреп-соғып жатқан кезде, ақын сөзімен айтқанда “мың өліп, мың тіріліп”, асағанның аузында, ұстағанның уысында кетуге айналған халықтың өзіне тән тектестік және рухани ортасын сақтап қалғандығының өзі, әр түрлі себептермен жіберілген қателіктерге қарамастан, мемлекеттің оған деген ниетінің адалдығының айғағы. Қазіргі қайта құрылу жағдайында октябрьден кейінгі әлеуметтік құрылыста қол жеткен табыстарға әділ баға бере отыра, біз бәрімізге танымал игі қасиеттерге қарсы жаңа шабуылдарға тойтарыс беріп қана қоймай, қоғамдық ойда бүркеме пікірлер мен бұрыс қағидалардың орнығуына қарсы тұра аламыз.

ҚАНАҒАТПЕН КҮН КЕШКЕН

Қазақстандағы көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылықтардың түп-тамыры біздің заманымызға дейінгі бірмыңжылдықтың басынан бері әр түрлі табиғат жағдайында шамамен алғанда бір мезгілде пайда болып, бірін бірі толықтыра, желісі үзіместен қатар өмір сүріп келе жатқанына¹ және көшпелі елдің немесе тайпалық қауымның қай-қайсысының болса да құрамында жартылай көшпелі, отырықшы бөлігінің болатынына қарамастан тарихшылар қазақты отырықшылықтан, егіншіліктен, қала мәдениетінен жүрдай, көшіп-қонып күн кешкен халық деп қарайтын қасаңқы пікірден әлі де болса арыла алмай келеді. Тіптен оның Ұлы, Орта және Кіші жүздерінің қалыптасып, біркелкі дамуының өзіне де саудасаттықпен, сан алуан кәсіпшілікпен қатар мал өсірумен, суармалы егіншілікпен айналысқан қалалары мен тұрақты қоныстары бар көгалды алқаптар негіз болғаны, оның үстіне сахараның малшы қауымы мен көгалды алқаптағы егіншілердің барлық жағдайда шыққан тегі жағынан бір-біріне жат болуы – (қайсы біреулер соған да меңзейтін құсайды) міндетті емес екендігі де ескеріле бермейді. “Отырықшылық пен егіншілік белгілердің көшпелі мал шаруашылығында да кездесіп отыратыны”² тағы бар.

Сыр бойында, Талас, Шу, Келес, Арыс, Шыршық аңғарларында, әйгілі Жетісу қойнауында қандастары болған көшпелілердің олармен тікелей экономикалық қатынаста болып келгенін Отырарда, тағы басқа

¹ Қадырбаев М. Скотоводство (историко-археологический очерк)-Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Алматы, 1980. 40-6.

² Толстов С. Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах. ИГАИМК, вып. 103, М.-Д», 1934, 171 б; Жданов Т. Номадизм в Средней Азии и Казахстане (некоторые исторические и этнографические проблемы). История, археология и этнография в Средней Азии., 1968, 274-281 б.

ортағасырлық қоныстарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерінен де көруге болады. Көшпелілер көгалды алқаптағы елге қой, жылқы, түйе малдарын, жүн, тері, елтірі, былғары сияқты заттарын қару-жараққа, кездемеге, ыдыс-аяққа, етпен, сүтпен бірге өздерінің тамағына негіз болған астыққа айырбастап күнелткен. Мұндай байланыстарға сахарадан өзіне қажеттінің бәрін алып отырған көгалды алқап тұрғындары да мүдделі болған.

Қазақтың жүздеген жылдар бойы Сығынақ, Сауран, Иасы (Түркістан), Созақ, Отырар, Сайрам сияқты Сыр бойы қалаларын жаулап алуға тырысқан басып-көктеушілермен бітіспес күрес жүргізіп келгені тарихтан белгілі. “Диханшылығы дамыған, тамаша қысқы жайылымдары бар, қолөнерлі, сауда-саттықты болғандықтан бұл өңір қазақ хандары мен көшпелі өзбек мықтылары үшін де экономикалық жағынан да, әскери-стратегиялық жағынан да өте-мөте маңызды аудан болған. Олардың арасында (XVI ғасырдың өң бойында осы елге иелік ету үшін күрес бірде бір толастамаған. Түркістан (Сыр бойы – Ө.Ж.) қалалары талай рет қолдан қолға өткен. Тек ғасырдың аяғына қарай ғана Сырдарияның орта ағысындағы ел түгелдей Қазақ хандығының құрамына енген”¹. Шамамен осы уақыттан бастап XVIII ғасырдың бірінші ширегіне дейін бұл өңір қазаққа бағынған. Тайпаластарына әскери күш ретінде арқа сүйеп, өздерін осындағы жұрттың қожасы есебінде сезінген қазақ хандары мұндағы қалалардың сауда-саттықпен, қол өнерімен айналысқан тұрғындарынан да, егіншілікпен күнелткен дихандарынан да түтін салығын алып, әртүрлі борыш өтету арқылы бірсыпыра табыс түсіріп отырған.

¹ Ахинжанов С.К. К вопросу о знаках на керамике поздне-средневекового Отрара – “Древности Казахстана”, Алматы, 1975., 55 б.

Тек осы айтылғандардың бәрін ескере отыра біз қазақтың өткендегі шаруашылығының қайсы аймақта қандай түрі басым болғанына және оның өзге шаруашылық түрлерімен қандай дәрежеде сабақтасқандығына баға бере аламыз. Сарыарқада (түркіше Сарықиян деген ұғым береді – Ө.Ж.) қазақ көшіп-қонуды, үнемі жайылым ауыстырып отыруды қажет ететін қой-ешкі, жылқы және түйе өсірген. Осыған байланысты малы аса көп байлар мойны тым қашық жерлерге көшіп-қонып отыруға мәжбүр болған. Ал малы аздаулар екі-үш күндік қашықтықтағы жайылымдарға ғана қоныс аударып отырған. Байлардың бұл екі тобы да малы жоқтықтан отырықшылыққа көшкен жатақтардың – қазақ қоғамының ең “сіңірі шыққан” кедейлерінің еңбегін пайдаланған. Жатақтар жаз жайлауға кеткен байлардың қора-қопсысын, қыстауын жөндеумен, қыстайтын бай малының бәріне дерлік жетісе бермейтін азын-аулақ шөп дайындаумен, су бойында, әсіресе жазғытұрым тартыла бастайтын дала көлшіктерінің қойнауында қарабайыр егіншілікпен айналысқан. Жатақтың бар байлығы бір-екі бұзаулы сиыр, күш-көлігі жалғыз түйе немесе жылқы болған. Онда қой мен ешкі мүлдем болмаған.

“Көшпелі қауым ішіп-жейтін тамағын, сусынын және киім-кешегін малдан алған, – деп Ш.Уәлиханов жазғандай, – ол үшін мал жанынан да қымбаттырақ. Қыр-ғыздың¹ бірінші аман-саулығы “мал-жан аман ба?” – дегеннен басталатын. Осылайша ең алдымен мал амандығына ерекше ден қоюы (оны) бірнеше парактан (суреттеуден) көрі артығырақ сипаттайды”².

¹ Бұл арада қазақ жөнінде сөз болып отыр. Қазақстанның Россияға қосылуына байланысты европалықтар қазақты орыс казактарымен, Тянь-Шань қырғыздарымен шатастырмас үшін “қырғыз-казактар” немесе «Қырғыз-қайсақтар» деп атаған. Ал қырғыз болса қазаққа тілі, мәдениеті, тұрмысы жағынан жақын болғандықтан тарихта «қара қырғыздар» деген атпен белгілі болған.

² Валиханов Ч. Избранные произведения., Алматы, 1958, 331-6.

Барға қанағат етіп күнелткен қазақтың басты байлығы – малдың амандығы табиғат жағдайына байланысты болғандықтан Қазақстанда маусымдық жайылымдар атам заманнан бастап-ақ қалыптасқан. Жауын-шашыны молырақарқаның теріскейіндегі орманды-далалы алқапты, оңтүстік-шығыстағы таулы өңірді жұрт ең алдымен жайлау, ал шығыс және орталық аймақты қыстау ретінде пайдаланып келген. Көктеу мен күзеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан. Қалыптасқан дәстүр бойынша маусымдық жайылымдардың рулар арасында бөліске түскенімен мал қыстайтын жерлерден басқасын елдің бәрі бірдей пайдаланған.

Қазақта көшіп-қонудың тарихта белгілі “Көлденең бағыттағы”, “Тіке бағыттағы” және “Тұрақты” үш түрінің бәрі болған. Олар ең алдымен жылжымалы шаруашылықтағы малдың құрамымен, көшпелі қауым өмір сүрген табиғи-климаттық жағдайларға байланысты болған. Көшпелілердің, жартылай көшпелілердің жас малды, әлсіреген малды бағатын оқшау жайылымдары да болған. Оларды қорық немесе қойбөлік деп атаған. Қыста мал ұстайтын келтеқыстау, жалғанқора деп аталатын қоныстары да болған.

Орта және Кіші жүз қазақтарының жазғы жайылымы Сарыарқаның орманды-далалы аймақтарында, қыстайтын жерлері Сыр бойында, Шудың төменгі ағысында, Қаратау беткейінде, Арал сыртында, Маңғыстауда болған. Ерте көктемде, күн жылынған бойда көшпелілер солтүстікке қарай қозғала бастайтын. Шу бойында көшіп-қонып өмір сүрген қазақ (олар қыста да көшіп қонған) тек бір бағытта ғана Шу өзенінен Бетпақдала, Ұлытау арқылы қазіргі Атбасарға дейін мың шақырымға жуық жол жүрген. Сырдың оң жағалауын қыстайтын көшпелі ел Қарақұм, Айнакөл арқылы солтүстікке қарай жылжып, Торғайға, одан әрі Көкшетауға дейін жеткен. Жазғы жайылымдар жетіспей таршылық ететін Үстірт пен Маңғыстаудан жұрт

Жайыққа, Жем, Сағыз, Ырғыз бойынан мың шақырымнан астам қашықтықты артқа тастап, қазіргі Ақтөбе және Қостанай облыстарының шегіне дейін көшкен. Алайда өздерінің ежелгі атамекен жерлерінің шебінде ғана көшіп қонған қазақтарда болған.

Ал дәулеті қоңыртөбел шаңырақтар мен кедейленген ауылдар қыстауларынан көтерілмей де қалатын. XX ғасырдың басында мұндай шаруашылықтар Маңғыстау, Үстірт, Сырдың Аралға құятын тұсында көптеп кездесетін болған.

Сөйтіп, Орта және Кіші жүз қазақтарының малы жазда Есіл, Торғай, Тобыл, Жайық бойы мен Ақтөбе жайылымдарында бағылған. Күздің салқын лебі сезіле бастағаннан-ақ олар қайтадан оңтүстікке, қысқы жайылымдарға қарай жылжыған. Малы қонды бай ауылдардың көші көбіне шөбі мол, су көздері жеткілікті жерлер арқылы өткен. Рулас туыстас немесе шаруа мүддесіне қарай құрылған кішігірім ауылдар бірге көшетін де, бай қонсыларымен қақтығысып, қырқыспас үшін белгіленген жайылымдар мен құдықтарға ғана соғып отырған. Оты мен суы мол жайылымдарда ауыл бірнеше күн тоқтайтын. Ал елсіз, жапан түздегі жайылымы мардымсыз жерлерде, екі-үш күннен артық бөгелмеген. Қазақтағы оңтүстіктен солтүстікке, солтүстіктен оңтүстікке қарай көшіп-қонудың осындай түрін “көлденең бағыттағы» деп есептеуге болады.

Ұлы жүз қазақтарының жазғы жайлауы Алтай, Тарбағатай, Жоңғар, Іле сырты және Талас Алатауы ете-гінде болған. Қыста Мойынқұм, Сарыесік – Атырауда, аңызак желденықтасынтауаңғарларында, яғни қары аз, малтебіндей алатын жерлердің бәрінде тұрақтаған. Бұл өңірдегі малшы қауым көктем шығысымен біртіндеп тауға көтеріліп, өз табындарын биіктегі шалғынды жайылымдарға әкелетін де, осында жаздай болатын. Ал күзге қарай мал түгелдей төмен түсірілетін. “Көлденең бағыттағымен” салыстырғанда жол

сапары біршама қысқалау келетін “Тіке бағыттағы” көшіп-кону дегеніміз осы.

“Тұрақты”(қыстау маңындағы-Ө.Ж.) көшіп-кону дегеніміз Оңтүстік Қазақстанның қуаң аудандарына тән. Қысты көшпелі малшылар суармалы егіншілікпен айналысатын елді мекендерде өткізген. Мұндағы қора-жайларында олар біршама малды күтуге жетерлік шөп дайындап, өздерімен бірге ұстаған. Ал олардың негізгі малы өздері оттай алатын Сырдария, Талас, Шу бойының қамысты тоғайларында қыстаған. Көктем шығысымен ауқатты ауылдар малын Сыр бойынан Қаратау, Түлкібасы, Өгем жоталарына, Қызылқұмға қарай айдағанымен онша алысқа бара қоймай, құдықтар мен көлдердің маңайын жайлап, қара күзде қысқы жайылымдарына қайтып оралып отырған. Мұндағы көштің ұзындығы жаз жайлауға дейінгі қашықтыққа сәйкес 30-40 шақырым шамасында болып келген.

Көшіп-конудың қазақтағы түрлері оған қатыстырылатын төрт түлікке тікелей байланысты болған. “Көлденең бағыттағы” көшу жүйесінде табында ұзақ жүрістің қиындығына төзімді, отын тұяғымен табатын, тебінге қабілетті қой-ешкі, жылқы, түйе, әсіресе оның қос өркештілері болған. “Тік бағытты” көшу жүйесінде қой-ешкі мен жылқыға сиыр қосылған. “Тұрақты” немесе “қыстау маңындағы” көшіп-қонуда жалпы саны шамалы, төрт түліктің баршасы қатыстырылатын.

Маусымдық жайылымдарға көшіп-кону – қожалық етудің дала жағдайындағы тиімді түрі болған, Жолдың қиындығына қарамастан, жазғы көш малшы қауым өмірінің ең бір қызғылықты кезеңі болған. Мал шүйгін шөпке семіріп, қонданатын да, жұрт маркаға тойынып, қымыз бен сүт ішіп, ашық аспан астында, кәусар ауада бірнеше ай қамсыз-мұңсыз өмір сүруге мүмкіндік алатын. Жазғы жайлау – құда түсіп, қыз ұзату, ән-жыр әуелеп төгілетін ойын-сауық маусымы болған. Сондықтан да сарыжаздың сән-салтанатты көші ән-жырға қосылып,

тұрмыстық -салттық дастандарда, әсіресе „Қыз Жібекте” майын тамыза жырланған.

Тегі, Қазақтағы жүк артқан түйені әсемдеп жадылау дәстүрі сол баяғы көне заманнан қалған болуы мүмкін. Түйеге арнайы жабу тігіліп, әр түрлі әткеншектер әзірленетін. Жүк артқан түйе керуенін әдетте жорғаға немесе нарға мініп, әсем киінген қыз бастайтын болған.

Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады,
Отыз түйе жетелеп,
Сары мая үлөктен.
Мұрындығы сары жез
Бұйдасын ескен жібектен.
Толған айдай толықсып,
Ақ сазандай бұлықсып,
Бұралып кетіп барады
Неше алуан кылықсып.

Бай ауылдың сәнді көші “Қыз Жібек” дастанында осылай суреттелген.

Алайда патша өкіметінің отаршыл әкімшілігі қазақтың ең құнарлы жерлерін тартып ала берген. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап-ақ оңтүстіктен солтүстікке, солтүстіктен оңтүстікке қарай көшіп-қонуға мүмкіндік беретін жазғы жайылым тарыла түскен. Тіптен қайсыбір аймақтарда мал жаятын жер қалмай, көшіп-қонудың дәстүрлі бағыттарының күрт өзгеруіне әкеп соққан. Дегенмен, қазақта көшіп-қонудың негізгі түрлері ұзақ уақыт сақталып келген. Тек оның сипаты мен көлемі өзгеріске ұшыраған.

Сырдарияның орта және төменгі ағысында, оның Арыс, Келес сияқты салаларында, Талас, Шу, Іле бойындағы кең алқапта қазақ көне заманнан бастап диханшылықпен айналысқан. Өзен тасыған кезде су жиып алу үшін албар /тоспа/ бөгеттер тұрғызған. Ой-шұқырды, жылғаларды

толтырған су бас арықтармен егістікке, одан құлак арық арқылы атыздарға таратылатын болған. Диханшылыққа тасыған су жайылған өзен аңғары да, жазда құрғаған көлдің ұлтаны да пайдаланылған. Шағын атыздарға тары, бидай, арпа, сұлы, жүгері ескен, қауын мен қарбыз өсірген. XVIII ғасырда қазақ арасында болған П. Рычковтың айтуына қарағанда¹, қазақ мақта да өсірген. Ежелгі жүзімдіктер сұлбасы Бөген өзенінің бойында орналасқан ескі қоныс Шіліктің жанынан табылған. Көне Тараз-Әулиеата өңірі де өзінің бау-бақша, жүзімдіктерімен ежелгі заманнан белгілі болған.

XIII ғасырда Қазақстанды жаулап алған монғолдар, оның негізгі экономикалық және мәдени орталықтарын тас талқан етіп бүлікшілікке ұшыратқандықтан қазақтың отырықшылық – егіншілік мәдениетіне орасан зиян келтірген. Қалалар, тұрақты қоныстар, оман арықтар (магистральды каналдар – Ө.Ж.) қиратылған. Көптеген суару жүйелері істен шығарылған. Ондаған мың қолөнершілер, дихандар қырылған немесе құлдыққа сатылған.

Монғолдан кейінгі кезеңде қазақтың енді-енді қалпына келтіріле бастаған отырықшылық-егіншілік мәдениеті XIV ғасырда Ақсақ Темірдің жорықтары кезінде қайтадан тағдырдың тәлкегіне түскен. Бұдан кейінгі қазақ тарихында “Ақтабан шұбырынды” деген атпен белгілі болған 1723-1729 жылдардағы жоңғар шапқыншылығы кезінде аштыққа, жалаңаштыққа душар болып, босқан егінші елдің баршасы тағы да қырғынға ұшыраған. Аман қалғандары атамекен қоныстарын тастап, қашып-пұшып жүріп аздап егіншілікпен айналысқанымен, көпшілігі амалсыздан көшпелі малшы болуға мәжбүр болған. Бүліншілік іздерін, қаңырап қалған бау-бақшалы алқап

¹ Рычков П. Обстоятельное описание Оренбургской губернии. Часть 1, Спб., 1762, 30 б

жөніндегі деректерді 1819 жылы Созақтан Шымкентке сапар шеккен Ф.Назаровтың жол-жазбаларынан да кездестіруге болады. Ол жол-жөнекей кездестірген қазақ үйлерінің бекініске ұқсайтынын, олардың ауласынан егін егіліп, ұқыпты өңделген атыздарды, тігілген киіз үйді көргені жайында жазған. Бұл жағдай егінші қазақтың дұшпан шабуылын күтіп өмір сүргенімен диханшылықты мал ұстаумен ұштастыра бергенінің айғағы.

Сыр бойындағы көгалды алқаптың қашып-босып кеткен халқы осы “Ақтабан шұбырындыдан” кейін бағбандықтың өрік, жиде ғана өсіретін бастапқы дағдысына қайта оралған. Олар ерекше күтімді талап етпейтін. Зерттеушілердің жоңғар шапқыншылығынан соңғы кезеңде қазақтың қалалық немесе бағбандық дәстүрлер толығынан сақталған жерлерде қоныс тепкендерінен басқасында алма, алмұрт (нәк), шабдалы, жаңғақ, жүзім отырғызылған мәдени бақтарды көргені жайлы мәлімет қалдырмағаны да осыған байланысты. Ал оман арықтарды, олардың топырақ кетермелерін бекіту үшін жағасына тал, қара ағаш отырғызатын болған.

Дегенмен, Қазақстанның оңтүстігіндегі халықтың едәуір бөлігі диханшылықты мал өсірумен ұштастыра жүргізу тәсілін жалғастыра берген. Тіптен осындай кешенді шаруашылық кейбір аудандарда тұратын қазақтың көпшілігіне тән болған. Әдетте Сырдария жылына бірнеше рет таситын. Тайлақтасу, шұлғаутасу, күлтасу, т.б. аттармен белгілі су тасқындары (шамасы, бұлар таудағы қар, мұз еритін, жауын жауатын мезгілдердің сипатымен байланысты болған) өзен суын 15-20, тіптен онан да көп шақырымға жайып әкететін. Осы тасқын суды өзен арнасына қайтып құйылмас үшін алдын тоғандап, жағалаудағы көлдерді толтырған қазақ дихандары оны толып жатқан арықтар арқылы егістікке тарататын. Арыс, Бөген, Келес, Талас және Шу бойында да қазақ атам заманнан соңғы кезге дейін пайдаланылып келген

тоспалардан, бөгеттер мен тоғандардан нәр алған көне су жүйелерін жасаған. Кішігірім өзендерді, сай-саланы бекітіп, тасқын суды жинау үшін қамыспен, талшыбықпен орап таңылған әр түрлі шөп, шым, топырақ, қиыршық тастардың буындысы – қарабуралар пайдаланылған. Қарабура тоспаның іргесіне тасталатын да жиналған су бас арықтарға, бөгеттерге шығыр¹ немесе тескен арқылы егістікке шығарылатын болған. Жер қарапайым әдіспен өңделген, малдың шіріген киымен тыңайтылған. Дәнді дақыл, жоңышқалық, бақша атыздары жынғылмен, шеңгелмен, кейде дуалмен қоршалып, үйдің қора-қопсысымен іргелес орналастырылған.

Көлігі мен қол күші жеткілікті дихандар бидай-арпаны, жүгері-тарыны, қонақты, сұлыны бірнеше гектарға өзі қалаған құнарлы да құлақ арық арқылы су оңай тартылатын жерлерге егіп алатын болған. Мұндай егістікті дихан бірекі рет пайдаланғаннан кейін тастап, басқа жерге ауысып отырған. Қазірге дейін ел арасында кездесетін Тұрабайдың талы, Қозыбақтың сайы, Құрманның қауындығы сияқты жер аттары сол кезден қалған.

Осындай егістіктерде өсірілген, тіл үйретін дәмді қауынның “сатыпалды”, “басыпалды”, “торлама”, “сексеуіл”, “аққауын”, “шыртылдақ”, “қарақауын” сияқты түрлерінің, қарбыздың “қарадарбыз”, “аладарбыз” дегендерінің даңқы Сыр елінен тысқары жерлерге де белгілі болған. Дихан қауынды салмақты болуы үшін және ұзағырақ сақтау үшін жерге тимейтіндей етіп пәйкелдің түйнекті сабағын аша бұтаққа көтеріп қоятын болған. Осындай әдіспен өсірілген қауын дәмді, салмақты болып қана қоймай, көпке сақталған.

Сауын сиырды дихан қора-қопсыда ұстап, күнде танертең көршілерінің малымен бірге өріске жіберіп отырған. Осылайша топтастырылатын табынды пада

¹ Сыр бойындағы қалалардың бірі Зернұқ деп аталған. Зернұқ - шығырдың бір түрі.

деп атаған. Малды кезектесіп, не бақташы жалдап бағатын болған. Ал жұмыс көлігін, құлынды биені өз жоңышқалығында ұстаған.

Шаруашылықты бұлайша жүргізудің мәнісі Сыр бойының, Келес, Арыс, Талас және Шу аңғарының оты шүйгін, мал үшін, әсіресе сиыр үшін шөбі молшылық болатынымен байланысты. Оның үстіне иіндес жатқан Қаратау, Түлкібасы, Өгем, Қазығұрт, Талас Алатауы бөктерлері үйірлі жылқы, шағын сиыр падасы үшін, ал Қызылқұм, Мойынқұм жалдары түйе табыны, қой-ешкі отары үшін жазғы жайылым ретінде пайдалануға қолайлы болған. Сондай-ақ, бұл өңірде малды егіні жиналған аңыздарға да жіберіп алатын.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрге орай, оның үстіне суармалы жердің өнімі кепілді болатындықтан, қазақ дихандары тіпті егіс тәлімі өсетін бағарада да суармалы егіншілікпен айналысқан. Қазақстанның оңтүстігінде, Жетісуда арық жүйелерінің көпшілігі таудан, дала өзендерінен бастау алатын. Мысалы, Шымкент уезінде суармалы алқап Арыс, Келес, Бөген, Ақсу, Шаян өзендерінің бойында, Әулие Ата уезінде Шу мен Талас аңғарларында болған. Верный уезінде суды Ілеге құятын тау өзендерінен тартатын. Торғай уезінде су Торғай мен оның салалары Сарыторғай, Жалдама, Үлкейіктен, Қарқаралыда – Тоқырау мен оның саласы Жіңішкеден алған. Суармалы егін үшін көлдер де, мысалға Ақмола уезінде Қорғалжын, кәдеге жаратылған. Бағара егіншілікпен қазақ тек жауын-шашыны мол Қаратау, Талас, Іле және Жоңғар Алатауы етегінде айналысқан¹.

Алайда XIX ғасырдың ортасынан бастап, Россия мен Украинадан қоныс аударғандардың ықпалымен қазақ арасында суармалы егіншілік бағарамен алмастырыла

¹ Биржанов К., Захарона К. Распространение поливного и неполивного земледелия. Способы орошения и типы ирригационных сооружений. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX в. Алматы, 1980, 177 б.

бастаған. Тіптен жоғарыда аталған жерлердің өзінен де суармалы егіншілік ығыстырыла бастағанымен қазақтың бағарадағы диханшылық деңгейі төмен күйінде қала берген.

Сырдың сол жақ бетіндегілер мал шаруашылығымен, диханшылықпен қатар сексеуілден көмір күйдіруді, әр түрлі түбірлерден табиғи бояу шығаруды, мал майынан сабын қайнатуды, жүн иіріп, кілем тоқып, арқан есуді кәсіп еткен.

Өнімінің бәрін Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азия қалаларының базарларына шығарған¹. Кірекештер² түйе керуендерімен Түркістанға, Сайрамға, Шымкентке, Әулиеатаға (қазіргі Жамбыл) ғана емес, сондай-ақ Бұқарға, Самарқанға, Ташкентке дейін бірнеше күндік сапар шеге беретін болған.

Балықшылықпен қазақ Каспий, Арал жағасында, Сырдария, Жайық, Іле, өзендерінің, көптеген дала көл-дерінің бойында айналысқан. Қазақ аң аулауды кәсіп көзі етпеген. Аңшылық көбіне жекелеген әлділердің ермегіне келінкірейтін. Сахара аңшылары аңды каумалап ұстауды ұнататын да, аңдар мен жабайы құстарды сарсыла іздей бермейтін. Құмай тазының, қыран құстың, әсіресе бүркіттің көмегімен аң аулау қызықты болып, бәсеке делебе қоздыратын. Мұндай жағдайда кедей аңшының мергендігімен, бапкерлігімен көзге түсе қоюы оңайға соқпайтын. Аулайтындары – әртүрлі құс, қоян, түлкі, қасқыр болған. Мұндай аңшылықтың қызықшылығы әйгілі “Қамбар-Назым” дастанында, халық аңыздарында асқан шеберлікпен суреттелген.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақтың шаруашылығы мен тұрмысы жөніндегі ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, ол қоныстанған өңірге тән шаруашылықтың негізгі үш түрінің болғанын айтуға болады. Олар – малын жайып баққан

¹ Кармышева Б. “Кочевая степь” Мавереннахра и его население в конце XIX и начале XX в., “Советская этнография”, 1980, N1, 52 б.

² Кірекештер – керуен тартушылар.

көшпелі малшы қауымның шаруашылығы; мал өсіруді диханшылықпен, әсіресе суармалы егінмен ұштастыра жүргізген жартылай көшпелілердің шаруашылығы; егіншілікпен айналысқан көгалды аймақ тұрғындарының шаруашылығы. Бұлардың соңғысы ХХ ғасырдың басына қарай белең ала түскен. Мұны 1920 жылғы халық санағының қорытындылары да дәлелдейді. Сол тұста қазақтың 53 проценті диханшылықпен айналысып, мал шаруашылығын егіншілікпен ұштастыра жүргізген, 22 проценті – жартылай отырықшы. 25 проценті – көшпелі болған¹. Оның үстіне бұл мәліметке Сырдария мен Жетісу облыстарының көрсеткіштері енбеген. Ол кезде Түркістан республикасының құрамына енген бұл аймақтарда отырықшы қазақтың үлес салмағы едәуір жоғары болғаны даусыз. Мысалы, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Шымкент уезінде отырықшы қазақ 83.4 процент, ал көшпелілер 16.6 процент қана болған. Оның үстіне мұндағы көшпелі қазақтың басым көпшілігі малын қыстау маңынан алысқа шығармайтын. Ал Қаратау бөктеріне, Қызылқұмға қарай бірлі-жарым байлар ғана көшіп келген².

Осы орайда советтің белгілі шығыстанушы ғалымы Лев Николаевич Гумилевтің көшпелілер өздері өмір сүрген жердің мақұлықатын, ал егіншілер нәуетатын қалыптастырады деген түйінді пікірі ерекше назар аударуға тұрарлық.

Малшының еңбек құралдары тұйық шаруашылыққа бейімделгендіктен ғасырлар бойы өзгеріссіз келген. Тіптен, қойдың қосағына, қозының көгеніне, құлын мен ботаның желісіне, сиырдың бас жібіне, бұзаудың

¹ Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы, 1963, 33 бет.

² Арғынбаев Х. А., Кауанова Х. А., Ходжаева Р. Д. Направление и протяженность кочевых путей – Хозяйство казахов на рубеже ХІХ-ХХ в.в. Алматы, 1980, 76 б.

ноқтасына, жылқының шылбырына, түйенің бұйдасына, жылқышының құрығына енген өзгерістер мүлдем жоқ десек те болады.

Қазақ атам заманнан егіндікті жерағашпен жыртқан. Ол оның ата-бабасына қола дәуірінен және ерте темір дәуірінен белгілі. Түрі соқаға ұқсас болғанымен түренсіз, топырақты қопсытатын да, екі жаққа айырып қана кететін. Жетілдірілген жерағаш діңгегіне жер жыртатын бозна, түрен деп әр жерде әртүрлі аталатын тістен, жетеқағаштан, мойынтұрықтан тұрған. Жерағаштың о жақ, бұ жаққа бұратын тұтқасы болған.

Жер жыртуға арналған құрал-сайманнан XIX ғ. аяғы мен XX ғасырдың басында кеңінен тарағаны сабан / дөңгелекті соқаның жергілікті түрі – Ө.Ж./ болған. Осы Қазақстанның оңтүстігінде атсабан деп атаған. Сабанның діңгегі, қос дөңгелекті білігі, малды жегетін оқтықпен байланыстырып тұратын белағашы болған.

Оның біреуіне түреннің алдына орналасқандықтан топырақты тіліп, жер ашып беріп отыратын қылыш, ал түреннің бетіндегі екінші тесікке топырақты терең қопсытатын темірбілік орналастырылатын. Сабанның түрені жерағаштікінен гөрі үлкен және ауырлау, үш ашасы болған. Алдыңғы білікке пәлек бекітілетін. Сабанға топырақтың қатты-жұмсағына қарай екі немесе төрт мал жегілетін. Ал жер қыртысы тоң кесекті болған жағдайда мал қос-қостап жегілетін болғандықтан кейінгісінің тертесі алдыңғысының мойынтұрығына бекілетін. Сабанның тұтқасын байланыстырып тұратын тақтайшаның оң жағында кертеш болатын да, оған делбе ілінетін.

Суармалы егіншілікпен айналысқан жерлерде кетпен, күрек, орақ кеңінен пайдаланылған. Арық қазып, тоған салса да, оқ арықпен, құлақ арықпен су жүргізіп немесе атыздың арам шөбін отаса да ұстаханада соғылатын осындай құралдарды пайдаланған. Тырманың орнына қазақ ағаш

маланы (бөрене) пайдаланған. Оның салмақты болуы үшін үстіне тас артатын немесе атшының өзі тұратын. Кеңінен қолданылған кәдуілгі тырманың арасы 10-15 см қашықтықта орналастырылатын ағаш тістері болған.

Егін орағында, шөп шапқанда қазақ жүзі тіссіз, тегіс болып келетін қол орақпен, ұзын сапты, жүзі өткір шалғы орақпен пайдаланған.

Қазақта қырманды дән бастыруға әзірлеу де өзінше ерекше. Әдетте қырман егістіктен алыс болмаған, оның көлемі егіннің шығымына, дән бастыратын ат-өгіздің санына байланысты болған. Бағараға егін еккен дихан қырманға лайық деп тапқан жердің бет қыртысын алатын да жалаңаш қалған топыраққа су құятын. Кебе бастаған соң бетіне сабан немесе шөп тастайтын да, бірнеше сағат малға таптататын. Жер тапталып, қатайған соң шөп-шаланды жиып алатын да қырман тағы да 2-3 күн кептірілетін. Айналасын тәртіпке келтіргеннен кейін таптаза болған қырманды дән бастыруға әзірлеуге кірісетін. Қырманды екінші рет пайдаланған жағдайда келесі жылы оны тағы да тегістеп, үстіне қайтадан су құйып, дегдiген соң атқа немесе түйеге байланған маламен таптайтын. Ал суармалы жерлерде қырманды егiнi орылған аңыздың бiр жерiн тазалап жiберiп орналастыра салатын болған.

Қырманды iске қосу үшiн дихан оның ортасына еркiн айналып тұратын темiр дөңгелегi бар, биiктiгi екi метрге дейiн жететiн оқағаш орнататын да оған дән бастыратын малдың бас жiбi байланатын. Малды сол дiңгектi айналдыра қуа беретiн. XIX ғасырдың аяғынан бастап қазақ дихандары жаңадан қоныстанғандардың үлгiсiмен қырманда тас маламен де пайдалана бастаған. Қырмандағы дәндi сабанынан айырмен, ашамен, тырмамен ажырататын, ағаш күрекпен желге суырып, електен, қалбырдан өткiзiп, тас-томалағынан айыратын. Елек орнына түбiн шұрық тескен ескi шылапшын, шелек, тағы басқа ыдыстарды да пайдаланған.

Дән үйдің ауласында қазышған ішіне сабан салып жабылатын кішігірім шұңқыр ұрада сақталатын. Астығы көптердің, әсіресе Оңтүстік Қазақстанның “қоржын үйлерінде” тұратындардың өз баспанасының құрамында астық құятын түнектері (қамбалары) болған.

Қазақ арасында егіншілік пен мал өсірудің қатар орын тепкені әсіресе соңғысының жұрттың дала төсінде шұғылданар негізгі ісі болғанын халықтың заттық-тұрмыстық мәдениетінің орнықты белгісі болып табылатын асхананың сипаты мен ерекшелігінен де көруге болады. Қазақ тағамдары тек қана табиғи азық-түліктен әзірленетінімен, кәдеге жаратылатын өнімінің алуан түрлілігімен ерекше. Оның негізін ет пен сүт тағамдары құрағанымен Қазақстанның оңтүстігіне, Сыр бойына қарай асханада көкөніс, бақша өнімдерінен әзірленетін тағамдардың үлесі арта түседі.

Ет атаулыдан қазақ жылқының етін ерекше қадір тұтқан. Қазы, шұжық, карта, жал-жая..., міне жылқы еті тағамдарының тізімін осылайша жалғастыра беруге болар еді. Мұндай тағамдарды әзірлеудің тәсілі де ерекше болған. Мысалы, қазы әзірлеу үшін жылқыны сойған соң аздап тұздап, қабырғаларын омыртқадан бөліп алып, екі-үш тәулік бойы ұстайтын. Сонан кейін оны кесілген майлы етпен қоса бүйенге (ішекке) тығатын. Өстіп дайындалған қазыны қабырғаның пошымына орай қисық болатындықтан бұрама қазы деп атаған. Қазы тыққан бүйеннің аузын шуда жіппен тастай етіп байлайтын да, дегдітіп кептіретін. Қазанға салып екі жарым сағат шамасында қайнатып алып, дастарханға қоятын болған. Шұжық жасау үшін бөлшектеп туралған етті ыдыста тұздап, бұрыш салып, маймен басқа да астың дәмін кіргізер қоспалармен араластырып бүйенге тығатын. Сүрленген шұжықты да қазы сияқты қазанда 2,5 сағаттай, бүйені жарылып, ішіндегісі ағып кетпес үшін баяу отқа қайнататын. Ал жал-жая жылқының мойын

омыртқасынан сылынған еттен әзірленген. Оны сүрлеп те, тоназытып та жеуге болатын.

Қазақ асханасында мұнан басқа қой, ешкі, түйе, ірі қара, сондай-ақ атып, аулап алынатын бөкен, арқар, таутеке, елік еті, қырғауыл т.б. құс еті, балық пайдаланылған. Өз сөліне өзін дегдітіп, етті қысқа да сақтаған. Бұл үшін жаңа сойған етті тұздап, етханаға іліп қоятын. Етхана бұрын мұздатқыштың орнында пайдаланылған.

Қазақ асханасында малды союдың, етін мүшелеудің де қалыптасқан реті болған. Мысалы, қойды сояр алдында оны қонаққа көрсетіп, батасын алған соң сол жағына қисайта жатқызып, тамағынан пышақпен бауыздап, қанын ағызып жіберетін болған. Өйткені, қазақ қанды тамаққа жаратпаған. Онан соң аяқ-қолының тарамысын қыркып бақайларын бөліп тастайтын да терісін іреп, алдымен қарын маңын, аяқ-қолын, соңынан арқасын терісінен ажырататын. Қарынды жарып, асқазанды бөлек шығаратын да, иісі етке сіңіп кетпес үшін бір шетке апарып тазалап тастайтын. Сөйтіп, етті мүшелеуге кірісетін. Қойдың басын, бақайын отқа үйітіп, қырып-тазартып, ашасын ашып, мүмкін болса бөлек қазанға қайнататын. Ал бас сүйегін жағынан ажыратып, тісін қағып алғаннан кейін ғана әбден жуып, қазанға салатын. Отты лапылдатпай 2-3 сағат қайнатқан соң, біраз уақыт өткізіп, аздап тұз салып қоятын.

Ескіден қалған дәстүр бойынша малдың басын қонаққа құрметті дәм – етпен (оны кей жерлерде “ас” деп те атайды) бірге әкелетін болған. Оны қазіргі асхана, ресторан мәзірінде “қазақша ет” деп те атап жүр. Қазақ етті ешқашан да “бесбармақ” деген емес. Тегі бұл біздің қонақжай халықты кемсіту үшін оның құрметті тамағына келімсектер берген ат болса керек. Өкінішке орай, осы күні кейбір ұлттық дәстүрден де, дастарханнан да беймәлім жекелеген қала азаматтары мұны осылайша атаудан өзгеше бір ерекшелік, ұлттық романтика мен даралықтың белгісін

көретін сыяқты. Басқасын былай қойғанда, етті бұрын бармақпен емес, саусақпен жеген емес пе? Мұны неге ескермеске! Басты қадірлеген ел, бұрын жиналғандардың ішіндегі ең құрметтісіне ғана малдың басын, жамбасын қоятын. Ал қазіргі бір үйге жиналған қонақтардың әрқайсысына бір-бір бас қойып, келемеждейтін әдеттің қайдан шыққаны маған белгісіз.

“Ет” (бұрын оны арқа жағдайында жайылған зуала салмағандықтан осылай атаған! немесе “Ас” былай дайындалған:

Қой етінің сүбелі жерлерінен кесіп алынған етті қабырғасымен, жілік, жамбас, омыртқаларымен, құйрық майымен қоса қазанға салып, ошақтағы отты бір деңгейде маздатып отыра қайнататын. Отын ретінде көбіне сексеуіл, жыңғыл, ағаш, тезек пайдаланылған. 10-15 минут өткен соң тұз салып дәмін білетін. Қазанның бетіндегі көбігі алынып тасталған соң, 2,5-3 сағат қайнатып, былбырап піскен етті түсіріп, астауға немесе табакқа салып дастарханға қоятын болған.

Ал отырықшы қазақ, жағдайы келіп мүмкіндігі болып тұрғандықтан ет әбден былқып піскен кезде бидай ұнына жұмыртқа уызын қосып илеген қамырдан жазылған зуаланы шаршылап кесіп, қазанға салатын. 10-15 минут етпен бірге қайнатып, пісіретін де, жабысып қалмас үшін арасын ашып кепсермен (кәкпірмен) жазық ыдысқа түсіретін. Ет пен құйрықты бөлек алып, кесек-кесек етіп турап зуаланының үстіне салатын да, дөңгелектеп кесіп, сорпаға бұқтырған пиязбен, бұрышпен, тағы басқаларымен тұздықтап дастарханға қоятын. Қонаққа пияз, бұрыш салған сорпаны бөлек ұсынатын.

Қазақ асханасында ет (ас) әзірлеудің басқа реттері де болған. Жергілікті тәртіп бойынша етті зуала салып та, тұтастай да, турап та қонаққа ұсына беретін. Еттен қуырдақ, қазақы лағман, мәңті, кеспе, нарын, бұқтырма, бастырма, дұшпара, ал ішек-қарын, өкпе-бауырдан әсіп, төс етінен өрметөс т.б. тағамдар дайындаған.

Қазақта сүт тағамдары да сан түрлі. Қойдың, ешкінің, сиырдың сүтінен айран, қатық, қаймақ, іркіт, кілегей өзірлеген, құрт, ірімшік сияқты дәмдер, ежегей /шокалад іспетті/ секілді тәтті дайындаған. Мал төлдегеннен кейінгі екі-үш күн бойы қойдың, ешкінің, сиырдың сүтінен уыз әзірленетін. Ол үшін мал уызына сүтті араластырып, қозының қарынына құятын да, тұз салып, еттің қайнап тұрған сорпасына тастап жіберетін. 30-40 минут өткен соң ол уыз болып қататын. Ал балқаймақ болса түйе сүтінен қайнатылатын. Қазан толы сүтті түбіне қаспақ тұрып қалмас үшін араластыра отырып қайнататып да, суы тартылған соң кепсермен алып табаққа түсіретін.

Уызды да, балқаймақты да дастарханға суытып әкелетін болған.

Онша күй талғай қоймайтын көнбіс қазаққа көже әрі тамақ, әрі сусын болған. Оның тары көже, бидай көжесі, жүгері көже, күріш көже сияқты көптеген түрлері болған. Көженің дайындалуы да оп-оңай: қазандағы суға бидай жармасын, ақталған тары сөгін, жүгері немесе күріш салып, қайнатып, малдың ағымен қосып ашытатын. Ол үшін көжені жылы жерге он-он бес сағатқа қойып быршытып, айранға жазатын.

Майын ажыратқан мал ағын араластыра отыра қайнатып алынған іріткіні қапқа құйып ыдыс үстіне іліп қоятын да сүзбесінен құрт жасаған, сарысуын тері илеуге, қырқылған жүнді тазалауға пайдаланған. Құртты асты-үстінен дем соғып тұруы үшін арнайы сөреге немесе киіз үйдің кіре беріс мандайшасына тіркестіре орналастыратын қамыс шыптаның үстіне жайып кептіретін. Оның ащы құрт, майлы құрт, тұщы құрт деген түрлері болған. Ежегей айранға сүт қосып қайнату арқылы жасалатын.

Құртты асқа жаратып, қыста қайнаған суға немесе сорпаға езіп ішетін болған.

Қазақтың өте ұнататын әуесқой дәмінің бірі ірімшік. Оны қойдың, ешкінің, сиырдың сүтін мәйек салып,

сұйығының бәрі тартылып, сарғылт түсті болып келетін ірімшіктің өзі оралғанша қайнататын да дәке қалтаға салып, желдің өтіне кептіретін. Қыста әуесқойлар ірімшікті ұнтақтап тонмаймен араластырып қоспа әзірлейтін. Қоспа сарымай сияқты арнайы бүрі тазаланған, әрі кептірілген қойдың қарынына қатырылатын.

Қазақ қымыз, шұбатпен сусындауды ұнатқан. Ол биенің сүтін тек нәрлі және шипалы қасиеті бар қымыз ашытуға ғана пайдаланған. Жыл мезгілінің ерекшеліктеріне, жылқы жайылатын жердің шөбінің сапасына, тіптен әзірленуіне қарай қымыз жаздық, күздік, қыстық болып үшке бөлінген. Қымыздың дәміне, сақталуына қарай мынандай түрлері болған:

Саумал – жаңа сауылған бие сүтін оның пісірілген сүтімен араластырып ашытатын қымыздың жұмсартылған түрі. Қарттар мен балаларға арналған;

Түнмел – сабаға бұрынғы қымыздың үстіне биенің жаңадан сауылған сүтін қайта-қайта құйып, екі тәулік бойы бабына келтірілетін түрі. Мұны таба нанның, ірімшіктің, құрттың дәмін тата отырып ішетін болған;

Үшкүндік – сабада немесе торсықта үш тәулік бойы сақталатын қымыз. Мұны саумал жақпайтын адамдарға беретін болған.

Бұрын қымыздың шамалап, жаңа сауылған бие сүтін қоса отыра, төрт, бес, алты, одан да көп тәулік бойы бабына келтірілетін түрлері болған. Тойға, асқа арналған қымыздың дәмі ашыту тәсіліне, ашытқының, бие жеген шөптің сапасына, сүттің құрамына, ыдыстың ысталғанына, тіптен сапырылуыла да байланысты болған. Қымызды неғұрлым жиі араластырып, саптыаяқпен, ағаш ожаумен сапырып отырса, соғұрлым дәмді болған. Бұрын қымыз ашытатын сабаны, месті, күбіні босағаға қойып, әйелдердің кіріп-шыққан сайын пісіп кететіні де осыған байланысты.

Түйенің шұбаты – Қазақстанның оңтүстігінде қымыран, батысында шұбат, шығысында түйеқымыз деп аталған. Қазақ үшін ол тек шөл басатын сусын ғана емес, тамақ та болған. Түйенің сүті өте майлы және адамның тәнін жаңартатын пайдалы қосындылардан тұратындықтан шипалы, әртүрлі ауруларға, әсіресе асқазанға пайдалы болған.

Қазақта шалап, ақта, қойыртпақ секілді сусын түрлері де болған. Шалап – ашыған айранның сумен қосындысы, шөл басатын сусын. Ақта мен қойыртпақ бұдан басқаша әдіспен әзірленетін. Әдетте – таңертең малмен бірге өріске бет алған адам айран құйылған торсықты қоса ала шығатын. Оған өзі сауған қойдың сүтін құйып, аттың жүрісімен бірге ырғатылып тұруы үшін ердің басына іле салатын. Күн ұзын оған қайта-қайта саумал құйып отырған. Осылайша алынған қою сусынды ақта дейді. Қойыртпақ та осындай әдіспен әзірленетін. Оның ақтадан айырмашылығы – қойдың сүтін торсықтағы қымыздың үстіне қайта-қайта құйып бабына келтірілетіндігінде.

Шалапты, ақтаны, қойыртпақты бұрын малшылардың сусыны деп есептеген. Малшылар өздеріне арнап отқа қыздырылған тасқа қойған ыдысқа қайнататын сүтті қорықтық деп атаған.

Қазақ дастарханында ұннан жасалатын қатырма, шылпын, нан салма, күлшетай сияқты тағамдар, таба нан, қазанжаппа, шелпек, бауырсақ, күлше немесе тандыр нан /оңтүстікте/ секілді нан түрлері болған. Қазақ тарының сөгін де ұнатқан. Әуелі тарыны қазанға қайнатып алатын. Мұнан кейін оны қуырып, қауызын /кебегін/ ажырату үшін келіге түйіп “қаралағаннан” кейін електен өткізіп кебегін, талқанын алып тастайтын. Тазаланған ақ-қаралы дәнді тағы да келіге салып “ақтап” сөк шығаратын. Осылайша алынған сөкті ыстық сумен аптап алып, аздап салқындаған соң сары маймен араластырып, ептеп қант қосып, қонақтың алдына қоятын. Мұны майсөк деп атаған.

Тары сөгінің қол диірменге тартқан немесе келіге түйген жармасынан жент әзірленетін. Оны сарымай, қоспа секілді қойдын қарынында көп уақыт сақтауға болатын. Жолаушының сапарға шыққанда бірге ала кететін негізгі тамағы да осы жент болған.

Отырықшы, егінші елдің аса құрметтейтін тағамдары тек ет пен сүттен ғана емес, балықтан, жүгеріден, күріштен, бақша өнімдерінен, далада, тауда өсетін табиғат нәубетатынан алынатын сірнелерден әзірленетін. Міне осындай тағамдардың қатарына ысталған балық, қауын какты, қауын құртты, палауды, “сыр күрішін”, шәулені, неше түрлі қайнатпаларды (варенье), құйыршықты жатқызуға болады. Қақ, қауынқұрт, бұрын ірімшікпен, құртпен, ежегеймен, қолға түскен шығыс тәттілерімен бірге қазақ дастарханында кондитерлік дәмдердің орнына жүрген. Ішкілік орнына қазақта қымыз, шұбат, боза (брага секілді) пайдаланылған.

Қазақ шай ішуді ұнатқан. Оны тамақтың алдынан да, артынан да ішкен. Тамақ алдында сүт, қаймақ қосып, тамақтан кейін сүтсіз ішкен.

Қазақтың ыдыс-аяғы саны жағынан аздау болғанымен, көлемі мен қолданысы жағынан әр түрлі, көбіне ағаштан шабылған. Табақ, шара, тегене, керсен, астау, тостаған, ожау, шөміш, саптыаяқ міне осындай ыдыстар. Теріден бұрын саба, сүйретпе, мес, торсық, көнек тігілген.

Темірден, қоладан, қыштан, фарфор мен фаянстан, шыныдан жасалған ыдыстарды сатып алған. Сынатын ыдысты, мәселен, кесе-шәйнекті алып жүру үшін ағаштан, теріден, киізден теркеш (кесекап, шыныкап) жасаған.

Қымызды ұзағырақ сақтауға және бабына келтіруге бейімделген 80-100 литрлік сабаның пішімі сүйір, мойны піспек сиятындай тар болғанымен түп жағы кең, шаршы болып бітетін. Асты шірімес үшін тұғырыққа /саба аяқ/ отырғызылған сабаны мойнына жіп байлап, керегенің көгіне асып қоятын. Сабаны тобылғымен, киікөтымен

ыстаған, терісі қурап кетпес үшін маймен сылаған. Сабаның аяғы, мойыны, піспегінің сабы әшекейленетін.

Қымызды тасымалдау үшін жылқының, ірі қараның мойын терісінен, кейде тұтас іреген ешкі терісінен тігілген сүйретпе пайдаланылған. Жолаушылар, малшылар әдетте өздерімен бірге үш-төрт литр қымыз сиятын торсық алып жүрген. Сүт сауатын ыдыс ретінде сыртқы сықпыты шәугімге ұқсайтын тері көнек, ағаштан үңгілген шағын шелек, қабақ т.б. пайдаланылған.

Қазак ыдыс-аяғының ішіндегі ең қарапайымы – пісірілген етті түсіруге және оны қонақ үйге тасуға бейімделген астау. Оны 30-40 сантиметрдей денбекті ортасынан қак жарып, ішін үңгіп жасаған. Ет салатын ағаш табақ та осындай әдіспен жасалған, тек оның түрі дөңгелек, шұңғыл емес, леген іспетті болған. Қазақтың мықтылары қонақты қазан-ошактан аулақ, көгалды жерге үй тігіп күткен. Мұндай жағдайда қонақ жайға пісірілген етті екі құлағы бар, кішігірім бөренеден қашалған үлкен астауға салып, сәндік үшін атқа мінген екі жігіт екі жағынан ұстап әкелетін.

Қымызды қонаққа берер алдында тегенеге, шараға құйып, ожаумен сапырып, бабына келгеннен кейін ғана тостағанмен ұсынатын.

Ыдыс-аяқ, әсіресе қымызға арналған ыдыс күмістелетін. Бұл санитарлық-гигиеналық жағынан ойластырылған жайт.

Қазақтың күбісі үңгілген бітеу ағаштан жасалатын немесе темір белдеулермен құрсалған тақтайшалардан құрастырылып түптелетін де ішіне піспек салынатын.

Тағамдардың барлығы дерлік көлемі әр түрлі шойын қазанда әзірленген. Ал тайқазанда жылқының еті тұтас пісірілетін. Ол көбіне той думанға, асқа арналған. Қазанды ұшаяқты темір ошакқа, немесе арнайы қазылған жер ошакқа асатын. Отты маздатып жағу үшін темірден соғылған көсеу, шымшеуірін, қалақ пайдаланылған. Қазанды ошакқа асу немесе онан түсіру үшін аспаз қолына

қақпақшасы бар шаршы қалта секілді киіз қолқап-тұтқыш киген. Қазанды жуғанда түбіндегі қаспағын күрекше қырғышпен тазалаған.

Қорыта келгенде, келтірілген мысалдардан біздің көретініміз – қазақтың өткендегі іс-қаракетінің атам заманнан бері көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығына, өнімділігі шамалы тәлімі немесе суармалы егіншілікке, қарабайыр еңбек құралдарына негізделгені. Дегенмен, Қазақстанның XX ғасырдың басына қарай жалпыорыстық экономиканың шеңберіне толығынан ене бастауына байланысты қазақ шаруашылығында, тұрмысы мен өмір салтында аса күрделі өзгерістер пайда бола бастаған. Бұрынғы кең өріс жайылымдар тарылып, кей жерлерде мүлдем жойылғандықтан тұрақты баспанасыз, қора-қопсысы жоқ, үнемі көшіп-қонып өмір сүрген “таза” көшпелілер тек Маңғыстауда, Ембі бойында, Қызылқұм мен Шудың төменгі ағысында ғана қалған. Қазақ енді өнеркәсіп арқылы шығарылған соқа, тырма, бастырғы, тұқым сепкіш, шалғы сияқты еңбек құралдарын қолдана бастаған. Мұндай құрал-сайманды малшы қауым да сатып алып, кәдесіне жарата білген. Бұрынғы жерағаш, мала, сабан сияқты еңбек құралдарын Қазақстанның оңтүстігіндегі көлемі аз, егіндігі ойлы-қырлы болып келетін суармалы жерлерде пайдалана берген. Тау-кен, мұнай өнеркәсібінің, балық, тұз кәсіпшіліктерінің ашылуы, әсіресе Транссибір, Орынбор-Ташкент темір жол магистральдерінің іске қосылуы сан жағынан азынаулақ болса да ұйымдасқан ұлттық жұмысшы табының пайда болуына ықпал еткен. Оның қатары кедейленген шаруалардың, кедейлердің, жатақтардың есебінен өсе бергені сонша, ол кездегі жұмысшылардың 70 процентке жуығы қазақ болған. Олар орыс жұмысшыларының көмегімен көпшілік мамандықтарды игере бастаған.

XIX-XX ғасырлар шегіндегі тарихи, әлеуметтік, экономикалық үрдістер бірқатар сапалы өзгерістер

енгізгеніне қарамастан көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы болып қала берген қазақ шаруашылығының, еңбек құралдарының, елдің тұрмыстық және тамақтану мәдениетінің жалпы сипаты міне осындай.

Бұл айтылғандардан шығатын түйін – бүгінгі күн-көрістің мәселелерін шеше отыра бізге, қазіргі шаруашылық ұйымдастырудағы, ауыл өміріндегі, әсіресе тұрмыс құрудағы келеңсіздіктерді жою үшін, ауылдық жердегі елдің заттық-тұрмыстық және тамақтану мәдениетін жақсарту үшін ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибенің құнды жақтарын пайдалана білуде болып отыр.

Бұл өмір талабы, тарих алға қойған қажеттілік.

ІЗДЕГЕН ТАБАДЫ

Мал бағумен, карабайыр әдістер мен еңбек құралдарына негізделген, өнімділігі шамалы егіншілікпен, балық аулаумен, белгілі бір деңгейде, аң аулаумен қатар қазақ сан алуан кәсіпшілікпен де айналысқан. Тері-терсекті, жүнді, ағашты, сүйекті, әртүрлі тастарды, алтын-күмісті кәдесіне жаратуда, әсіресе киіз басуда, кілем тоқымашылығында, тігіншілікте, зергерлікте, үй-жиһаздарын, ер-тұрманды, ыдыс-аяқты, әуез аспаптарын, қару-жаракты безендіруде мүлтіксіздікке жеткен. “Осынау ерекше сахара мәдениеті, – деп жазған Л.Н.Гумилев, – көне дәстүр мен тереңге меңзейтін тамырлардан нәр алғанымен бізге отырықшы елдердің мәдениетіне қарағанда құптарлық дәрежеде белгілі емес. Мұның мәнісі түркілердің, басқа да көшпелі тайпалардың көршілеріне қарағанда дарындылығының төмендігінде емес, олардың заттық мәдениетінің қалдығы – киіздің, терінің, ағаш пен былғарының нашар сақталатындығында болып отыр...”¹.

¹ Гумилев Л. Древние тюрки. М., 1976, 5. б.

Тері мен былғары, ежелгі заман авторларының да көңіл аударғанындай, киімге жаратылған заттардың ішіндегі ертеден келе жатқандары болған. Қазақ теріні қолдан илеген. Жаңа сойып алынған тұлыпты жүнін ішіне қарата дегдітіп, ұн аралас ащы айранмен сылайтын. Өңін айналдырып, екі-үш күн орап қоятын да, жуып тұзды суға салатын. Осындай жағдайда біраз ұстағаннан кейін қайтадан кептіріп, иіне ұн сеуіп пышақпен қырнайтын да, дайын теріні әр түрлі шөптен, өсімдік тамырынан алынған шымқай сары, қызыл күрең, сарғылт түстерге бояған.

Қазақ тұрмысында киіз басудың маңызы ерекше. Киізден кереге-уыққа туырлық, үзік, шаңыраққа түндік, сықырлауыққа желқағар, далда (киізесік) тігіп, үйін жапқан. Киіз оның жерге төсеніші, оюлап тұсына ілетін жиһазы болған. Киізден кебенек (сулық) тігіп үстіне, мұрақ, қалпақ етіп басына, байпақ істеп аяғына киген, түйесіне жабу, атының ер-тұрманына тоқым, терлік, тебінгі жасаған, қаршын, әбдіреқап, аяққап, теркеш тіккен.

Киіз басу арқылы қазақ дәстүріне енген бұйымдар деп мыналарды айтуға болады:

Киіз – ақ немесе сұр жүннен басылатын да үйдің туырлығына, үзігіне, түндігіне, есігіне, тағы басқа тұрмыс қажетіне жаратылатын төсем;

Текемет – шала қарпылған киізге боялған жүннен ою салып, қамыс шимен қоса орап, үстіне қайта-қайта ыстық су құйып, білекпен ұқсатып, аяқпен тепкілеп әрі-бері жүгіртіп басатын киіз төсеніш;

Сырмақ – сырдамал – астыңғы негізіне (оның киізден болуы міндетті емес) екі түсті жұқа киізден бірдей етіп ойылған өрнек көктелетін төсеніш;

Сырдақ – әр түсті боялған жүннен иіріп, ширатылған жіптермен оюланатын киіз төсеніш;

Тұс киіз – екі түсті барқыттан ойылған өрнектерді жұқа басылған ақ киіз шаршысына жапсырып, қабырғаға

кілем¹ орнына ілінетін төсем. Оның көшенінде бірінші өрнектің, сұлбасы үшін екіншісінің ойығы, ал екіншісіне керісінше біріншісінің ойығы алынады. Төсемнің шаршысы барқытпен әдіптелетін, ою-өрнегінің айналасы шетінеместей етіп көктелетін болған.

Қазақта киім-кешектің, бас киімнің кейбір түрлері де киізден тігілген. Бас киімге көбіне жұқа ақ киіз жаратылған. Ол үшін жүнді жыңғыл таяқшалармен сабап, қоқсығынан ажырататын да қолдан түтіп, жұқа етіп басқан. Басылатын киізді ағарта түсу үшін сулы жүнге әк себетін болған.

Қазақ кәсіпшілігінде ши тоқу да кең дамыған. Қамыстан тоқылған шиді шаруашылық қажетіне қора-копсыға, тұрақты үй-жайдың итарқасына, сөре-шыптаға жаратқан, киіздің астына жерге төсеген. Ал шым шиді (оны орама, жез ши деп те атайды) алдын ала ойластырылған кілем іспетті сурет бойынша тоқыған. Шидің әрбір талын түрлі түсті жүнмен жеке-жеке орап алғаннан кейін, бір тұтас етіп құрастырып тоқитын болғандықтан одан таңғажайып тамаша төсем алынатын. Шым шиді көбінесе киіз үйдің керегесінің сыртынан туырлық астына тұтқан. Киіз үйдің желқағарының астыңғы жағы да шым шимен безендірілетін болған.

Бізде қалыптасқан кәсіпшіліктің шоқтығынан саналатыны – кілем тоқу. Қазақ кілеміне тән ерекшелік оның шаршысында міндетті түрде сызықша – “сумен” ажыратылатын қорған-қоршауы, этнографиялық әдебиетте “көл” деген атпен белгілі орталық алаңында қатарластыра орналастырылатын, мазмұнынан ою-өрнектің тікесызықты немесе нәубетаты сарыны көрінетін табакшаларының болатыны. Оларды Сарыарқада “түр”, Сыр бойында “күмбез”, “төбе”, Оңтүстік Қазақстанда “табак”, “жұлдыз”, Жетісуда “ою” деп атаған.

¹ Қазақ түкті немесе тықыр тоқыма төсемдерді, олардың да алашадан, басқұрдан басқасын ғана кілем деп есептеген. Европалықтар сыяқты киізден басылған төсемді кілем деп есептемеген.

Кілем тоқумен бұрын тек әйелдер айналысқан. Алаша, басқұр, таңғыш, бау-шу, түйе жүн шекпен тоқу – атам заманнан бастап ұрпақтан ұрпаққа алмасып келген. Сарыарқа, Батыс Қазақстан өңірінде кеңінен тараған тықыр кілем тоқу үнемі көшіп-қонып жүрген малшы қауымның өмір салтымен тығыз байланысты болған. Тықыр кілемнің әсіресе торғай түрі, алтыауыл, адайкілем, найман нұсқа, арабы, тықыркілем, тазкілем деп аталған түрлері ел арасында көптен белгілі.

Көп еңбекті қажет ететін, уақытты алатын, көбіне бір әйелдің қолынан келе қоймайтын түкті кілем тоқу негізінен Сыр бойында, Қазақстанның оңтүстігінде, Жетісуда кеңінен тараған. Мұның өзі бұл аймақта тұратындардың едәуір бөлігінің отырықшы немесе жартылай отырықшы болғандығымен тікелей байланысты.

Қолөнердің бұл түрінің дамуына кезінде кілем тоқу ісі өркен жайған аудандармен, әсіресе Иранмен, Шығыс Түркістанмен қарым-қатынас тікелей әсер еткен. Мұндай пікір айтуға қазақта түрікпендердегі секілді қалы кілемнің болуы негіз бола алады. “Қалыкілем” деген тіркестегі “қалы” парсының “ғалы” яғни “кілем” деген сөзінен шыққан. Ал парсыша қазіргі палас іспетті төсеніштерді “кілем” деп атаған.

Қалыкілемнің қазақтағы түкті кілемдердің ішінде бұрын неғұрлым кеңірек тараған түрі болғаны даусыз. Оның қалыптасқан дәстүр бойынша көп қатарлы қоршауы, қатар-қатар орналастырылған табақшалары болған. Сый ретінде мықтыларға тартылған, айыпты болғандар қалы кілем ұсынып кешірім сұрайтын болған. Кілемнің бұл нұсқасы той-томағада бас жүлде ретінде де белгілі.

Кейінірек шаршысының жолағында қоршауы бар, жоғары сапалы түкті кілемдердің барлығы дерлік қалы кілем деп атала бастаған. Сөйтіп, бірте-бірте “қалыкілем” деген түсінік “түкті кілеммен” алмасқан.

Қазақ шеберлерінің кілем тоқудың өзіндік машығын, әдісін, сұлбасының теңдігін, табақшаларды

орналастырудағы айқындықты қатаң сақтап келгені белгілі. Солай бола тұрса да, түкті кілемнің Оңтүстік Қазақстанға тән “гүл күмбездісінде” табақшалары мен қорған шегі кейде шартты болып келеді. Ал тықыр кілемде, таз кілемде кездесетін табақшалардың қайсыбіреулері бір-бірінен жолақтарымен шектелетін жеке бөліктерге “көздерге” орналастырылады. Адайкілем, алтыауыл кілем табақшаларының шектен тыс дәлме-дәлдігімен өзгеше.

Бұрын Қазақстанда кілем тоқудың нарыққа қызмет еткен орталығы дәрежесіне көтерілген бірде-бір аудан болмаған. Түркістанда және оның маңында тұратын елдің бірігіп артель құруға тырмысқан әрекетінен де нәтиже шықпаған. Товарлы-ақша қатынастарының қарыштап дами алмағандығынан тоқылған кілем тек қысылғанда ғана базарға шығарылатын болған. Осы жағдай бізге, бұл кәсіпшіліктің бірден бір тарихи орталығы болған жерді бөліп көрсетуге әзірше мүмкіндік бермейді. Солай бола тұрса да қазақы кілемдер, ең алдымен, олардың алғашқы нұсқаларының шыққан жерлеріне – (мәселен, “жетісу”, “торғай түрі”), руға, тайпаға тиістілігіне) ”қонырат кілем”, “адай кілем”, “керей үлгі”, “найман нұсқа”), табақшыларына қарай (“шұғыла”, “гүл күмбезді”, “торкөз кілем”) жіктестіруге болады ғой деп ойлаймыз.

Бұлайша жіктеу, жоғарыда айтылғандай, қазақ шеберлерінің кілемнің о баста қалыптасқан үлгісін сақтап, оны өз талғамына бағындыра бермей, сайып келгенде, бастапқы негіз ретінде нақтылы өрнекті ғана алып, ғасырдан ғасырға ауысып келе жатқан тәсілдерді берік ұстанып келгендігінен ғана мүмкін болып отыр.

Кілемге қатысты үй жиһаздарының қатарына киіз үйдің күмбезінің төменгі жағына тұтуға арналған, сұлбасы ақ жүннен, мақтадан тоқылып, оған таңғажайып көрік беріп тұратын түкті кілемдегідей өрнектер берілетін акбасқұрды, сол сияқты кереге мен уықтың қиылысқан

жеріне тұтылатын “қошқарат”, “шынжара” өрнектерінің сарынымен алаша іспетті тоқылатын терме басқұрды жатқызуға болады. Олардың ұзындығы сегіз метрден он бес метрге дейін (киіз үйдің көлеміне қарай), ені 30-40 сантиметрге дейін болған.

Қазақта тұсқа ілінетін астарлы жібек төсемнің барқыт, масаты немесе мәуіті жолағына кесте жүргізілетін, ал төменгі жағы көрпе-төсекпен жабылып тұратындықтан бос қалдырылатын бізкесте, тұскесте, ілмекесте деген түрлері болған. Оларды қазіргі кейбір зерттеушілер, неге екені белгісіз, “түскиіз” деп атап, шатасып жүр. Мұндай бұйымдардың Қазақстанның орталық музейінде, Түркістандағы “Әзірет Сұлтан” қорығында сақталған үздік үлгілері бар. Оларда сан алуан жапырақтар, гүлкауыз, шыйыршық сарыны көптеп кездеседі.

Совет жылдарында Қазақстанда товарлы кілем өндірісімен Алматыда аса ірі кілем фабрикасы ұйымдастырылғанға дейін кәсіпшілік артельдері айналысқан. Қазір фабрика коллективі қазақы кілем токудың қалыптасқан дәстүрлерін өз кәдесіне жаратуға баса назар аударуда. 1978 жылы мұнда көне кілемдердің айрықша екі нұсқасы қайта қалпына келтіріліп өндіріске жіберілді. Шамамен XVIII ғасырдың аяғында тоқылған “Шұғыла кілем” өзінің “Әзірет Сұлтан” қорығында сақталған жұрынтығы бойынша қайта қалпына келтірілді. Көне “шұғыла” өрнегінің (қазаққа шығыс халықтарынан алмасқан болуы ықтимал) желісіне құрылған осы бір тамаша кілем, шамамен, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басынан белгілі бетінде 18 түрлі бояулы өрнектер кездесетін, бұрын құрып кеткен деп есептелген “Қоңырат кілем” (кейде оны Сыр кілем деп те атайды) өнердің бұл түрінің үздік туындылары болып табылады. Бұл екі кілемнің соңғысының төсемі сүйір, төрт және сегіз бұрышты табақшалардан, қоршауы “сумен” ажырасатын үш қатар жолақтан тұрады.

Қазақы кілем заттық мәдениет жетістіктерінің ішінде осы уақытқа дейін жөнді зерттелмегені. Ол жайында жазылған ғылыми еңбектер де шамалы. Шығарылған альбом да жоқ. Республикада кілем музейін құрамыз деген бастаманың да аяқсыз қалғаны қынжыларлық. Ал ары қарай не боларын болашақ көрсете жатар.

Қазақта жүн түтіп, киіз басып, жіп иіріп, кілем, алаша, шекпен тоқумен әйелдер, тері илеп, былғарыдан етік тігумен, ат әбзелдерін, саба, сүйретпе, торсық жасаумен еркектер айналысқан. Қазақ көн илеушілерінің қолынан шыққан заттарға кезінде сұраныс көп болған. Профессор М.Мендіқұловтың қолына түскен ХІХ ғасырдың 70-ші жылдарына жататын құжаттардың бірінде “Етікшілік, кебіс-мәсі тігу ісінде Баянауыл мен Көкшетау округіндегі қазақтың Бұқар мен Ташкент шеберлерінен қалыспайтыны былай тұрсын, шығарған заттарының ұқыптылығы, тіптен сапасы жағынан олардікінен артық”¹ деп жазылған.

Қазақта ағаш ою ісі де өзінше ерекше. Ол негізінен тайпақы, көлемді, теспелі болып келетін де мәнерлі бояумен толықтырылатын. Бұрын босаға-есік, шаңырақ, кереге-уық, кебеже, әбдіре, төсекағаш, жастыкағаш, асадал, әуездік аспаптар, тегене, ожау, саптыаяқ, тостаған, күбі т.б. үй бұйымдары ағаштан шабылғандықтан сан алуан өрнектермен, мәнерлі бояумен безендірілген.

Бізге жеткен халық шеберлерінің бірқатар бұйымдарында ағаш оюдың барлық түрлері кездеседі. Бұл ретте 1972 жылы Торғай облысының Жангелдин ауданынан музей қорына алынған, шамамен ХІХ ғасырдың аяғына жататын төсекағаш пен асадал ерекше құндылығымен назар аударады. Төсекағашта көлемді де (бас-аяқ жақтары, бағаналары), тайпақы да (қанасы), теспелі де (әшекейлі бөліктер) өрнектер кездеседі. Оның қанасында жапырақ, беде, шиыршық бейнеленген де

¹ Архитектура Казахстана. Алматы, 1959, 117 б.

мәнерлі бояумен толықтырылған. Осы бір аты-жөні белгісіз шебердің қолынан шыққан құрастырмалы асадалдың әбдіредегі сияқты тұтқасы бар. Ол көшіп қонған кезде асадалды екіге ажыратып, көлікке немесе арбаға тисуге ыңғайластырылған. Асадалдың үстінгі жағындағы айқара ашылатын есігіндегі ою желісінен күн шуағына малынып, гүл шоғы көтеріліп келе жатқандай болып көрінеді. Мұның мәнісі - шебердің шексіз қозғалыс, мәңгілік өмірді ғана емес, әлемдегі өзара байланыстылықты, үйлесімділік пен тәртіпті “бітпес” арқылы бейнелегендігінде, сонымен бірге қазақ ою-өрнегінде өте сирек кездесетін, келер ұрпаққа бақыт пен жақсылық тілеудің белгісі – лотостың, сол сияқты ежелден келе жатқан игі ниет нышаны – қырғауылдың бейнесін пайдаланғанында болып отыр.

Асадалдың жоғарғы суырмасында құпияға толы әлем кеңістігінің белгісі – шеңбер, алыс қашықтыққа меңзейтін ерсілі-қарсылы жол, әуе толқыны, бұлт, жаңбыр бейнеленген. Ал төменгі суырмада кеңістік белгісі – шеңберге келіп тірелген мазмұндық тұтастықты құрайтын жапырақтар арқылы дүниенің құрылымы, жер бетіндегі өмір келбеті бейнеленген. Бір қызығы – асадалды жасаған шебердің материалдың ыңғайына, іс тапсырушының тілегіне сай, тамаша көркемдік жағынан аса құнды, қазақтың аспан әлеміне байланысты ой-өрісін паш ететін ғарыштаты сурет желісін жасағандығы.

Халық шеберлері сүйекті үй жиһаздарын, ер-тұрманды, қару-жаракты, әсіресе садақпен оның қорамсағын, әуез аспаптарын, теркешті безендіруге пайдаланған. Күмістен, әр түрлі асыл, жартылай асыл тастардан, кейде алтыннан алқа, тамақша, шолпы, білезік, сақина, бас киімге, белбеулерге шытыр соққан, сәкәгүл, эткекшектер жасаған. Ширатпа, жалған кара, қаралау, зерлеу әдістерін пайдаланған. Тау жыныстарынан, ұлустастан тағы басқа табиғи құрылыс материалдарынан сәулет ғимараттарын тұрғызған, құлыптас, қойтас, көктас соққан.

Қазақ қолөнерінен ғасырлар бойы көркем ойдың, оның икемді баламасы – өрнектің қоғам талғамымен тікелей сәйкестікте дамып келгендігі көрінеді. Қазақ оюының өзіне тән жүйесін қалыптастыруға айналадағы ортадан алынған, киелі, ғұрыптық белгілермен біте қайнасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген заттар мен құбылыстар себеп болған. Олардан мақұлқаты, ғарыштаты, нәубетаты, тікесызықты сарындарға негізделген әуендер кездеседі. Бір қызығы – өрнектің бізге белгілі әдістермен айқындауға көне бермейтіндігі. Мысалға алсақ, оның қайсы біреулері тікесызықты өрнектер болып көрінгенімен шын мәнінде оюдың мақұлқаты түріне жатады. Ал кейбіреулері мақұлқаты тектес болып келгенімен ғарыштаты немесе нәубетаты әуеніне жататын өрнектер болып шыға келеді. Мұның өзі ою-өрнектің тұтастық заңына бағына отыра бірін-бірі толықтырып, бір-бірімен қатаң байланыста болатындығын көрсетеді.

Қазақ ою-өрнегінде әсіресе оның мақұлқаты сарынындағылары мол тараған. Бұл пошымына қарай немқұрайды аттастыра салынған “қошқар мүйіз” деген атпен белгілі доға мен оның әр түрлі көріністеріне – мүйіз, қос мүйіз, сынық мүйіз, қыңыр мүйіз, сол сияқты жануарлардың (түйе табан, өркеш), құстардың (құс қанат, қаз мойын), мақұлықтардың (өрмекші) жекелеген мүшелеріне немесе өздеріне ұқсас келеді.

Шамасы, қошқардың мүйізі де, түйенің табаны да, құстың қанаты да, тіптен көне заманнан белгілі өрмекші де бір кезде киелі белгілер болған. Олардың үй жиһаздарында, алаша-кілемдерде, әр түрлі бұйымдарда кездесе беретіні де бізді осындай ойға жетелейді.

Қазақ ою-өрнегіндегі ғарыштаты – аспан әлеміне байланысты әуен ежелгі тайпалар мен халықтар қалыптастырған деңгейде бізге жеткен болуы ықтимал. Ежелгі сақтар дәуірінен келе жатқан шеңбер, төрт құлақ, шимай – әлем кеңістігі, дүниенің төрт жағы, мәңгілік

қозғалыс деген ұғым береді. Сақ нанымында күнге, көктегі тәңірге қатысты белгіге, оның өнердегі баламасына кең мағыналы пәлсапалық мән берілгені мәлім. Сондай-ақ жұлдыз, ай бейнелері де мәні жағынан аспан әлеміне байланысты белгілер.

Нәубетаты әуеніндегі жапырақ, су бедесі, гүлқауыз, шиыршық өсімдіктер дүниесінен алынған, олардың қазақ өнеріндегі көрінісі – тұтастық, ауызбіршілік, жердегі өмірдің шарттылығы деген мағына береді. Ромб тектес ирек, сүйір, үшкіл, көпқырлы, тұмарша, сол сыяқты шынжара, балдақ, қармақ тікесызықты ою-өрнектер.

Қазақтың қолтума бұйымдарының барлығы дерлік, киім-кешегі, заттық тұрмыстық мәдениетке қатысты басқа нәрселерінің көпшілігі ою-өрнекпен безендірілетін болған.

Қазақ ою-өрнегі өзінше пайымдауға бейім, бір түрден екінші түрге оңай ауысып отыратын құбылыс. Маңғыстаудың халық шеберлері, мәселен, үзілместен өткізбеге жалғасатын, ол қайтадан өткізбе мен үзілместі құрайтын өрнекті сурет үйлесімділігін тапқан.

Қазақтың киім-кешегі айналадағы ортаның, оның үскірік аязы мен аңызға желінің әсерімен, бар өмірі көлік үстінде өткен көшпелі қауымның, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей күн көрген диханның іс-қаракетімен байланысты қалыптасқан заттық мәдениеттің көрінісі. Онда халықтың әсемдік талғамы, өмір салты, өткендегі әлеуметтік хал-ахуалы айқын сезіледі. Ауызекі тілмен, антропологиялық тұрпатпен қатар ол кезінде халықтың тектестік сезімін ояту мен нығайтуда айтарлықтай роль атқарған. Киіміне қарап, жұрт өздерінікін бөгделерден ажырататын болған. Адамдардың жас ерекшеліктеріне қарай шектелетіні болмаса, түр-түсі, пішімі жағынан қазақтың киім-кешегі әлеуметтік топтардың бәріне бірдей. Көшені қарапайымдау болғанымен, дала жағдайына ыңғайластырылғандығымен,

денеге қонымды, жүріп-тұруға ыңғайлылығымен, сан алуан әшекейлерімен ерекше. Дегенмен о баста киімді зермен, кестемен әдемілеу шамалы болғаны ықтимал. Үнемі малмен бірге бүкіл әулетімен көшіп-қонып жүрген немесе диханшылықпен айналысам деп бар өмірін егіндікте өткізген қазақтың киім-кешегін безендіруге уақыты да болмаған. Киімді әсемдеу кейінірек, қазақ қоғамының таптық жіктелуіне байланысты, жұрттың қандай әлеуметтік топқа жататынын, дәулеті мен байлығын баса кәрсетуге деген құштарлықтан туған болуы ықтимал. Әшекейді қоғам дамуына байланысты киім-кешектің өзіндік тұрпатына енген жағдай десек, бәлкім, қателесе қоймаспыз. Ол әрине, кейіннен орныққан дәстүрлерге лайық, сұлулық пен үйлесімділік заңдылығына сәйкес, қоғамның әсемдік талғамына байланысты сапалы өзгерістерге түскен.

Тағы бір айта кететін жағдай – қазақ киімінің барлық жерде бірегей боп, тігісінде, пішімінде, материал таңдауда, тұғынуда елеулі айырмашылық бола бермейтіні. Бас киімдегі, белдік-белбеудегі, салтанаттық немесе күнделікті киімнің арнайы түрлеріндегі кейбір өзгешеліктер қайсыбір аудандарда дәстүрлі киімнің ежелгі түрлерінің ұзағырақ сақталғандығынан болуы мүмкін.

Сырт киімнің алды ашық боп, солға қарай қау-сырынаыны, бешпеттің, камзолдың белінің қымталуы, үкілі бас киім, қос етектегі көйлек, белбүрме қазақша киімге ерекше сән беретіні белгілі. Мұның өзінен қазақ халқын қалыптастырған тектестік қоспалардың ықпалын, халықтың өткендегі өндіргіш күштерінің деңгейін, шаруашылығының, кәсіпшілігінің сипатын, тарихи дәстүрлерін, көршілерден ауысқан түр өзгерістерін аңғаруға болады.

Мысалға алсақ, мұрақ, сәукеле секілді бас киімдер, меніңше, қазақтың арғы ата-бабасының құрамында маңызды қоспа болған ежелгі сақтардың сүйір ұшты

бас киімдерін еске түсіретін сияқты. Ақ шыттан немесе жібектен шаршы етіп байланатын әйелдердің жаулығы көнетүркілерден ауысқан болуы мүмкін. Бұған сол заманнан қалған тастағы кескіндер дәлел болады. Ал белдемше тегі, ғұндар дәуірінен қалған десек қателесе қоймаспыз. Киімді солға қаусырыну, кимешектегі өңір жиек, камзолдың шалғайына, етек-жеңіне оқа тігу – адамды табиғаттан тыс күштердің салқынынан сақтайды мыс, қыздардың, сал-серілердің, жасөспірімдердің бас киіміне үкі тағу дәстүрі бөгде көзден, пәле-жаладан аулақ етеді-міс деген түркі-қыпшақ нанымынан туған жағдай.

Табиғи бояулармен боялған қой терісінен тігіліп, сеңсең жаға салынатын тон, қасқыр ішік, түлкі тымақ, байпақты саптама етік қазақтың мал бағып, ат үстінде жүретін күн-көрісіне байланысты киім нұсқалары. Еркектер киетін қынама бешпеттен, әйелдердің күліш көйлегінен, жаз көйлегінен қазақ киім-кешегіне көрші халықтардың - орыстардың, татарлардың, ортаазиялықтардың ықпалын көреміз.

Тері, былғары, жұқа киіз, түйе жүн шекпен (оны кейде қой жүнінен де тоқыған) қазақы киімнің дәстүрлі материалдары болған. Киімге сеңсең, ешкі, құлын, ақбөкен терілері де жаратылған. Олардан әдетте қазақы тон, жарғақ бешпет, көкірекше, кеудеше, жарғақ шалбар тіккен. Сейфидің 1582 жылы жазған шығармасында қазақтың киім-кешегі жайлы мынадай қызықты мәлімет бар: "...олардың (қазақтардың - Ө.Ж.) кеудешелері қойдың терісінен тігілген, әр түрлі түске бояландықтан, атласқа ұқсас болып шығады да, Бұқарға әкелгенде, ыңғайлы да әдемі болғандықтан атластан тігілген кеудешенің құнындай бағаға сатылады"¹. Ішікке, бас киімге қасқырдың, түлкінің терісі, камшат, сусар, тағы басқа аңдардың пұшпағы

¹ Сұлтанов Т. Краткое описание сочинений Сейфи. Известия АН Казахской ССР, серия обществ. наук, 1970, N1, 49 б.

пайдаланылған. Шекпеннің шапанның қаусырмасын, шалғайын, жеңін жиектеуге қажетті ызба қолдан тоқылған.

Киім-кешек тігуге қазақ әуелде Үндістаннан әкелінетін шытты, батсайыны, Қытай, Орта Азия жібегін, барқытты, зерлі, бедерлі кездемелерді, мәуітіні, масатыны, шұғаны жаратқан. Бұл материалдармен қазақ, арғы ата-бабасы секілді, кезінде Оңтүстік Қазақстан арқылы өткен көне “Жібек жолындағы” айырбас саудадан таныс. Ал XVII ғасырдың аяғынан бастап қазақ даласына орыс товарлары да келтіріле бастаған.

Халық шеберлерінің өнері мен ісмерлігінің арқасында, әрбір ұрпақтың талғамына сай өзгерістерге түскенімен, өзінің нәрін, бояуын жоғалтпай бізге жеткен қазақы киім тек өзінің пішімімен ғана емес, зерлі кестесімен, алтын оқасымен, қымбат бағалы тастарымен, алтын-күміспен аптап соғылған зергерлік бұйымдарымен, үкілі бас киімі, көксауыр етігімен, мәсі-кебісімен, кәдеге жаратылған аса құнды аң терілерімен, зерлі және бедерлі жібек, барқыт, масаты мәуіті сияқты қайталанбас материалдарымен көз тартады.

Еркек киім-кешегінде жейде /көйлек-дамбал/, бешпет, қаптал шапан, түйе жүн шекпен, етіктің қонышына салынатын шалбар, бас киім нұсқаларының негізгі түрлері ғасырлар бойы өзгеріссіз келген. Әлеуметтік айырмашылықтар киімнің молдығынан, жаратылған материалдарының құндылығынан, тігісінен, пішімінен, әшекейлерінен көрінген.

Еркектер ақ сұрыптан тігілетін тік немесе қисық жағалы көйлектің астына балағының төменгі жағына қарай ептеп тарыла бастайтын “кең адымды” дамбал киген. Көйлектің қолтығына, дамбалдың ауына жүріп-тұруға ыңғайлы болу үшін үшкіл салған. Әдетте жейденің үстіне қазақ денесіне шақтап тігілген, мығым, белі қымталған, етегіне қарай аздап кеңейе түсетін бешпет немесе көкірекше, борбайына шалбар киген. Киімнің осы бір түрін жұқа көк, қоңыр,

шымқай қошқыл шұғадан, барқыттан немесе жібектен тіккен. Кейде қаусырмасы, етек-жеңі кестеленетін болған. Шалбарды атқа мініп жүруге ыңғайлы болсын деп молдау етіп бешпетке жаратылған матадан тіккен. Онда ешқандай ілгешек, түйме деген болмаған, белдіктің орнына ышқырына бау өткізілген.

Күн суытса қазақ бешпет немесе көкірекшенің сыртына түйе жүн шекпен, қаптал шапан киген. Қыста еркектер үстіне қой терісінен тігілген тон, қасқыр ішік, басына түлкі тымақ, аяғына саптама етік киген. Тонды ыңғайына қарай, арасына жүн салып, мәуітімен, шұғамен тыстап, астарымен қоса көктелетін күпімен алмастыратын болған. 20-жылдары Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген Е.И.Руденко, күпінің қазаққа, оның ата-бабасына кем дегенде бұдан екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеген.

Ауқаттылар арасында аса құнды аң терілерінің пұшпағынан тігіліп, шұғамен, барқытпен қапталатын пұшпақ ішік жоғары бағаланған. Ішіктің ең сәнділеріне камшат, сусар терілері жаратылған. Еркек киім-кешегінде кездесетін акбөкен, құлын терілерінен түсіне қарай іріктеп құрастырылатын бешпет, көкірекше, кеудеше, жарғақ шалбар аса сыпайы киім үлгілері болып есептелген.

Малшылар, әсіресе жылқышылар киген киіз сулық-кебенекті (Жетісуда –кебентай – Ө.Ж.) мейлінше ұқсатып, қылшығын сыртына қарата, сапалы болуы үшін шаршысын 60x60 см етіп жеке-жеке басқан ақсұр, кейде қоңыр немесе қара төсемдерден құрастырып тіккен. Өкінішке орай, оның нұсқалары бізге жетпеген. Сондықтан, кебенектің пішімі мен тігісі жайлы мәліметті білетіндердің әңгімесінен алып отырмыз. Олардың айтуынша, кебенекті киім сыртына киетін болғандықтан күләпара орнына жүретін тұтас жағалы, мейлінше мол және ұзын етіп, шалбарымен бірге пішетін болған. Сулықты атқа отыруға ыңғайлы болуы үшін артын жырықты етіп тіккен.

Кебенек – ат үстіндегі малшыны қар мен жаңбырдан, үскірік аяздан, қысқы жел ызғарынан сақтауға бейімделген сулық үлгісі. Ел арасында кеңінен тараған “кебенек киген келер, кебін киген келмес!” деген нақыл сөз де бар.

Қазақстанның оңтүстігінде еркектердің киім-кешегі жергілікті халықтың отырықшы немесе жартылай отырықшы тұрмыс салтына, ауа райының ерекшеліктеріне байланысты біршама жеңілдетілген болып келеді. Мұнда жігіттер белі қымталған тізеден сәл ғана төмен түсетін етіп, шымқай қошқыл, қаракөк немесе қоңыр түсті (бұл мұндағы елдің киімінің негізгі реңктері) мәуітіден тігілген бешпет, кеудеше, биік өкшелі жеңіл етікке балағын салатын шалбар киген. Сыртқы киім белдікпен немесе белбеумен қаусырылған. Басына тақия, оның үстіне жұқа ақ киізден тігіліп, қара барқытпен тысталған қалпақ киген. Көйлегі тік жағалы, дамбалы кең болған.

Балағы жырық кең шалбарды қазақта негізінен егде тартқан қартан адамдар, әрдайым ат үстінде жүретін аңшы шалдар, суырылып өнер көрсететін сал-серілер, ақын-жыршылар киген. Ол атқа мінуге, ұзақ таңға жайғасып отыруға, шынтайлап жатуға ыңғайлы болған.

Еркек киімі көпшілік жағдайда түймеленбейтіндіктен белбеу оның негізгі құрамдасы болған. Былғары белбеудің өте ертеден келе жатқан түрі – кісе. Кәдімгі белдіктен айырмасы нық бекітілген пышақ салатын қыны, өткеншектері, оқ шантайлары¹ болатыны. Кісе белбеу металл шытырлармен безендірілген.

Еркектің бас киімі сан жағынан әр түрлі бола бермеген. Оның қалпақ, бөрік, тымақ, жалбағай (далбай), тақия деген бірнеше түрі болған. Әлділер төбесі сүйірлеу келген құндыз немесе сусар бөріктің үстіне барқытпен (көбіне

¹ Оқшантай – бұрын аңшы оқ-дәрі салатын тері дорба. Кісе белбеуге бекітілетін болған. Кейін істен шығып қалғанымен әшекей ретінде түр өзгерістеріне ұшырап, кісе белбеудің құрамында қалып қойған.

күрең түсті)қапталған, алтын зерлермен кестеленген аса биік қалпақ киген. Ол этнографиялық әдебиетте айыр-қалпақ, мұрақ деген атаулармен белгілі.

Ересек қазақ дөңгелек тақия үстіне аулаға немесе далаға шыққанда бас киімдердің қолда барын кие салатын. Тақияның өте қарапайым әшекейі – жиегіне жүргізілген ирек сызықша немесе күмбезінің төрт жағына тігілетін жұлдызша. Жібекпен, алтын немесе күміс зерлермен кестеленген барқыт тақияларды көбінесе жігіттер киген.

Еркектің аяқ киімі етік, кебіс-мәсіден тұрған. Сәндік үшін жұмсартылған көнге тары сеуіп, ауыртпалықпен ысқылап ұқсатылған жасыл шегреннен тігілетін және таспамен кестеленетін көк сауыр етік киген. Қазақтың алмастыра отырып, ұзағырақ киюге ыңғайластырылған, көбіне қайқы тұмсықты, биік өкшелі болып келетін ескі пішімдегі қарапайым етігі оңға солға ажыратылмаған. Ал оңға солға ажыратылатын етік еуропалық аяқ киім үлгісінің ықпалымен кейіннен тараған.

Өте тұрпайы, қарабайыр аяқ киімнің түрлері – шоқай, шарық болған. Шоқайды шала иленген шылғи теріден тігіп, кедейлер киген. Ал шарықты тау шөгінділерімен жүргенде етіктің сыртынан киген.

Қазақ әйелінің киім-кешегі жас өзгерістеріне қарай ажыратылған. Қыздың киім-кешегінде мынандай нәрселер болған:

Қос етек көйлек. Жұқа матадан тігіліп, белі қыналған ішкөйлектің үстіне киілген. Етегіне екі-үш қатар желбезек тік кендіктен қосетек деп атаған. Жағасына тамақша¹ тіккен немесе мойнына алқа таққан. Көйлектің бұл түріне Маңғыстауда, Сыр бойында желбезек орнына екі-үш қатар бүктесін беріп, оны да қосетек деп атаған.

Камзол. Көбіне барқыттан, қыздың бөксесіне жетер-жетпес етіп пішіп, белі қыналып тігілетін кеудеше. Оның

¹ Тамақша күмістен соғылатын да, көйлектің тік жағасына қоса көктелетін алқаның бір түрі.

каусырмасына, шалғайына, жеңіне оқа тіккен, ал ол табылмаса кесте жүргізген. Қамзолға бойтұмар қадаған, әр түрлі эткеншектер ілген.

Тақия. Барқыттан бедерлі немесе зерлі жібек матадан тігілетін де, інжу-маржанмен, зергерлік заттармен әсемделіп, үкі тағылатын бас киім.

Белдік. Оның былғары немесе барқыт жолағына металл шытырлар қондырылған. Белдікті күмістен де соққан.

Етік, кебіс. Биік өкшелі, бедерлі, зерлі, кестелі болып келетін аяқ киім үлгілері.

Қыздың іш көйлегін, оның астына киетін дамбалын (екектікінен айырмасы шамалы) жұқа матадан тіккен. Іш көйлек жеңсіз, ойық жағалы, тар иықты болған. Ал дамбал белі мен адымы кең, тізеден төмен жіңішкеріп барып бітетін.

Қыздың киім-кешегінде әсіресе тақия, белдік ерекше әшекейленетін болған. Қыз үшін белдігін жоғалту арынан айырылғанмен пара-пар болған.

Қыздардың киіміндегі бұл ерекшелік жалпыға бірдей әйел киім-кешегінде қайталанбаған. Әйелдің көйлегі қос етексіз, камзолы тізеге түсетін де қапсырмамен бекітілетін болған. Ол басына кимешек киген, жаулық салған, көпшілік жағдайда – орамал тартқан. Шапанының сыртына кездеме белбеу буынған. Кейуаналар жөн көйлектің үстіне ұзын камзол, басына сәлде ораған кимешек киген. Маусымның суық кездерінде барқытпен тысталған пұшпақ ішік киіп, белдікпен қаусырылатын болған.

Әйел барқыттан, шұғадан тігілетін де қаусырмасына, шалғайына кесте жүргізілетін, кейде бағалы аң терілерімен көмкерілетін, үстіңгі жағына нымша киілетін белдемшені /қайсы бір түрін шалғы деп атайды/ де ұнатқан.

Үйлену тойына қалыңдық кейде сәукеленің орнына көнетүркі (қыпшақ) бас киімінің негізгі элементтерін бойына сіңірген қасабаны (алтын зерлі деген мағына береді – Ө.Ж.) да киген. Қасаба – тұрпаты дөңгелек,

желкесіне қарай ойыңқылау, биіктігі іс тапсырушының қалауымен әртүрлі болып келетін бас киім. Камзолға жаратылған материалдан тігіп, айдынының айналасын, тігісін зерлі жолақпен әдіптеп жапқан. Алтын зерлі жіптермен кестеленіп, металл шытырлармен әсемдеген. Бас киімнің маңдайына түрлі шытырлардан, інжу-маржан, перуза сыяқты тастардан тізіп, дөңгелек табақшалармен бекітілген әткеншектер ілген. Қасабаның оң жағына, самайдың үстіне маңдайдағыдан ұзынырақ, күміс қоңыраушалармен бекітілген бес-алты тізбектен тұратып әткеншек қыстырылған. Бұл келін боп түскен қыздың жүйкесін жұбатады-мыс деген ескі ұғымнан туған. Төбесіне қадалған үкі бас киімге ерекше көрік берген.

Қасабаны келіншек тойдан кейін үкісіз, желексіз, ойыңқысының сыртына жаулық салып немесе басындағы орамалдың үстіне киген. Бас киімнің бұл үлгісіне қарай қалыңдыққа арнайы алқа, білезік, сырға, жүзік, бұрымға тағатын шолпы, бұрымының қолаңына ілетін қоза сырға, камзолдың сыртынан буынатын нәзік белдік, аяққа киетін мәнерлі кебіс дайындалатын болған.

Қазақтағы балалар киімі кішірейтілгені болмаса, пішімі мен тігісі жағынан үлкендердікін қайталайды. Бұл, шамасы, жұрттың өз балаларын үлкендер қатарында көруге асыққан ниетінен туса керек. “Қазақта баласына үнемі жас қосып отыратын әдет бар, – деп жазған өткен ғасырда бізде болған поляк революционері А.Янушкевич, – тегі бұл оны пәлендей жасқа жеткіздік деген қуанышты сезіммен байланысты”¹. Тек балаға арнайы тігетін иткөйлек қана басқа сипатта болған. Оны мақта матадан /бомазей, шыт, бөз/ тұтас, нәрестенің денесін аяғына дейін жауып тұратын, иық-жеңін тігіссіз етіп пішетін болған.

Қазақ жұмыс киімін әдейі тікпеген. Күнделікті киім мен тойға киген салтанатты киім арасындағы айыр-

¹ Янушкевич А. Дневник и письма из путешествия по казахским степям. Алматы, 1966, 236 б.

машылық – соңғысының пішімі мол, тігісі жатық, бас киімдерінің бойы биік, ұқыпты безендірілгендігінен көрінетін. Күнделікті киім-кешекке шұғаның қарапайым түрі, шекпен, сәтен, бәз, шыт, қой терісі, былғары сыяқты материалдар жаратылса, салтанаттық киім-барқыт, зерлі немесе бедерлі жібектен, батсайы-бәтестерден, қымбат бағалы пұшпақтан, елтіріден тігілген.

Қазіргі киім-кешекке қоса – шапан, тақия, қалпақ, бөрік, тымақ, саптама, кебіс-мәсі киілуде. Ұлттық дәстүрлер қазіргі киім үлгілеріне де пайдаланылуда. Соңғы кезде үйлену тойына арнайы киім тіккізу де қалыптасып келеді.

Дегенмен, уақытты көп алатын, оның үстіне дәстүрлі материалды қажет ететін халықтық киім тігу ісі ұмытылып бара жатыр. Жұрт қазір шекпен тікпейді, қой, аң терілерінен сеңсең тон, көкірекше, ішік, малшыларға ыңғайлы күпі, кебенек тігуді тоқтатқан.

Киіз басушылардың, кілем тоқушылардың, көн илеушілердің, зергерлердің, тігіншілердің, кестешілердің өнері мүлдем ығыстырылған. Үкінің қауырсыны да теберікке айналғандықтан театр-концерт, клуб мекемелерінде оның орнына ұсақ етіп қидалап құрастырылған капрон үкі пайдаланылуда. Бұрын қазақ күй талғамайтын осы бір дала құсын қолда ұстап, қауырсынын кәдеге жаратқан. Солай болса оны қазіргі қорықтарда неге өсірмеске? Шұға комбинаттарының бірінде шекпен тоқуды, кейбір тоқыма кәсіп орындарында қазақы киім-кешекке қажетті барқыт, мәуіті, масаты, бедерлі жібек, оқа шығаруды қарастыратын уақыт та жеткен сияқты. Тіптен егер көптеп шығарыла бастаса мұндай материалдарды, зергерлік бұйымдарды, әр түрлі қапсырмаларды, әткеншектерді қазіргі киімге де қолдануға болар еді.

Біздің мәселенің бұл жағына баса назар аудара беретініміздің тағы бір себебі – соңғы 15-20 жыл ішінде жүргізілген далалық зерттеулер материал алмасуының, сәндік талғамның өзгеруі арқасында қазақы киімнің

түбегейлі өзгерістерге түсе бастағанын көрсетіп жүр. Тіптен оның музей қорын толықтыру үшін немесе ғылыми мақсаттарға байланысты жұрттан сатып алынған ең дәстүрлі деген даналарының өзінен әзер аңғарылатын болса да, түр алмасуын байқау қиын емес. Егер біз қазақы киімді болашақ ұрпаққа қалдырып, оны заттық мәдениеттің көрінісі есебінде сақтап қалғымыз келсе, бұл салада нақтылы шаралар белгілеу қажет.

Мұның мәнісі жалған ұлттық белгілермен шектен тыс әуестенетін де өзінің “туындыларын” кино, теледидар, театр, концерттік ұйымдар, театр қайраткерлері одағы шеберханасы мен жергілікті өнеркәсіп орындары арқылы жұртқа тықпалай беруге мүмкіндігі бар кейбір суретші-модельерлердің қазақша киімнің пішіміне, тігісіне, әшекейіне орынсыз араласа беретіндігінде болып отыр.

Қазақы киім одан әрі зерттеуге мұқтаж. Айта кету керек, оны зерттеп білуді Қазақстан Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының, республика музейлерінің далалық экспедициялары, “Орта Азия және Қазақстан халықтары” (М., 1962) атты үлкен ғылыми еңбектің, И.В.Захарова мен Р.Д.Ходжаеваның “Қазақтың ұлттық киімі” (Алматы, 1964) атты монографиясының басылуы, А.Ғалымбаеваның “Қазақ халық киімі” (Алматы, 1968, 1978) суретті альбомының жарық көруі, ұлттық киім көрмесі мен оның түбегейлі мәселелеріне арналған 1984 жылғы Республикалық ғылыми-дағдылық конференция біршама ілгері бастырғаны рас. Бірақ қазақша киім этнологиялық тәсілдің тікелей өзімен, яғни далалық экспедициялармен, киім үлгілерін жинаумен, хабарлаушылардың мәліметтерін жазып алу жолымен зерттеуге болатын кезең де хронологиялық жағынан, өкінішке орай, біздің ғасырдың елу-алпыс жылымен шектеледі. Егер ообған басқа деректер жоқ болғандықтан мәлімет беретіндердің өз әкешелерінен, ата-әжелерінен естігендерін қоссақ, тағы да

отыз-қырық жылды қамтып, біздің бар мүмкіншілігіміз ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басымен бітетін болады. Республиканың музей қорында да тек осы кезеңнің киім-кешегі сақталған.

Қазақы киімге байланысты құнды мәліметтер табуға болатын араб-парсы-қытай-армян жазба деректері әлі зерттелмей келе жатыр. Оған қатысты азды-көпті жаңа мәліметтер археологиялық қазбалардан белгілі. Мәселен, Отырар алқабындағы Кедер қаласының орнынан алын VIII-IX ғасырларға жататын оюлы тақтайда сан-салтана киінген түркі - қаңғар ақсүйектері бейнеленген. Дегенмен қазба материалдар тұрмыстық археологиямен айналыспағандықтан өте мардымсыз. Сондықтан қазақы киімді қиетін соңғы ұрпақ ауыспай тұрғанда, музей қорында сақталған киім нұсқаларына жаратылған кездеме, тері, бығары есекірмей тұрғанда, оны зерттеп-білуге асығу қажет. Далалық экспедицияларды, киім үлгілерін жинауды жоспарлы, кең көлемде жүргізе берумен қатар, музей қорының мән-мазмұнын да біршама тереңдеп зерттеп жазып алған жөн. Қазақша киімді кеңінен насихаттау мақсатында ғылыми-көпшілік кинофильмдер шығаруды, теледидардан арнайы хабарлар беріп, көрмелер ұйымдастырып отыруды жолға қою керек. Халықтық киім үлгілерін көркемөнерпаздар, әуесқойлар үшін жеңіл және жергілікті өнеркәсіп орындарында көптеп шығаруды жақсарту қажет. Сонда бұл оны заттық-тұрмыстық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде сақтау мен пайдалану ісіне қосылған үлкен үлес болар еді.

Қазақ кәсіпшілігіне әртүрлі дәуірдің, заманның, ұрпақтың қолтаңбасы кіріккені мәлім. Киізден, жүннен, былғарыдан, ағаштан, сүйектен, металдан жасалған әртүрлі бұйымдардан өзімізге белгілі көне ескерткіштер әуенін сезінуге болатыны да рас. Өйткені қолөнерінің сипаты қай уақытта болса да жинақталған тәжірибемен, қалыптасқан дәстүрлермен, халықтың тұрмыс-салтымен, әсемдік талғамымен салыстыра отыра айқындалады.

Қазақтың аса бай тарихи және мәдени мұрасы, оны ою-өрнегі, озат ісмерлігі, қолтума өнерінің қайталанбас бет-бедері, киім-кешегі айрықша ұлттық мақтаныш тізімін тудыратын дүние. Жылдар өтер, зерттеушілердің талай-талай жаңа ұрпақтары нақтылы материалдары, музей қорында, жұрттың қолында, әртүрлі ұйымдар мен мекемелерде сақталған мұраны алға тарта отыра, қазақ қол өнері мәдениетін халық игілігіне молынан жаратуға өз үлесін қосатын болар.

Қорыта келгенде айтарымыз – қазіргі техникалық прогресс заманында қол өнеріне үлкен өзгерістер енгізілуде. Байырғы тұрмыстық, салттық дәстүрдің көпшілігі, олармен бірге қолөнерінің кейбір түрлері көпекөрінеу секіріп, кешегі күн еншісіне айналып үлгірді. Кейбіреулері басқаша мазмұн алып, қазіргі негізде дамып, өз өмірін жаңа жағдайда жалғастыруда. Әйтсе де, товарлы-ақша қатынастардың қазіргі дамуы, жүн тоқымаларының молаюы үй жағдайында тоқылатын шекпенге мұқтаждықты жойды. Осы заманғы аяқ киім өндірісі үйде етік тігуді қысқартты. Форфор мен фаянс қолдан жасалған ағаш ыдыстарды ығыстырып шығарды. Көптен бері үй жағдайында ағаш шабылмайтын, табиғи бояулар шығарылмайтын, сабын қайнатылмайтын болды. Өнеркәсіп шығаратын кілем, үй жиһаздары, зергерлік бұйымдар барған сайын көбейіп келеді.

Осындай жағдайда, ғасырлар бойы тоқпейілділік, бейбарақаттық құрсауында қалып қойған халықтың заттық-тұрмыстық мәдениетін, оның дәстүрлі нұсқаларын сақтап қалу үшін шаруашылықты, заттық өндірісті ғана уақытпен, кеңістікпен байланысты зерттеп-біліп қоймай, оны тарихи, археологиялық, этнологиялық материалдармен салыстыра отыра, қоғамның әр түрлі элеуметтік топтарын қамтитын, тұрмыста, демалыс сағаттарында, тіптен өндіріс аясында жасалатын бір-ыңғай эстетикалық ортаға пайдаланған жөн.

ҮЙЛЕСІМІН ТАПҚАН ҰҚЫПТЫЛЫҚ

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ойыл мен Сағыз алқабын мекендеген қазақтың сәулеткерлігіндегі ерекшеліктерді зерттеген С.И.Руденко тұрғын үйдің қорақопсымен тіркестіре салынатынына, оның итарқасының жетілдірілгендігіне, мекен-жайды екіге, жатақ пен қазан-ошаққа бөліп тұратын оттығының оңтайлылығына, бөлмелерде кездесетін аласа сәкіге назар аударған. Мұның өзі біздің ата-бабамыздың әсіресе құрылыс ісінде орнықтылық, ұқыптылық көрсете білгендігінің айғағы. Баспана тұрғызудың осындай үйлесімді түрін ғалым басқа жұрттан ауыспаған, қазақтың өзіне тән, оған және оның ата-бабасына бұдан кем дегенде екі мың жыл бұрын белгілі болған құрылыс үлгісі деп есептеген.

Әрине, сахарадағы сәулеткерлікке біздің заманымызға дейінгі бірмыңжылдықтың соңында Сыр бойында, Қаратау бөктерінде, Талас пен Шу аңғарында бой көтерген, көшпелі малшылармен тығыз қатынаста болған қолөнершілер мен екінші қоныстарының ықпалы күшті болды деп жорамалдауға болады. Дегенмен, даланы жайлағандардың да қала сәулетіне белгілі бір деңгейде әсер еткенін жоққа шығаруға болмайды.

Бізге белгілі деректерге қарағанда, қазіргі жыл санауымыздың бастапқы ғасырында-ақ бұл қоныстар қалаларға, көне “Жібек жолындағы” саяси, экономикалық және мәдени орталықтарға айналған.

“Жібек жолы” өзінің ұзына бойының елеулі бөлігінде Қазақстанды басып өткендіктен оның шеңберіне ежелгі заман мен ортағасырларда сахараны мекендеген тайпалар мен халықтар да тартылған. Ежелгі сақ дәуірінің өзінде-ақ “Жібек жолы” секілді далалық сауда жолы болған. Ол ортағасырларда да белсенді қызмет еткен. Жерорта теңізі елдерінен басталып, Қара теңіз жағалауын басып өтіп, Еділ мен Жайықты қиып Орал сыртының оңтүстігіндегі

савроматтар еліне, онан Ырғызға, Есіл мен Ертіс арқылы Алтайға дейін жеткен. Бұл жол арқылы қытай жібегі, парсы кілемі, қымбат бағалы аң терілері сауда алмасуында болған.

XIII ғасырдың ортасына қарай далалық жолмен әуелі Плато Карпини, кейінірек Вильгельм Рубрук жүріп өткен. Ол кезде жол оңтүстікке қарай ойысқан: Қырымдағы Каффа қаласынан Донның құйылысындағы Танға, Еділдегі Сарайға, Жайықтағы Сарайшыққа, Хорезмдегі Үргенішке, Сыр бойындағы Отырарға, Қаратаудың солтүстік бөктерімен Талас аңғарына, одан Жетісуға өткеннен кейін барып Моңғолияға, Қытайға жеткен.

“Жібек жолының” келесі тармағы Сирия, Ираннан шығып Орта Азияға, одан әрі Оңтүстік Қазақстан арқылы Жетісуға, Ыссық көл жағалауымен тау асулары арқылы Қашқарияға, Қытай мен Жапонияға алып барған. Бұл жол негізінен VI-XII ғасырларда белгілі болған. Оның бойына Сайрам (Испиджаб), Касрибас, Тараз, Құлан, Мерке, Нүзкет, Джуль, Навакет, Суяб, Баласағұн сияқты белгілі қалалар орналасқан.

X ғасырда жолдың Талғар, Екіөгіз, Қойлық, Ілебалық қалалары орналасқан Іле аңғарымен өтетін бөлігінде тіршілік жандана түскен. Солтүстік Іле және Оңтүстік Іле жолдарының бірінші тармағы Жоңғар қақпасы арқылы Алмалыққа, екіншісі – Үсек пен Харгос арқылы Алмалыққа әкелген.

Көне “Жібек жолы” XV ғасырдың басына дейін өмір сүрген. Ол алғашында Қытай жібегін Батыс елдеріне жеткізуге қызмет еткен. Өз кезегінде оның бойымен Римнен, Византиядан, Үндістаннан, Ираннан, Араб халифатынан сол елдердің өнімдері тасылған.

Жатжұрттық бұйымдардың тізімі әрқелкі болған. Олар мирра мен ладан, жасминь суы мен амбра, кардамон мен жұпар жаңғағы, дәрітамыр, айдаһар, улы жылан өті, кілем, жібек және мақта-мата кездемелері, әр түрлі бояулар,

минералды шикізаттар, алмас, яшма, янтарь, маржан, піл сүйегі, “балық азуы”, күміс, алтын тайтұяғы, аң терісі, монета, жебелі садақ, қылыш, найза, айбалта, тағы басқалар еді. “Жібек жолымен” Ферғананың қызбақанды жылқысы, араб пен нисий арғымақтары, түйе мен піл, мүйізтұмсық пен арыстан, сілеусін мен елік, қаршыға мен сұңқар, тауыс пен тоты, түйеқұстар сатуға әкелінген. “Жібек жолында” әскери тұтқындарды, қолөнершілерді, ергежейлілер мен зұлыстарды сату да кең өріс алған.

“Жібек жолы” рухани мәдениет пен өнер таратуға да қызмет еткен. Әншілер мен бишілер, даңғырашылар мен акробаттар, Орта Азия мен Шығыс Түркістанның әуездік ансамбльдері Қытай императоры мен ақсүйектерінің сарайларында өнер көрсеткен. “Жібек жолы” арқылы әр түрлі ағымдағы миссионерлер өз сенімдерін “теңіздің ар жағындағы” елдерге таратып келген. Үндістаннан Орта Азия мен Шығыс Түркістан арқылы Қытай мен Жапонияға буддизм тараған; Сириядан, Ираннан әуелі христиан, соңынан ислам тараған. “Жібек жолының” құл саудасы үшін шапқыншылық пен қантөгіс айқастың жолы болғаны да белгілі. Бірақ оның ғасырлар өтсе де ізін жоғалтпайтын басты маңызы – әр түрлі елдерді, жұрттарды, мәдениеттерді жақындастыруда болғанын да естен шығаруға болмайды.

Кезінде аса ірі сауда, қолөнер, ғылым мен мәдениет орталығы – ежелгі Отырар да осы көне “Жібек жолында” талқандағанға дейін мұндағы қорған мен бекініс қамалы қайта қаланып, кеңейтіле берген.

Мал айдайтын және керуен жүретін байырғы жолдардың түйіскен жерінде ХІІІ ғасырда болған араб саяхатшысына “гүлденген, жанға жайлы” жасыл желекті, мөлдір бұлағы бар әсем бау-бақшасы мол боп көрінген, ертеден халқы тығыз тағы бір ірі қала Сайрам (Исфиджаб) болған. “Сайрам қаласының сан ғасырлық бастан кешкені, – деп жазған белгілі совет шығыстанушысы М.Массон, – оған кіре берістің өзінде-ақ қыстақ қаңқасының шым-шытырық

шырғылаңы тұрғын үйлер мен күре тамырлы көше жүлгерлерінің, олардың қисық-қисық тар қосалқыларының қатаң ортақтастырылған сұлбасынан-ақ сезіледі. Сіздің осындай түйсігіңіз өздерін өзбек деп есептейтін тәжік-қоңсының әусзді майда сөзі көпшілігі қазақ болатын келушілердің тосын дауысымен араласып, у-шу болып жатқан базарға барғанда бұрынғыдан да күшейе түседі”¹.

Көне “Жібек жолындағы” аса ірі қоныстардың бірі қазіргі Жамбыл қаласының ізашары, “саудагерлер қаласы” – Тараз болған. Ол туралы қызықты мәліметтерді шығыс авторларының, әсіресе 568 жылы Батыс түркі қағаны Дизабұлдың ордасында болған Византия елшісі Земархтың жол жазбаларынан табуға болады. Хғасырдағы араб саяхатшысы ол – Макдисидің жазып қалдырғанына қарағанда, ол тығыз орналасқан, көп халық мекендейтін іргелес қонысы бар, төрт қақпалы, бекініс – дуалдармен қоршалған қала болған². Оның аумағы төрт-төрт жарым шақырымдай болған. Тараз түркі – қараханидтердің астанасы ретінде де белгілі. Қалада ақша соғатын орын да болған.

Совет археологтерінің көне Таразда жүргізген зерттеулері оның біздің заманымызға дейінгі бірмыңжылдықтың аяғында-ақ бекінісі, сауда, қолөнершілер тұрағы, қаптаған көшелері, су құбыры, нәжіс желісі, көпшілік моншасы бар ежелгі үлгідегі қала болғанын дәлелдеген.

Бұл Талас пен Шу алқабында егіншілік пен отырықшылықтың қарқынды дамып, кедейленген малшы қауымның отырықшылыққа көше бастаған тұсы болған. Сол кезде жұрт қазіргі адыр, оба түрінде бізге жеткен шонжарлық

¹ Массон М. Старый Сайрам. Известия Средазкомстариса. Вып. III., Ташкент, 1928, 24 б.

² Болин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине р.Талас и смешанных районах. Труды института истории, археологии и этнографии ЛН Казахской ССР, г. ҰШ, Алматы, 1960, 91 б.

камал-қоныстарды жаппай сала бастаған. Солардың бірі – археологтар Баласағұн болуы ықтимал деп жорамалдайтын Ақтөбе (бұрынғы аты белгісіз) қаласының орны. Ол Ақсу мен Қарабалта өзендерінің Шуға құятын аралығына орналасқан. Өз кезіндегі барлық танымал қалалар секілді Ақтөбенің де камал-қорғаны, орталық бекінісі /цитадель/, іргеліс рабады /көлөнершілер тұрағы/, ақша соғатын орны, су құбыры, нәжіс тартатын желісі болған. Қала құрылысының қарыштап құлаш жайғанына, табылған заттық мәдениеттің қалдықтарына назар аударсақ, біздің алдымызда XI–XII ғасырларда қиратылған ортағасырлық үлкен қала жатқанына күмәндануға болмайтыны анық.

Жергілікті құрылыс мәдениетінің өткендегі деңгейін тек археологтар ашқан Сығынақ, Йасы (Түркістан), Құлан, Тальхир (Талғар), Қойлық (Талдықорған) сияқты қалалардың сұлбасынан ғана емес, сонымен қатар Орталық Қазақстандағы Домбауыл ғибадатханасының, Аяққамыр, Алашахан, Жошыхан ғимараттарының, Көне Тараз маңындағы Бабаджи Хатун (Бабаша қатын), Айша бибі күмбездерінің, Сыр бойындағы Сарман Қосы мұнарасының, Сырлы Там күмбезінің, сол сияқты Маңғыстаудағы шамамен X ғасырға жатқызуға болатын Шақпақ Ата жертөле мешітінің, тіптен Түркістандағы “Әзірет Сұлтан” қорығындағы (XII–XIX ғ.ғ.) сәулет ескерткіштерінің құрылым – түзілімінен де көруге болады.

Тағы бір айта кететін жағдай, осындай қалаларды, сәулет ғимараттарын тұрғызуға қатысқандардың жүздеген жылдар бойы қалыптасқан құрылыс тәсілдерін ғана емес, ғылыми ой-пікірді, ерекше ұқыптылықты, білімді талап ететін сәулеткерлік теориясын да жете меңгергендігі. Мұны, басқаны былай қойғанда, кәдімгі тау тасының, жұмбаздың, кам кесектің, күйдірген қыштың көне заман шеберлерінің қолында ғимараттың құрылымына, түзілімі мен түріне белгілі бір дәрежеде әсер еткенімен негізгіні – оның сәулеттік кескінін, үйлесімділігі мен

тұтастығын шешпегендігінен көруге болады. Олар тек түр заңдылықтарын, әшекейдің көз тартар сәнділігін ғана айқындай түскен. Бұл жағдай белгілі совет сәулеткері М.С.Вулатовтың “Орта Азия сәулет өнеріндегі геометриялық үйлесімділік” (М., 1978) атты кітабында жан-жақты дәлелденген.

Мысалға XI-XII ғасырлардан қалған Айша бибі күмбезінің құрылымын алайық. Оның куб үлгісіндегі сұлбасы, бастапқы шаршы қиғашының бір ширей шамалас, төрт бұрышынан бой көтерген нақышты бағаналары бар, күйдірілген қызыл күрең ойма қыштармен қапталған қабырғасы, ондағы шағын тектер, гүлдестелер, үшкілді төбе, қиыстырып қаланған итаркасы ескерткішке әсем көрік, асқан үйлесімділік берген.

Айша бибі күмбезінің біз үшін айрықша құндылығы – оның ойма қышты әшекейлерінде кейбіреулері ежелгі сактар дәуіріне меңзейтін қазіргі қазақ ою-өрнегінің әр түрлі бірлестікте бірін-бірі толықтыратын әуендерінің барлығы дерлік орын тепкендігінде. Белгілі сәулеткер Т.Бәсенов Айша Бибі „Өзін талдап түсінуге кілт болатын қазақ сәулет өнерінің ою-өрнек қазынасы жинақталған өзінше бір музей”¹ деп бағалаған.

Әр түрлі тарихи себептермен Қазақстан жерінде негізінен діни, ғибадаттық сәулет ескерткіштерінің ғана сақталғаны мәлім. Олардың басым көпшілігінің күмбезді болып келетіні, ал “күмбез тұрпатының белгілі мөлшерде тұрғын үйдің жылжымалы түріне (киіз үйге – Ө.Ж.) ұқсайтыны белгілі”². Бұған Маңғыстаудағы Шакпақ Ата жертөле мешітінің орталық бөлімінің төбесіндегі шаңырақтан жарық түсетін киіз үйдің уықты күмбезін қайталайтыны, сол сияқты X ғасырда бой көтерген

¹ Архитектура Казахстана. Алматы, 1959, 101 б.

² Басенов Т., Памятники архитектуры в районе Сам. Алматы, 1947, 39 б.

Бабаджи Хатун күмбезіндегі шатырлы жабындының кейіннен күмбезді-дарбазалы сәулет өнерін дамытуда кеңінен пайдаланылғаны дәлел бола алады.

Шатырлы жабынды жөнінде кесіп пікір айтқан белгілі совет археологі, шығыстанушы А.Н. Бернштам күмбезді-дарбазалы сәулеткерлікте соңынан бүкіл Орта Азия сәулет өнерінің өзегі болған үш нәрсені – құрлыстың күмбезді қаңқасын, портал мен ойма қыштардан құрастырылатын декорды ерекше бөліп қарап, мұндағы күмбез идеясы мен оны тұтас жүзеге асыру көшпелі – малшы қауым мекендеген солтүстіктен /дешті қыпшақтан – Ө.Ж./ алмасқан¹ деп есептеген.

Сөйтіп жылдар, ғасырлар өте берген. Құрылыс материалдары, жапсарбасы өзгеріп, салынатын жайлардың тұрқы мен құрылымы күрделене берген. XIV-XV ғасырлардан бастап сарайлардың, мешіт-медресе, моншалардың, кесене-бейіттердің сыртын бұрынғыдай материалдың өңін көрсете қыштан мәнерлеп қалау, кеңістікке біркелкі әсем төсем алуға мүмкіндік беретін ойма қыштармен безендірумен қатар полихромды плиталар да пайдаланыла бастаған.

Сол кезеннің үздік жетістіктерінің бірі Түркістандағы “Әзірет Сұлтан” қорығындағы Ахмет Иасауи сәулет ғимараты болып табылады. Алты ғасыр бойы бұл құрылыс жұртты өзінің көлемімен, құрылымының мінсіздігімен, сөзбен жеткізе алмайтын бірегейлігімен, қайталанбас әшекейлі нақыштарымен таң қалдыруда. Аспанмен тірескен көк күмбез, мүлтіксіздіктің шегінен көрінетін қырлы күмбез, эпиграфиялық бас құр, полихромды плиталардан құрастырылған төсем, айрықша безендірілген гүлдаста-бағаналар күнмен шағылысып ерекше әсер қалдырады.

¹ Бернштам А.А. Архитектурные памятники Киргизии. М., 1950

Ал жалпылама көпшілік мекенжайы сол кезде де, одан кейін де көбіне қам кесектен тұрғызылған екі бөлмелі, немесе көп бөлмелі тіркеспе баспана болған. Ал мал ұстауды азын-аулақ диханшылықпен ұштастырған кешенді шаруашылық иелерінің үйлері ауласында өңделген танабы, жоңышқалығы, жиналған пішені бар, сырт карағанда кішігірім бекініске ұқсайтын тар терезелі, әшекейлеп безендіру дегеннен құралақан, жатақ бөлмелері, асханасы, қоймасы бір-бірімен тіркестіре орналастырылған баспананың нұсқасы болған. Жазда аулаға қосымша киіз үй тіккен.

Тегі, қазақ үй тұрғызғанда оның ең алдымен өзінің мал өсірумен тікелей байланысты өмірі мен тұрмысына қолайлы болуын көздеп, үнемшіл пиғылда болса керек.

XVI ғасырдан бастап, қазақ хандығының нығая бастауына байланысты ортақтастырылған хан өкіметінің күшеюі құрылыс ісін біршама жолға қойғаны мәлім. Әйтседе, Орта Азия хандарының толассыз шабуылдары, Жоңғар шапқыншылығы, жергілікті шонжарлар арасындағы алауыздық құрылыс ісін қарыштатып дамытуға мүмкіндік бермегендіктен сол дүрбелең кезеңде тұрақты мекен-жаймен қатар жылжымалы үй де кеңінен тарай бастаған. Тегінде, бұған даладағы хәл-ахуалдың өзі де итермелесе керек. Өйткені, үнемі толастамаған жау шабуылын қашанда көктем мен жазда күтуге тура келетін, Арқаның қақаған қысы, ызғырық желі дұшпанды көреркөзге өлімге айдайтын ессіздіктен сақтандырып, қорқытатын.

Қайсыбір деректерге карағанда, қазақта бұрын доңғалақты үйлердің бірнеше түрі болған. Олардың құрылымы, бітімі жөнінде біздің білетініміз кезінде қазақ арасында болғандардың жазып қалдырғандары. Мысалға, В.Рубрук XIII ғасырдың ортасында қазақта 22 өгіз жегілетін, шыбықпен өріп, киізбен жабылатын доңғалақты арбалар болғанын айтса, арада жүз жыл өткеннен кейін

Дешті қыпшақта болған Ибн Батута төрт доңғалақты арбаның үстіне қондырылған, жарық түсетін терезелері бар киіз үйді көргені жайында жазып қалдырған. Фазаллах Ибн Рузбихан Исфахани (XVI ғас.) өзінің “Михманнаме-Ии Бухара” (Бұқарлық қонақтың жазып қалдырғаны) атты кітабында бірнеше түйені қосарлап жегетін үлкен арбаның үстіне орналасқан, қолөнері дәстүрінде әсемделген, малдың қарынынан, қуығынан тартылған терезелері бар ағаш қаңқалы киіз үй жөнінде аса құнды мәлімет берген. Доңғалақты киіз үй жайында мағлұмат XVI ғасырдың ортасында Каспий жағасымен жүріп өткен ағылшын А.Дженкинсонның жолжазбаларында да кездеседі.

Доңғалақты үйлердің жылжымалы мекенжайдың басқа түрлерінен, мысалға, киіз үйден айырмашылығы көшіп, қонғанда арба үстінен жығылмайтын болғанында.

Кейінірек пайда болған, кезінде жолсапар үйдің міндетін атқарған күймелі арба да тегінде сол кезеңнен қалған мұра болса керек. Бір таңқалдыратыны халық дастандарында суреттелген күйменің В.Рубрук пен Ибн Батута мағлұматтарына сәйкес келетіні¹.

Дегенмен доңғалақты үйлер көп ұзамай тұрмыстан шығып қалады да XVIII-XIX ғасырларда қазақтың көшпелі мекенжайының негізгі түрі – киіз үй бола бастаған. “Қазақтар, – деп жазған А.Вамбсри – хандықтың (Қоқан хандығының – Ө.Ж.) халқының көпшілігін құрайды. Олар Шығанақ көлі мен Ташкент аралығындағы таулы аймақта көшпелі өмір сүреді және патша ағзамына қанша төлесе, ханға да сонша төлейді. Қоқан қазақтарының көпшілігі өте ауқатты адамдар, Хазрети Түркістанда, тағы басқа жерлерде үйлері бар болғанымен онда өздері тұрмайды”².

“Қазақтың киіз үйі өзінің құрылымы жағынан алғанда көшпелі халықтардың бірде біреуінікімен салыстыруға болмайтын жылжымалы тұрғын үйлердің ең жетілдірілген

¹ Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX вв. Алматы, 1980, 57-58 б.

² Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. СПб., 1865, 89 б.

түрі болып табылатын” (Руденко) құрастырмалы – керегелі киіз баспаналардың түркі (қыпшак) үлгісіне жататын нұсқасы. Монғолдікімен салыстырғанда биік күмбезді, сыпайылау, дауылды желге, жаңбыр мен қарға мығымдау болып келеді.

Академик Ә.Х.Марғұлан ағаштан тұрғызылған немесе кам кесектен соғылған үйлерге қарағанда, киіз үйді өзінің ертедегі ізашарларының негізгі белгілерін бойына сіңірген баспананың біршама соңғы түрі деп есептеген. Киіз үй әдемі иіліп жиналатын кереге қанаттарынан, оның күмбезін құрастыратын уықтардан, шаңырақтан, алып-салмалы мандайшасы, табалдырығы, босағасы бар “сықырлауық” есіктен тұрған. Мұның бәрі арқан-жіптермен, таңғыштармен біріктірілетін де төрт жағынан туырлықпен, сыртынан екі үзікпен, шаңырағының үстінен түндікпен, есігінің сыртынан желқағармен (киіз есік) жабылатын болған.

Қазақта молшылық пен сәттіліктің белгісі болып табылған ақ үй қастерленген. Оның айналымы 6-8, кейде 12 қанат керегеден, күмбезі 140-150 уықтан тұрған. Ақ үй өзімен қосарлана тігілетін қара үйден екі есе үлкен болған және ақ киізбен жабылған. Күмбезінің төменгі жағына ақбасқұр, керегенің уықпен қиылысқан жеріне терме басқұр тұтылатын болған. Шаңыраққа, уыққа сәндік үшін неше түрлі шашақты бау ілінген. Туырлықтың, үзіктің ішкі баулары, керегенің таңғышы тоқыма жолақтардан тұрған. Ақүйдің киіз есігі де өзінше әсемделетін болған.

Ақүйдің шағын көлемді түрі отау үй деп аталған. Жас жұбайларға арнайы тігілетін болған.

Көш жолында аз уақыт аялдайтын сәтте ауқатты қазақтың тігетіні аласа бойлы туырлық үй. Киіз үйдің бұл түрінің бұлай аталатыны ол тек туырлықпен ғана жабылатынынан.

Жорық кезінде тігілетін жол үй үш-төрт қанатты, қысқа уықты, шағын шаңырақты болған. Мұны қазақ көбіне Абылайша деп атаған.

Малшы қосының кәдімгі киіз үйден айырмашылығы тіп-тіке болып келетін уықтарын жерге қадап, олардың ұшындағы тесіктерге өткізілген жіппен басын қосып байлай салатынында. Қос екі туырлықпен ғана жабылатын болған.

Киіз үйдің көлемі мен ішкі бау-шуына қарап оның иелерінің тұрмыс деңгейін анықтауға болатын. Кедей-кепшікте, мысалы, кішкентай, тар, кейде тіптен шаңырағы да бола бермейтін екі-үш қанатты киіз үй болған. Олардың екі керегені жайып біріне бірін түйістіріп, бір ғана қоңыр туырлықпен жауып ылаждайтын кездері де аз емес-тін. Мекенжайдың бұл түрі жаппа немесе күрке деп аталған. Ал мүлдем сіңірі шыққан бейшаралар жоғарғы жағы бір бірімен байланыстырылған үш сырықты үй етіп, жел соғатын немесе күн қағатын жақтарын киізбен, шимен жауып күнелткен.

Киіз үй мекенжай ретінде жазда өте қолайлы болған. Бірақ онда қыстауға тура келсе, әсіресе адуын аязда, киізін сыпырып, қаңқасын астан-кестен ететін дауыл сокқанда оны баспана ету қиын болатыны белгілі. Киіз үйдің ішкі әбзелдері, ғалым-этнограф М.С.Мұқановтың зерттеулері айғақтағандай, халық өнерінің үлгілеріне негізделген. Оның пікірінше, киіз үйге жаратылған киізден, кілемнен, қымбат бағалы кездемелерден, бау-басқұрдан, ағаштан ойып, сүйекпен, бояулы өрнектермен әсемделген үй жиһаздарынан ұлттық ою-өрнек шығармашылығының дәстүрлі нұсқаларын көруге болады¹.

Әдетте бай үйге кірген адамның ою-өрнектің қайталанбас әлеміне тап болатыны мәлім. Еденге алаша, кілем, текемет, сырмақ, көрпеше төсеп, оның үстіне жержастықты неғұрлым құрметті қонақтар келгенде құсжастықтар тасталатын. Ал қабырғаға тұс киіз, неше

¹ Муканов М. Казахская юрта. А.-А., 1981, 48 б.

түрлі кілем, төсек орынның тұсына ілмекесте тұтылатыны өзінен өзі-ақ түсінікті.

Бұрын киіз үйдің ортасынан от жағылып, үш аяқты темір ошаққа қазан асылатын. Ал қонақ үйде ас дайындалмайтындықтан ортасына дастархан жайылатын дөңгелек аласа үстел қойылатын да айналасына қонақтарға арнап жержастықтар тасталатын.

Киіз үйге кіре берісте сол жақта, ер тұрман, құс салып, аң аулауға қажетті заттар тұратын. Одан сәл әрегірекке жас жұбайлар үшін сырт көзден тасалайтын шымылдығы бар төсекағаш қойылатын.

Жастардың төсек орнынан жоғарырақ жүкаяқтарға қойылған қаршын, әбдіре үстіне көбінесе осындағы әулеттің молшылық тұрмысының белгісі іспетті екі-үш қатар көрпе-төсек жиналатын. Үйдің оң жағына әдетте қарттар орналасатын. Оң жақ шыға берісте асадал, тамаққа қажетті азық-түлік салатын кебеже, қазан-ошақ болатын. Аяққап, теркеш керегенің басына ілінетін.

Үнемі маямен бірге көшіп-қонып жүрген қазақтың бір бөлігінің киіз үймен қоса тұрақты тұрғын жайы, қора-қопсысы бар қыстауы (қыстак) да болған. Онда жазда пішен дайындаумен, қарабайыр егіншілікпен айналысатындар ғана қалатын. Өйткені шөп шабу, астық жинау, тұрғын-жайды, қора-қопсыны жөндеу үшін оларды қысқы қоныстан қозғалтпайтын. Малды өз әулетінің басқа адамдарымен жайлауға аттандыратындар көбіне қыстауға жақын киіз үй тігіп, табын осында қайта құлағанша қалып та қоятын.

Шабындық қалыптасқан дәстүр бойынша мал иелерінің меншігінде болған. Өйткені, азын-аулақ шөп жинап, малды қыстау айналасындағы жайылымда ұстап қыстан шығуға олардың қайсысы болса да қарсы болмайтын. Ал астықты қазақ өз ата-мекенінде қалағанынша етіп алатын.

“Біз зерттеген руларда кездескен егіншілік қазаққа оның тектестік жағынан қалыптаса бастаған кезінен

белгілі екендігін ескерсек, – дейді С.И.Руденко, – мұндай отырықшылық пен егіншілікті жаңа мәдени жетістік ретінде қарауға бола ма? Ал қысқы мекенжайға келсек, оның жалпыға бірдейлігінің беріктігіне, кең тарағандығына қарай, бізге белгілі басқа ұғым-түсініктермен салыстыра отыра, олардың өте көне құрылыс үлгісі екендігін аңғаруға болады¹. Қазаққа тән мекенжай көшпелі, жар-тылай көшпелі» отырықшы аудандарда бір бірінен тек бөлмелерінің орналасуымен, қора-қопсысының шаруашылыққа, тұрмыс ерекшеліктеріне байланысты қызметінің төркіні жағынан ғана ажырасатын болған.

Қыстау тұрғызу үшін қазақ әдетте даланың ызғырақ желіне ықтасын болатын қопа қамысы, бұта-талы бар, мал тебіндейтін шөбі мол өзен немесе көл жағасын таңдап алған. Қыстаулық жер әдетте біреуге бекітіліп берілмеген. Өйткені басқалар оның азаматтық құқын мойындап, басып-көктеп кіре қоймайтын.

Қыстау әдетте қам кесектен, кейде жұмбаздан, шымнан, тау тасынан, ілуде күйген қыштан соғылатын, есте қаларлықтай ештемесі жоқ баспана үлгісі болған. Тұрмысқа ыңғайлап тұрғын үй мен қора-қопсы жинақы орналастырылатын. Тұрғын үйдің бір-бірімен тіркестіре салынатын ауыз үй, оттық үй (асхана), жатақ үй, қонақ үй деп аталған бөлмелерінің табалдырығы биік, төбесі аласа, терезесі тар, ұзартылған мұржасы болған. Асхана мен жатақ үй арасындағы қабырғаға орналасқан оттық арқылы жылытылған. Қонақ үй деп аталатын бөлмеге өз алдына от жағылатын. Тұрғын үйге онымен итарқасы бірге жабылатын төл қора, етхана, астық қоймасы да тіркестіре салынатын.

Қыстауда шатыр болмаған. Оның итарқасын, шатырдың да, төбе жабының да міндетін атқарғандықтан, қамыспен

¹ Руденко С. Очерк быта казаков бассейна сск Уила и Сагиза. Казаки. Антропологические очерки. Вып. 2. Л., 1927, 9-10 б.

жауып, үстіне топырақ салып балшықпен сылайтын болған. Ағаш еден тек байлардың үйінде ғана болған.

Ауқатты қазақ үйін күйген қыштан салған. Егер қабырғасын қам кесектен тұрғызған жағдайда сыртын күйген қышпен қаптайтын болған. Үйдің бұғатының төменгі жағына мәнерлеп құйған қызыл кірпіштен құрастырылатын басқұр беретін. Қарттардың айтуынша, іргетасы жоқ болғандықтан қабырғаға түсетін салмақты жеңілдету үшін бөлмелердің бұрышы қиылысқан жерлеріне шығыңқы бағаналар (пилон) берілген Торғай облысының Үрпек аулына жақын жердегі осындай бір үйді, болашаққа сақтау мақсатымен, біз жергілікті орындардың шешімімен 1974 жылы аудан орталығы – Аманкелді селосына көшірген едік. Кейбір деректерге қарағанда, үйді бұл өңірге белгілі Аймағамбет ұста XIX ғас. аяғында тұрғызған. Мұнда 1916 жылғы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшысы Аманкелді Үдербай ұлын жұрт сардар (қолбасшы) етіп көтерген.

Қазаққа кездесетін жертөле, кепе малсыз тақыр кедей болғандықтан отырықшылыққа ауысқан және құрылыс ісіне машықтана қоймаған дала жатақтарының тұрағы болған. Бұрын Қазақстанның батыс аудандарында, әсіресе Ойыл мен Сағыз алқабын жайлаған елде шымнан тұрғызылатын үйлер де кездесетін.

Кенді Алтайдың орманды өңіріндегі қазақ ағаштан қиып, төрт немесе бес қабырғалы етіп қыстық, дүкен деген атаулармен белгілі ағаш үйлер салған. Шыбықтан өріп шарбақ үй тұрғызған. Каспий мен Арал балықшылары түгелдей кесектен соғылған қақыра үйлерде күн кешкен.

Қазаққа тән үй құрылысындағы ең көне нұсқа – шошала. Оның аумағын дөңгелек, қаңқасын жоғары қарай сүйір етіп /шошала деп аталатын себебі де осыдан/, ағаштан шауып, шыбықтан өріп, шымнан, тастан, қам кесектен де сокқан. Этнографиялық әдебиетте соңғы кезде бірте-бірте тұрғын үйдің жетілдірілген түрлерінің көбеюіне

байланысты қысқа азық-түлік, ет сақтайтын қойма ретінде пайдаланылып, соңғы 20-30 жылда мүлдем істен шығып қалған қазақтың осы бір баспанасы жайында мағлұмат жоқтың қасы.

Сыр бойының, Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісудың халқы суармалы жерлерге, бітік шабындықтарға орналасқан елді мекендерде тұрған. Мұндағы тұрғын үй қора-қопсыдан аулақ салынған. Әрі асхана міндетін атқарған кіреберіс дәлізбен ажырасатын екі бөлмелі тұрғын үй салу кеңінен тараған. Оның бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ қабылдайтын болғандықтан мұндай үй нұсқасын “қоржын үй”, Жетісуда – “тоқал там” деп атаған. Оның құрамында кейде бастырма, түнек /қамба/ болған. Қоржын үйдің сыртында жыңғылмен, шеңгелмен қоршалған бақша, дәнді дақылдар, жоңышқа егілген бірнеше атыздан тұратын танап болған.

Оңтүстік Қазақстанның аптап ыстығында егістікті мекенжайдан тыс жерге (бұл тегі бір-екі рет қана пайдаланатын) орналастырған жағдайда қазақ жұмбаздаған балшықтан уақытша баспана ретінде жертөле – өлшек салып, жазда сонда тұрған. Өлшек салу үшін әуелі жерді шаршылап қазып, топырағын босатқаннан кейін үстіне су құйып балшық илейтін де оны доңғалақтап бірінің үстіне бірін қатар-қатар қойып қабырғасын көтере беретін. Дайындалған балшық біткен соң шұңқырды төмен қарай тағы да үңгіп, қопсыған топырақтан қосымша балшық илейтін де қабырғаны бір-бір жарып метрге дейін көтерген соң төбесін ағаш шыбықтармен, жыңғылмен, үстіне жаңа шабылған шөп-шалам, жантақ салып жабатын болған. Жел алып кетпес үшін әр жерінен қам кесектермен, кеуіп үлгермеген батпақтың тоңғағымен бастырып тастайтын.

Қазақтағы дәстүрлі тұрғын үйдің ішкі жиһаздары киіз үйдегідей болған. Мұнда да еденге алаша, кілем, текемет төселген. Айналасына жер жастық тасталған ас ішетін аласа шағын үстел қойылған. Үйде көрпе-жастық

жиналған екі-үш қатар жүк болған. Үйдің терезесіз жағына кілем немесе алаша тұтылған. Аспаға дастархан, сүлгі, шашық, майлық ілінген. Жас жұбайларға жеке бөлме жабдықтауға мүмкіндік болмаса киіз үйдегідей төсекағаш қойып, шымылдық құрған.

Қазақ үй салғанда ең алдымен оның қора-қопсысына күншуақты, желдің өтінен аулақ, қар-жаңбыр суы ылдилап ағып кететін ойлы-қырлы жерді таңдап алатын болған. Ескі қазақ ауылдарында Орта Азия қыстақтары мен орыс деревнясындағындай көшенің бола бермейтіні де міне осыдан.

Шынын айтсақ, қазақтың тұрақты мекенжайы киіз үймен салыстырғанда әлі де болса терең зерттеуді қажет ететін құбылыс. “Бізде киіз үймен мазардан басқа ештеме болмаған” деп мүләйімсінділер де аз емес. Бұл “өзің білме, білгеннен сұрама!” дегеннің кебі. Біз қазақтың, оның ата-бабасының, шамамен айтқанда, соңғы екі мың жыл ішінде тұрғын үйдің бірнеше түрлерін (шошала, қоржын үй, жертөле, тіркеспе, өлшек, қыстық, дүкен, шарбақ үй т.б.) қалыптастырғаны жөнінде айттық. Тағы да айтатынымыз: біздің халықтың құлазыған кең даланың үскірік аязы мен аңызак желіне, қақаған қысы мен аптап ыстығына бейімделген іс-тәжірибесінің тек шаруашылық ұйымдастырудан немесе күн көруден ғана емес, оның ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік құрылыс мәдениетінен де байқалатыны. Мысалға алсақ, Отырардан табылған қазба үй қазақтың кәдуілгі дәстүрлі тұрғын үйлеріне ұқсас. Ондағы шеті күйген қышпен қаланған суфа бәрімізге белгілі қазақ үйлерінің сәкілерін (сыпаларын) қайталайды. Қазақтың қоржын үйіндегі оттық өзінің құрылымы мен қызметі жағынан Отырардыкіне ұқсас. Тіптен мұның бәрін былай қойғанда, археологтар қазаққа тән мал қораның, ат қораның, сондай-ақ киіз үй тігілетін сыпаның үлкен аулалы тұрғын үйдің қалдықтарын Іле

Алатауы бөктерінде IX-XIII ғасырларда бой көтерген ескі Талғар /Талхир/ қаласының орнынан да тапқан.

Ежелден келе жатқан құрылыс мәдениеті мен қазіргінің сабақтастығын айқындауда сахарада кездесетін тұрғын үйдің басқа үлгілері де қызғылықты материал бере алады. Сарыарқаның бұрынғы көш жолдарының кей тұстарында әлі де ауыз үйден ас үйге, одан тұрғын бөлмеге, одан әрі қонақ жайға өтетін тіркеспелі үйлердің құландылары табылады. Маңғыстауда ұлу тастан соғылып, терезе маңдайшалары сыналап қаланған, бұғаты тастан қашалған ою-өрнектер мен бояулы нақышпен безендірілген үйлер, мешіттер сақталған. Қазақстанның оңтүстігіндегі қоржын үйлердің, Жетісуда ескі тоқал тамдардың кейбір нұсқалары зерттеушілерін күтіп, қаңырап босқа тұр.

Тарихи себептермен қазақта өндіріс орындары болмаған. Бірақ оның еңбек құралдарына, қару-жаракқа, ат әбзелдеріне, үй жабдықтарына, зергерлік бұйымдарға кашанда мұқтаж болып келгені рас. Өткен заманда малшы қауымның көшіп-қонып жүретін жолындағы, ірі елді мекендерде, ауылдарда ұстаханалардың болуы да осымен байланысты.

Өкінішке орай, мұндай ұстахана-шеберханалар бізге жетпеген. Оған іс тапсырып, ұстахананың қызметімен пайдаланғандардың айтуына қарағанда, оның ортасына көшпелі халықтардың көпшілігіне тән, алып-жүруге қолайлы қос тұтқалы көрік орналастырылған. Оған тізеге дейін аяғын салатын шұқыр қазып, ернеуіне төселген көрпешенің үстінде отырған жігіт екі тұтқасын бірдей басып от үрлеткен. Көріктің үстінде ұстахананың төбесіне қарай түтін тартатын мұржасы бар тесік болған. Шебер дайындайтын затты орнынан қозғауға, отқа салып-алуға, ұстап тұруға қажетті аспаптарды қасында ұстаған. Мұндай ұстаханада темірді сыңар мүйіз төсте екеулеп соққан. Затты оттан алып, төске салып әрі-бері қозғаған ұста балғашы – шәкіртіне оның қай жерін, қалай соғуды керек қылатын тұсын көрсететін.

Қазақтың көне ұстаханасы бізге Торғай облысы Үрпек ауылында тұратын, тағдыры кісі қызығарлық Аманкелді сарбаздарының бірі, кезінде ұстаға қолқабысшы, шәкірт болған, есейе келе ұста, зергер-шебер өнерін өзгелерден озық меңгерген Садуақас Көгентайұлы осылай суреттеп берген еді.

Аманкелді сарбаздары пайдаланған бір бөлмелі, жалпақ төбелі көне ұстахананы біз 1974 жылы сол кісінің басшылығымен қайта қалпына келтірген едік. Онда қазір кіші-гірім ұстахана музейі орналасқан.

Қазақтың шаруашылығын, тұрғын үйін, ұстаханасын, кәсіпшілігін суреттей отыра біз оның сәулеткерлігіне, этнографиясы мен тұрмысына тікелей байланысты қора-қопсысы жөнінде де айға кетуді жөн көрдік. Жалпы малға қатысты қора-қопсының құрамдас бөлігі жабық қора. Ол тұрғын үймен қатар немесе онымен бірге орналасқан. Мұның өзі қазақтағы үй құрылысының тағы бір ерекшелігін көрсететін жағдай. Одан кейінгі қора-қопсыға қатыстылар мыналар: жел жағынан ықтасын болатын бастырма; ұзақ қыста мал жеп бітіретін шөптен тұрғызылатын төбесі ашық қотан; қамыспен қоршалатын ықтама; мал суаратын құдық; атқа жем беретін ақыр (науа) т.б. Бүгін осындай құрылыстарды зерттеп-білу, сондай-ақ ескі тұрғын үй үлгілерін сақтау және қалпына келтіру тек қазақ халқы үшін ғана айырықша маңыз алып отырған жоқ. Бұлардың өзіне тән белгілерін, ерекшеліктерін түсіне білу – қазіргі ауылдық жердегі үй құрылысының бірқатар мәселелерін құлазыған кең даладағы тіршілік пен тұрмыс жағдайын ескере отырып шешуге көмегін тигізер еді.

Негізгі гәп мынада болып отыр: Октябрьден кейінгі кезеңде Қазақстанда үй тұрғызудағы халық сәулеткерлігінің жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ерекшеліктерін қазіргі тұрмыс талаптарымен ұштастыра бойына сіңірген тұрғын үй үлгісі қалыптаса алмады. Алғашқы бесжылдықтар кезінде кеңінен тараған қамыспен жапқан итарқасы бар,

кам кесектен тұрғызылған үйлер көп ұзамай-ақ жергілікті ерекшеліктерді ескере бермейтін, сырттан әкелінген орта қол үй нұсқаларымен алмастырыла бастағаны мәлім. Мұның өзі өздерімен бірге басқа аймақтарға тән дәстүрді ала келген қоныс аударушылардың республикаға жаппай ағылуына байланысты еді. XIX-XX ғасырлардың шегінде басталған бұл үрдіс Қазақстанның осы заманғы қалаларының ғана емес, ауылдық жердегі елді мекендерінің де көркін бұлыңғыр біркелкілікке алып келді.

Сәулет өнеріндегі бұл құбылыстың Қазақстандағы құрылыс ісін өзінше толықтыра түскені даусыз. Алайда үй тұрғызудың жаңа тәсілдері ауыл-селоның өзіндік тіршілік ерекшеліктерін ескеретін дәстүрлі тұрпатпен ұштастырылмады. Оның үстіне сәулеткерлер қала тұрмысына жақындатқан қазіргі бір тәртіпті үйлер өздерінің көлемі, бөлмелерінің аумағы мен құрамы жағынан да ауыл тұрғындарының талаптарына сай келе бермейді. Сондықтан да қалыптасқан дәстүрлерді, өткеннен қалған тәжірибе мен осы заманғы талаптарды ескере отыра қазақтың қалыптасқан тұрмыс салтына сай келетін жаңа тұрғын үй жобасын жасауға бет бұрыс жасаған жөн. Тіптен бір бірінен аз ерекшеленетін, сырт көрінісі мен ішкі түр-түсі жағынан көңіл жабырқататын қазіргі қоныстың тұрпатын өзгерту қажеттігі де бүгінгі таңның өзекті мәселелерінің бірінен саналады.

Қорытып айтқанда, ойланатын жайттар баршылық. Бұл ретте біз ескіге қайта оралу, қазіргі заманғы тұрғын үйді жобалау мен салудың бүкіл тәжірибесін өзгерту міндетін алға қойып отырған жоқпыз. Тек бір-ақ нәрсені – жаңа үйлерді жобалап, салғанда жұрттың жүздеген жылдар бойы үй тұрғызуда үйлесімділікке, оңтайлылыққа жетуге тырмысқан іс-қаракетінің тәсілдерін пайдалана білуді ескерген жөн дегіміз келеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, біз қазақтағы құрылыс мәдениетін оның көшпелі, жартылай

көшпелі, отырықшы топтарының белгілі бір шаруашылыққа мамандануы, ғасырлар бойы аязды, желді қуан даладағы тіршілік қалыптастырды дегіміз келеді. “Біздің ата бабаларымыздың ақылды да қарапайым еркектері, бүкіл елге де, жеке басқа да қатысты мәселелерде ысырапшылдыққа шек қоя отыра, әсіресе құрылыс ісінде ұқыптылық пен үнемшілдік көрсеткен” (Альберти). Қазақтың тұрақты және жылжымалы тұрғын үйлерінің құрылымы, әшекейлеп безендірілуі құбылмалы табиғат жағдайына, елдің әр түрлі әлеуметтік топтарының іс-қаракетіне, нақтылы құрылыс материалдарына, ұлан-ғайыр кеңістікте өмір сүрген далалық тайпалардың жасампаздық тәжірибесінің деңгейіне тікелей байланысты. Мұның өзінің қазіргі қалалық немесе селолық құрылыста адамның сан қилы өмірі мен қызметіне байланысты біз көтеріп отырған мәселенің мәнін түсіну үшін де маңызы зор.

АЛТЫН ДОМБЫРА ЖАЙЛЫ АҢЫЗ

...Ерте, ерте, ерте заманда, “ер етігімен су кешкен” келте заманда, елім деп егіліп, тоғыз тарау елдің тарихын жадында сақтаған қарт жыршы болыпты. Кәрілік жеңіп, дәмі таусылар сәт таянғанын сезген ол, бүкіл ел-жұртын, үрім-бұтағын жинап: “Уа, жарандар, қазір менің көкірегімде тоғыз тараудың шежіресі қаттаулы. Ел есінде қалар шаруаны өзіммен бірге жасасып, бірге қартайған осы бір ескі домбырамның көмегімен үлкен-кішіңе паш етіп келдім. Көз жұмар шақта білгенімді кімге қалдырам деп жүз ойланып, мың толғанып, шешімін таппадым. Ендігісін өздерің біліңдер” – деген екен.

Жас-кәрісі, ерлі-зайыптысы, жарлы-жақыбайы түгелдей жиналған жұрт өзара кеңесіп, тоғыз тарауды қарт жыраудың домбырасының шанағына құю керек деп

шешкен екен. Сонда осынша байлық оның қуыс мойнынан шығып кетпесін һәм тоғыз тараудың белгісі болсын деп бүкіл ел болып домбыраға тоғыз тосқауыл перне, ал карт жыраудың құрметіне аспаптың бетіне екінші ішек таққан екен. Осыдан барып оның шанағы кеңейіп, мойны ұзарып, шежірелі сыр шертетін халық мұрасы – алтын домбыра боп сол заманнан қалған екен...

Сыр бойындағы көп ауылдардың бірінен жазып алынған алтын домбыра жайлы аңызда осылай делінген. Әрине, домбыраның о бастағы нұсқасының шертер, кобыз секілді аңшының даңғырасына тері қақпақ пен ішектің қосылуы негізінде пайда болғанына күмәндануға бола қоймас. Бұған дәлел – ”домбыра” деген атаудың қазаққа қыпшақтан ауысқаны, оның “тамбурин”, “даңғыра”, “бубен” деген мағына беретіні, домбырада саусақпен қағып та, шертіп те ойнауға болатыны. Домбыраның аңшы даңғырасынан шыққанын түсіну үшін ең көне аспап деп есептелетін лютняның /бастапқы аты белгісіз/ қалай дамытылғанын біліп алған жөн. Оның археологтер тапқан қарабайыр, тұрпайы нұсқасында аспаптың шанағынан қысқа мойын шығарылған сияқты. Осыған қарап ұрмалы аспаптан қанаттанған домбыраның, оның ізашары болған шертердің шанағынан қуыс мойыны қалай созылып шыққанын түсінуге болатын сияқты. Сөйтіп домбыра сан ғасырларды артқа салып, қуыс мойын түрінде қала берген. Бірақ кейіннен қолайсыз да ыңғайсыз болғандықтан оның мойнын бітеп, әрі тұтас ағаштан жонып ұзынырақ еткен. Дегенмен, халық шеберлері қалыптасқан дәстүрмен қазірде де кесек ағашты ойып қуыс мойын домбыралар жасап жүр.

Ал қазақтың шертеріне келсек, оның мойнының тым қысқа, шанағының терімен жабылатыны – аспапқа өмір беріп, жан бітірген аңшы даңғырасының оның құрамында мәңгілікке біте қайнасып, қалып қойғанының талассыз айғағы. Шертердің домбыра мен кобыздың ізашары

екендігіне тағы бір дәлел – онда шертіп те, қайықпен ысып та ойнауға болатыны.

Шертерден бөлініп шыққан қылқобыз /қобыз/ жайында мынаны айтуға болады. Егер домбыраның беті ағаш тактайға ауысса, қобыз мұндай өзгеріске ұшырамаған. Тек мойыны иіліңкірегендіктен терімен қапталған шанағы үйлесімді, дөнгеленген қалыпқа түскен. Оның “қобыз” деп аталуы көне түркілердің тәңірге жалбарынған кезде айтатын сөзіне меңзейтініне қарап, аспаптың әуел бастан-ақ ғұрыптық аспап болғанына күмән келтіруге болмас. Оның үстіне ол ғасырлар бойы негізінен бақсының сарыны мен билерін сүйемелдеуге пайдаланылып келген.

Қазақтың халық аспаптарының түптамыры елдің ежелгі заманнан қалыптасу тарихымен, тіптен қазіргі археологиялық ізденістермен, жазба деректері мен далалық экспедициялардың зерттеулерімен дәлелденген ескі аңыз-әңгімелер мен батырлар жырларында айтылған мағлұматтармен ұштасып жатады.

Қазіргі ұрпаққа халықтың дарынын, дүниетанымын аңғартатын қазақ әуез аспаптарының тарихы бірнеше жүздеген жылдарға кетеді. Олар жайлы “Ер Тарғын”, “Қамбар-Назым”, “Қара қыпшақ Қобланды”, “Алпамыс батыр” жырларында да айтылған.

Мысалға, “Алпамыс батыр” жырында:

Керней-сырнай тарттырып,
Даңғыра, дабыл қақтырып.
Барып түсті Алпамыс
Қаракөз айым үйіне, –

делінген болса, Жауғашар батыр жайындағы дастанда:

Дұдыға сілкіп қағайын,
Дұшпанға ойран салайын.
Ырық бермес бұзықтың
Басын қағып алайын, –

деген сөздер бар.

Халық аспаптары жайлы алғашқы жазба деректер қазақ даласының перзенті, Шығыстың әлемге аты әйгілі ұлы ғұламасы Әбу Нәсір әл-Фарабидің еңбектерінде, X-XIV ғасырларда бізде болған араб-парсы-европа саяхатшыларының жол-жазбаларында кездеседі. Бір-қатар әуез аспаптарының сипаттамасы А.Левшиннің, Ш.Уәлихановтың, И.Георги, Г. Потанин, С.Рыбаков сияқты зерттеушілердің еңбектерінде бар.

Қазақтың аспаптық мәдениетінің өте ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастағанын археологиялық қазба жұмыстары да дәлелдеп отыр. Мысалға алсақ, Қойқырылған – қаланы (ежелгі Хорезм) қазғанда археологтар осыдан 2400 жыл бұрын, қазіргі қазақ домбырасына өте ұқсас, қос ішекті аспап ұстаған әуезшілердің қыш мүсіндерін тапқан. Көне аспаптарды зерттеуші белгілі совет ғалымы Р.Л.Садоковтың айтуына қарағанда, бұл ұқсастықты олардың қолындағы аспаптың бес бұрыш шанақты, ұзын мойынды және қос ішекті болып келгендігінен аңғаруға болады. Әуезшілердің кең балақты шалбар киіп, қолындағы аспапты ауылдағы домбырашылар сияқты түрегеп тұрып ойнағанда бас жағын төмен қарата ұстағаны да қазақпен тектес, қиын-қыстау заманда Хорезмге терістік жағынан тосқауыл болған ертедегі Арал сырты тайпаларымен байланысты.

Ежелгі Тараздан алынған, көне түркі дәуіріне тән, VII-VIII ғасырларға жататын, бұрын жоғары жағында қос “мүйізі” болған, түп жағында дыбыс беретін тесігі бар, ішіне құмалақ тас салынған қыш дүңгіршек те баланың қабілетін дамытуға бейімделген ойыншық іспетті аспап болғандығымен құнды. Ал, ежелгі Отырар мен Ақтөбенің /Жамбыл облысы/ орынын қазғанда табылған, X-XII ғасырларда жасалған үшкірік, флейтаның және үлдек секілді тағы бір аспаптың жұрнақтарының, егер біз этнологиялық, әуездік археологиямен айналысатын болсақ, көп жағдайлардың бетін ашуға көмектесетіні даусыз.

Олай дейтініміздің тағы бір себебі – зерттеуші А.Чариковтың пікірі бойынша, Жамбыл облысындағы Жайсаң деген жерде сақталған, қазір Алматыдағы халық аспаптары музейіне қойылған X-XII ғасырларға тән, кыпшақ дәуірінен қалған тас мүсінде қолына садақ-монохорд ұстаған адам бейнеленген. Ал, монохорд аңшының жебелі садағының негізінде жасалған иілме арфаның ең көне түрі болып табылады. Р.Л.Садоковтың айтуынша, иілме арфа сыртқы күштердің ықпалымен болатын түр өзгерістерінен аман, жергілікті халықтың өзіне ғана тән нәрсе. Сондықтан біз бұл мүсінде С.Қасиманов суреттеген садаққа ұқсас етіп иілетін қазақ адырнасының нұсқасы бейнеленген деген жорамал айтқымыз келеді. Оның үстіне тас мүсінде мұндай аспап ұстаған адам бұрын еш жерде кездеспеген жағдай.

Тағы бір қызығы, Әбу Нәсір әл-Фарабидің айтуына карағанда, қазіргі домбыраға ұқсас тамбурлардың бұрын тұрақты және жылжымалы пернелері болған. Шамасы, біздегі әр жерде кездесетін домбыралар жергілікті жағдайға, қалыптасқан ойнау тәсілдеріне қарай әр түрлі бағытта дамыған болуы ықтимал. Қазақтағы қос ішекті, үш ішекті, аша /теріс бұрау – шалыс бұрау/, қуыс мойын домбыралар мен шіңкілдектің болуы міне осыған меңзейді. Оның барлығын былай қойғанда, Қазақстанның шығыс облыстарында көп ішекті домбыралар да кездесетіні таңғажайып. Мысалға, кең шанактың ішіне да, сыртына да ішек тартылған домбыра басқа аспаптармен бірге Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарынан табылған.

Зерттеушілердің, әсіресе профессор Б.Сарыбаевтың талдауларына сүйене отыра, аспаптардың көпшілігінің бірыңғай тұтас тарихи және мәдени кеңістікте сақталғанын, өздерінің құрылымы мен дыбыс ерекшеліктері жағынан басқа халықтардікін қайталай бермейтінін,

¹ Садоков Р., Тысяча осколков золотого саза. М., 1971, 97 б.

тіптен бізде калыптасқан аспаптық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін аңғартатын тембрлік-дыбыстық касиеттерін, ойнау тәсілдерін ескере отыра, қазақтың халық аспаптарын жалпы ұлттық және фольклорлық деп екі топқа бөлуге болады.

Жалпы ұлттық аспаптарға А.Затаевич айтқандай бүкіл Қазақстанға кең тараған, халық күйлері мен әуендерін де, классикалық әуезді де орындауға кеңінен пайдалануға болатын домбыраны, қобызды, сыбызғыны жатқызуға болады. Ал көбіне фольклорлық-этнологиялық кеңістікке сақталған үлдек, сазген, дабыл, даңғыра, шындауыл, дауылпаз, дұдыға, желқабыз, желбуаз, тоқылдақ, тұяқтас, асатаяк, керней, адырна, шартылдауық, сақпан, дүңгіршек фольклорлық аспаптар болып табылады. Бұлардың қатарына сонымен бірге жасалу тәртібіне қарай құрылым-түзілісі, әуездік қатары, дыбыс шығару тәсілі көршілерден алмасқан сырнай, кепшік, жетіген, бұғышақ, шаңқобыз / шаңғауыз/, ауызсырнайды қосуға болады.

Қазақаспаптарының бірқатары, әсіресе ұрмалыларының басым көпшілігі бұрын жаугершілікте әр түрлі қашықтыққа тиісті хабар беру үшін, ал қайсы біреулері аң аулау кезінде құстарды ұшыруға немесе аңдарды тосынға қарай ығыстыруға пайдаланылған болса, үшіншілері - бақсының сарынын, ғұрыптық билерін сүйемелдеуге бейімделген.

XVI-XVIII ғасырларға тән халық дастандарында аса екпінді дыбыс шығаратын, шамасы тумен бірге қан майданға алып шығуға арналған аттаныс дабылы жайлы айтылған. Оның аумағы кең, екі жағына бірдей ұқсатылған іңген терісі қапталатын болған. Оны әр түрлі етіп соғу арқылы дабылмен жаудың жақындағанын хабарлап, ұрыс қимылдарын бастау немесе оны кенет тоқтату қажеттігі жайлы дыбыс беретін болған. Ал, дауылпаз, шындауыл болса негізінен аңшылыққа, даңғыра, кепшік той-думан кезіндегі қызықшылыққа арналған. Оны этнограф П.Тиховтың жазып қалдырғанынан да аңғаруға болады.

Асатаяк, сылдырмақ сияқтылар бізге көпшілік жағдайда “баксы ойыны” арқылы жеткен. Шартылдауық, сақпан, шың болса көбіне атыздағы тары қорығына пайдаланылған хәм баланың қабілетін дамытуға негізделген ең қарапайым аспаптар болып табылады.

Осындай бай мұраны зерттеп білуге тек XIX ғасырдың ортасынан бастап қана көңіл бөліне бастаған. Бұл салада академиктер Л. С. Берг, К. Н. Павловский, әуезтанушы Н.Ф.Финдензен, қазақтың белгілі ғалымы Шоқан Уәлиханов, ағартушы-ақын, композитор, философ Абай Құнанбаев едәуір еңбек еткен. Олар жинаған музыка аспаптары Москваның, Ленинградтың, Омбының, Семейдің музейлерінде сақталуда.

Зерттеушілер мұнымен бірге, ұзаққа созылған тарихи даму үрдісінің барысында қазақ халқы, тек өзіне ғана тән, симфониялық жағынан дамытылған, домбыра, қобыз, сыбызғы, шаңқобыз сияқты аспаптарда орындалатын мазмұнды шығармалар – күйлер түрінде аса бай мұра жасағанына баса назар аударған. Халықтың шабыты мен дарынынан туған шығармалардың жүздеген кәусар үлгілерін жадында сақтаған күйшілер оларды ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа алмастырып келген.

Бірақ бұл айтылғандар өздерін халық аспаптарын жинау сияқты игілікті іске бағыштаған жеке энтузиастардың алғашқы ұяң қадамдары еді. Ғасырлар құпиясын өз бойына сіңірген қазақ аспаптарының мүмкіншілігі тек совет заманында ғана толық ашыла бастаған. А.В.Луначарскийдің ұйғаруымен қазақ домбырасын жетілдіру ісі 1925 жылдан бастап-ақ қолға алынған. 1932 жылы ашылып, тұрақты жұмыс істей бастаған халық аспаптарын зерттейтін лаборатория домбыраны, қобызды және басқа әуез аспаптарын қайта жаңғыртып, жетілдіруді ғылыми негізге қоя бастаған. Тұңғыш рет белгілі совет композиторы, өнерзерттеуші ғалым, кейіннен Қазақстан Ғылым академиясының академигі дәрежесіне дейін

көтерілген Ахмет Жұбановтың басшылығымен, аспап зерттеуші ғалымдарды, халық шеберлерін, жекелеген орындаушыларды қатыстыра отыра, олардың нақтылы ауқымы айқындалып, тұрақты бұрау тәсілдері белгіленген. Домбыраның құлақ күйі кіші октавадағы “ре”, “соль”, кобыздікі – кіші октавадағы “ре”, “ля” ға жеткізілген. Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық халық аспаптары оркестірінің құрамында үйлесімін тапқан домбыраның мүмкіншілігі екі жарым октаваға дейін көтерілген. Үнінің сапасы арттырылған қобыз, сыбызғы, сырнай, дауылпаз сияқты аспаптар да өз үйлесімін таба бастаған. Әуезшілер дәстүрлі күйлермен қатар орыс және батыс еуропа классикасын, совет авторларының шығармаларын игерген.

Қазір өз репертуарында қазақ, орыс және бүкіл әлем классикалық әуезінің жүздеген шығармаларын қамтыған осы бір оркестрдің жалғыз басты, жетім дауысты домбырадан қазіргі полисимфонизмге, советтік және классикалық әуездің аса күрделі нұсқаларына дейінгі шабыттумалық ауқымы осындай.

Оркестрге Лұқпан Мұхитов, Науша Бөкейханов, Қали Жантілеуов, Уақап Қабиғожин, Жаппас Қаламбаев, Ысқақ Уәлиев, Гүлнәфис Баязитова, Фатима Балғаева, Мағауия Хамзин, Рүстембек Омаров сияқты әуезшілер өздерінің бар қабілеті мен дарынын арнаған. Көп жылдар бойы онда аса көрнекті халық композиторы, дарынды күйші Дина Нұрпейісова қызмет еткен.

Өзінің негізін қалаушысы Ахмет Жұбановтың жетекшілігімен оркестр орындаушылық шеберлігін арттыруда елеулі табыстарға жеткен. Ол өрбіткен дәстүрді оркестрдің кейінгі жетекшілері – Л.Хамиди, А.Шаргородский, С.Шабельский, М.Төлебаев, Қ.Мусин және Н.Тілендисв жалғастырған. Оркестрдің шабыты асқақтаған және жаңа биіктерге көтерілген тұсы оған көркемдік жағынан жетекші және бас дирижер болып белгілі әуезші,

профессор Шамғон Қажығалиев қызмет ете бастаған кезеңмен байланысты.

...1959 жыл. Бухарест. Құрманғазы атындағы оркестр халық оркестрлерінен бірінші болып Жастар мен Студенттердің Бүкілдүниежүзілік фестивалы лауреатының Алтын медалін жеңіп алған. Оның орындауындағы С.Мұхамеджановтың “Шаттық отаны”, Құрманғазының “Адайы”, “Сарыарқасы”, Тәттімбеттің “Саржайлауы” ғана емес Глинканың “Вальс – Фантазиясы”, Брамстың “Венгр билері” де аспаптық әуезді сүйетіндерді өте тәнті еткен.

Бүгін де оркестрдің орындауында Моцарттың, Гайднның, Бетховеннің симфониялық әуезі тамаша әуенмен қалықтауда. Тындарман қауым Қазақстан композиторлары Е.Брусиловскийдің “Желдірме” симфониялық поэмасын, Е.Рахмадиевтің “Тың туралы ән” операсындағы вальсін, Ғ.Жұбанованың “Ақ құс туралы аңыз” балетінің фрагменттерін, Н.Тілендиевтің “Махамбет” аспаптық пьесасын қызу қабылдап жүр.

Оркестрдің Қытайда, Францияда, Италияда, Финляндияда, Португалияда, Чехословакияда, Польшада, сондай-ақ Москвада, Ленинградта тағы басқа астаналық қалаларда өнер көрсеткені оның көркемдік жағынан кемелденгенін, шеберлігінің арта түскенін аңғартады.

Оркестр өзінің алған бағытына берік: халықтық өнердің дәстүрлерін дамытумен қатар орыс және бүкіл әлемдік классикалық әуез жетістіктерін үзбей насихаттау. Оның репертуарынан қазіргі авторлардың шабыттумалық ізденістері де қолдау табуда.

Бүкіл қазақ өнері сияқты, Құрманғазы атындағы оркестрдің жетістігі де Ахмет Жұбанов басшылық еткен 30-шы жылдардан басталған халық аспаптарын қайтадан жандандыру және жетілдіру жұмыстарымен тікелей байланысты. Мұндай игілікті іске ат салысқан А.Е.Ермеков (1883-1943), Қ.Қасымов (1884-1966), И.И.Романенко (1893-1970) сияқты шеберлердің тұңғыш рет халық

аспаптарының толық кешенін жасағаны оркестрдің қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы бірінші (1936 ж.) және онан кейінгі онкүндіктерінде табысты өнер корсетуіне мүмкіндік берді.

Ноталық жазуды ендірудің республиканың мәдени өмірінде елеулі құбылыс болғаны мәлім. Алайда, күйді нота бойынша орындайтын қазіргі әуезшілер бізге мәлім нота белгілерімен домбырада, қобызда ойнаудың өзіндік реңкін қағазға толық түсіруге болмайтындықтан халықтық әуеннің бастапқы дыбыс ырғағын шығара алмай жүр. “Домбыра күйлерін қағазға түсіру, – деп жазған А.Затаевич, – әрине өте қиын. Мен егер бұл өнерге азды-көпті машыққан болсам, онда да өз ісімнің соңында ғана”¹. Сондықтан да қосымша белгілер жүйесі әлі жасала қоймағандықтан жекелеген авторлар бір ізге түсе қоймаған өздерінің белгілерін пайдалануға мәжбүр болып жүр. Тегі, бұл мәселе өз шешімін табатын уақыт та жеткен сияқты.

1957 жылы халық аспаптарын қайта жандандырып, жетілдірудің екінші кезені жүзеге асырылды. Ш.Қажығалиевтің нобайлары мен сызбалары бойынша сырнай, дауылпаз сыяқты аспаптар қайта жасалып, дыбыстандырылғаннан кейін оркестр құрамына енгізілді. 60-70-ші жылдары белгілі аспап зерттеушісі профессор Б.Сарыбаев, қазақтың көне мұрасының білгірлері С.Қасиманов, О.Хаймодин тағы басқалар халық аспаптарын зерттсе, жетілдіру және насихаттау ісінде белсенділік көрсетті.

Уақыт шаңына көміліп ұмыт қалған қазақтың көне аспаптарында ойнау тәсілдерін қайта өрбітіп, қалпына келтіру – әуезшілік шығармалардың мазмұнын жаңа көркемдік сатыға көтеріп қана қоймай, ұлттық мәдениетімізді байытып, оған дәстүрлік тұрпат беретіні сөзсіз. Қалыптасқан жағдайды ескере отыра, соңғы

¹ Затаевич А. 1000 песен казахского народа. М., 1963, 21 б.

кезде халық аспаптарын жинау, зерттеу, қалпына келтіру және дыбыстандыру жұмыстары жолға қойыла бастады. Олар туралы мағлұмат – тек музейлер арқылы ғана емес, жазба деректерге, халық аңыздарына, ел ауызында қалған мәліметтерге негізделіп зерттеле бастады. Мұның өзі жетіген, сазген, адырна, нарқобыз, қуыс мойын, үш ішекті домбыра, аша, шіңкілдек, сондай-ақ, керней, желбуаз, желқабыз сыяқты аспаптарды кетілдіріп, қайта дыбыстандыру жұмыстарына, яғни әуез аспаптарын зерттеудің үшінші кезеңіне жол ашты. Сөйтіп бүгін алтын домбыра жайлы аңыздың құпиясын жан-жақты аша беру ісіне өздерінің шығармашыл жігерін паш ете алатын Республикалық халық аспаптары музейіне, белгілі дирижер, композитор Н.Тілендиев жетекшілік ететін әйгілі “Отырар сазы” фольклорлық-этнографиялық оркестріне, “Шертер”, “Сазген”, “Адырна” фольклорлық ансамбльдеріне аса маңызды міндет жүктеліп отыр.

Қазақша билеу суырып салма акындықпен, бірігіп ән салумен, той-томағалардағы өз қызығы өзімен өтіп жататын әр түрлі кәде-жоралғылармен, пантомимамен, халық ойындарымен біте қайнасқан ел мұрасы. Дегенмен өнердің осы бір түрінің о баста үйлестірілген билеу тәсілдерімен, дене қимылдарымен шектеле бермейтіндігінен, оның үстіне әр түрлі себептермен ежелгі ойындардың алғашқы қалыптасқан түрлерінің көпшілігінің бізге жетпегені мәлім. Бірақ, бақытымызға орай, ел есінде олардың мазмұны, оқиға желісі, өзіндік баурамы, сермеу тәсілдері қалды.

Егер ауыз әдебиетіне, заттық мәдениеттің қалдықтарына, ою-өрнекке, жазба деректерге хәм қазақ тілінің өз лексиконына жүгінсек, би өнерінің, әсіресе оған арқау болған ежелгі “бақсы ойынының”, көпшілік билері мен көкпардың¹ қазақ қоғамымен бірге жасасып, оның рухани өміріне азық болғандығын аңғаруға болады.

¹ Көкпар – халық ойындары деген мағынада.

Тіптен ел арасында сақталған азды-көпті билердің өзінен-ақ халықтың өткендегі өмір салты, ұшқыр қиялы, жүгіртек ойы, асыл арманы, айналадағы ортаға көз қарасы көрініп тұратын сыяқты.

Ал кейбір зерттеулердің нәтижесіне қарағанда бізде бұрын әр тайпа елдің қулар, ортекешілер, масқарапаздар деп аталып келген өз ойыншылары болғанға ұқсайды. Жасанып, тіптен маска киіп жұрт алдына шығып өнер көрсететін артистердің қатысуымен өтетін тамашалар Қазақстанда ортағасырларда, бәлкім, онан да әрірек болған.

1966 жыл. Алматыдағы бір таныс кісінің баласын үйлендіру тойына мен де шақырылған едім. Той қызған кезде жастар билеп жатқан залға барғанымда қабырғаға сүйеніп тұрған бір қарт кісіге көзім түсті. Жұрт “твистке” басқан кезде әлгі кісі ортаға суырылып шығып, дала қыранының қанатын қомдағанын, самғап-ұшқанын, тырнағына жемтігін қалай ілгенін, иесіне қайтып келіп тұғырға қонғанын елестететін белгісіз бір биді орындай бастады. Жастар ығысып, би ырғағымен қол соғып, қошемет көрсетіп жатты. Қарт бишінің жас дәрежесіне қарамай, денесін әрбір бұлшық етіне дейін ойнақтатып билегеніне таңдана қарап қалыппыз. Би біткен соң қасына барып жөн сұрасқанымызда ол Павлодар облысынан келген халық ақыны Жүнісбек Жолдинов болып шықты. Ақсақал болса өз қылығын өрескел көргендей “мына ант ұрғандар әрі-бері ербеңдей бастаған соң шыдай алмай, қалай билеуді көрсетейін деп ортаға шығып кеткенім ғой”, – деп сөзін доғарды. Сол кеште қарт биші өзінің “ел қыдырған есер шакта” орындаған “Ай- қосақ”, “Жезтырнақ”, “Бала бүркіт”, “Қазақтың қалмақ биі”, “Құсбегі”, т.б. билерін паш етіп, олардың оқиға желісімен, сермеу тәсілдерімен таныстырды. Кейіннен бұл билердің бірқатары көпшіліктің қатысуымен орындалатын ежелгі қыпшақ биі “Алқа котанмен” бірге халық өнерінің білгірі, суретші Әубәкір

Ысмайылов пен педагог-хореограф Ольга Всеволодовна Голушкевичтің көмегімен қайтадан қойылып, мемлекеттік “Алтынай” халық биі ансамбілінің, аса дарынды халық бишісі Тойған Ізімованың репертуарына енгізілді.

Қазақ билерінің бұрын тек жекелеген бишілердің ғана үлесіне тиген өнер болып қалмай, қалың көпшіліктің тұрмысында да орын тепкенін ХІХ ғасырда Қазақстанда болған орыс зерттеушілері де айтады.

1934 жылғы Бүкілқазақстандық өнерпаздар слеті жөнінде өзінің естеліктерінде Қанабек Байсейітов былай деп жазған:

“...Алматы төңірегiнiң бiр өнерпазы “Насыбай ату” дейтiн би биледi. Кәдiмгi кимылдық пантомималық би. Қимылы да, мимикасы да өте шебер бишi екен. Әуелi баптап тұрып насыбай атады. Насыбай атар алдындағы дайындықты соншалықты дәл келтiредi, ерiксiз иланасың. Насыбай атқаннан соңғы көңiл күйi де кiсiнi керемет илантады, көңiлi көтерiлiп, шалқып, шаттанып кеп билейдi. Со бiр кезде билеп-билеп келiп насыбайға елтiп мас болады да, әбден сiлесi қатқан адамның кейпiмен қылжиып барып құлайды. Әрi күлдiргi, әрi әдемі би едi.

Қарқаралыдан келген Зәуiрбаев деген кiсi “Қоян-Бүркiт” дейтiн би биледi. Мұның өнерi де пантомимаға ұксас. Бүркiт канатын комдап аспанға ұшып кетедi. Қоянды көрiп төмен құлдилап, дыбыс шығарады. Оны көрген қоян қаша бастағанымен, уақыт өткiзiп алғандықтан қыранның тырнағына iлiнедi. Осының бәрiн бишi өте баурамды және түсiнiктi етiп көрсетедi. Жұрт қол шапалақтап құрмет көрсетiп жатты. Қазiр мен, жұртқа белгiлi М.Әсембаевтың билегенiн көргенде, дарыны табиғаттан нәр алған сол Зәуiрбаевты еске алам... Шамандық, бақсылық билердiң де бiразын көрдiк. Бүкiл тұла бойын дiрiлдетiп селкiлдеткенде, құдды қол аяғын қозғалтқаннан кем жасамайды. Ондай бишiлердi қазiр әдейi үйретiп те тәрбиелей алмай жүрмiз ғой. Тума талант

дегеннің кереметіне өзім, әйтеуір сол слеттен бері қатты бас ием”. Шамасы, қазақ биінің Александр Затаевич (1869-1936) сияқты қиын-қыстау кезеңнің аштығына, суығына, сүзегі мен тырысқағына көніп “казарма мен лашықтарды, базарды, мектеп пен курстардың, съездердің жатақханаларын аралап, інжу тергендей халықтың тамаша әндерін жинаған”¹ жанкүйері болмаған сияқты. А.Затаевич 16 жыл бойы үздіксіз еңбектеніп қазақтың 2300 әні мен күйін жазып алған. “Міне, менің алдымда “Қазақ халқының мың әні” атты жинақ жатыр, оның бәрі нотаға түсірілген, – деп жазған Максим Горький аса көрнекті орыс әуешісінің ерлігі туралы, – мұндағы тамаша әуендер болашақ Моцарттарға, Бетховендерге, Шопендерге, Мусоргскийлер мен Григтерге бай материал бола алады”.²

Қазақ биінің өткеніне көз жүгіртіп, болашағына ой тастайтын болсақ, бұл салада әлі де көп жұмыстар жүргізуге тура келетіні анық. Өйткені, ұлттық би қазір тек өнер шеберлері мен кәсіпшіл коллективтердің ғана үлесіне тиген сияқты болып барады. Осындай әлеуметтік мәселенің бұл жағына баса назар аударып отырғанымыздың негізгі себебі соңғы кезде бүкілхалықтық мейрамдарда, той-думандарда көпшіліктің қатысуымен орындалатын қазақтың халық биінің көріне бермей жүргендігінде болып отыр.

Қазақ “құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күйді» ұнатқан. Кезінде Арминий Вамбери мен оның серіктері де оның музыка мен поэзияға әуесқойлығына шектен тыс қайран қалған. Қазақ әуелеп шырқалатын асқақ әндер мен жанға жайлы күйлерді мейлінше жоғары бағалаған. Тегі суырыпсалма ақындардың, ел арасындағы еленшілердің, жыршылардың, күйшілердің әрқайсысының жүздеген халық әндерін, күйлерін, дастандар мен аңыз-әңгімелерін жадында сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келгендігінің өзінде де үлкен сыр бар.

¹ Қанабек Байсейітов. Құштар көңіл. Алматы, 1977, 34-35 б.

² “Правда”, 1926, 20 июль.

Бұрын тәжірибелі әуезші кез келген қомақты күйді бір тыңдағаннан-ақ қағып алып, қайта тартып бере алатын. Мұның мәнісі оның материалдың құрылымын, жұлге-жүйесін жете түсініп, өзі тыңдап отырған күйшінің саусақтарының жоғары-төменді қағысын қалт еткізбей, сакадай сай етіп ұғып ала білгендігінде болған. Өйткені жаңа туынды әрқашан да төкпелі немесе жайдары қағыстың кезектесе ауысып отыруынан туатын реңкке тікелей байланысты болған. Археологтар ашқан көне Хорезм нота жазуы да осы принциптерге негізделген.

Қазақ әуезіне, оның аса бай ауыз әдебиетіне көне заманнан бастап-ақ көңіл бөлінгенімен оларды жинау және жазып алу ісі тек ХІХ ғасырдың аяғынан бастап қана, онда да орыс зерттеушілері арқылы, қолға алына бастаған. Бірақ мұның өзі жекелеген адамдардың іс-қаракетіне байланысты болғандықтан, олар жинаған материалдардың көпшілігі жарық көрмей қалған.

Қазақ сөзшең болған, асықпай, мүдірмей сөйлеген, өзгенің де ұтқыр және өткір ойын ризашылықпен қабылдап, сөз қадірін білген халық. “Бұдан бірнеше күн бұрын, – деп жазған билер сотына катысқан поляк революционері Адольф Янушкевич, – мен өзара жауласқан екі топтың айтыс-тартысына куә болдым. Демосфен мен Цицерон туралы естімеген шешендердің сөзшеңдігіне таңдана қол соқтым. Менің алдымда оқи алмайтын, жазу-сызудан хабары жоқ, бірақ дарынды ақындардан кем емес шешендер сөйлегендей болды... Жаратқан ием өзін осынша дарынды еткен Халықтың өркениеттен тысқары қала беруі мүмкін емес. Оның рухы ерте ме, кеш пе қазақ даласына еніп жарық отын тұтататын болады. Бүгінгі көшпелі номадқа да өзіне Үндістанның жоғарғы қасталарының құқысыз бейшараларға пандана қарайтыны сыяқты қатынастағы жұрттар арасында құрметті орынға ие болатын күні туар...”¹

¹ Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям, Алматы, 1966, 71 б.

XVIII ғасырдың соңында, негізінен XIX ғасырда Қазақстанда болған орыстың және батыс еуропаның шығыстанушы-ғалымдары, этнографтары, саяхатшылары қазақтың ауыз әдебиетін, көп ғасырлық дәстүрі бар халық поэзиясын жоғары бағалаған.

Көбіне ел басынан кешкен тарихи оқиғалардың желісіне құрылған қаһармандық жырлардан, дастандардан, аңыз-ертегілерден, өсиет-әңгімелерден, өлең-жырлардан тұратын қазақтың ауыз әдебиеті түп-тамырын сонау көне заманнан, халықтың тектестік жағынан айқындала бастаған кезінен тартады. Бұған көп жағдайда адамдардың ерлігі, әділетсіздікке қарсы күрес, жастардың қайғылы махаббаты, тіптен табиғат күштерімен арпалысқан халықтың ойқиялы т.б. себеп болған. Мазмұны отаншылдыққа толы, бірлікке, рухани мойымауға, мұратқа жетуге шақырған шығармалардың көпшілігінен ел тағдыры, мұң-мұқтажы, оның айналадағы ортаға көзқарасы көрініс тапқан.

Қазақ ауыз әдебиетінің революцияға дейінгі Россия зиялыларының, атап айтқанда В.В.Радловтың, С.Е.Маловтың, Г.Н.Потаниннің назарын аударуы да кездейсоқ емес. Белгілі ғалым Әбубәкір Диваевтың еңбектерінен де ауыз әдебиетіне қатысты көп мәселелерге жауап табылады.

Қазақ фольклоры қырықтан астам жанрлардан және олардың қосалқыларынан тұрады. Ал, ақындар айтысы, “Жар-жар”, “Беташар”, “Сыңсу” сияқты ғұрыптық өлеңдер, хат өлең, сұрау өлең, өтірік өлең, бәдік өлең тек қазақ халқына ғана тән. Қазақтың ауыз әдебиеті тек батырлар жырына, аңыздарға, ертегілерге ғана емес, халықтың тұрмысына, өмірге деген көзқарасына, дүниетанымына меңзейтін мақал-мәтелдерге, жұмбақтарға, нақыл сөздерге, жоктауға, қоштасу және бесік жырларына да өте бай.

Ауыз әдебиеті нұсқалары әр түрлі ұрпақтар қосқан түзеулер мен толықтырулардан құр алақан емес. Мысалға, кейбір дастандардың бастапқы калпында халықтың ой-

арманын, тілек-ниетін, имандылығын білдіргенімен, қайсы біреулерінің көрер көзге әлділердің ғана мүддесін кездейтіндігі осындай жағдайдан туған. “Алпамыс батыр”, “Қара қыпшақ Қобланды”, “Ер Тарғын” жырларының, сондай-ақ “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” секілді дастандардың кейбір түрлерінде кездесетін өзгешеліктерді де осымен түсіндіруге болады.

Тұтастай алғанда қазақ ауыз әдебиеті өзінің халықтығымен ерекшеленеді. Батырлар жырының негізгі ұраны – “Бірлік болмай тірлік болмас!” Жырда елдің қайнаған ортасынан шыққан батыр жыл сайын емес, ай сайын өсіп отырады, жас кезінен-ақ ерлік көрсетіп, елін жаудан қорғауға қатысады. Батырдың жұбайы еріне ақылшы, көмекші болып көрінеді. Мәселен, “Қара қыпшақ Қобландыдағы” Құртқа, “Ер Тарғындағы” Ақжүніс өмірдің тауқыметін, қилы қиыншылығын ерлерімен бірге көтерісіп, бірге бөліседі. “Батырлар жырының” кейіпкерлері сан түрлі қиындыққа жолығады, азап шегеді, тауқымет тартады, алайда жырдың соңында жеңіске жетіп, мұратына жетеді.

Олар – батыл, қайырымды, керек жерінде кешірімшіл де. Мысалы, “Қамбар-Назым” дастанында қыздың ағалары жас аңшы Қамбардың кедейлігін бетіне салық етіп, Назымға тең көрмейтінін білдіреді. Мұны көңіліне алған Қамбар өзін шын жүрегімен сүйетін Назыммен де, оның ағаларымен де қарым-қатынасты үзілді-кесілді тыюға ант етеді. Бірақ, қыз ауылына қауіп-қатер төнген шақта райынан қайтып, жаумен айкасқа түседі.

“Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” дастандары тақырыбы жағынан, желісінен, әлеуметтік-тұрмыстық бағытынан бір біріне ұқсас. Ал “Айман-Шолпан” жырында айдан анық, әсірелеусіз қазақ қоғамының сол кездегі тұрмысы мен өмірі нанымды суреттелген.

Дастан-жырларда ақын қыздың кейпін, сұлулығын ерекше суреттеп, оған айналадағы ортадан тенеу табуға

тырысқан. Мысалға, “Қамбар-Назым” дастанында қыз көркі былай жырланған:

Алтын тұғыр үстінде
Назым отыр қонақтап
Ақ тұйғындай еріккен...
Қағаздай кірсіз ажары.

Қазақ ертегілерінің, әсіресе олардың синкритті түрлерінің тақырыбы сан алуан. Бұлардан қиял-ғажайыпты боп көрінумен қатар аспан әлеміне, бастапқылыққа, деректілікке меңзейтін сарын, тіптен әрі жұмбақ, әрі әзәзіл, өзінің сырт пошымымен-ақ “талайды есінен тандырған” Жезтырнақ көрінсе, жалпылама ертегі әңгімелерден ел аузында кең тараған Алдар Көсе, Жиренше, Қарашаш секілді өз қарсыластарын, негізінен мықтыларды, талай рет “тақырға” отырғызған тапқыр, өткір тілді кейіпкерлер кездесіп отырады.

Мақал-мәтелдер, жұмбақтар, нақыл сөздер қазақта үлкен тәрбиелік міндет атқарған, балалардың дүниетанымын, ой-өрісін дамытуға қызмет еткен.

Қазақ ертегілерінің шоктығы – “Қырық өтірік”.

...Әлділердің мінезі барлық уақытта шалкез болған. Әлде еріккендіктен бе, бәлкім, желіккендіктен немесе зеріккендіктен бе, ертеде өткен бір хан кімде-кім қырық ауы өтірік өлең айтыш, ішіне бірде-бір шындық қоспаса қызын үйлендіріп, уәзір ететінін жариялайды. Талайлар басынан айырылады. Тек ешкімге белгісіз, бүтін киім киіп, тойы тамақ ішпеген тазша бала ғана тапқырлығының, ақылдығының арқасында қырық өтірікті қойыстыра айтып берген...

Ауыз әдебиетін таратып, насихаттаушылар аса үлкен құрметке ие болған. Олардың ішінде:

Жыршы. Тұтас жатқа айтып, кей жерлерін қара сөзбен, халық аспабында мәнерлеп ойнаумен, кейде өзі суреттеп отырған жырдың кейіпкерінің мінез-құлқын бимен, неше түрлі пантомимамен толықтырып, “жалғыз орындаушыдан

тұратын театрдың” ролін атқарған. Осындай жыршылардың бірі – Мұрын жырау (1860-1954) “Қырымның қырық батырын” асқан шабытпен жырлағанымен белгілі болған. Ол жетпіске жуық дастанды жатқа айтқан.

Сал-серілер. Ешқандай оқу орнын бітірмесе де халықтық дәстүр негізінде орындаушылық тәсілдерді терең меңгергендер. Бұларға Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Мәди, Үкілі Ыбырай, тағы басқаларды жатқызуға болады. Ал олардың ізбасары Әміре Қашаубаев аса күрделі, ерекше шеберлікті талап ететін “Ағаш аяқ”, “Жалғыз арша”, “Сімет”, “Үш дос” әндерін Париждегі /1925 ж./, Майндағы Франкфурттағы /1927ж./ бүкілдүниежүзілік көрмелерде асқан шабытпен орындап, тыңдаушыларын қайран қалдырған.

Суырып-салма ақындар. Халық арасында кеңінен танымал болған құбылыс. Ақындар айтысына тап болған А.Янушкевич: “Екі ақын олимпиада ойындарындағыдай бір-бірімен сайысқа түсті. Біреуі қарсы шабуылға шықса, екіншісі сол мезетінде жауап қайырады, біріншісі батыл шабуыл жасаса, екіншісі тойтарып тастауға тырысады. Екеуінің де қаны қызып, сайыс та қыза түсті. Бұл таңғажайып көрініс еді”¹ деп жазған. Бұрын айтыста ақын табан астынан суырып салып, қарсыласына өз руын, оның адамдарын мадақтаған. Қарсы ақын да өз әулетінен шыққан адамдардың кісілігін, жомарттығын тілге тиек еткен. Қайсысының сөзі жүйелі, ұтқыр болса, сол жеңген боп табылған.

Хандарды, сұлтандарды, бай-шонжарларды мадақтаған ақындар да болған. Ал кейбіреулері шонжарлардың өлеңдері халық арасына кең тараған.

Қаратаудың, Талас Алатауының етегі мен Сыр бойында айтыстың өзгешелеу, кейін пайда болған тағы бір түрі болған. Мұндайда киіз үйдің іргесін түріп қойып, қыздар

¹ Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алматы, 1966, 71 б.

жағы үйдің ішіне, жігіттер сыртына жайғасып, екі-екіден жұптасып айтысатын болған. Жұрт өзі қалаған жұптың қасына отырып тындайтын. Жеңілген жұп қарсыластарына әр түрлі ұсақ-түйектен тұратын, орамалға түйілген алым тартатын болған.

Ауыз әдебиетімен қатар бұрын қазақта азды-көпті жазба әдебиетінің де болғаны даусыз. Бірақ ол әр түрлі себептермен бізге жетпеген. Өйткені жау ең алдымен мәдени мұраның, әсіресе кітаптардың көзін жойған. Бірлі-жарым аман қалған қолжазбалар уақыты өткен соң құрып кеткен. Қазақ жеріндегі жазба мәдениеттің өткендегісін тасқа қашалған пиктографиялық сурет-синтетика жазуынан, идеограммалардан, көне түркі, ұйғыр, араб жазуларынан ғана білуге болады. Бірақ олар әлі де болса зерттей түсуді қажет етеді. Өйткені, оларсыз дүниежүзілік өркениет тарихы толығынан көріне алмас еді.

Үйсіндердің, қанғуй-қанғарлардың, тағы да басқа тайпалардың арасында 13 жыл (біздің заманымызға дейінгі 140-127 жылдар) болған Қытай саяхатшысы Чжан Цзянның мәлімдеуінше, олардың өз жазулары болған. Саяхатшы көрсеткен аудандардан кейін 15 ескерткіш табылған. Бұлар ғылымда “Талас руникалық жазулары” деген атпен белгілі. 1896 жылы Б.А.Каллаур ашқан, V-VII ғасырларға жататын “Талас тасында” былай деп жазылыпты : “Оның аты – Чур, отыз оғланнан (ұлдан/)бөлінді; ол пайда мен игіліктен қол үзді (өлді);...қатыны тұл қалды” (С.Е.Малов аударған/. Екінші бір керемет жазба ескерткіші 1963 жылы Сыр бойындағы Артық (Архук) қаласының орнынан табылған Онда: “Ол кезде кәрі Сабуктың тұқымы жеті ханзаданың ересегінен саналушы еді”, – деп жазылған (А.Айдаров пен Ғ.Мұсабаев аударған!).

VII-VIII ғасырларда үйсіндер Оғыз қаған туралы дастанды өмірге келтірген. Мұның түпнұсқасы 812-814 жылдары көне түркі кітаптарын өртеткен араб қолбасшысы Құтайбенің бұйырығымен жойылған болуы

мүмкін. Бұл әдеби мұраның соңғы редакциясы XI-XII ғасырларда жасалған деген қауесет бар. Қайсыбір зерттеушілердің айтуына қарағанда, ол Париждің ұлттық кітапханасында сақталған.

Мұсылман діні тарағаннан кейін Қазақстанда араб жазуы орнығады. Құраннан үзінділер жазылған күйген қыш және қола бұйымдар, құмыралар орта ғасыр қалаларын қазып-зерттегенде көптеп табылған. Бұл әлемге атағы әйгілі ғұлама Әбу Нәсір Әл-Фараби (870-950) өмір сүрген кезеңмен тұстас келеді. Ол Отырар (Фараб) алқабындағы Оқсыз /Васидж/ қаласында туған дейді. Өзінің алғашқы білімін кейбір мәліметтерге қарағанда, сол кездегі ғылым мен мәдениеттің орталығы болған Отырарда қыпшақ тілінде алған. Бұл тіл көнетүркі тілінің бір диалектісі болған. Қыпшақ сөздігінің бізге белгілері - “Китаб ат тухва аз Закия фи-лугат - ат Түркия”, “Китаб Булгат Аль-Муштах фалугат ат-Турк-з-Ал-Кыпчак”, “Кодекс Куманикус”. Армян алфавитімен жазылған кейбір қыпшақ жазба ескерткіштері қазір “Матенадаранда” (Ереван) сақтаулы.

Әл-Фараби каллиграфия, көркем жазу, өлең ұйқасы, риторикадан тамаша трактаттар жазған, философиялық өлеңдер – рубайлар шығарған адам. Оның “Әуез туралы үлкен трактаты” әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әл-Фараби шыққан түркі-қыпшақ ортасынан кейіннен тамаша ақындар, жазушылар, тарихшы-ғалымдар Ысмаил Әл-Жауһари, Ахмет Иасауи, Әбілқасым Фараби, Әдіб Иұғнаки, Әділбаки Түркістани, Қадырғали Жалайыри, Хайдар Дулати т.б. өсіп жетілген.

Жүсіп Баласағұнның (1026 жылы) қарлық-қыпшақ тілінде жазған “Құдатғу білік” атты еңбегі соғыс өнері, мемлекет басқару жөнінде, саясат туралы философиялық трактат.

Діни-мистикалық сарындағы көне түркі (қыпшақ) ақыны Ахмет Иасауи өз өлеңдерін түркі тілінің қыпшақ-

оғыз диалектінде жазған. Жарлы-жақыбайларға жаны ашыған, діндарлардың сараңдығы мен екіжүзділігін әшкерелеген, діні басқалармен жауласпауға шақырған:

Пайғамбардың өсиетін тындағын:
Кәпірге де қатыгездік қылмағын.
Тас жүректі алла дағы ақтамас,
О дүние азабынан сақтамас.
Жауыздарды қара түнек тозақта,
Жауыздығы салады ащы азапқа.
Даналардан алған осы ақылды
Өздеріне тапсырамын ақыры...

/Аударған А. Егеубаев/

Соңғы ортағасырлық әдебиеттің ірі өкілі Мұхаммед Хайдар Дулати (1500-1551) өзінің “Тарихи Рашиди” атты кітабында қазақтың ата-тегі, өмір-салты, кәсібі, бүкіл адамзат тарихындағы алғашқы қадамдары жөнінде қызғылықты мағлұмат берген.

Араб жазба ескерткіштерінің іздері карахандар кезеңіндегі сәулеткерлік ескерткіштерде, мәселен, Бабджи Хатун, Айша Бибі (X-XII ғ.) күмбездерінде ұшырасады. Айша Бибі бағанасында “...күз, бұлт...өмір тамаша...” (А.М.Беленицкий аударған) деп жазылған екен.

Ахмет Иасауи сәулет ғимаратындағы арабша эпиграфикада Алла тағала мен Мұхаммед пайғамбарға бағышталған сөздермен қатар осы бір зәулім құрылысты тұрғызуға қатысқан шеберлердің аты-жөні де кездеседі. Мұның ғылым үшін деректі маңызы өте зор. Ұлытаудан табылған (Орталық Қазақстан, кейіннен Эрмитажға (Ленинград) әкетілген таста былай деп жазылған: “Қой жылы Туранның сұлтаны Темірбек 200 мың әскермен өзінің ар-намысы үшін, Токтамыстың қаны үшін осында келген. Қорғанды белгі болсын деп тұрғызған..”

“XVI ғасырдан бастап қазақ хандығының нығая бастауына байланысты” қазақ тілінде жарлықтар, іс

қағаздары шығарыла бастаған. Қазақ тілі бірте бірте жалпы халықтық тілге айнала берген. Таза қазақша тілде Қадырғали Жалайыридің (1530-1605) Жамиғат-Таурих (Жылнамалар жинағы), Тәуке ханның “Жеті жарғысы” тағы басқа еңбектер жарық көрген.

Әйтсе де, қазақ тілі жазба дәстүрді иемденгенімен, Қадырғали Жалайыри, Майлы Қожа, Мәделі, Шәді төре секілді жазба әдебиет өкілдері бола тұра, жалпы халықтық әдеби тіл дәрежесіне соңғы кездерде ғана, әсіресе Абай Құнанбаевтың (1845-1904), Ыбырай Алтынсариннің (1841-1889), Шәкәрім Құдайбердиевтің (1858-1931), Ахмет Байтұрсыновтың (1873-1937), Спандияр Көбеевтің (1878-1956), Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893-1920), Мағжан Жұмабаевтың (1893-1938), Жүсіпбек Аймауытовтың (1889-1931), Сәкен Сейфуллиннің (1894-1938), Мұхтар Әуезовтің (1897-1961) арқасында көтерілген.

Осылайша халық шығармашылығы тарихтың өн бойында елдің шаруашылығына, кәсіпшілігіне, тұрмысына, тіліні белгілі мөлшерде ықпал етіп келгенімен, көп жағдайды олардың әсерімен өзі де сапалы өзгерістерге түскен. Халықтың рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі болғандықтан оның саяси, құқықтық, пәлсапалық, діни көзқарастарына көркемдік-эстетикалық сындарларын камти отыра, ол тіптен суырыпсалма ақындықты немесе он салып, би билеуді былай қойғанның өзінде, жұрттың өмірге, қоғамға деген көзқарасын қалыптастыруға қызмет еткен.

Заманына сай, алдыңғы қатарлы наным-сенім тұрғысынан қарағанда, тарих жасағанның бәрін бойына сіңірген алтын домбыра жайлы аңызды халық бекерге шығармаған. Жылдар өтсе де оның сыры ашыла беретініне күмән келтіруге болмайды. Өткенді, әдебиет пен өнерді зерттеп біле отыра, халқымыздың прогресс пен әлеуметтік мүлтіксіздікке жету жолындағы қарыштап өсіп, кеңейіп келе жатқан қозғалысына дем бере аламыз.

ЖАҢА МЫҢЖЫЛДЫҚ ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАРДА

Қазақстанның жетістіктері баршаға мәлім. Қазақ халқының, республикадағы басқа ұлыстар сияқты, он жетінші жылдың октябрінен кейін ғана экономикалық және әлеуметтік – мәдени құрлыстың түбегейлі мәселелерін шешуге мүмкіндік алғаны рас. Қазақ ауылын жаңа негізде қайта құру, бұрынғы көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруаларды жаңаша қожалық етуге баулу арқылы күрделі өнеркәсіп пен колхоз-совхоз өндірісіне тарту адамдардың мінез-құлқы мен өмір салтына елеулі өзгерістер енгізді, қазақ халқының бір тұтас ұлт болып қалыптасуын аяқтауға септігін тигізді. Мұның өзінің жұмылдырушылық және жасампаздық мәні ерекше болды.

Бұрынғы шаруалар мен кедейлердің индустриалдық және агроөнеркәсіптік жұмысшы табының, колхозшы-шаруалардың қатарына қосылу барысында патриархалдық-рулық катынас, шонжарлық идеология, ескірген көзқарастар мен көңіл-күй күрт өзгеріске түсті. Қала мен ауылдың арасындағы байланыс, халыққа транспорт, коммуналдық, сауда-тұрмыстық, дәрігерлік және мәдени жағынан қызмет көрсетудің жақсаруының, бізге тарихтан белгілі кемшіліктерін былай қойғанда, қазақ тұрмысын жанартуда ерекше маңызы болды.

Міне бүгін жетпіс жылдан астам уақыттан кейін, Ленин қол қойған құжаттармен таныса отыра, оның көшпелі және жартылай көшпелілерді отырықшылыққа көшіруге, 1921-1923 жылдарғы жер-су реформасын өткізуге, Ембі мұнай кәсіпшіліктерін, Риддер кеніштерін қайта қалпына келтіруге, Көкшетау-Қызылжар темір жолын салуға, Аралдағы балық және тұз кәсіпшіліктерінің көлемін ұлғайтуға, алғашқы ауылшаруашылық коммуналарын ұйымдастыруға, суармалы егіншілікті дамытуға, сол сияқты ана тілінде оқытатын мектептер мен курстардың

жүйесін жасау, оқу орындарын, ғылыми мекемелерді ашуға, республикада баспа ісін жолға қоюға, тіптен ұлт мамандарын дайындауды тәртіпке келтіруге деген әкелік қамқорлығын, бәрін де уақыттан бұрын көріп, болжай білген даналығын сезінуге болады.

Қазір айтылып жүргендей, социализмнің қаншама түр өзгерістеріне түскенімен, оның дамуындағы сан алуан “қайшылықтарға” қарамастан, бұрын халқының басым көпшілігі сауатсыз болған Қазақстанда совет өкіметі жылдарында әсіресе мәдени құрылыста едәуір табыстарға қол жетті. Халыққа білім беру жүйесі қарыштап дамыды. Ғылымның әр түрлі салалары өсті. Баспа ісі, газет-журналдар шығару, теледидар, радио хабарларын тарату қазіргі заман талаптарына сай өз үйлесімін тауып, халық игілігіне қызмет ете бастады. Революциядан біраз бұрын Торғайға киножабдықпен қайтып оралған Әліби Жангелдин жұрттың бәрін дүрліктірген екен дегенді айтады. Ауыл тұрғындарының барлығы дерлік оның “сикырлы машинасын” көруге ынтыққан. Ал қазір Қазақстанда клубы жоқ, кинофильм көрсетілмейтін, тұрғындары радио тыңдап, теледидар тамашаламайтын елді мекен табыла қоймас.

Қазақстанның мәдени өмірі бай да сан алуан. Кәсіби өнердің опера, балет, драма, симфониялық әуез секілді салаларының ауқымы кеңіп, мазмұны тереңдей түсуде. Танымал оркестрлер мен ансамбльдер де көбейді. Кезінде ұмытылмас бейнелер жасаған, жұртты баурап әкететін дарынымен, әсем үнімен өзгелерден окшау көрінген аса керемет әнші (сирек кездесетін лирико-колоратуралық сопрано) Күләш Байсейітова (1912-1957) ел есінде мәңгі қалған қазақ бұлбұлы, опера сахнасының жарық жұлдызы болды. Республикада би өнерін дамытуға қазақтың тұңғыш кәсіби бишісі Шара қосқан үлес те қомақты. Қазақ сахнасының Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов, Рақия

Қойшыбаева, Қанабек Байсейітов, Шәкен Айманов сынды саңлақтарының өнері театр мен кино саласында елеулі құбылыс болды.

Тақырыптық сурет, графика, портрет, мүсін жанрларында ұлттық белгілерді классикалық реализм дәстүрлерімен үйлестіре отыра Қазақстан суретшілері де өнердің даңғыл жолына түсті. Әбілхан Қастеев, Қанафия Телжанов, Молдахмет Кенбаев, Абрам Маркович Черкасский сияқты қылқалам шеберлерінің, Хакімжан Наурызбаев, Төлеген Досмағамбетов секілді мүсіншілердің туындылары республикадан тыс жерлерге де танымал.

Бұрын көбіне бір жанрда – өлең-жыр арнасында дамып келген қазақ әдебиеті сыншыл реализмді ұстанған орыс жазушыларының тәжірибесін пайдалана отыра, жаңа өмірге, надандық пен патриархалдықты жоюға өз үлесін қосып, аса дарынды жазушылар мен драматургтердің тұтас бір буынын өсіріп шығарды. Бұл орайда қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезеңінде оған Максим Горькийдің революциялық романтизмі күшті ықпал еткенін айырықша бөле атау жөн. Сәкен Сейфуллиннің тұңғыш әңгімесі – “Мүслима”, Мұхтар Әуезовтің “Қараш-Қарашы”, оның өмірбаяндық шығармаларының әсерімен жазылған Сәбит Мұқановтың “Өмір мектебі” бұған дәлел бола алады.

Қазақ совет әдебиетінің өрісінің кеңдігін дүниежүзілік әдебиеттің алтын қазынасына қосылған зор үлес болып танылған Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” романы, Сәбит Мұқановтың “Ботакөзі”, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің “Қан мен тері”, Қасым Аманжолов пен Олжас Сүлейменовтің өлеңдері көрсетті. Өз халқының ой-арманы, тыныс-тіршілігі Мұқағали Мақатаевтың, Қадыр Мырзалиевтің, Мұхтар Шахановтың және басқа ақындардың айқын да анық, үйлесімді жырларынан да көрінеді.

Өзіндік төл мәдениеті мен қолтума өнерін өрбіте отыра қазақ халқы қазір бүкіл дүниежүзі алдында есейгендігінің уақыт пен өмір талабына сай әлеуметтік мүлтіксіздікке

кол созып, дамудың айқын жолына түскендігін көрсетіп отыр. Ойын ұлттық мәдениетінде басқа халықтарға да жақын, түсінікті және ортақ нышандардың белең алып келе жатқаны да құптарлық.

Әрине, бұған жеткізген жол тайғақ кешусіз, атқан оқтай түзу, төселген тақтайдай тегіс, гүлзарлы болған жоқ. Жаңадан ғана қалыптаса бастаған ұлттық мәдениет, әсіресе бастапқы кезде, қазір тарихтың үлесіне тиген алапат қиыншылықтарға тап болды. Азамат соғысы, миллиондаған адамдардың өмірін ала кеткен ашаршылық, шаруашылық күйзелісі, ескі әдет-ғұрып, діни нанымдармен маталған халықтың қараңғылығы, мәдени мешеулігі мемлекеттік ұйымдардың, шығармашыл одақтардың, жұртшылықтың жұмысын едәуір қиындатқан болатын.

Әйтседе шығыс өнерінің, оның әсіресе қазақ халқына тиістісінің болашағы шамалы, қарабайыр, баурап алатын мүмкіндіктері кем деген жала топсауларды іс жүзінде теріске шығару да оңайға соққан жоқ. Бұл орайда қазақтың тектестік, тайпалық және рулық құрамын, тарихын, ауыз әдебиетін, тілін, тұрмысын, заттық мәдениеті мен өнерін зерттеу ісіне тартылған В.В.Бартольд, С.Е.Малов, Ф.А.Фиельструп, М.С.Андреев, Ә.Ә.Диваев, М.Ф.Гаврилов, В.Н.Кун, А.П.Чулочников, С.И.Руденко, А.П.Самойлович тағы басқа ғалымдар еңбектерінің маңызы зор болды.

Халықтың рухани және заттық мәдениетінің жетістіктерін зерттеп-білу ісіне қазақ әдебиетшілері Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, ғалымдар Ахмет Байтұрсынов, Санжар Асфендияров, Қаныш Сәтбаев, Қажым Жұмалиев, Әлкей Марғұлан, Есмағамбет Ысмайылов қомақты үлес қосты.

Қазақ ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері аса күрделі әдеби және әуездік туындылардың арқауына айналды. Мысалы, “Қыз Жібек” дастанының негізінде опера, көркем фильм жасалды, “Қозы Көрпеш-Баян сұлудың”

оқиға желісі бойынша Ғ.Мүсірепов пьеса жазды. “Махаббат туралы дастан” атты фильм қойылды. Халық әуезі “Ер Тарғын” арқылы опера өнерінің жаңа қырынан көрінді. М.Әуезовтің өзі аттас дастанның оқиға желісіне құрған “Айман-Шолпан” музыкалық комедиясы талай жылдан бері сахнадан түспей келеді. “Қыз Жібек”, “Жалбыр”, “Абай”, “Дударай” операларын, “Қамбар-Назым”, “Қалқаман-Мамыр” балеттерін дүниеге әкелерде А.В.Затаевичтің жазбаларын Е.Брусиловский, А.Жұбанов, Л.Хамиди, В.Великанов орынды пайдалана білді.

Авторлардың Абай атындағы академикалық опера және балет театры коллективімен жарасқан ынтымағы арқасында туған М.Төлебаевтың “Біржан-Сара”, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің “Абай” опералары казак опера музыкасының шоқтығына айналды. Аса көрнекті ұйғыр композиторы Құддыс Қожамняровтың музыкасы да халыққа кеңінен танымал.

Дегенмен, казак халқының өткен жолын перзенттік көзбен шола отыра, біз оның парасаттық мүмкіндіктері толық іске қосылды деп айта алмаймыз. Тек жоғарыдан шешім қабылданса халықтың күткенінің бәрі бола қалады деп жүріп, уақыт өткізіп алғанымыз өкінішті-ақ. Күні кеше ғана бізге елімізде білім берудің ең озық жүйесі жасалғандай болып көрінетін. Бақсақ, болашақтың “зәулім биік ғимаратын” тұрғызамыз деп жүріп мектебіміздің қаңқасының қисая бастағанын, оның балалар бақшасы мен бастауыш кластардан басталатын іргетасын босаңсытып алғанымызды аңғармаппыз. Тіптен жұрттың парасаттылығының орташа болып қалғанын, әлеуметтік көңіл-күйінің жүдей бастағанын да көрмеппіз. Біздің әрқайсымыз өткеннің ұсқынсыз дағдыларын жеңе отыра, әрбір жаңа қадамның қаншалықты қиынға түсетінін қазіргі қайта құрылу жағдайынан да көріп отырмыз. Әйтсе де, біз көбірек көретін, молырақ түсінетін, ахуалды дұрысырақ бағалайтын болдық.

Тегі, қазіргі жастар арасында кейбір жігіттер мен қыздардың әсемдік әлеміне масаттана білмейтіні, бар ықыласы әуездің, ән мен бидің, бейнелеу өнерінің халықтық негізін босаңсытып, қоғамның ізгілік, сезімталдық және имандылық қасиеттеріне нұсқан келтіретін қазіргі мәдени-идеологиялық ағымның әсерімен “жаңа өнер” деп аталатын “жарық”, “қимыл” және “дыбыс” дегендердің төнірегінен шыға алмай жүргені бостан бос емес. Бәлкім, бұл жалпы білім беретін мектептің әкімшілік-әміршілік жүйенің өзіне қажетті “тетіктерін” даярлау жөніндегі әлеуметтік-педагогикалық нұсқауларын басшылыққа алғандықтан, жұрттың деңгейін орташалап, халқымыздың парасаттық тамырының қырқыла бастауына алып келгендігінен де болуы мүмкін.

Имандылықтың адам бойында ұлттық нышанды дүниежүзілік рухани қазынамен ұштастыру арқылы қалыптасатыны мәлім. Ал біздегі тәлім-тәрбие көп жылдар бойы ұлттық ерекшеліктерді, баланың өсіп-жетілетін ортасындағы хал-ахуалды ескере бермегендіктен бір жағынан жеткіншек ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің оянуына түрткі бола алмаса, екінші жағынан оның жалпы адамзаттық мәдени байлықтарды игеруіне ықпал ете алмай келді. Баланың жалпы дамуына пәрменді әсер ететін, оның жан дүниесін байытатын, ұлттық тарихты зерттеп-білуге, мәдени мұраны, халық дәстүрлерін игеруге ынталандыратын өнер туындыларына құштарлығын арттыратын, қысқасы мәңгүрттікке қарсы имандылық, ізгілік қасиеттерді қалыптастыратын іс-қаракеттер мүлдем жоқтың қасында болды. Жастардың едәуір бөлігінің тарихты, ана тілін білуге, қазақша ән салып, би билеуге ден қоя бермейтіні, ізгі салт, әдет-ғұрып, ұлттық дәстүрлерден беймағлұм болып өсетіні де міне осыдан.

Әзірше қоғамтанушы ғалымдар күнделікті күйкіл-жіңмен бірге қалыптасатын, бәлкім, бұл кезінде жалған, көмкерме әдептілік арқылы әлеуметтік, экономика-

лық кеңістікті жалпылаудың халықтың рухани өрісіне тікелей енгізілгендігінен де болар, жастарды ілгері үмітке талпынта қоймайтын осынау бір құбылысқа, жете мән бермей келеді. Оның үстіне көп жылдар бойы жалпыны құрайтын қасиеттер ғана интернационалдық деп саналып, халықтың өзіне тән ізгі дәстүрлері ескерілмей келді. Ұлттық мақтаныштың адам бойында байқалатын азғантай нышанының өзі ұлтшылдыққа баланатынын да талай көрген едік. Мұның өзі тұрмыстағы біркелкіліктің, үнемі бірыңғай пікірлестікке тырмысып, өзгенің өмір салтын, әдет ғұрпын, тілін білуге ынталандыра қоймайтын жетесіздіктің нәтижесі еді.

Мәселенің бұл жағынан баса назар аударып отырғанымыздың бір себебі жалпыға ортақ, интернационалдық нышанның қиыншылығы мол нақтылы өмір арқылы, жұрттың тұрмыс өрісімен де, адамдардың жеке пиғылымен де қалыптасатындығында болып отыр. Солай бола тұра, Қазақстанның өз оқу министрлігі, педагогикалық ғылымдар институты, “Мектеп” баспасы болғанына қарамастан оқушы жастарға имандылық-эстетикалық тәрбие берудің нақтылы жүйесі жасалмады. Ұлттық тарихты, мәдениетті, сезімталдық мөлшерлерін үйренуге арналған бағдарлама да болған жоқ. Тіптен өзіміз қолдайтын шынайы интернационализмнің ұлттық мақтаныштан, кіші отаннан, туған жердің хош иісінен, тіптен аңыз-ертегілерден, ән-күйден, әр түрлі ойындардан нәр алатыны да ескерілмеді. Тек қазір ғана, қайта құрылу жағдайында, ұлттық ерекшеліктерді, жеткіншекті қалыптастыратын имандылық-эстетикалық тәлім-тәрбие жүйесін жасау қажеттігі мойындалып отыр. Бізге қазір жаңа оқу бағдарламаларын, оқулықтар, оқу құралдары мен жабдықтарын жасауға тура келеді.

Қазір бәрімізді алаңдатып отырған көп келеңсіздіктің, әсіресе тәртіп бұзушылықтық, қылмыскерліктің, жезөкшеліктің, нашакорлықтың өрістеуі; ең алдымен мектепті

былай қойғанда, “отбасы ошақ қасындағы” тәлім-тәрбиеге байланысты. Туған-туысқандарға мейірімді болу, үлкенді сыйлау, кішіге зиялылық, уақыт өткен сайын ұлғая түсетін қарттарға, мүгедектерге деген қамқорлық қазақ дәстүрінде ерекше мән берілетін, халықтың қанына сіңген ұлттық игі қасиеттер болған. Егер байыбына барсақ, мұның өзі белгілі бір мөлшерде жеткіншек ұрпаққа қамқорлықтан туған.

Менің әжем 99 жасында дүние салды. Қазір байқап қарасақ, ол кісінің көп жасаған себебі тек еңбекқорлықта немесе дұрыс тамактануда, әлде даланың таза ауасында ғана емес, оны қоршаған қарапайым да, мейірімді жандардың тату-тәттілігінде, ауыз бірлігінде, үлкен әулеттің басы болған қарияға деген қамқорлығында екен.

Біздің қоғам уақыт талабын қарсы алды. Сенімсіздік пен шүбәланудан туған басыбайлы қалпымыздан да арыла бастадық. Бірақ өткендегісіз бүгін, тіптен болашақ жоқ. Жаңа мыңжылдықтың табалдырығын аттардағы біздің алдымыздағы аса игілікті мақсат – қоғамның тек ой-өрісінде ғана емес, барлық іс-қаракетінде де толастанғандықты, мүлтіксіздікке, мінсіздікке жетуді қамтамасыз ету. Осы бір ұлы үрдіске қолқабыс ету қай-қайсымыздың болса да қасиетті борышымыз.

Осындай жағдайда оқу-ағарту министрлігі жасаған жеткіншек ұрпаққа имандылық-эстетикалық тәлім-тәрбие берудің кешенді жүйесі тоқырау кезінде қазақ мектебінде кеңінен өріс алған келеңсіз құбылыстарды жойып, мектепке дейінгі, мектептегі және мектептен тыс балалар мекемелеріндегі тәлім-тәрбиені баланың өсіп жетілетін ортасындағы қал-ахуалды, жалпы-рухани жүдеулікті ескере отырып, қайта құруға мүмкіндік беретіні даусыз. Оның отбасы мен мектептің, тәрбиеші мен шәкірттің арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, баланың бойында имандылық, ізгілік, сезімталдық қасиеттерді қалыптастыруға, оның болмысы мен біліктілігінің ара-

сында диалектикалық үйлесім болуын қамтамасыз етуге жол ашатынына күмәндануға болмайды. Мұның өзін мектепті ізгілендіруге қосылған үлес деп қараған жөн. Тек басталған нәрсе аяқсыз қалып қоймаса екен.

Қазақ этнологиясы мен тұрмысының тарихи және мәдени қырлары жайында зерттеп-білгендерін түйіндей отыра, автор, бәрін қамтыдым, барлығын шегіне жеткіздім дей алмайды. Әйтсе де, оқырман қауым қазақ халқының сүрлеу-соқпақсыз, қилы-қилы тарих өткелдерінен асқан өзіне ғана тән, қазіргі ізгілендіруге негізделген, имандылық пен отаншылық сезімге толы мәдени мұрасының бітім-болмысын түсіне алды деп үміттенеді.

ЖАЛҒЫЗ КҮДІРЕТ

Тағы да бірер жыл өтер. Тарих күмбірі бізге адамзаттын жаңа дүниеге, тоғыз тарау тоғысқан ХХІ ғасыр әлеміне қадам басқанын да жария етер.

Бәрімізді дінкелетіп отырған қазіргі дағдарысқа, кемтарлық қалпымызға қарамастан, шынын айтсақ, біз уақыт керуенінің осынау бір шегіне өзгеше үміт артатын сияқтымыз.

“Көппен көрген ұлы той!” дейді қазақ. Ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан осы бір нақыл сөзден адам бойындағы жігер-қайратты да, пендеге тән әлсіздікті де, қателік атаулыға қамсыз қарайтын алаңсыздықты да сезінуге болады. Қоғамның қазіргі ахуалын ескерсек, өзін өзі шексіз қамшылаудың ащы табын, іштей тазартылудың адам болмысындағы ауыр іздерін көргенде, жіберілген қателіктерге еріксіз лағынет айтасыз. Ренішті-ақ! Ақын лауазымына жүгінсек, “...тарихта қайта жазатын қаралтым беттер бола бермейді!”. Оны көшіріп те, өшіріп те түзеу мүмкін емес екен.

Қазіргідей аумалы-төкпелі ұйытқуларға қарсы тұра алатын жалғыз ғана күдірет бар. Ол ғасырлар бойы мысқылдап жиналған мәнді қазына – жалпыадамзаттық, халықтық, ұлттық игі қасиеттер. Елдің елдігі де халықтың өзі қастерлейтін асыл қазынасы сол – игі қасиеттердің болмысына сай келеді. Қазір осы жалпыадамзаттық игі қасиеттердің өзі де үлкен сыннан, уақыт тезінен өтуде. Біз үшін аса қиын да жауапты мәселе қоғамның рухани өміріне қажеттілердің бәрін түбегейлі зерттеп, бағыт-бағдарларын саралап, соған орай бұхара арасында тәлім-тәрбие жұмыстарын өрістетуде болып отыр.

Несін жасырайық, көп жағдайда біздің қайсыбір ағайын баяғыда күні өтіп, тозығы жеткен жаттанды ұғым, түсініктерді әлі күнге дейін түйдектете тоғытып жүргенін өзі де байқай бермейді. Шамасы қайта құрылуға

біз жеңісқой революционерлердің мінез-құлқымен кірген болуымыз керек. Әлде Ғарышты игердік, Тынды жайладық, Сібірді пайымдадық, қайта құрылуды да атой сап өткіземіз деп ойлаған шығармыз. Өйткені бұрын жағалай күрес, игеру, бағындыру болып келген еді ғой. Ескі газеттерді ақтарсаңыз “Бесжылдық үшін!”, “Астық үшін!”, “Өнім үшін!”, “Коммунистік еңбек үшін!”... тағы басқа майдан, күрестерге шақырған ұран-үндеулерден көзіңіз талады. Мал шаруашылығы, мал қыстату, қозы алу, жүн қырку... бәрі де “майдан” болып келді емес пе?!

Не үшін күреспедік? Жоспар үшін де, тәртіп үшін де, бәрі-бәрі үшін күресіппіз. Жазушылар болса жан ұшырып шындық үшін, тәуелсіз шығармашылық үшін айқасты. Жатқан майдан шептері, жаппай “күрес”... Ащы болса да ашығын айтайық, бәріміз де осы бір “майдандардың” қайғылы да күлкілі жолдарынан өттік. Қайта құрылуға болысамыз деп даурығатын қазіргі “майдангерлер” тағы бар.

Осының өзі-ақ, қоғамдық ойдың күні кешеге дейін етек алып келген таптық күресті – жалпыадамзаттық игіқасиеттерге, Одақты – республикаға, жалпылауды – ұлттыққа қарсы қойған кезеңде әкімшілік-төрешілдік жүйенің шылауынан шыға алмай, оның нұсқау-бұйрықтарын ғылым “тіліне” түсірумен ғана айналысып келгендігінің айғағы емес пе? Ғылымның адамды “орындаушы-тетіктен” – жасампаз күшке айналдыруға тырысып, әлеуметтік әділдікке ұмтылып отырған қазіргі қоғамның қайта құрушы, түлетуші күштеріне жәрдемдесіп, белсенді ықпал ете алмай отырғаны да осымен байланысты.

Сонымен жалпыадамзаттық игі қасиеттер деп отырғанымыз зорлық-зомбылық атаулыны жоққа шығарып, төзімділікке, жанашырлыққа, өзара көмек пен жәрдемге, мейірімандылыққа, өзгенің өмір салтына, дәстүрлеріне, әдет-ғұрпына, пиғылына, тіліне құрметпен

қарауға, тағы басқаларға жол ашатын жоғары ізгілік, имандылық нұсқалары. Олардың қатарына өзіміздің Абайдың “талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой” дейтін бес асылын да жатқызуға болады.

“Еңкейгенге еңкей, ол әкеңнің құлы емес, шалқайғанға шалқай, ол құдайдың ұлы емес” дейді қазақ. Ол азын-аулақ биліктің дәмін татса-ақ өзгеге паңдана қарайтындарға бас имейтін, от жүректі өжет бола тұра сабасына тез түсе қоятын пайымды жандарды құрметтеген. Кішіпейілділікті, бауырмалдықты, сезімталдықты қас-терлеген. Біздің түсінігімізше, бұлар халықтың рухани іс тәжірибесінен тұжырымдалған имандылық мөлшері болып табылады.

Бірақ біздің қоғамдық ойымыз әрдайым көрініп қала беретін “бөтен пікірге” деген міншілдіктен, маркстік ағымнан басқаның бәріне кінәмшілдікпен қарайтын пиғылдан арылған жағдайда ғана қоғамдық сананың дамуына нақтылы ықпал ете алады. Бұл жалпы мәдениеттілікке, әдептілікке ғана емес, ең алдымен, ізгілікке байланысты. Өйткені қоғамдық ойдың дәйектілігі, тыянақтылығы қашан да болса сан алуан ғылыми бағыттарды, көзқарасты, пікір сайысын туғызатын нәрселерді зерттеп-білуді талап етеді. Ғылыми ой алдында бүгін бұрыннан белгілі болғанымен қазірде қажетті болып отырған адамның қоғамдағы орны, адам өмірінің мәні, дәуірдің мұрат-мақсаты сияқты пәлсапалық мәселелерді ғылыми жағынан айқындай түсу міндеті тұр. Кезінде күнделік жазбаларында Федор Достоевский де бүкіл дүниенің негізі, тұғырығы – имандылық деп жазған екен. Бізге қазір ең керектісі де – имандылыққа бас ию. Өкініштісі, бұл түсінікке байланысты сұрақтарға жауаптын ғалымдардың еңбектерінен гөрі ежелгі дүние философтарынан, көне заман ойшылдарынан табылатыны. Сондықтан да біз үшін өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне

қатысты нақтылы ғылыми зерттеулерге, шынайы пікірге негізделген ғылыми тұжырымдардың маңызы өте зор.

Жасыратыны жоқ, бізбен бірге жасасып келе жатқан кесел жұрттың жан дүниесін, әдет-ғұрпын, мінез-құлқын, өзара қарым-қатынасындағы ерекшеліктерді жете түсінбеушілік. 30-40 жылдардағы қазақ зиялыларының қуғын-сүргінге көбірек ұшырауының өзі де көп жағдайда рухани бейшаралықтан туғанына күмәндануға болмайды. Оларды асқан қатыгездікпен жәбірлеу де біздің Қазақстанда болды. Егер 1986 жылдың 17-18 желтоқсанында Алматыда болған атышулы оқиғаның кезінде үкімет пен тоқырау кезінің бауқеспелігіне қарсылық білдіру үшін алаңға шыққан жастардың арасында тілтабыс болмауының өзі жиналғандардың ой-сезімін түсінуге тырыспағандықтан туған.

Ал тіптен бар болғаны осыдан аз ғана бұрын Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, әсіресе Міржәкып (Мір-Якуб) Дулатов секілді аса көрнекті мәдениет қайраткерлерін ақтаудың бізге қанша күшке түскені де есімізде. Тіптен Алашорда қозғалысына байланысты оның бірде бір құжатын қолына ұстамаған кейбір жолдастардың “алашордашыларды ақтап жатыр” деп бізге айдар таққысы келгенін қалай ұмытарсыз. Ал кейіннен бүкіл Қазақстан болып олардың шығармаларын қандай құштарлықпен оқыды десеңізші.

Бақсақ, біздің қаншама көне әдеби, жазба мұраларымыз да көзден таса, көңілден алыс қалып жатыр екен. Керек десеңіз, оқырман қауым Қадырғали Жалайыридің, Хайдар Дулатидің, Рашид-ад-диннің тарихи, пәлсапалық трактаттарын, Тәуке ханның “Жеті жарғысын” үстірт қана, оның өзінде мамандардың айтуы арқылы ғана біледі. Бізде Әбу Насыр әл-Фарабидің таңдамалы шығармаларын, сол сияқты онан кейінгі түркі-қыпшақ ортасынан шыққан басқа да энциклопедист ғалымдардың еңбектерін қазақша бастыруға мән берілмей келеді. Осыдан біраз жыл бұрын

ғана туғанына 150 жыл толуын өзіміз атап өткен Шоқан Уәлихановтың шығармаларының бес томдығы қазақ тілінде осы уақытқа дейін жарық көрген жоқ.

Ғасырлар бойы өзінше бір инабаттылық-ізеттілік университеті болып келген Жүсіп Баласағұнның “Құдадғу білігі”, Ахмет Иасауидің “Хикметі”, орыстың “Златоусты” мен “Домостройы”, немістің “Фурстеншпигелі”, ұйғырдың “Он екі мұқамы”, қырғыздың “Манасы” қазіргі қауымның да игілігіне қызмет ете алатыны даусыз.

Қоғамдық ғылымдар, философия біздің ойымызша, халықтың тарихи тұлғасын эмпирикалық тұрғыдан емес, тек шынайы тарихқа, нақтылы материалдарға сүйене отыра тарихи-мәдени мұрамен байланыстыра зерделегенде ғана өзінің өмірлік күшін көрсете алады. Қазақ оқырмандары үшін тарихи материал, мәліметтер алуға халық поэзиясы, батырлар жыры, аңыз-ертегілер, тұрмыс-салттық дастандар оңтайлы бола тұрса да оларды насихаттау әлі де болса сара жолға қойылмай келеді.

Соңғы жылдары халықтың ұлттық сана-сезімінің өсуіне орай тарихи тұрғыларымызды тануға деген құлшыныстың, археологиялық ескерткіштер мен тарихи-мәдени мұраның мейлінше бай дүниесін танып-білуге деген ұмтылыстың да күн санап өсіп келе жатқанын ескермеуге болмайды. Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарымен танысудан басталатыны мәлім. Қазақстанда 25 мыңға тарта тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Оның 10,5 мыңы Маңғыстау мен Үстіртте орналасқан. Мұнда сирек кездесетін тұрғын үйлермен, мешіттермен қатар, ғимараттары бірін-бірі қайталай бермейтін 600 зират бар. Егер шындығына келсек, жоғарғы неолит дәуірінен күні бүгінге дейінгі ғажайып ескерткіштері мол бұл өлке Қазақстанды былай қойғанда, ЮНЕСКО-ның қарамағында болатын жөні бар. Ал ол болса құлап-тозып, құрып барады. Республика үкіметі көптеген жылдар бойы

тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіріп, пайдалану, қорғау мәселелерімен айналысатын мемлекеттік комитет немесе Бас басқарма секілді бірыңғай басқаратын мекеме құруға тосқауыл болумен әлек болып келеді. Бұл зәру мәселенің республикадағы үкімет билігінің жаңа құрылымын жасағанда тағы да назардан тыс қалғаны бекер-ақ болған. Туған жер алдындағы, оны жайлаған ел алдындағы парызды кастерлеу сезімі ғылыми жаңалықтар мен хабарламалардан ғана емес, көнекөз мұраны көріп, көңілге тоқу арқылы да тәрбиеленеді емес пе?!

Кейде қазақ зерттеушілерінің өз халқына байланысты материалды қайсыбір ғасырларда Қазақстанда болған саяхатшылардың шолақ қайрылған атүсті жол жазбаларына ғана сүйеніп, емін еркін “өрбітіп” отырғанын көргенде өзіңнен өзің қысыласың. Ғалымның өз тәжірибесі, өз байқағаны ғылыми жағынан да, жасампаздық жағынан да әлдеқайда терең, әлдеқайда ұтымды болар еді-ау деп ойлайсың. Оның үстіне бізде тұтас бір ғылыми дәстүрлер мен мектептер де жоқ емес қой. Қазақстан ғылымының М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан сияқты кемеңгер өкілдері салған сара жол тағы бар. Олар қалыптастырған ғылыми мектепті дамытып, кеңейту арқылы болашақ ұрпақтың игілігіне пайдалану қажет-ақ.

Қазақ халқының ғасырларды артқа салып, өмір талабына сай қалыптасқан рухани әлемінің бізге әлі де беймәлім сырлары көп. Тамырын тереңге жайған дала өркениетінің, қазақ этнографиясы мен тұрмысының, әншілік-әуездік өнерінің, адамгершілік, имандылық дәстүрлерінің зерттеле қоймаған жақтарын аша түсу ғылымға қосылған үлкен үлес болар еді.

Мәселенің осы жағына баса назар аударып отырғанымыздың тағы бір себебі көптеген қоғамтанушы ғалымдарымыздың тоқырау кезеңінде жылдар бойы қалыптасқан секемшілдік пен бас сауғалау пиғылынан ажырай алмай келе жатқандығы. Қазақстанның кейбір қоғамдық ғы-

лымдар институттарының соңғы кездегі қайта құрылу, демократияландыру, жариялылық жағдайының өзінде де бірқатар зәру мәселелерге тікелей араласып кете алмағаны да осымен байланысты. Мәселен, ұзаққа созылып кеткен маңызды тақырыптардың қатарына 30-жылдардағы ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезінде миллиондаған адамдардың өмірін жалмаған аштыққа байыпты баға бере алмай отырғанымызды қосуға болады. Республиканы Орталыққа тәуелді шикізат қорына айналдыруға тікелей жол ашқан индустрияландыру саясатының сипаты мен бағыттарын ғылыми тұрғыдан зерттеу де орынсыз кешеуілдеп кетті. Совет үкіметі жылдарында қол жеткен табыстарға қарамастан елдің өмір салтында, ой-санасы мен мінез құлқында шектен тыс біркелкілікке, тіптен тарихи мәңгүрттікке әкеліп соққан мәдени революцияның елеулі кемшіліктерін сараптап, талдауды да созып алдық. Қоғамтанушы ғалымдарды қатыстыра отыра жаңа оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен көрнекі құралдар жасау жұмыстары да кеңінен өрістей алмай отыр.

Қазір бұрынғы партия қызметкерлерінің атына өмірден қол үзіп қалды, адамдармен адамша сөйлесе алмады, жұрттың алдына шығып өз пікірін қорғай алмады деген сын айтылып жүр. Қоғамдық ғылымға қатысты да осыны айтуға әбден болатын сияқты. Өйткені, өмірден қол үзіп қалушылық бұл салада да айқын аңғарылады. Өзіміз талаптанып, өзіміз батылырақ қимылдамасақ қазіргі әлеуметтік-философиялық ілімдегі, әлеуметтік пиғылдағы, педагогикадағы, тарихтағы, экономикалық өмірдегі “ақтаңдақтардан” қалай арыламыз?

Көнетүркі шығармашылығының тікелей мұрагері болған қазақ халық поэзиясының бірегей бітімі баршаға аян. Әйтсе де, оған бұрынғы Одақ көлемінде де, шет елдерде де ежелгі шығыс поэзиясының бір нұсқасы деп қарайтын. Нақтылы-нақышты, баурамы айқын, ырғақты болып келетін қазақ өлеңінің сыршыл-сазды, сезімтал

шығыс әуенінен, араб- парсы әшекейінен окшаулау тұра- тыны мәлім. Мұндай айырмашылық өнерде, тұрмыста колданылып жүрген бояулардан да, нақыштар сарынынан да жақсы сезіледі.

Қазақстандағы қоғамдық ғылымның алға қоятын міндеттеріне осы тақілеттес мәселелер де кіреді ғой деп ойлаймын.

Бізде кездесетін өкінішті құбылыстардың көпшілігі ұлттық арқаудың қырқыла бастағандығымен, тәлім- тәрбиені ғасырлар бойы қалыптасқан имандылық- эстетикалық талаптарға сай құра алмай келе жатқанымыз- бен тікелей байланысты. Айтматов айтқан “мәңгүрттік”, өзгенің дәстүріне, әдет-ғұрпына, тіліне тіксіне қарау- шылық бұған дәлел бола алады. Қазақстанда оның өз азаматтығы туралы Заң қабылданғаны мәлім. Қазақ қоғамында азамат деген ұғымның ерте кезден бастап-ақ кәметтікке, ерлікке, ізеттілікке меңзейтін ерекше ұлттық мәртебесі болған. Бұрын баланың шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап ат жалын тартып жігіт болғанға дейінгі ер жету белестері арнайы аталып, тойланып келген. Қазақ шаңырағындағы бесікке салу рәсімі, тұсау кесу, қолына камшы ұстатып, найза беріп атқа отырғызу, әр жасына лайық атқарылатын басқа да ырым, кәде-жоралғылардың астарлы мәні терең, тәрбиелік әсері күшті. Олар “құлақтан кіріп бойды алар” ән-күймен, бимен, әзіл-оспақ, ойын- сауықпен салтанатты түрде өткізіліп келген. Мұндай ырым ешқашанда қазақтың көкірек-көзінен де, көңілінен де кетпеген. Көнекөз қариялардың бәлен уақыт бұрынғы оқиғаны ұмытып қалса-ақ, “бәленшенің баласының шілдеханасы болған жылы” деп еске түсіріп отыратыны тағы бар. Өйткені, бұл халықтың жан-жүйесіне сіңген әдет-ғұрыптан туған. Қазақта баламыз тезірек ер жетсін деп оның жасына жас қосып айту, оған ересектердің киім- кешегі үлгісімен шақтап киім тіккізу дәстүрі де болған.

Осының бәрі де ұлының тезірек Азамат болуын аңсаған ата-ананың ақ тілеуінің көрінісі.

Әлі күнге дейін қазақ әлдекімге риза болса “Жарайсың, азаматым!” деп арқасынан қағады. Демек, біз ресми түрде енді ауызға ала бастаған республика “азаматтығының” түп-төркіні әріде жатыр. Білместік пе, әлде түсінбестік пе, ғалымдардың осы мәселеге арнайы бір ғылыми немесе әдеби-публицистикалық мақала жазбағаны қынжыларлық. Отанға, елге, жерге деген азаматтық парасат сезімі осындай ой-талғамдардан, тереңнен тамыр тартатын өнегелі салттардан басталады емес пе?!

Адамның қайсыбір ұлтқа жататындығы оның даралық сипатын, тарихпен байланыстылығын көрсететіндіктен қоғамтанушы ғалымдар үшін қазақтың өзіне тән әдептілігіне, сыпайылығына, жарасымдылығына, бала тәрбиелеу талаптарына үнілу қажет-ақ. Мұның өзі Қазтуған жыраудың, Асан Қайғының, Қаз дауысты Қазыбек шешеннің, Төле бидің, Ақтамбердінің, Ыбрай Алтынсариннің, ұлы Абайдың философиялық, педагогикалық, дүниетанымдық мұрасына тікелей бетбұрыс жасауды талап етеді.

Бұл заманда не ғаріп?

Ақ қалалы боз ғаріп.

Жаксыларға айтпаған

Асыл шырын сөз ғаріп.

Өмір бойы ел-жұрты үшін жерұйық іздеп өткен кеменгер бабамыз Асан Қайғының осынау сөздерінен қаншама терең мағына, мейірімділік пен зерлі ой лебі еседі десеңізші!

Мәселе мұнда болып отыр. Біз соңғы кезге дейін елімізді ең озық оқу-ағарту жүйесі жасалды деп жүріп, жалпы білім беретін қазақ мектебінің ұлттық ерекшеліктерді, баланың өсіп-жетілетін кеңістігіндегі қал-ахуалды ескере бермейтінін де байқамаппыз. Сірә, бүгінгі жастардың

арасында бойкүйез, мінез-құлқы дімкәстәу, халықтың рухани дүниесіне құлықсыз, өз елінің тарихы мен мәдениетінен бейхабар қыздар мен жігіттердің кездесетіні тегіннен-тегін болмаса керек. Бұл құбылыстың өзі кезінде әлеуметтік-экономикалық саладағы жалпылаудың рухани өмірге енгізілгендігінің салдарынан, тұрмыстағы шектен тыс біркелкілікке, адамның жеке басының орташалануына, ұлттық парасат тамырларының қыркыла бастауына әкеліп соққаны мәлім. Жалпыға ортақ игі қасиеттердің бәрі көп жылдар бойы интернационалдық сипатта ғана насихатталып келгені де рас. Сол себептен ұлттық мақтаныш сезімінің өзі өрісі тар надандарға бүркемелі немесе тікелей ұлтшылдық нышаны боп көрінетін.

Бақытымызға орай, мұның бәрі қазір келмеске кетіп бара жатқанымен ызыңы әлі де болса есітіліп қалатын кездер болады. Бізге жалпылық пиғылдың тұрмыс арқылы, адамдардың тіршілік аясы арқылы қалыптасатынын естен шығаруға болмайды. Өзіміз қолдайтын интернационализмнің ұлттық мақтаныштан, от басы-ошақ қасынан, тіптен балалық шақтың естелігінен, оның аңыз-ертегілерінен, ойын-сауығы мен ойындарынан өрбитіні тағы бар.

Кейінгі кезде “ұлтаралық қатыныстар” деген жаттанды ұғымды оңды-солды пайдалана бергендіктен сән-салтанатының қадірін кетіріп алған халықтар достығы мен бауырмалдығын нығайтудың маңызы біз үшін аса зор екендігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ сияқты.

Жыл өткен сайын алшақтап бара жатқан адам мен табиғат арасындағы сәйкессіздік анау, бірінен соң бірі апат аймағына айналып жатқан аудандардың көбейе бастағаны мынау. Соңғы кезде “экология” деген түсініктің өзіне де жұрт үлкен мән беретін болып жүр... Рухани экология, имандылық, адамгершілік, мейірімділік, мәдени экология деп те айтатын болдық. Осы бағытта қоғамтанушы ғалымдар да игілікті іс атқара алар еді. Олай болса

осы уақытқа дейін Қазақстанда жалпыадамзаттық игі қасиеттер негізінде адамның экологиялық дүниетанымын, табиғатты қорғау пиғылын қалыптастыруға бағытталған бірде-бір ғылыми еңбектің болмағанын қалай түсінуге болады? Адам экологиялық сауатсыздық негізінде тағы бір дертке – имансыздыққа шалдығады емес пе?

Шындыққа жүгінейікші. Арал теңізін бүгін-ертең құтқарып қалу мүмкін емес. Жарайды, Семейдегі жарылысты тоқтаттық, полигонды жаптық, халықтың тұрмыс дәрежесін жақсартта бастадық. Бірақ бұдан географиялық орта, жер қыртысы тазарып сала берген жоқ қой. Ол үшін ондаған жылдар керек... Жылдар... Жаңа экологиялық апаттардың алдын алу үшін, бәлкім, бізге тәуелсіз Қазақстан жағдайында сана-сезім мен дүниетанымды экологизациялаумен айналысу қажет болар. Адамның табиғатпен қатынасын жүйелеу де керек шығар. Өйткені қазіргі экологиялық апаттардың басты себебі, көбінесе жаратылыс қожасы – жұмыр басты пенденің экологиялық білімінің тайыздығынан ғой деп ойлаймын.

Қынжыларлық нәрсе балалардың басым көпшілігінің, балалар ғана емес үлкендердің де дені өз ауласының, өзі өскен ауыл, селоның экологиясын, жер аттарын, шөп, ағаш, құс, тағы басқа көптеген жанды-жансыз заттардың аттарын біле бермейтіні. Мұның өзі бір жағынан олардың тіл байлығына, сөз қорына керісінше әсер етсе, екінші жағынан баланың бойында айналадағы ортаға деген немқұрайдылықты қалыптастырады. Ойлап қарасақ, шәкірт мектеп бағдарламасы бойынша көзі көріп, құлағы естімеген аймақтардың жер қыртысы, әуе райы туралы оқиды екен. Бұл дұрыс-ақ болсын, оның білімін толықтырады, баланың дүниетанымын кеңейтеді делік. Ал оның керісінше өзі өскен, өзі тұратын жердің географиялық жағдайын, экологиялық халін мардымды біле бермейтінін қалай түсінуге болады? Осылайша өзінің туған ауданының, қаласының географиялық, экологиялық

және экономикалық жағдайы жайында ештеңе сезбейтін ересек адамдар пайда болады емес пе? Бұл шындық. Өкінішті, әрі жедел қолға алатын мәселе.

Қазір Қазақстан өз тарихындағы ең бір жауапты, қиян-қилы кезеңді басынан кешуде. Мұның өзі қоғамдық болмыс пен сананы айқындап, жетілдіре түсу үшін адам қызметіне байланысты барлық салаларды қатыстыруды талап етеді. Бұл аса маңызды іске қазақстандық қоғамтанушылар да тікелей ат салысуға міндетті. Өйткені, аса өзекті мәселелерге қатысты ғылыми дәйекті ұсыныстар жасап, тәуелсіз мемлекет тұлғасының сомдала түсуіне болысу қоғамтанушылар үшін абырой, әрі халық алдындағы, отан алдындағы парызын өтеу болып табылады. Қазақстандықтар тәуелсіз мемлекеттің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік-қоғамдық өміріне қажеттілерді егжей-тегжейлі әрі нақтылы, жете білуі керек.

Біздің бүкіл парасатымыз бен күш-жігеріміз, тәжірибеміз осы мақсатқа жұмылдырылуы шарт.

ЕЛДІК, БІРЛІК БЕЛГІСІ

Ұлттың ұлылығын, бірыңғай тектестігін, тұрақты қауымдастығын, елдігін, бірлігін аңғартатын белгісі – тіл десек, оның мәдениетін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын қалыптастырған да, оны ұрпақтан ұрпаққа алмастырып келген де осы тіл болып табылады. Тілі мен мәдениеті шалқыған халықтың ғана үні естіліп, даусы шығады. Бізден бұрын да талай халық тілінен айырылып, ел болудан қалған.

Оюын ойып,
Орындап қойып,
Түр салғандай өрнекке.
Қиыннан қиып,
Қыйырдан жиып,
Құрап сөзді термекке.
Еңбекке егіз,
Тіл мен жақ
Ерінбесең, сөйлеп бақ, –

деп Ахмет Байтұрсынов айтқан екен. Кешегі “бір тілде сөйлеуге неғұрлым жылдам жетсек, коммунизмге де соғұрлым жедел қадам басамыз” деген желбуаз сәуегейліктің арқасында бұрын екінің бірі шешен, жүздің бірі дүлдүл болған халықтың сөйлеу мәдениетінің жұқалана бастағанын, суырыла сөйлеп кететін азаматтардың азайып бара жатқанын қалай аңғармасқа. “Тіл – ел байлығы, ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ ардың... белгісі” (Мағжан), атадан балаға ауысып келе жатқан басты мұра болып табылады.

Жасыратыны жоқ, бүкіл елімізді былай қойғанда, Қазақстанның тарихы шырғалаңы жоқ даңғыл жолды, айдай анық, тақтайдай тегіс болған жоқ. Жұрттың биікке қол созып, қиынға құлаш ұрған шағында жетістік те, бұрмалаушылық та, бостан бос құрбандық та болды. Замана талабымен жаңа дәуір үдесінен шыға алмай орта жолда қалып қойдық.

Дегенмен, Октябрыден кейінгі өзгерістердің нәтижесінде бүкіл қазақ даласы қозғалысқа түсіп, бұрын болмаған экономикалық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерге қол жеткенін де естен шығаруға болмайды. Мұны бағаламау қазақтың кәдімгі “көрмес – түйені де көрмес” дейтінінің кебі. Рас, Ленин дүние салғаннан кейін социалистік құрылыс әкімшілік жүйенің беделге бағынған болмысымен қойындасып кетті де, Қазақстан өз жеріне, оның қойнауына, табиғат байлықтарына ие бола алмай, әлеуметтік енжарлыққа душар болды, экономикалық және парасаттық мүмкіндіктерін іске қоса алмай көптеген маңызды салалардан артта қалды. Қазіргі тіл мәселесінің жұрттың өз рухани дүниесіне ғана байланысты емес, тарихқа, экономикаға, экологияға, әлеуметтік және мәдени хал-ахуалға қатысты ой-сезімін оятып, делебесін қоздырып отырғанының басты себебі де міне осында.

Тіл – құрал дейміз. Құрал болғанда ойды жеткізудің ғана емес, тәрбиенің де құралы. Ана тілінде тәлім-тәрбие алған жеткіншек есейгенде өз халқына тән табиғи мінезді бойына сіңіре алмай қалуы мүмкін емес. Тілдің өзіндік ойлау жүйесінің өзі-ақ баланың сана-сезімін қазақы ұғымға бейімдей беретіні белгілі. Осы орайда ата жолын – асар-үмені, ерулікті, сыбағаны, “ауылдың алты ауызын”, қонақ кәдені, жол-жораны, жеңгелік парызды, келін ізетін, күйеу мізетін, сәлем салуды, басалқыны, көңіл айтуды, тағы басқаларды білген ұл мен қыз осындай ұғымдардың тек атын ғана жаттап алмай, затын да білетініне шек келтіруге болмайды.

Әңгіме ең алдымен от басына, әулеттік тәрбиеге байланысты болып отыр. Жалпы бізде жетіспейтін нәрсе көп қой. Соның ішінде дәл қазақ қауымына тікелей байланыстылары да аз емес. Біздің халықтың қанағатшылдығының өзі де көп тұста кежегемізді кейін тартқызып тұратын сияқты. Алыстағы ауыл-аймақты аралап жүріп, құла дүзде жападан-жалғыз отырған қойшының қараша үйіне бас

сұға қалсаңыз, “шүкір, әйтеуір, заман тыныш, аш емеспіз, балалар өсіп келеді” деген сыңайда жауап есітесіз? Сөйлесе келсеніз, теледидар көрмейтін, талайдан бері радио естімеген (батареясы құрғыр да таптыра бермейді), біраздан бері моншаға да түспеген болып шығады.

Тіптен өзгені былай қойғанда, 2-3 сиыры бар үйде айран, 4-5 биесі бар үйде қымыз бола бермейтіндігін, қолда барды пайдаланып, тамақ істеуді де ұқсата алмайтындықты қалай түсінуге болады? Бұл енжарлықтан туған жағдай.

Ал адамдардың ара қатынасын алсақ, туған-туысқанға мейірімділік, үлкенді сыйлау, кішіге – инабаттылық, уақыт өткен сайын ұлғая түсетін қарттарға деген қамқорлық халқымыздың ежелгі дәстүрінде болатын. Бұрын қазақта әке-шешесін немесе атасы мен әжесін қарттар мен мүгедектер орналастырылатын интернаттарға өткізу өте сирек кездесетін. Керек десеңіз қоғамға жат осындай пиғылға жол бергендер елден кетуге мәжбүр болатын. Ал қазір интернатқа орналасу үшін кезекке тұратындардың ішінде қазақтар аз емес. Сәбилер үйіне тапсырылып жатқан нәрестелердің де көпшілігі қазақ балалары. Сонда “Бесіктегі баланың күлгенін көрген бір ғанибет, алдына түсіп ананың жүргенін көрген бір ғанибет” дейтін қазаққа не болған?

Мұның бәрі біздің көп жылдар бойы тек шаруашылықпен ғана айналысып, тәрбие мәселесін өз бетімен жіберіп алғанымыздың салдары. Оның үстіне имандылық-эстетикалық тәрбие ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлерге, баланың өсіп-жетілетін ортасындағы жағдайға сай құрылмай келді. Жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің оянуына да, жалпыадамзаттық рухани қазына мен байлықтарды игеруіне де ықпал ете алмады. Жастардың көбінесе тарихты, мәдениетті, ана тілін білуге ден қоя бермейтіні, ізгі салт, әдет-ғұрып, дәстүрлерден беймағлұм болып өсетіні де міне осыдан.

Қазақстанның шығыс республикаларынан бірінші болып жеткіншек ұрпаққа – балабақшаға баратын кезден

он бір жылдықты бітіргенге дейін ұлттық тарихтан, халық әуезінен, билерінен, сәулет және бейнелеу өнерінен, әдет-ғұрып дәстүрлерінен толық мағлұмат беретін имандылық-эстетикалық және ғұрыптық тәрбие жүйесін құруға көңіл аудара бастағаны да осымен байланысты. Шүкір, жаңа бағдарлама, оқулықтар, оқу құралдары мен жабдықтары да жасалуда. Эстетикадан дәріс беретін мұғалімдер дайындау ісі де қолға алына бастады. Бұл салада бізде құрылған “Қазақ тілі” қоғамы, қайсыбір бейрәсім ұйымдар да пайдалы қызмет атқарып келеді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Советі қабылдаған Тіл туралы заң бойынша қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып жарияланды да, нақтылы шаралар жүзеге асырыла бастады. Қазақша тәлім-тәрбие беретін мектептер, бала бақшалар, жоғары және арнайы орта оқу орындарында қазақ тілінде бөлімшелер, топтар ашылуы да бір жүйеге түсіп келеді.

Тіл туралы заңға байланысты Қазақстанда жинақы тұратын ұлыстардың тілдері де олар қоныс тепкен аудандарда мемлекеттік қазақ және ұлтаралық орыс тілдерімен қатар жергілікті ресми тіл есебінде емін-еркін пайдаланылып, кәдеге жаратылатын болды. Республика мектептерінде неміс, корей, месхеттік түрік, қырым татарлары, шешен, дұнған, грек тағы басқалардың тілдерінде мыңнан астам кластар мен факультативтер жұмыс істеуде. Алматыда ұлт тілдерін үйрететін орталық құрылмақшы. Мәселенің бұлай қойылуы – мемлекеттің қазіргі кезеңдегі ұлт саясатына сәйкес әрбір халықтың ұлттық мүдделерін көздеуден туған жағдай.

Тіл туралы заңды жүзеге асыруға орай істеліп жатқандарға байланысты біреулер: “Ой, рахат боп қалды, жаңадан мектептер, балабақшалар ашылды, автобус, троллейбус аялдаманы қазақша хабарлайтынды шығарды, ана тілімізде қысылмай-қымтырылмай сөйлейтін болдық”

десе, екінші біреулер: "Өзгеріс шамалы, тіптен, "Қазақ тілі" қоғамынан да ештеме шықпайды" дейтін ұқсайды. Меніңше, дәл қазір бөрікті аспанға лақтыра қуанудың да, ауызды қу шөппен сүртіп, сарыуайым сапыра берудің де жөні жоқ.

Мәселенің анық-қанығына жүгінсек, Заң қабылданғалы бері бұл бағыттағы жұмыс шын мәнінде босаңси бастаған сияқты. Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін денсаулық сақтау, халыққа қызмет көрсету, транспорт пен байланыс, сауда жүйесіне ендіру мәселесінде республикалық министрліктер мен мекемелер, жергілікті орындар, қоғам ұйымдары мен еңбек коллективтері мардымды жұмыс істеп отыр деп айта алмаймыз.

Министрліктер мен концерндердің басым көпшілігінде, жергілікті орындарда шешендерді қазақша сөйлеуге дағдыландыруға, азаматтарға шағым тілімен жауап беруге, іс қағаздарын, жарнама материалдарын, нұсқаулар мен ұсыныстарды қазақшаға аударуға мән берілмей келе жатқаны белгілі болып отыр.

Тілге бүкілхалықтық ынта-ықылас пен мемлекеттік қамқорлықтың ауадай қажеттігінің өзі осыдан-ақ көрініп тұрған сияқты. Қазақ тілі 20-шы жылдарда да мемлекеттік тіл болып жарияланғанды. Бірақ өсіңкілік пен қайтымсыздық болмағандықтан ол іскер қауымның, ғылым мен техниканың тілі дәрежесіне көтеріле алмай тұрмыстық деңгейде қалып қойды. Оны ендіруге келгенде жауапкершілік жетіспеді. Сол жылдары Жүсіпбек Аймауытов секілді көзі ашық азаматтардың орысша оқулықтар мен кейбір еңбектерді қазақшалап, тілімізді жаңа сөздермен, терминдермен байытуға күш салғаны рас. Бұл салада әсіресе Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі айырықша болған.

Осындай игілікті іс 30 жылдарда мүлдем тоқтап қалды да, қазақ тілінде іс жүргізуді былай қойғанда, оқулықтардан басқа жаратылыстануға, техникаға, өнеркәсіпке, ауыл

шаруашылығына, сауда-саттыққа байланысты әдебиет шықпайтын болды. Сөйтіп, мемлекеттік тілге ауадай қажет бір тармақ – ғылыми және техникалық тіл дамымай қалды. Ал, әдебиет пен өнер, тіл білімі саласында шығарылған азды-көпті еңбектер қазақ қоғамының, оның тілінің жан-жақты дамуына ықпал ете алмады. Тегі осының кебі қайталанбаса игі еді.

Ашығын айтсақ, қазақ тілінің қазіргідей мүшкіл хәлге жетуіне тек үкімет орындары ғана емес, ғалымдар да кінәлі. Мәселен, математика, механика, биология, физика, химия, медицина, тағы да басқа салалардан қазақ тілінде жазылған әдебиеттің тапшылығынан ғылым мен техникадан оқулықтар көлемінде ғана мағлұмат алған баланың ой-өрісінің бүгінгі күн талабына сәйкес келе бермейтіні белгілі. Ғылыми-техникалық мамандықтарға қазақ жастарының сирек баратыны, ауылда өскен жігіттер мен қыздардың өздерін үйреншікті кәсіпке – малшылық пен егіншілікке арнайтыны да осыған байланысты. Бұл халықтың парасаттылық, ғылыми-жасампаздық мүмкіндігін, қабілетін, келешегін тарылтатын жағдай. “Қазақтар техникаға бейімсіз” деген елдің ар-намысына тиетін теріс ой да осыдан туған.

Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар бойынша қазақша терминология жасалмағандықтан, қазір біз жоғарғы және арнайы орта оқу орындары үшін тіл мен әдебиеттен басқа төлтума оқулықтар жасай алмай келеміз. Мектептерге арналған аударма оқулықтардың да сапасы мәз емес. Мұндай жағдайда студенттер мен оқушы жастардың қаншалықты терең білім алып шығатыны айтпаса да түсінікті.

Мұның бәрі, сайып келгенде, жастарда жұмысшы пиғылын қалыптастыруға, индустриалдық қазақ жұмысшы табының кеңінен орнығуына кесірін тигізіп келе жатқан жағдай. Ал индустриалдық жұмысшы табы дегеніміз ұлттықтың негізгі белгісі, ол жоқ жерде ұлт

та жоқ. Бір өкініштісі, қазақ тілін қолдану аясының тарлығынан ауыл жастарының аса зор кәсіби шеберлікті талап ететін индустриалдық еңбекке етене болмай өсіп келе жатқандығы. Қазір қазақтың үлесі өнеркәсіпте – 20,4, құрылыста – 21,3, транспортта -28,2 процентке тен. Егер оның республика халқының 40 проценттен астамын құрайтынын ескерсек, бұл көрсеткіш екі есе төмен болып шықпай ма? Мұның барлығын былай қойғанда, қазақ жұмысшыларының басым көпшілігінің өнеркәсіптің “Б” тобында, құрылыста, транспортта еңбек ететіндігін қалай ұмытарсыз. Бұл салада бағдарлама ғана емес, материалдық ресурстармен қамтамасыз етілген, ғылыми жағынан дәлелденген мемлекеттік саясат қажет-ақ.

Соңғы кезде онда-мұнда қайтадан көріне бастаған руға, жүзге бөлінушілік, мұны да айту қажет, жерлесшілдік, тамыр-таныстық пиғылдың өзі тілдің жан-жақты дамуына кесірін тигізіп отыр. Өйткені қазақтың әдеби тілін әркім өз аулына қарай тартқысы келеді. Бір облыста жоқ сөзді, егер ол жергілікті халықтың кәсібіне, іс-қаракетіне, тұрмысына байланысты болса, екінші облыстан тауып алғанның сөлекеттігі жоқ. Оған мынау батыстікі, немесе, мынау оңтүстіктің сөзі деп айдар тағудың да қажеті жоқ. Ортақ термин, балама сөздер қалыптастыру жағын көптеп ойластыратын уақыт та жеткен сияқты. Қазақстан Ғылым академиясының жалпы жиналысында қазақ тілін ғылымның әр түрлі салаларында кеңінен қолдануды дамытуға байланысты мәселе қаралғаны құптарлық. Бұл орайда бізге тек мемлекеттің ғана емес, мұғалімдер мен ғалымдардың, жазушылар мен өнер қайраткерлерінің, қалың жұртшылықтың іс-қаракетіне да баса назар аударған жөн. Басқаны, мысалға, іс жүргізуді, халыққа қызмет көрсету, байланыс, сауда, транспорт жүйесін, тағы да басқаларды /олар бола жатар, бұған кәміл сенуге болады/ былай қойғанда, ең алдымен істі “от басы-ошақ қасынан”, мектептен, балалардың абайы мен ұғымын,

сөз құрастыруы мен жазуын ана тілі дәстүрлеріне сай қалыптастырудан бастаған жөн.

Ана тілін кастерлеудің бірден бір тиімді жолы жұрттын сөйлеу мәдениетін жетілдіре түсу. Өз басым мақалдап-мәтелдеп сөйлеу мәнерімен жұртты тамсандырып, татаусыз сөз маржанын төге алатын шешендерді қадір тұтамын. Байқап құнттайтын тағы бір жағдай бар. Егер құлақ қойып тыңдасаныз, қазіргі жұрттың бәрі “қайда ғалды” демей “қайда қалды”, “ала-ғұла” демей “ала-құла” деп қақалып жатады. “Адал гөңүл” деудің орнына “адал көңіл”, “аз- ды-гөпті” деудің орнына “азды-көпті” дейді. Сол сияқты “зая гетудің” орнына “зая кету”, “зәбір гөрүдің” орнына “зәбір көру”, “алыс-шұлыс” емес “алыс-жұлыс”, “ән-гүй” емес “ән-күй”, “бопты” деместен “болыпты”, “кепті” деместен “келіпті”, “Амангелді” деудің орнына “Аманкелді” дейтініміз тағы бар.

Қысқасы, бізде орфоэпияның қарапайым заңдылықтары сақтала бермейді. Қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық өлшемінің біркелкі қалыптасуына ғасырлар бойғы ауызекі сөйлеу дәстүрі, дастан-жырлардың атадан балаға ауызекі жеткені ерекше әсер етсе, тіліміз кітап пен газеттің тіліне айналғалы оның өзіндік нәш-нақышы азайып бара жатқан сияқты.

Басқа-басқа, теледидар мен радиода сөйлейтіндер, тіптен дикторлардың өздері талай тұста сөздің сазын бұзып айтатын болып жүр. Демек, өзге шаралармен қатар орфоэпия заңдылықтарын қалың қауымға түсінікті тілмен ұғындыратын көпшілік қолды еңбектер жазуды естен шығаруға болмайды. Москва баспаларынан “Говори правильно” атты сөздіктер жиі шығып тұрады. Теледидар мен радио да орысша дұрыс сөйлеуге үйретіп жатады. Бізде де солай етуге болмас па еді? Мұны да ойланған жөн, ағайын.

Тағы бір айтатын нәрсе – өз тілін менсінбейтіндердің өзгені де жарылқай қоймайтыны. “Қазақ тілінің болашағы

жок” деп қара аспанды суға алдыратындар да, түк білмесе де білгенсіп мүләйімситіндер де осылар. Бірде мен Жайық өнірінде болғанымда орысшатықылдаған бір бикеш (шамасы, ана тілінен бейхабар болса керек) “осы біз оңтүстіктің тілін түсінбейміз” деп салғаны. Ең болмаса Қызылорда, Шымкентте немесе Жамбылда болып, ондағы қазақтармен тілмәш арқылы сөйлескен болса бір сәрі! Бірде Семейде болған кезімде егде тартқан кісіден “Жетісудың қазақтарын адам түсініп болмайды, олар тараншы боп кеткен” дегенін де естігенім бар-ды. Сонда осы жұрт Ақтамбердінің, Мәделінің, Жамбылды былай қойғанда Сүйінбайдың, Майлықожанын, Шәдітөренің, Молдамұсаның, Тұрмағамбеттің тілін, кеңесбаевтардың, балакаевтардың, кайдаровтардың жиған-тергенін қалай түсінген? Бас аяғы он миллионға жетер-жетпес халық бола отыра, осындай күнкіл сөздерді қоятын уақыт жеткен жок па?

Өз басым қазақ тілінде диалект болмаған деген пікірді қостаймын. Бұл үшін біз бірі мен бірі үнемі араласып, шетіне жау тисе жапырыла көшетін бұрынғы көшпелі елдің өміріне, жеті атаға дейін туыстық байланысы бар қауымдастықтың ішінде бір-бірімен қыз алысуға болмайтын экзогамиялық неке қатынастарына міндеттіміз. Ал тілдегі кейбір жерлерде кездесетін аздаған айырмашылықтар, жекелеген сөздер егіншілікке, жергілікті халықтың кәсібіне, тұрмыс-салтына байланысты пайда болған. Бір қызығы – айналымға қосыла солардың көбінің әдеби тілдің сөздік қорын байыта түсетіндігі. Бірақ оларды пайдалануға келгенде қазақ пиғылындағы жершілдік нышаны көріне кететіні бар. Егер басқа жерде кездеспейтін, бірақ әдеби тілді байытуға көмегін тигізетін сөздерді пайдаланып, көпшіліктің кәдесіне жарата берсек мұның қандай өрескелдігі бар?

Қазақ тілінің ұлан-ғайыр қазынасы қалай насихаттауға да тұрарлық. Соңғы оныншы томы осыдан біраз жыл бұрын жарық көрген “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі”

шын мәніндегі баға жетпес байлық, ана тілінің еңселі ескерткіші. Он томда 66 мың 931 атау сөз, 24 мың 498 фразеологиялық тіркес, олардың барлығын қосқанда 91 мың 428 лексикалық- фразеологиялық мән қамтылып, оларға 103 мың 627 түрлі сараланған мағыналық сипаттама берілген екен. Осындай он томдық сөздік жасалған ширек ғасырдай уақыт ішінде тіл ғылымының едәуір есейгені, әсіресе оның лексикографиясының осы заманғы ғылым мен техника мағлұматтары арқылы молая түскені белгілі. Он томдыққа енбей қалған сөздер қаншама.

“Қазақ әдебиетінің” бір санында Балғабек Қыдырбекұлының “Сөз туралы сөз” деген мақаласы жарияланды. Сондағы “пәйкелді” (маралдың тайыншасы)де, “нұғараны” (дабылдың былғарымен қапталған түрі) да, “шіленгерді” (“ұста”, “шебер”, “дәнекерлеуші” деген сөздердің баламасы) де, “күрікті” (ортаға шығарып ат сынайтын шенбер) де он томдықтан таба алмайсыз. Менің өзімде бұрын қазақтың ханзадалары киген зерлі қалпақтың “Мұрақ” деп аталатынын осы кісіден сұрап, біліп алғаным бар еді. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Лексикографияны жүйелеу, оған мың-мыңдаған дәйексөздерді жадында сақтай алатын бүгінгі компьютерлік техниканы іске жегу қажет-ақ. Сонда ары кеткенде сегіз-он жылдың о жақ, бұ жағында қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің тағы бір нұсқасын жасауға болар еді. Ол, бәлкім, он бес, тіпті одан да көп томды болар. Таңдау мүмкіндігінің молырақ болатынын ескерсек, Тіл білімі институтының қорындағы дәйексөздер ол кезге дейін қазіргіден бір жарым, екі еседей өсетіні анық.

Шүкір, ақын-жазушылардың бүгінгі туындыларында қазақ тілінің небір қиыннан қиысып, төгіліп тұратын әдеби орамдары, қайырым, қағыстары жиі кездеседі. Ал ғылым мен техникаға, шаруашылық терминдеріне келгенде сүрініп-қабына береміз. Мұны кібіртік сөйлемдермен сірестіре аударылған мектептерге, арнайы орта және

жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардан да көріп жүрміз.

Сондықтан да мектептерге, арнайы орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардың жатық та түсінікті болып аударылуына, қазақша дүниеге келетін төлума оқулықтарға, ғылыми еңбектерге бас-көз болу – Қазақстан Ғылым академиясы атқарар басты шаруа. Бұл бағыттағы ізденісіміз жемісті болса қазақ тілі соны өрістерге шығуға, күнес биіктерге көтерілуге мүмкіндік алар еді.

Тіл туралы Заңға орай жұмысын жандандыра түсетін саланың бірі – терминология. Терминкомды алғаш ұйымдастырып, жұмысын жолға қойып берген Құдайберген Жұбановтың игілікті істерін еске алғанда бәрінен бұрын 1934 жылы Алматыда мәдениет қайраткерлерінің съезі шақырылып, онда термин қабылдаудың негізгі қағидалары белгіленгенін айтар едік. Сол съездің қарсаңында 10 мыңдай (!) термин жиналып, тұңғыш рет ресми түрде қабылданған. Қазірде осы тақырыпқа бір алқалы жиын өткізіп, қордаланып қалған мәселелерді ақылдасып алудың реті келген сияқты. Оның үстіне термин қалыптастыруға, сөздерге балама табуға қазір барша қауымды қатыстыруға болады. Бірде “Егеменді Қазақстан” “Сөз сыры” деген бір жақсы айдар ашып, терминді аудару жөнінде ұсыныс айтқан оқырман хаттарын жариялаған еді. Шынында “светофорды” – “бағдаршам”, “спонсорды” – “демеуші”, “юбилейді” – “мерейтой”, “цитатаны” – “дәйексөз”, “дискуссияны” – “пікірталас”, “комплексті” – “кешен”, “композицияны” – “көшен”, “комплектіні” – “кешек” деп алсақ қонымды-ақ болар еді. Көп болып кеңессек, сөздердің мұнан да сәттірек баламаларын табарымызға күмән жоқ.

Ісләм Жарылғаповтың жалғыз өзі тапқан “балмұздақ”, “аялдама”, “шеберхана”, “суреткер”, “қаламгер”, “жағажай”, “акқайнар”, “теледидар”, “басылым”, “қазанама”, “азагүл”, “ілдірік”, “балабақша”, “оқырман”, “көрермен”, сыяқты мәйекті сөздерін еске алайықшы. Қолына қалам ұстап, сөз

індеткен әрбір азаматтан осындай сөздер халыққа сіңісіп жатса қандай жақсы!

Тағы бір ескеретін жағдай – қазақ тілінде шығарылатын ғылыми әдебиеттің тапшылығы. Академия бойынша жарық көретін монографиялардың, ғылыми мақалалар жинақтарының жалпы көлемінің 10 проценті ғана қазақша басылады екен. Оның өзі де негізінен әдебиеттану мен тіл біліміне арналады. Тарих, философия, юриспруденция, социология, экономика саласында қазақша жазылған кітаптар ілуде бір кездеседі. Қосымша қиыншылық – дәл осы бүгін қазақша басылымдардың үлес салмағын күрт арттырып жібергеннің өзінде ғылыми еңбектерін қазақша жазатын немесе оларды біліктілікпен редакциялай алатын адамдардың аздығы. Меніңше, Академия үшін тығырықтан шығудың бірден бір жолы – халық ағарту, баспа және ақпарат құралдары министрліктерімен бірге ғылыми үйлестіруші орталық құрып, мектептерге, арнайы орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын, оқу-тәсілдік, ғылыми-көпшілік әдебиет шығару ісін, оның үстіне Тіл білімі, Әдебиет пен өнер институттарының күшімен қолма-қол аудармашылар дайындау ісін қолға алу.

Міне, осылайша, қазақ тілі мәселесі сырт қарағанда жай ғана шаруа болып көрінгенімен, оның мемлекеттік деңгейдегі маңызы біз ойлағаннан әлдеқайда терең. Демек, мемлекеттік тілге немқұрайды қарауға болмайды. Оны орнықтыру үшін құр қаулы қабылдап, заң бекіту жеткіліксіз.

Қоғамдық ойдың соңғы кезеңдегі даму үрдісі қазақ халқын да алғашқы бастауларына қайтып оралта бастады. Республикада осы уақытқа дейін шешімін таппай келе жатқан қазақ тілін дамыту кеңістігін жасау ісі қолға алынса, елдің өзіндігін, жасампаздық рухын, дәстүрлі мәдениетін сақтап қана қоймай, оларды қарыштата дамытуға тікелей жол ашылар еді.

АБАЙҒА ТАҒЗЫМ ЕТЕЙІК, ХАЛАЙЫҚ!

Жана мыңжылдықтың табалдырығын аттардан біраз бұрын біз, әрқайсымыздың жан-жүрегімізге алуан кырлы гауһардай шапақ атып, жақсылық, ізгілік нұрын себетін мәңгілік тұлға – ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойын өткізетін боламыз.

Абай – теңдесі жоқ ақын, аса дарынды композитор, асқак ойшыл философ, қай жағынан алғанда да жаңашыл, реформатор, халқымыздың отандық, керек десеніз, дүниежүзілік өркениет тарихынан ерекше орын алған топжарғаны. Абай – жаңа әдебиеттің, қазақтың қазіргі әдеби тілінің негізін салушы, ұлы ағартушы, тарихшы, сынгер сезімді оятушы. Міне, осының бәрі Абайдың бір бойына сыйып та, жарасып та тұр. Ал енді “Осыншама құдірет бір кісінің бойына қалай дарыған? Оған не себеп?” деген сауалдың тууы да заңды. Меніңше, оған бірнеше себеп бар. Абай өмір сүрген мезгілде Қазақстан Россияға толығынан қосылып біткен, патша өкіметі қазақ елін отарлау үшін сахараға біраз өзгерістер әкелген қалалар мен қамалдар салған, сауда-саттықты кеңейтіп, мектептер мен медреселер ашып, газет-журналдар мен кітаптар шығара бастаған.

Қысқасы, қазақ қоғамы ХІХ ғасырдың екінші жартысында түгелдей қозғалысқа түсіп, жаңғыруды басынан кешіп жатты. Бұл кезең орта ғасырлардан кейінгі бейне бір ренессанс дәуірі сияқты еді. Мұндай тұста тарих айдынына ұлы қайраткерлер шығатыны белгілі. Міне осылайша Абайды тарихи қажеттілік өмірге алып келді. Сондықтан да Абай шығармашылығы ренессанстық сипатқа ие. Егер ренессанс болуы үшін ежелгі дүние мәдениетінің элементтері бой көрсетуі керек десек, Абайда бұл да бар. Алғашында медреседе Физули, Шәмси, Сәйхалиді, Навои, Сағди, Фирдоусиді, Қожа Хафизді пір тұтқан Абай, кейіннен орыс тілі арқылы Сократты,

Аристотельді оқып, көне Грек тарихы мен мәдениетімен, ежелгі перпатетиктердің философиясымен танысады. Оларды өз шығармаларына арқау етіп, өз пікірін білдіріп ой қосады. Ол Шығыс ренессансының алтын діңгегі саналатын классикалық поэзия мен ислам пәлсапасын, әсіресе суфизмді, мағрифат, шарифат, тарихат, хақиқат деп бөлінетін таным сатыларын толық меңгереді. Бұл жайында ақын өз ойларын поэзияда да, кара сөзде де ортаға салып, олардың кейбір қағидалары бойынша пікір таластырады.

Абайдың басты ерекшелігі – көне заман тарихын, Шығыс пен Батыстағы ренессанстың, одан кейінгі жаңа заман мәдениетін біліп, олардың өресінен қазақ санасына жаңа идея, ой-пікір әкелгендігі. Аристотель, Платон, Сократ, Фараби, Фирдоуси, Низами, Иасауи, Гете, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Крыловтар Абай үшін тек ұстаз ғана емес, сонымен қатар пікірлес ойшылдар, сырлас достар, ал кей тұста өнер сайысына түсіп, күш сынасатын сөз зергерлері.

Бұл бірінші себеп десек, екінші себеп, әрине Абайдың табиғи дарыны мен кемеңгерлігі. Оның әулетінде үлкен дарындылық болғанын атасы Ырғызбай мен әкесі Құнанбайдың, нағашы жұртынан шыққан шешендер мен өнерпаздардың іс-қаракетінен, Абайды тәрбиелеп, өсіруге деген үлкен қамқорлықтан көруге болады.

Үшінші себеп дегенде Абайдың өз басының көп ізденіп, көп оқып, көп тоқығанын айту керек. Мұхтар Әуезов Абай шығармашылығының үш қайнар көзі бар, бірі – қазақ фольклоры мен әдебиеті, екіншісі – Шығыс әдебиеті, үшіншісі – Орыс және Батыс әдебиеті деген екен. Міне, осы үш саланы ол өмір бойы танып-іздеумен болған, оларды бір-бірімен шебер ұштастыра, толықтыра білген.

Әрине, бұл айтылғандар Абай құдіретін толық айқындай алмайды. Дегенмен, Абайды түсіну үшін осындай бір талпыныс керек сияқты. Жасыратыны жоқ, біз осы уақытқа дейін Абайды көбінесе ұлы ақын, ағартушы-

демократ деп есептеп, оның шығармашылығын таптық түсінік тұрғысынан ғана бағалап, ауқымын тарылтып алдық. Ақиқатына жүгінсек, Абай тек ағартушылық идеямен, демократтық бағыттағы өлеңдер шығарумен шектеліп қойған жоқ. Ол өз кезіндегі қоғамға ғана емес, бүкіл адамзатқа қатысты келелі мәселелерді қамтыған суреткер.

Басқаша айтқанда, Абай – шын мәніндегі жаңашыл тұлға. Ойлап қарасақ, ол қамтымаған сала жоқ сыяқты. Поэзия, музыка, философия, өнер, тарих, этнография, эстетика, педагогика, дін тағы басқа салалар... - міне, бұл шын мәніндегі энциклопедиялық сипат емес пе? Олай болса біз ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына дайындық барысында Абайды өзімізге де, өзге жұртқа да танытуға тиістіміз. Абай сияқты ұлы тұлғаның алатын орны әр ұрпақтың уақыт талабына сай, өзіне қажетті нәрді онан алып отыратындығынан көрінеді. Осындай өлшеммен қарасақ, біз Абайдан қазір өзімізді толғантып отырған көптеген мәселелерге де жауап табамыз. Оның бізге қалдырған мұрасында жалпыадамзаттық игі қасиеттер де мол қамтылғанын көруге болады. Мысалы, біз үшін, жеткіншек ұрпақ үшін аса қажетті болып отырған имандылықты алайық. Парасатпен пайымдай білген жан Абайдан бұл орайда да өзін толғантқан талай сауалға жауап таба алады.

Абай тойына дайындық ерте бастан қолға алынып отыр. Мұндай ауқымы ұлан-ғайыр игілікті істі қазіргіден де ертерек бастау керек еді. Шоқан Уәлихановтың 150 жылдығына әзірлік мерейтойға бір жарым жыл қалғанда басталып, біраз жұмыс көңілдегідей шықпаған-ды. Дегенмен енді уақытты өткізіп алмай, көздегенімізді жүзеге асыра берсек, қалған төрт-бес жылда талай шаруаның басын қайырып тастауға болады-ау деп ойлаймын. Оның үстіне біз істі тақыр жерден бастап отырған жоқпыз. Шүкір, ұлы ақынның атын ардақтап, еңбегін дәйім елге танытуда

халқымыздың ұлы перзенті Мұқтар Әуезов салып берген сара жол бар. Бұл саладағы Мұқтар Әуезов өнегесінен тағылым ала білсек көп шаруамыз жөніне келмек.

Абай жайында сөз қозғала калса жұрт ақын шығармаларының өзге тілдерге, әсіресе орыс тіліне көңілдегідей аударылмай жүргенін айтып жатады. Бұл олқылықтың орнын толтыру келер күндердің маңызды бір міндеті. Дегенмен Абай ең алдымен қазақтың Абайы болғандықтан ақынды әуелі өзіміз танып-білуіміз қажет-ақ. Негізгі мақсат – оны туған халқының шын мәніндегі жан серігіне, сырласына, ақылшысына, демеушісіне, әділ қазысына айналдыру. Ұлы тұлғаның туындыларынан елдің рухани жан-дүниесін байыта түсетін қасиеттерді қапысыз танып, оның сезімін сұлуландыруға, ойын оятуға, сонымен бірге бүгінгі қилы-қилы жағдайдың шиеленісіп жатқан түйіндерін тарқатуға пайдалана білу. Талайымыздың ой-сезімімізде Абай қалдырған ізгілік іздер сайрап жатқан сыяқты. Бұл – Абайды оқудың арқасы. Ал Абайды оқымаудың, оқыса тоқымаудың салдары қандай? Бүгінге дейін өзіміздің болмысымызда, ұлттық пиғылымызда, әлеуметтік өмірімізде, күнделікті тыныс-тіршілігімізде кездесе беретін, жанымыздан қалмай, исі қазақты жегі құрттай жеп келе жатқан мерездердің талайы осы Абайдай асылдың бағасын жете білмеуден, одан тағылым алмаудан десек асылық болмас еді. Яғни, ақын ата алдындағы перзенттік парызымызды ақтаудың негізгі жолы да – Абайды бүгінгі ұрпаққа жаңа қырларынан жарқырата көрсету, соны қасиеттерін таныта білу, оның өсиетіне адал болу. Сайып келгенде ауызбіршіл, инабатты, еңбек сүйгіш, бауырмал, достықты төбесіне ту етіп көтерген жаны ізгі, іргелі халық екенімізді күнбе-күнгі ісімізден таныту.

Сонда ғана “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз ауызыңа түсті-ау мұртың” – деп күңіреніп өткен Абайдай дананың аруағы разы болмақ. Осындай парасат биігіне ұмтылмасақ, Абай ұрпағы деген

қасиетті ұғымның өзі әрқайсымызға салмақ салып, жауапкершілік жүктейтінін жан-тәнімізбен сезінбесек, ақынға қанша жерден ескерткіш тұрғызып, есімін талай қаланың көшесіне беріп, кітабын қанша тілге аударсақ та мерейтойға байланысты тындырған шаруамыз шамалы болатыны анық. Осыны есте ұстайықшы, халайық.

Әрине, бұл айтылған ойлардан ақынның мерейтойына байланысты әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізудің мән-маңызы бір елі де төмендемек емес. Абайдың 150 жылдығына орай оның туған жерінде Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық “Жидебай-Бөрлі” музей-қорығы ұйымдастырылды. Бас-аяғы он мың гектар жерді алып жататын осы қорыққа берілген аймақта Абай заманындағы табиғат, тарихи ескерткіштер, олардың Мұқтар Әуезовтың “Абай жолы” романында көрсетілген оқиғаларға байланыстылары толығынан қалпына келтірілуге тиіс. Әсіресе Абайдың Жидебайдағы үй-жайы, ұлы ақынның зиратымен, оның әке-шешесі, ақындық мектебін құрағандардың мүрделері қайта жөндеуден өткізіліп, үстіне белгі-құлпытастар қойылатын болады. Қарауылда көпшілік жиындары өткізілетін арнайы амфитеатр салынуға тиіс. Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық музейі толық қалпына келтіріліп, оның экспозициясы қайта түзілетін болады. Музейдің ауласына Абай оқып, тәлім-тәрбие алған Ахмет-Реза медресесінің үйі көшіріліп, онда “Абай және Шығыс поэзиясы” атты экспозиция орналастырылатын болады.

Қарауыл селосын, Қарауыл-Жидебай-Бөрлі-Семей тас жолын толық жөндеуден өткізіп, көгалдандыру үшін Семей облысының Абай ауданында Қазақстан Ғылым академиясы Ботаника бағының бөлімшесі құрылмақ.

Міне, осылайша қарастырылып отырған іс-шараларын мұнан әрмен жалғастыра беруге де болады. Дегенмен,

олардың бәрін көзінен тізіп шығудың қажеті бола қоймас деп ойлаймын.

Әрине, мұндай іргелі іске қыруар қаржы керек. Республика үкіметі осы мерейтойды өткізуге қанша қаражат қажет екендігін анықтап, Қаражат министрлігіне тиісінші тапсырма берген. Мәселе үкімет бөлген қаржыны орнымен, жөнімен пайдалануда, атқарылған істі жарқыратып көрсете білуде болса керек.

Біз Абайға жаңғыру заманының жаңаша биігінен қарап, тағзым етуге міндеттіміз. Өйткені Абай мұрасының ағартушылық сипатын тым баса айта бергендіктен оның шын мәніндегі ұлылығын танытатын қырлары қағажу калып бара жатқан сияқты. Біле білсек Абайды оқудың өзі адамға бір сын. Кезінде Ахмет Байтұрсынов: “Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда”-деген екен. Ашығы керек, дәл бүгін де осыдан озып кеткеніміз шамалы. Көп жұрт Абайды мектеп хрестоматиясындағы өлендері арқылы ғана біледі. Жаның тілеп қайталай оқып отырмаған соң, Абайдай асқар асу өзін алдыртар ма? Сонан барып Абайдан қалайша ақыл күтеміз. Теледидарға жиі шығатын кейбір әдебиетшілердің айтқанына қарасак, Абай кәдімгі дидактиканың ақынындай ғана болып көрінеді. Әлдеқашан қанатты сөзге айналып кеткен он шақты шумакты жаттап алып қайталай бергеннен Абай поэзиясының тұңғыық тереңдігі таныла қалмак емес. Шын ұлылық күрделіліктен көрінеді, карама-қайшылық арқылы ашылады. Әсіресе кара сөздерінде Абай, бірімен бірі шарпысып, қиылысып жататын талай-талай философиялық ағымдарға бой ұрған.

Жүрегінің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла, –

дейді ақын. Қазақ қауымының дәл қазіргі даму сатысында Абай жұмбағын шеше қоямыз деу асылық та шығар, дегенмен сол биікке ұмтылмасқа болмас. Сондықтан да Мұхтар Әуезов дүние салғалы бәсеңсіп қалған Абайтану тың серпінмен дамыса дейміз. Ой тұсауы алынған қазіргі тұста Абайды қайтадан қолға алсақ тек ұтарымыз анық.

Абай құдіретінің қыры да көп, сыры да көп. Түсінген адамды Абай ой-өрісінің кеңдігі қайран қалдырады. Бір мысал келтірейік. Ағылшын саяхатшысы Джордж Кеннан 1906 жылы шыққан “Сібір және қоныс аударушылар” деген кітабында Абайдың философияны егжей-тегжейлі зерттеп жүргенін, Милль, Бокль, Дрэпер сынды авторларды түгел оқығанын, тіпті оның Дрэпердің “Европа ой-өрісінің өркендеуі” атты кітабы бойынша қатарынан екі түн (!) өзінен “емтихан” алғанын жазған. Ақын шығармашылығына Батыс және Шығыс әдебиетінің терең мағыналы эсерін былай қойғанда, төл топырағы – қазақ фольклоры мен әдебиетінің шешуші ықпалы да көңілдегідей ашылмай жүр. Бұл орайда, Абайдың алдындағы “зар заман” ақындарын да зерттемей болмайды. Абайдың исламиятқа қатысы, философиялық, саяси-әлеуметтік, педагогикалық, эстетикалық, мінез-құлықтық көзқарастары да қозғаусыз жатқан бір әлем.

Кезінде әртүрлі себептермен ойдағыдай зерттелмеген Абайдың ақындық мектебі деген үлкен сала тағы бар. Күні кеше ортамызға қайта оралған Шәкәрімнің шығармашылығына Абай ықпалы да түрен тимей тың жатқан тақырып. Мысалы, “Дубровский әңгімесіндегі” “Ат быр-быр, арба күр-күр, қоңырау шылдыр” деген жалғыз жолдың өзінде қаншама жанды сурет, қимыл-қозғалыс, қандайлық ішкі ырғақ, әуезді әуен бар деп

таң-тамаша қаласың. Осындай ерен шеберліктің бір ұшы Шәкәрімнің рухани әкесіндей болған Абайда жатса керек. Атышулы “Алашордаға” жанап кеткені үшін-ақ атымен ауызға алынбай қалған Абай шәкірттері қаншама! Оларға да өзіне лайық бағасын беру керек. Жалпы рухани түп-тегін таппайынша, әдеби дәстүрін танымайынша, ақындық айналасын ашпайынша Абай бар қырынан көрінбек емес. Тағы бір айтатын нәрсе - ақын шығармаларын текстологиялық тұрғыдан мұқият зерттеу қажеттігі. Әлі күнге әр басылымда әртүрлі алынып жүрген шумақтар баршылық. Өскен, өркениятты елдерде Абайдай ақындарының бір сөзі қате көшірілсе қып-қызыл дау болады. Ал бізде бұл мәселеге баса назар аударыла бермейді. Абайдың бастапқы түпнұсқасын қалыптастыру керек-ақ.

“Сөзіне заман-дәурен шегі жоқ” Абайдың қадір-қасиетін халқымызға, елімізге, қала берді шет жұрттарға танытуда әдебиетші, өнер қайраткерлерінің, баспасөздің орны, әрине, бөлек. Абайдың “Ескендір”, “Масғұт”, “Әзім әңгімесі” поэмалары бойынша қысқаметражды фильмдер түсіру, ақынның өмірі мен шығармашылығы жөнінде деректі фильм жасау, орталықтағы газет-журналдар, теледидар мен радио үшін мақалалар мен хабарлар, тақырыптық бейнелі кассеталар әзірлеу, театр қойылымдарының, әуезді туындылардың фестивалін өткізу қажет. Абай өміріне қатысты деректер жинайтын далалық экспедициялар, бейнелеу өнерінің көрмелерін ұйымдастыру, әсем безендірілген мерекелік басылымдар шығару сияқты талай шаруа көзделіп отырғаны құптарлық.

Жалпы, Абайдың мерейтойы барша суреткер қауымның шабытына шабыт қосып, әр салада дарынды туындылардың дүниеге келуіне себепкер болады деп сенеміз. Ойлап отырсақ, ақынның әр өлеңі тұрмақ, әр шумақ, тіпті әр жолының өзінен терең-терең ой туындатып, қилы-қилы қиял қозғауға, сан түрлі суретті

көз алдыңызға әкелуге болады ғой. “Желсіз түнде жарык ай...”, “Қараңғы түнде тау қалғып...”, “Қан сонарда бүркітші шығады аңға...”, “Қараша желтоқсанмен сол бір екі ай...” деген жолдар дарынды қылқалам шебері үшін дайын тұрған тақырып емес пе? Немесе “Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында...” деп келетін өлеңнің оқиға желісінен өзге бір көркем дүниенің сұлбасы көрініп тұрған жоқ па? Ең бастысы - Абай тақырыбына арналған туындылардың мүмкіндігінше ақын атына лайық шығуын қатты құнттаған жөн. Кинематографистердің “Абай жолы” эпопеясы бойынша сценарий дайын тұрған көп сериялы телевизиялық фильмге кірісіп кетуге тәуекел етпей отырғаны да осыған байланысты. Егер Мұқтар Әуезовтың ұлы туындысына лайық болып шықпайтын болса, “Абай жолын” қазірше қолға алмаған да дұрыс болар. Дегенмен, бізді кейінгі кезде қазақ киносы қол жеткізген азын-аулақ табыс үміттендіріп, жігерлендіріп қоятыны да рас. Тегі, бұл мәселені егжей-тегжейлі қарап, қолда бар мүмкіндікті әбден екшеп, сонан кейін ғана бір тоқтамға келген жөн.

Расында шығармашыл қауым белсене араласатын іс көп-ақ. Әсіресе сәулеткерлер көмегі ауадай қажет. Абайдың Семейдегі музейін қайта жасақтау жобасы әзірше көңілден шықпай тұр. Онда ұлттық сәулет өнерінің ерекшеліктері ескерілмеген сияқты. Немесе Жидебайдағы қора-қопсыны алайық. Оның қазіргі күйі қыстаудан гөрі совхоздың дала қосына көбірек келіңкірейді. Жанына Абайға ешқандай қатысы жоқ фин үйшіктерін апарып қосып қойыпты. Абай дәуіріндегі тұрмыс салтты, этнографиялық сипаттарды танытатын оның қоңсылары тұрған бірнеше үйді қалпына келтіруді ойластырған жөн. Абай ауданында болғанда ақын өміріне қатысты орындардың талайын екі күн бойы аралап көрдік. Әсіресе жанды түршіктіретіні – Абайдың, оның туған-туысқандарының, ақындық мектебінен дәріс алғандардың бейіттерінің аянышты жайы. Абайдың басындағы белгі классик ақынның бейітінен гөрі солдат

обелискісіне көбірек ұқсайды, дәл төбесіне қызыл жұлдыз ғана жетпей тұр... Абай балаларының, ақын шәкірттерінің бейіті тіпті адам аярлықтай. Ескерткіш тұрғызылмаған, мүрделерін мал таптап жүр. Мысалы, Ақылбай бейітінің қалған-құтқан кірпішін қайсыбір жылы келімсек құрылысшылар үй салуға пайдаланып кетіпті...

Бізге өзімізді қастерлемесек, басқалардың сыйлай қоймайтынын да естен шығаруға болмайды. Мұны да ойланған жөн.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Осы жұрт Наурызды асыға күтетін болып жүр... Шығыстың ғұламалары есте жоқ ескі заманның өзінде-ақ күн мен түннің теңесетін тәулігін астрономиялық дәлдікпен дөп тауып, жер-жаһан жаңғырып, жасарып жататын жайсаң бір шақты “Наурыз”, яғни жыл басы – ”Жаңа күн” деп атаған екен. Оның “Ұлыстың ұлы күні” деп есептелетіні Ұлыста (“елде” деген мағына береді) онан үлкен мереке болмайды деген ескі ұғымнан туған.

Наурызда қар еріп, жер дегдіп, шөп шыға бастайды. Адамның арқа-басы кеңіп, жаны жадырайды. Табиғат түлеп, мал төлдей бастайды. Жанару, жаңғыру деген түсінік осылай туған.

Ежелден келе жатқан есеп бойынша күн мен түннің көктемгі теңесер тұсы наурыздың 21-нен 22-іне қарай келетін. Күн мен түн теңелгенде бүкіл аспан денелерінің бәрі бастапқы орындарына келіп, айналадағы тіршілік атаулының бәрі жаңарады деп есептелген. Найзағайдың алғаш күркіреуі, ағаштың бүршік жаруы, көк-ыраңның көтерілуі жаңарудың нышаны болған. Халықтың наурызға деген ерекше ықыласын байқататын тағы бір жайт – көктемгі күн мен түннің теңелу сәтінде туған ұлын

Наурызбай, Наурызбек, ал қызын Наурызгүл, Наурыз деп атағандығы. Наурыз күні қар жауса жақсы ырым деп саналған.

Ал енді мереке өтер күн туралы бірер сөз. Парсыша “Наурыз” ай аты емес, жылашар айдың бірінші күні ғана болған деседі жұрт. Демек, мерекені күн мен түн теңесетін наурыздың 21-22 күндері атап өткен жөн. Әрине, бұл кезде күн жылына қоймайтын жерлерде Наурызды жұрт емен-жарқын мерекелей алатындай уақытқа шегере тұруға да болатын сияқты. Әйтсе де кейбіреулер оны сәуір, тіптен мамыр айларына дейін созып берекесін кетіріп жүр. Бұрын қазақта көктемгі ауа райының әр жерде әр қилы болуына байланысты мейрам Наурыздың 21-де басталғанымен бұл күні жұрт өзінің Наурыз “көжесін” ішетін де мейрам “Қызғалдақ”, “Жауқазын” мерекесі болып жалғасып кете берген. Қазірде солай етуге болар. Сәуірге, мамырға созылған мерекені көктем мейрамы “Қызғалдақ” деген атпен неге өткізбеске?

Бұрын мұндайда ақындар айтысқа шығып, табиғаттың осынау алқызыл аруын (жер дегдігенде қызғалдақ көп шықса егін мол болатыны тағы бар) мадақтап, жырға қосатын. Жастар жағы мұндайда ежелгі халық биі “Алқакотанды”, әзіл-қалжыңы мол “Ақ серек пен көк серек”, “Айқыш-ұйқыш”, “Аударыспақ”, “Шашбау салды”, “Соқыр теке” сияқты ойындарға алмастырып, қызықшылықты қоздыра түсетін. Енді бір тұста жезтандай әншілер, ат құлағында ойнайтын шабандоздар, керілген арқан үстінде өнер көрсететін даршы, “екі аяқтыға жол бермейтін” арқаның қулары мен шаншарлары, оңтүстіктің маскарапаздары әзіл-қалжыңға, сықаққа, пантомимаға негізделген қызықшылығын ортаға салатын.

Осылайша наурыз мейрамы шын мәнінде жаңару мерекесіне айналып, даланың дәл осы бір түске еніп, көктемгі күннің шуағымен нұрланған көркімен араласып кеткендей болатын. Әдетте, осындай думанды мерекенің

ертеңінде жұрт барлығы бірдей жұмыла көктемгі егіске кірісетін.

Күн мен түн теңесуі қарсаңында жұрт өзінің тұрғын жайын ретке келтіріп, тіптен асар (үме) жора-жолғысын пайдаланғанның өзінде де, үй мүлкін, кебеже-сандығын, ат әбзелдерін тазартып, өзгеге бересі қарызын да өтеп қоятын көнекөз қарттардың айтуына қарағанда, тек осылай еткенде ғана жаңарған үйге наурыз кіретін де ондағы кесел-кесапаттың, тұрмыс тауқыметінің бәрі кететін болған.

Көңілі толғанда жұрттың кешірімшіл, жомарт, көпшіл болатыны мәлім. Наурыз күні жұрттың бәрінің көңілі көтеріңкі, кездескен көрші-қолаңға иіле сәлем беріп, игі ниетін білдіретін, бір-біріне пәле-жаладан аулақ болуды тілесетін. Жұрт жаңа да таза киінуге тырысатын. Басқа ойын-сауық, кәде-жоралғыларға байланысты әзіл-қалжың, тамаша өз қызығымен өзі өтіп жататын болған.

Ал бүгінгі Наурыздан біздің көретініміз – лек-лек болып, бостан-бос теңселіп жүрген көпшілік. Әрине, Наурыз әкелген бір жақсылық – бұрын ұмытыла бастаған ұлттық тағамдардың дастарқан мәзіріне қайта оралуы. Қазақстанның оңтүстігінде, Сыр бойында жеті қоспадан тұратын наурыз көжесімен бірге жеті түрлі тағам дайындалатын дәстүр де қалыптаса бастаған сияқты. Алматы облысының Кеген, Нарынқол аудандарына бірде жол түсіп бара қалғанда көргеніміз – дала жағдайында тек қойшылар ғана суға қайнатып, сүтке бөктіріп, отқа көміп, қыздырылған тасқа қақтап еттен, сүттен, ұннан, күріштен, әр түрлі шөптерден, көкөністен дайындайтын тағамдардың 30 дан астам түрлері. Несін жасырайық, менің өзім де солардың бес-алтауынан артығын білмейді екенмін. Бұл әрине қуанарлық іс.

Әйтсе де Наурыздың басқа да тәрбиелік маңызы бар жақтарын ұмытуға болмайды. Бұрын Наурыз күні таңсәріден ерлер жағы алдын ала дайындалған атыз-арықты, тескенді, бұлақ көздерін аршитын, ағаш

отырғызатын. Әйелдер болса жер-анаға деген сый-құрмет белгісі есебінде жаңадан отырғызылған шыбықтарға, сағасы аршылған бастауларға мал ағын тамызатын.

Біздің өмірімізде жетіспейтіндер көп-ақ. Осы жұрт өз халқын жан-тәнімен сүйіп қана қоймай, оның бойындағы кемшіліктерді, жағымсыз қасиеттерді де көре біліп, оған намыстануы керек емес пе? Ақиқатына жүгінейікші, ағайын. Қазақстанның қай түпкіріне барсаңыз да, бәлкім бұған кезінде бабамыз Асан Қайғыны тамсандырған “Екі Келес – бір Талас”, Жетісу өңірін қосуға болмас, дегенмен ең сұрықсыз, кейде бұғатына дейін көң басқан, сырты ақталмаған, шарбағы алқам-салқам, ауласында бір түп ағаш та бола бермейтін үй кімдікі? Біздікі. Бұл неліктен? Жалқаулықтан. Немқұрайдылықтан. Бойкүйездіктен. Тым болмаса, Наурызды пайдаланып, өзгелерден қалмауға тырысу, намыстану қажет емес пе, жұртым?

Қазіргі “майдан” құрып, советтік құрылысты онды солды сыбап, жалғыз аттыға жол бермей, көше мен алаңдарды тоздырып жүргендер де халыққа шынымен жаны ашыса, неге осындай келеңсіздіктерге қарсы күрес ашпасқа?

Наурыз күні әр үйде дастархан жайылатыны белгілі. Құда-жекжат, жора-жолдас, ауыл-үйге арнап “Наурыз көже” әзірленетіні тағы бар. Көже сол аймақта өсетін төрт дақылдың – бидай (немесе арпа), тары (немесе қонақ), жүгері, күріш дәндерін, ет, май, тұз салып пісірілетін. Наурыз көже кейде қолда бар жеті түрлі дәмнен де (ет, май, бидай, ұн, ірімшік, езілген құрт, тұз) әзірленетін. Бойжеткен қыз қалыптасқан дәстүр бойынша көктемгі жаңғыру сәтінде сергек жүрсін деген ниетпен көңілі кеткен жігітке немесе өзіне ұрын келіп жүрген күйеуге арнап дәмді ет пен уыздан “Ұйқы ашар” әзірлейтін. Ескі ұғым бойынша бұл дәм оның бойында күш-жігер, махаббат сезімін оятатын болған. Бұған жауап ретінде жігіт қалыңдығына орамалға орап айна, тарак, әтір, иіс сабын сыйлайтын. Мұны “Селт еткізер” деп атаған.

Той-думан қызған кезде ақындар қақтығысқа шығатын да олардың әрқайсысы жақсы мен жаманның, өткен жыл мен жаңа жылдың кейпіне кіре айтысатын. Ақындар сайысы ымырт жабыла аяқталатын. Бұдан соң алтыбақан құрылып, оның маңына қатарластыра от жағылатын. Жаршылар, ақалақшылар ошақтан алған алауларын ұстап, “даңғыра, дабыл қақтырып” жақын үйлерді, көрші ауылдарды аралап жұртты қызықшылыққа шақырғаннан кейін ғана алтыбақан басындағы тамаша басталатын...

Көптеген ауыл-селоларда, жүздеген қалалар мен аудан орталықтарында таң сәріден қара кешке дейін той-думан құрып, жас та, кәрі де бір жасап қалатыны рас. Ана тіліне мұрынын шүйіре қарайтын, “ешкінің ішегінен не шығады?” деп домбыраны менсінбейтін ұлттық мүләйімдерді де өзін дүниеге келтірген халықтың алдында тағылым етуге, оның табиғатына бір табан болса да жақындай түсуге ынталандыратын да құрал болды, бұл – Наурыз. Біздегідей көп ұлтты республика жағдайында Наурыз арқылы біз халқымыздың тамаша салт-дәстүрлерін, үйлесімді әдет-ғұрпын, асқақтаған әні мен күмбірлеген күйін, мың бұралған биін, тіл үйірген дәм-тұзын, талғамы мол қол өнерін танытуға, насихаттауға, керек десеңіз, жұрттың мақтаныш сезімін оятуға мүмкіндік алдық, ағайын. Қазір жұртқа осындай ауызбіршілік, ынтымақ, тату-тәттілік керек-ақ.

Өйткені жетпіс жылдан астам уақыт бойы келелі істерді “науқаншылықпен” өткізіп, жаман үйренген жұрттың қайта құрылудың о баста ойластырылғандай оп-оңай болып шықпағанын көрген бетте-ақ тауы шағылып, тауаны қайтып қалғаны рас. “Орнында бар оңалар” дегендей, қазіргі ел басына түскен кемтарлықтан да, жоқшылықтан да құтылармыз. Бірақ иманжүзділік, инабаттылық, бауырмалдық сезімнен айырылсақ оның орны тола қоймас.

Ерекше ойланатын нәрсе – әлеуметтік инфрақұрылымның жайы. Қазақстандағы мектептер мен ауруха-

налардың, клубтар мен мәдениет үйлерінің тең жартысына жуығы ескі үйлерге орналасқан, үштен біріне жуығы бір орталықтан жылытылмайды, су құбыры, нәжіс желісі атымен жоқ. Жұртқа тұрғын жай, пәтер жетіспейді. Жиырмасыншы ғасырдың аяғына жақындап калсақ та, менің өзім депутат болып сайланған Орал облысының Орда, Жәнібек, Казталовка аудандарының бірқатар елді мекендерінде осы уақытқа дейін электр қағанағы жанбайды. Жұрт ауыз суға зәру, жол қатынасының зардабын шеккелі қанша заман өткен (біз енді ғана көптеп-көмектесіп жұртты ауыз сумен, электр жарығымен, жол қатынасымен қамтамасыз етуге әрекет жасап жатырмыз). Солай бола тұрса да қай үйіне бара қалсаңыз “Шүкір, жаман емеспіз” дегенді айтады. Міне, айналайын қазекеннің сөзі осы... Әрине, төзімділік, шыдамдылық, кеңдік біздің халықтың бойына біткен қасиет. Әйтсе де тұрмыс деңгейі уақыт талабына сай дәрежеде болуы қажет-ақ. Біз осыған ұмтылуымыз керек, ағайын.

Ұлыстың ұлы күні Наурыздың елдік, бірлік, берекелік сипатын былай қойғанда, оның инабаттылыққа, иманжүзділікке, ізгілікке баулитын жақтарын аша түсу қажет-ақ. Өйткені ол, жұмыр бастыдан от басы – ошақ қасының күй-беленімен ғана шектеліп қалмай, ой-өрісін, дүниетанымын өзгертуді, ілгеріден үміткер болуды талап етеді. Көрші-қолаңмен, жора-жолдастармен тату-тәтті қатынаста болуға шақырады.

Халқымыздың басынан талай нәубет өткені, Жұбан Молдағалиевтің сөзімен айтқанда, оның “мың өліп, мың тірілгені” кім-кімге де белгілі. Миллиондаған адамдарды ала кеткен аштық та, жалаңаштық та, бостан бос құрбандық та болды. Белгілі демограф Мақаш Тәтімовтің деректеріне қарағанда, 1914 жылы қазақтың нақты саны 5 миллион 350 мыңға жеткен көрінеді. Егер 30-40 жылдардың аласапыраны болмаса қазақ халқының саны республикамызда 10-12 миллион, ал дүние жүзінде

15-17 миллионға жетіп жығылар еді деген сөз де айтылып жүр. Жалпы, демография мәселеріне келгенде қайсыбіреулердің, нендей мақсатпен екені белгісіз, тым төндіріңкіреп сөйлейтінін түсіну қиын. Мәселен, бірде Қазақстан Ғылым академиясының сессиясында бір танымал ғалым 30-шы жылдардағы ашаршылық құрбандарының санын 6 миллион деп бір-ақ қайырды да, өз ойын нақты деректермен дәлелдемей қоя салды. Бұлай етуге болмайды ғой.

1989 жылғы санақтың қорытындысында республикада қазақ ең саны көп халыққа айналған. Бәрінен де қуаныштысы халықтың өсімінің жоғары (23,5 процент) екендігі. Бағалай білген кісіге бұл да шүкіршілік ететін жағдай. “Азбыз, азбыз” дей бергенмен халық көбейе қоймайды. Бізге қазақтың ғана емес, республикада орын тепкен барлық ұлыстардың ұлттық мүдделерін көздейтін, халықтардың ынтымақтастығын нығайта түсетін жүйелі жұмыс қажет-ақ.

Мысалға алсақ, Қазақстанның шын мәніндегі саяси және экономикалық тәуелсіздігін, оның өзін өзі басқару және қаржыландыру жөніндегі тұжырымын жүзеге асыру арқылы ол өз жеріне, оның қойнауына, тау-тасына, өзен-көлдеріне, мақұлықаты мен нәубетаты дүниесіне кожа болған жағдайда демографиялық дамуды да халық мүддесіне сәйкес реттеуге болар еді. Ал қазіргі жұмыс қолының жетісе бермейтіндігі, индустриалдық жұмысшы табының ұлттық қосынын қалыптастырудың қиыншылықтары күн тәртібінен көпке дейін түсе қоймас деп ойлаймын.

Тағы бір айта кететін нәрсе – жасы 30 бен 40-тың арасындағы 40 мыңдай қазақ жігіттерінің, 80 мыңға тарта қазақ қыздарының уақтылы тұрмыс құрмай, үйленбей жүре беретіндігі. Бұл ең алдымен отбасының, туыстық әулеттің кемшілігі екені анық. Әрине, қайсыбір жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін жете сезбеуі, жылдар бойы

сыбай-салтаң, бозбалалық немесе бойжеткендік құрып жүре беруге үйреніп бара жатқаны қынжыларлық. Бұл мәселенің бір жағы. Екінші жағы жастардың отау құруға деген талабын тежейтін тұрғын үй қиындығы. Қалалық жерлерде тұрғын үй, көпшілік қолды жатақханалар әлі де аз салынады. Бала туудың төмендігінің бір себебі, ажырасудың жиілігі десек, оның көптеген себептерінің бірі – пәтер мәселесінің жылдар бойы шешіле бермейтіндігі.

Республикада қалыптасқан жағдайды ескере отыра, ұлтаралық қатынастарды жетілдіре беруді, ұлттық дамуды, халықтың тиісті деңгейде өсуін қамтамасыз ету үшін Қазақстандағы ішкі және сыртқы көшу-қонуды реттеп отыратын дербес демографиялық саясат жүргізу қажет. Сонда ғана біз халықтың өсуіне септігі тиетін мүмкіндіктердің барлығын ескере алатын боламыз. Тегі “сан сапаға айналмай іс біте қоймайды” деген қағида әркімнің ойында жүргені жөн.

Қазір бізде “бала тууды қысқарту қажет” дейтіндер де жоқ емес. Әрине, Қазақстанда Қытайдағыдай немесе Үндістандағыдай бала тууды шектеу қажеттігі жоқ, әңгіме ана мен баланың салауаттығы төңірегінде ғана болуы қажет. Тіптен солай болған жағдайда да мәселені жұртшылық пікірімен санаса отыра, елдің пиғылын, қалыптасқан салт-дәстүрін ескере отыра, асқан мұқияттылықпен қойған жөн. Қалай еткенде де, бізге бала тууды әдейі азайту жөнінде мәселе қоюға болмайды. Шамасы, газет бетіндегі кейбір материалдарға карағанда, “шаш ал десе бас алатындар” дәрігерлер арасында да табылатын құсайды. Мен бала көтеруді әйелдің еркінен тыс тоқтатып, басқа да іс-қаракеттер жасалатын болса, бұл “Гипократтың антын” ғана емес, адам құқын бұзу болып табылатынын да еске салғым келеді. Көп балалы әулеттер әдетте ауылдық жерлерде, көбіне қазақтар мен түркі тектес халықтар арасында көбірек кездесетіндіктен

мұның өзі сайып келгенде ұлттық реңк алып кететінін де ойланған жөн.

Ал енді Денсаулық сақтау министрлігінің іс-қаракеттеріндегі құлақ асарлық жайларға келсек, олар негізінен Қазақстандағы нәресте өлімінің көбейе бастағанымен байланысты. Жыл сайын Қазақстанда 35 мыңнан астам сәби сырқат, 18 мың сәби шала туған күйінде дүниеге келеді, 4 мыңға жуық нәресте өлі туады. Туа біткен жүрек ақауымен ауыратын балалардың саны соңғы он жылда үштің бірінен астам болып отыр. Қазірдің өзінде республикада есаландыққа шалдыққан 56 мың бала бар. Мүгедек балаларға арналған мектеп-интернаттарда ақыл-есі кем 19 мың бала тәрбиеленеді. Бұл жағдай, сайып келгенде, ана денсаулығына, оның гинекологиялық талаптарды құнттай бермейтініне байланысты.

Айта берсе көп-ақ, бүгінгі таңда бізде жетісе бермейтін жағдай – әйелдердің денсаулығына қамқорлық. Сондықтан да, әсіресе әйелдер қауымы тарапынан Алматыда аса күрделі ана мен бала денсаулығын қорғайтын орталық құрылғаны аса қанағаттанғандықпен қарсы алынды. Қазір Қазақстанда 316 мыңнан астам әйел денсаулыққа зиянды немесе қолайсыз жұмысқа орналасқан. Азық-түліктің, әсіресе аяғы ауыр әйелге қажет ет-сүт, көкөністің жетісе бермейтіні де белгілі. Мамандардың айтуынша, бала табудың арасына екі жылдан артығырақ уақыт түскені дұрыс көрінеді. Демек, бала табуды жүйелеу - ең алдымен жиі құрсақ көтеретін, денсаулығының әлсіздігінен нәрестесін шынжау табатын аналарға ғана қатысты. Олай болмаған жағдайда “әркім өз несібесімен” деп есептейтін балажан қазақтың мұндай теріс қағиданы халқымыздың өсуін қасақана тежеуге бағытталған қылмысты іс-қаракет деп ұғатыны айдан анық. Өйткені ел арасында салқын ақылды сарапқа салғанмен балаға құштар жүректің келісе бермейтіні белгілі ғой...

Осыдан біраз бұрын Алматыдағы білдей біраурухананың дәрігері аяқ астынан жұмыстан шығарылды. Жеке басына бұрын-соңды кінә тағылмаған, өзіне науқастар тарапынан арыз-шағым айтылмаған қызметкер еді. Сонда жазығы не дейсіз ғой. Жазығы – қарт әкесін интернатқа өткізгені. Қаталдау көрінгенмен әбден әділ шешім бұл. Адам жанын аялауға тиіс дәрігер туған әкесінен бас тартып, оны жып-жылы үйінен қуып шығатын болса, басқалардан не үміт, не қайыр?

Ия, перзенттік парыз деген қасиетті ұғымның қадірін түсіріңкіреп алдық, ағайын. Үлкеннің алдын орап сөйлегеннің өзін әдепсіздік деп санайтын қазақтан әкесі мен шешесін сыйламайтын, атасы мен әжесін әжуалайтын, тіптен оларға қол жұмсайтын жастар да туа бастағаны өкінішті-ақ. Үйдің бөлмесін бөлісе алмай, ата-анасымен соттасып жататындардың да хабары бізге жетіп жатады. Бұрын мұндай сұмдықты естімейтін едік. Қазір қарттар мен мүгедектер үйлерінде қазақтың 700-ге жуық кемпір-шалдары бар. Біреулер “бұл онша көп емес қой, оны несіне сөз қылады” – деуі де мүмкін. Олай болса, осыдан небәрі 5-6 жыл бұрын мұндайлар қазақтан ілуде біреу ғана болғанын да ұмытпалық!

Әрине, өмір болған соң тағдырдың неше түрлі тауқыметі кездеседі. Біреудің қартайғанда асырар баласы болмайды, ал қайсы біреулердің тұрар үйі болмайды дегендей. Жұртты шетінен жазғыра сөйлеген жөнсіз. Әйтсе де мүмкіндігі бола тұрып, тек қарақан басының қамын ойлап, немесе қатыгез әйелінің айтқанынан шыға алмай ата-анасын тәрк ететін тасжүректерді жаһаннамның жарығына шығарып, аты-жөнін жұртқа жария етуге болмас па еді?! Тым құрыса, басқалар сабақ алар. Сүйекке таңба салар осындай келеңсіздіктер көбейіңкіреп кеткендіктен де болар, қазір өзге жұрт өкілдері бұрынғыдай қазақтың алабөтен бауырмалдығы, ата-анаға, қарттар мен

мүгедектерге деген оның қанына сіңген ізеттілігіне таңдана, тамсана қоймайтын құсайды... Демек, мұндайда “е, әркімнің өзі шешетін нәрсе ғой, біреудің әулетінде не жұмысымыз бар?” демей, халықтық қасиеттің, ұлттық намыстың тұрғысынан қарағанымыз абзал.

Иә, халқымыздың ерекше қастерлейтін қасиетінің бірі – қайырымдылық. “Қайырлы болсын!” деп тілек, “Қайырын берсін” деп көңіл айтамыз. “Қайыры тиді” деп біреуге разылық білдірсек, енді біреуден “кісіге қайыры жоқ” деп түңіліп жатамыз. Әйтсе де біз тым шаруабасты болып бара жатқан сыяқтымыз. Экономикалық даму үшін қажет өзін-өзі басқару және қаржыландыру, толық шаруашылық есеп, жекешелендіру дегендерді кейбіреулер имандылық дүниесіне де әкеп салғысы кеп, қалыптасып келе жатқан жағдайды әркімнің өзімен-өзі болуы, өз күнін өзі көруі, өзінің көңілін өзі аулауы деп ұғындырғысы келетін құсайды.

Жоқ, “адамның күні – адаммен!” деген, қамшының сабындай мына қысқа тіршілікте бәрінен қымбаттысы көңіл емес пе? Көшедегі кезекте болмашы бірдеңеге бола бейтаныс адамның бетінен алып тастайтындықты былай қойғанда, ет жақын ағайынның, туған-туысқанның, көрші-қолаңның, құда-жекжаттың көңілін аулау кеміп бара жатқандығын қалай түсінуге болады? “Мың жылдық” дейтін құдалардың өзі бір қалада тұрып-ақ бір-бірін айлап, жылдап көрмейтінін, әрқайсысы өз соғымын өзі жеп жата беретінін қайтесіз? Менің ойымша, қайырымдылықты, мейірімділікті ортамызға қайта орнатуда қазақтың туыстық қалпының ғасырлар бойы сыннан өткен игіқасиеттерін күнделікті өмірде орнықтырудың мәні басқа. Мәселен, жақын адамын жатсынып үйіне жуытпайтын, немесе қартайған ата-анасын дастархан басынан аластататын жүгенсіздерді бірден жиналысқа сүйремей-ақ, ағайын-туған ортаға алып, тезге сап, жан-жақтан білген ақылын айтып жатса айып па?

Соңғы кезде жалпыадамзаттық игіқасиеттердің басқалардан баяндырақ, бағалырақ екендігі мойындала бастағаны рас. Осыған байланысты дінге деген көзқарастың да біршама өзгеріп келе жатқаны мәлім. Теледидардан дінбасының жексенбілік уағыз айтқанын да онша тосырқамайтын болып қалдық. Рас, бір нәрсені бастасақ, екінші жағынан, біткенше тыным таппайтын ескі әдетпен қазір біраз жұрттың біздің қоғам душар болған қиыншылықтарды жою үшін ең алдымен діни насихатты күшейту қажет деп есептейтіні, діннің күрделі құбылыс болғандықтан күңгейі мен көлеңкесі болатынын ескере бермейтіні қынжыларлық. Дегенмен, діннің бүгінгі өмірге нақтылы ықпал жасай алатынын ескермеске болмайды.

Міне, сондықтан да бізге, жұрттың ождан бостандығын, құқығын қамтамасыз ету, тәрбиелік жұмысты мемлекет пен шіркеудің ара қатынасы жайлы құжаттарға сай құрып, дінге сенушілердің де мүддесін қорғаған жөн. Әрине, заңдылыққа қереғар келетін іс-қаракеттер жасап, теріс насихат жүргізетін діни қауымдастықтардың жөні басқа.

Осылайша, оқушым, Наурыз мейрамына байланысты игі қасиеттерді жұрттың инабаттылығын көтеретін бірден бір жол деп түсінген жөн. Наурызды тек жылда бір рет жиналып көңіл көтеретін, дем алатын ая деп қарауға болмас. Ол халықтың жігерін тасытатын, қайратын арттыратын, ұлттық сана-сезімін оятатын құбылыс. Наурызды қастерлеу – баршамызға бірдей ортақ міндет.

ҚОРЖЫН ҮЙ ХИКАЯСЫ

Қазақтағы баспана тұрғызу ісі атам заманнан қалыптасып, бір жағынан аңызак желді, үскірік аязды болып келетін ұланғайыр кеңістіктегі көшпелі тіршілікке, ал екінші жағынан диханшылықпен айналысып, мал ұстаған Сыр бойы, Арыс, Келес, Шыршық, Талас, Шу, Іле аңғарларындағы кешенді шаруашылыққа бейімделгені мәлім. Ескі деректер мен ғылыми мәліметтерге қарағанда, қазақ өте ерте заманнан бастап-ақ тұрғын үйдің бірнеше түрлерін қалыптастырған. Олардың ішіндегі ең көнесі – бір бөлмелі шошала. Ол үй құрылысының басқа тиімді түрлерінің көптеп салына бастауына байланысты асхананың, қойманың міндетін аткарып келгенімен соңғы 20-30 жылда мүлдем істен шығып қалған. Арасы дәлізбен бөлінетін қазақтың екі бөлмелі “Қоржын үйі” де қазір құрып бітуге айналған. Орталық Қазақстанның қоныстарындағы тұрғын жай тұрмыс ыңғайына қарай қора-қопсымен итарқасы бір, тіркестіре салынатын көп бөлмелі үйлерден тұрған. Шығыс Қазақстанның орманды алқабында қазақ ағаштан қиыстырып, шыбықтан өріп те үй соққан. Ал, Каспий мен Арал балықшылары қам кесектен соғылған жертөлелерде тұрған.

Бізге тән тұрғын жайдың қашан және қалай қалыптасқандығын ұғыну үшін, оны қазақтағы құрылыс мәдениетінің дамуымен байланысты қараған жөн. Олай дейтін себебіміз: қазақ даласында сақталған сынтастар мен тас мүсіндерден, дындар мен күмбездерден, академик Ә.Марғұлан зерттеген ағаштан қиыстырылатын немесе бұтақтармен шабақталатын да, іші-сырты сылана салынатын, кейде тастан, кейде қам кесектен соғылатын шошалалардан, үй тұрғызу әдістерінің жан-жақты дамуына байланысты кейіннен азық-түлік қоймасына айналған тұрақты жайдың осы бір көне нұсқасынан, шатырсыз итарқалы қыстаулардан, тіптен киіз үйдің өзінен

де – құрылымдық қаңқалардың-көтерме қабырғалардың, тіреме ұстындардың, арқа-жабынның тұрақталуы мен дамуын көруге болады.

Ал тарихи деректерге, қазба зерттеулердің нәтижелеріне көз жүгіртсек, ұлттық сәулет өнеріне негіз болған дала құрылыстарына біздің дәуіріміздің алғашқа жылдарында-ақ Сыр бойында, Қаратау бөктерінде, сол сыяқты Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу арқылы өткен ежелгі “Жібек жолының” үстінде бой түзеп, соңынан аса ірі сауда орталықтарына – қалаларға айналған Отырар, Оксыз, Шілік, Сайрам, Тараз, Баласағұн сыяқты колөнершілер мен егіншілер тұрақтарының мол әсер еткендігін байқауға болады. Дегенмен, дала сәулеткерлерінің де сол кездегі қала құрылысына жасаған ықпалын естен шығаруға болмайды ғой деп ойлаймын.

Мысалға алсақ, бізде сақталған сәулет ескерткіштерінің көпшілігі күмбезді болып келеді. Ал күмбездің, белгілі сәулеткер Т.Бәсеновтың пікірі бойынша, киіз үйдің қаңқасына еліктейтіні белгілі. (Қараңыз: Памятники архитектуры в районе Сам. Алматы, 1947, 39-бет). Оған Маңғыстаудағы осыдан кем дегенде мың жыл бұрын салынған Шақпақ Ата жертөле мешітінің төбесінде шаңырағы бар киіз үйдің күмбезін қайталайтыны да дәлел бола алады. Тіптен, қазіргі Жамбыл қаласына жақын жерде X-XI ғасырларда тұрғызылған Бабаша Қатын бейітінің шатырлы күмбезінің өзі, шығыстанушы ғалым, аса көрнекті совет археологі А.Н.Бернштамның дәлелдеуіне карағанда, күмбезді-дарбазалы сәулет өнеріне жол ашқан алғашқы құрылыстардың бірі болғанға ұқсайды. Сәулеткерлікте кездесетін күмбезді ғимаратты, ондағы дарбазалы кіреберісті, оюлы-мәнерлі қыштардан құрастырылатын әшекейді жалпы Орта Азия құрылыстарына тән негізгі үш ерекшелік деп есептей отыра, А.Н.Бернштам мұндағы күмбез тұрғызу, оның

біртұтастығын қамтамасыз ету идеясын көшпелі-малшы қауым жасампаздығының жетістігі деп білген.

Қазақта көшпелі және тұрақты тұрғын жайлардың екеуінің бірдей болуын – оның өткендегі күн көрісіне, басым көпшілігінің көшпелі, ал бір қатарының жартылай отырықшы немесе отырықшы болуына байланысты қалыптасқан өмір салтынан туған жағдай деп қараймыз. Қыстау тұрғызу үшін казак әдетте күн шуақты, қалың бұталы тоғайды, малды жусатуға қажетті шөбі мол, желдің өтінен ықтасын болатын копа-қамысы бар көл жағасын немесе ойлы-қыратты болып келетін өзен бойын тандап алатын болған. Нақтылы құрылыс материалдарына байланысты қыстау көбіне қам кесектен, жұмбаздан, шымнан, сирегірек тастан не күйдірілген қыштан соғылатын да, қамыспен жабылатын. Қыстау қора-қопсысымен тіркестіре салынатындықтан оның тұрғындары әуелі отынхана, астық қоймасы, төл ұстайтын “ауыз үй” арқылы ғана бойы аласа, терезелері тар, табалдырығы биік, тек қазан асылатын оттықпен ғана жылытылатын “жатақ үйге” (бөлмеге), онан кейін өз алдына от жағылатын “қонақ үйге” кіре алатын.

Бізге жеткен қыстаулардың көпшілігінен арқа жабынды, құрылыстың бастырма-бағаналарын, сәулет бөлшектерін, әсіресе есік, терезе, қақпа ойықтарын орналастырудағы барынша мұқияттылықты көруге болады. Мұның өзі атақты Альберти айтқандай “біздің ата-бабаларымыздың ақылды да қарапайым еркектерінің... әсіресе құрылыс ісінің парқына ұқыпты болғандығын” аңғартатын жағдай.

Сыр бойының, Жетісудың жартылай отырықшы және отырықшы халқы арасы дәлізбен ажырасатын екі бөлмелі немесе қарсы есікті үйлерін қора-қопсыдан аулақ салатын болған. Тұрғын үй өзі орналасқан, айналасы шарбақпен не дуалмен қоршалған ауланы екіге бөлетін де, оның тысқы жағына 4-5 атыз бидай, жүгері, қауын-қарбыз, жоңышқа егілетін, ал кіреберіс жағына - күннің ыссы

болатындығына байланысты түнде ашық аулада ұйықтауға тура келетіндіктен, үстіне дәке масахана құрылатын ағаш сәкі, құрт жаятын шыпталы сөре, бастырмалы ошақ сыяқты қажетті үйлеспелер орналастырылатын. Қоңы барлар аулаға киіз үй де тігетін.

Екі бөлмелі немесе қарсы есікті тұрақты жайдың (оны Жетісуда “Тоқалтам” деп те атайды) нұсқалары соңғы кезге дейін Шымкент облысының Шаян, Шәуілдір, Маяқұм, Қарғалы, Шілік, Жамбыл облысының Мерке, Ақкөл, Ойық селоларында; Алматы облысының Нарынқол, Кеген, Шелек аудандарында; тіптен Жамбыл, Қызылорда, Қазалы, Түркістан, Арал қалаларында да көптеп кездесетін.

Профессор М.Мендіқұловтың айтуына қарағанда, қазақ арасында кеңінен тараған тұрақты жайдың қайсысын алсақ та, қоржын іспетті ұядан құралатын тұрғын үй сарынын аңғаруға болады. (Қараңыз: Архитектура Қазақстана, Алматы., 1959, 155-бет). Оның үстіне Кенді Алтай қазақтарының арнайы кіреберісі болатын ағаш үйлерінен де, тіптен Арал мен Каспий балықшыларының жертеле үйлерінен де “қоржын үй” сарыны көзіңізге елестейді.

Осыған қарап, тіптен жоғарыда айтылғандай, қазба зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отыра, қазақтың “қоржын үйін” шошаламен қатар өте ерте заманнан келе жатқан тұрақты жайдың нұсқасы деп таныған жөн.

Тек ескінің көзі ғана болып, сәулеткерлік немесе тарихи-этнографиялық тұрғыдан маңызы шамалы болса “қоржын үй” хикаясын осымен де доғаруға болар еді. Біздің олай етпей отырғанымыздың басты себебі — Қазақстанның түпкір-түпкірінде сақталған ескі тұрғын үйлер арқылы халқымыздың өткендегі өмірін, өндіріс күштерінің дәрежесін, әлеуметтік қатынастарын зерттеп-білуге болатындығы. Оның үстіне, Октябрьден кейінгі дәуірде Қазақстанда, көрші Өзбекстандағы секілді немесе Грузия, Армения, Балтық бойы республикаларындағыдай тікелей ұлттық үлгіде үй тұрғызу ісі әртүрлі себептермен

дами алмады. Алғашқы бесжылдықтарда кеңінен өріс алған қам кесектен тұрғызылатын, итарқасына қамыс төселіп, балшықпен сыланатын тұрғын үй нұсқалары бірте-бірте дағдылы құрылыс эклектикасының үлгілерімен алмастырылды. Мұның өзі тұрғын үй салуда бұрынғымен салыстырғанда бір шама алға кеткендік болғанымен, ауыл-селолардың сырт кескінінде жабырқаңқы біркелкілікке әкеліп соқты. Тіптен қазіргі салынып жатқан үйлердің бөлмелерінің саны мен аумағы жағынан, немесе атқаратын қызметі жағынан алғанда да, әдетте көп балалы боп келетін, оның үстіне бүкіл әулетімен бірге тұрғанды ұнататын ауыл халқына қолайлы бола бермейтіндігін де айтқан жөн. Екі-үш бөлмелі үйдің қарақан басынан басқа оның құрамында жүк жиятын ойық, ыдыс-аяқ текшесі, азық-түлік қоймасы, нан жабатын оттық, жазда көлеңкелейтін бастырма, тасмонша, отынхана т.б. жетіспейді.

Бұл салынуға тиісті үйлердің жобалаушылар дайындаған үлгі-жобасын жергілікті жағдайға, қалыптасқан тұрмыс дәстүрлеріне бейімдеп отыратын әрбір ауыл-селоның құқы бар өз сәулетшілерінің жоқтығынан да болуы мүмкін. Бізде әрбір үйдің, ауыл-селоның өзіндік кескіні болуы үшін жергілікті материалдарды, дәстүрлі сәулет бөлшектерін, ою-өрнектерді пайдалануға көңіл бөліне бермейтіндігі де қынжыларлық жайт.

Бұлар тиісті орындарды ойландыратын және шешімін табатын жағдай.

Ұлттық үй құрылысының өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын ұғынудың өзі - бар өмірі дала жағдайымен тікелей байланысты ауыл тұрғындарына қолайлы үйлер тұрғызу ісін жетілдіре беруге көмектесетіндігі даусыз. Бұл жағдайды қазақ құрылысшыларының уақыт талқысынан өтіп бізге жеткен туындыларынан толық аңғаруға болады. Мәселен, Сарыарқа мен Орта Азия құрылыс аудандарының шекарасына орналасқан Шымкент облысының Созақ селосында ерлі-зайыпты қарттарға, жас жұбайларға,

балаларға, келетін қонақтарға арналған тіркеспе бөлмелері, асханасы, астық қоймалары, бастырмасы, ауласында егістік, бақшалық жерлер, мал қорасы бар үйлер кездеседі.

Осындай үй құрылыстарының ізі Орталық Қазақстанның кейбір жерлерінде де табылып отыр. Соның бірі Жезқазған облысындағы Бозтұмсық селосына жақын жерде орналасқан Касен Қасқабайұлының үйі. Мұнда әдеттегідей ең алдымен, “ауыз үйге”, асханаға, онан кейін жатақ бөлмелерге кіруге болады. Құрылыс тастан қаланған, оған жапсарбас ретінде саз бапшық пайдаланылған. Ал Қарасеңгір өзенінің бойында салынған Мақат Ерденұлының кам кесектен тұрғызылып, сырты күйдірілген қышпен қапталған кең бөлмелі үйінің сыртына оюлы қыштардан бұғаттама құр берілген, қабырғасының төменгі жағы өзінше өрнек құрайтын қыштармен киғаштап қаланған.

Маңғыстаудағы Форт-Шевченко қаласындағы Ыдырыс Сәрсенбаевтың үйі де өзінің ұлутас бөліктерінен тұрғызылып, терезе ойықтарының қосқыш құрылғысы сынамен бекітілгендігімен, есік жақтауының, сол сыяқты бұғатының тастан оймышталып, қосымша сырлы өрнектермен безендірілгендігімен көз тартады.

Қазалы қаласындағы бұрынғы Ғани байдың тіркеспе бөлмелері бар үлкен үйінде кіреберіс қақпаның үстінен бастырмалы лоджия берілген. Үйдің шатыры ағаштан ойылған өрнектермен әшекейленген. Құрылыста кездесетін бұғаттама құр да, табақшалар да өз үйлесімділігін тапқан.

Өзіндік ерекшеліктері бар қазақ шеберлерінің қолынан шыққан ескі үйлер Қызылорда, Ақтөбе, Гурьев, Орал, Семей облыстарында әлі де кездеседі.

Өкінішке орай, тарихи ескерткіштер болып табылатын мұндай үйлердің көпшілігінің қазіргі жағдайы мәз емес, кейбіреулерінің төбесі ашық, қабырғалары құлап бітуге айналған. Бұл, әрине, ескі тұрғын үйлердің жаңа тұрмыс талаптарына сай келе бермейтіндігінен ғана емес, жергілікті орындардың көне құрылыстарға ұқыпсыздығынан туған

жағдай. Оның үстіне мұндай үйлерді зерттеу, олардың ішіндегі сәулеткерлік немесе тарихи-этнографиялық тұрғыдан маңызы барларын болашаққа сақтап қалу үшін есепке алу, құрылымдық ерекшеліктерін қазіргі дағдылы үй құрылысына пайдалану жұмыстарына соңғы кезге дейін жөнді көңіл бөлінбей келді. Бұл салада ғылыми зерттеулер, құрылыс жобалары да жоқтың қасы. Алматы маңында қазақтың құрылыс мәдениетін, оның өткендегі салты мен тұрмысын көрсететін ашық аспан астындағы музей ұйымдастыру мәселесі де көптен шешуін таба алмай жүр. Ескерткіштерді қорғау және пайдалану жөніндегі заңға сәйкес, республикада ескі тұрғын үй құрылыстарын түгелдей есепке алу, аса көрнектілерін қайта жөндеп, мемлекет қарамағына беру жұмыстары да түбегейлі жолға қойыла алмай келеді.

Қалыптасқан жағдайды ескере отыра, сәулеткерлік немесе тарихи-этнографиялық маңызы бар ескі үйлерді іздестіріп, есепке алу, қайта жөндеуден өткізу - халық мұрасымен құрамдас тұрақты жайды зерттеп білу ісіне қосылған үлес болар еді.

Соңғы кезде қазақы киім көненің көзі, бізге жеткен заттық мәдениеттің бірден бір көрінісі екендігі жайында көп айтылып жүр. Уақыт өткен сайын оны сақтап, зерттеп-білудің де қиынға түсе беретіні белгілі. Оның табиғатына орынсыз араласа беретін суретші-модельерлер де молшылық. Тіптен жұрттың санасына “мен мұңдалап” айқайлап тұратын қып-қызыл, алабажак, киізге тән “қошқар мүйіз” өрнектер жапсыра салынған “ұлттық” киімдер мендеп бара жатқан сыяқты. Мұны ақындар айтысынан, мерейтойлардан, көгілдір экраннан да көріп жүрміз.

Қазақы киімді кастерлеу мәнгүрттікке қарсы іс-қаракеттермен тікелей байланысты болғандықтан, қоржын үймен қатар мәселенің бұл жағына да баса назар аударған жөн. Ең алдымен оның қарапайымдылығы, үйлесімділігі, жүріп-тұруға ыңғайлылығы көзге

түседі. Мұның өзі тұрмыс қажетінен, кеше ғана басым көпшілігі көшпелі өмір сүрген елдің көлік үстіндегі іс-қаракетінен туған жағдай. Дегенмен, қазақы киім табиғатына жүгінсек, ондағы екі жақтылықты - тұрмыс қажеті мен сымбаттылыққа құштарлықты аңғарамыз. Олай дейтініміз – заттық өндірістің өзі барлық жағдайда халықтың әсемпаздық талғамымен біте қайнасып жататын құбылыс. Мысалы, зергерліктегі әр түрлі құстардың, жыртқыштардың, бал арасы мен көбелектің, өсімдіктердің кескінін қашау – адамның болжамындағы табиғаттан тыс күштердің “салқынын” олар өз бойына тартады-мыс деген ескі ұғымнан туған. Мұның түп-тамырын ежелгі сақ, массагет тайпаларының мәдени жетістіктерін бойына сіңірген көне үйсін ескерткіші болып табылатын атақты “Қарғалы қоймасындағы” алтын тәтіден де көреміз.

Қазақта күнделікті киім-кешек пен салтанаттық киімнің пішімінде айырмашылық бола бермейді. Соңғысының тігісі жатық, пішімі сыпайылау, зерлі-оқалы, кестелі, бас киімдері биіктеу, аяққа киетіндері биік өкшелі, қайқы тұмсықты, түсті қайыстармен, зерлі жіптермен, боялған көнмен өрнектелген болып келеді. Күнделікті киетін киім-кешек шекпен тоқымасы, дөрекі кездеме, кенеп, шыт, сәтен, қой терісі секілді қарапайым материалдардан тігілсе, салтанаттық киімге барқыт, масаты, бедерлі жібек, бәтес, қырмызы шайы, мәуіті, седеп маталар, қамшат, сусар, бұлғын, құндыз терілері, бұлан немесе бұғы күдерісі пайдаланылған.

Киімдегі әлеуметтік ерекшеліктерді оған пайдаланылған материалдың құндылығынан, әшекейінен, бірінің үстіне бірі киілетін бешпет, шапандардың санынан, бас киімдерінің көлемінен ажыратуға болады. Халық шеберлері киім тіккенде іс тапсырушының талғамын, жас ерекшелігін, дене құрылысын, бет әлпетін мұқият ескергендігін республиканың музей қорындағы киім үлгілерінен аңғарамыз.

Әйтсе де қазақша киімде, әсіресе, оның әйелдерге тән нұсқаларында, бұрын ұланғайыр кеңістікте көшіп-қонып күн кешкен дала тайпаларының өзара байланыстылығына қарамастан, Қазақстанның жекелеген аудандарында материал таңдауда, киімнің пішімін, бояу-нақышын үйлестіруде ішінара ерекшеліктер кездеседі. Бұрын оны мүмкіншіліктеріне қарай әр жерде өзінше тіккенімен қыздар, әйелдер, кейуаналар киімін бір-бірінен ажырата білген. Мәселен, қыздар бұрын белі қымталған, етек-жеңіне екі-үш қатар желбезек жүргізген қос етек немесе етегі әдіптелген, арқасы немесе белі бүрілген тіке көйлек, қаусырмасына, етегіне оқа жүргізілген, кесте тігілген қамзол, басына үкілі тақия, аяғына биік өкшелі етік, кебіс киіп, қапсырмамен бекітілетін белбеу немесе нәзік белдік буынатын болған. Ескі дәстүр бойынша тақия, әсіресе, жастық дәуреннің белгісі іспетті болған белдік асқан ұқыптылықпен безендірілген.

Егер қыздарға өз қалауымен кестелі немесе қос етек көйлек киюдің ешқандай ерсілігі болмаса, 2-3 бала тапқан әйелдерге шымқай түсті матадан, кестеленген не қос етекті көйлек кию ұят деп есептелген. Ал қазіргі той-томағаларда, тіптен сахнаға шығып өнер көрсетіп жүрген “Әжелер ансамбльдерінің” үстінен қос етекті көйлекті, шымқай кестелі қамзолдарды көріп жүрміз. Бұл өкінішті-ақ. Қыздар шашын екі бұрым етіп өріп, бас киімсіз-ақ жүре беретін болса, әйелдер күйеуге шыққан соң самай шашын басқаларға, әсіресе, еркектерге көрсету күнә дейтін ескі дәстүрге сай кимешек киген. Кейуаналар астарланған жөн көйлектің үстіне қамзол, басына сәлде ораған кимешек, аяғына кебіс-мәсі киіп, шапанының қаусырмасына айқара белбеу буынатын болған.

Қыста әйелдер шапан, пұшпақ ішік, күпіге оранып, бастарына бөрік, кимешек киетін немесе жаулық, орамал салатын болған.

Еркектің киімі қазақта біркелкілеу. Тіптен жейде-дамбалды, қаптал шапанды, түйе жүн шекпенді, сеңсен тонды барлық жерлерде бірдей киген. Ал, жалпыға тән еркек киімі – көкірекше, шапан, шалбар (сым), бөрік, қалпақ, тақия секілді бас киімдерді, көксауыр, саптама, мәсі, кебіс секілді аяқ киімдерді камтиды. Еркектің осындай киім-кешегі ғасырларды артқа салып бізге жеткенімен, оның көшенінде, пішімінде, тігісінде уақыт талабына сай әрбір ұрпақ енгізген сапалы өзгерістер болғаны ықтимал.

Қазақ, әсіресе жігіттің киіміне көп көңіл бөлген. Жібектен, шыттан тігілген қисық немесе тік жағалы көйлектің сыртынан жігіт (бозбала) белі қымталған, денеге қонымды бешпет, көкірекше, кеудеше, балағын етіктің қонышына салатын, жүріп-тұруға ыңғайлы үшкілді шалбар киіп, қайыс белдік, кейде жібек белбеу буынған. Бешпет-шалбарды көбінесе, көгілдір, қоңыр, шымқай кара мәуігі, барқыт, бедерлі жібек маталардан тігетін болған. Бешпеттің қаусырмасы, етек-жеңі әдетте кестелі ызбамен, тоқыма жолақтармен безендірілетін. Жастар арасында нәубетаты өрнектермен кестеленетін күдері бешпет пен жарғақ шалбар жоғары бағаланған.

Үйлі-жайлы болып егде тарта бастаған еркектің киім-кешегі жігіттікіне тән белгілерден тұрғанымен бешпетінің белі қымтылмайтын да, кесте жүргізілмейтін, оның үстіне пішімі молдау, шалбары кеңдеу тігілетін болған.

Қарттардың киімі мейілінше қарапайым, әшекейсіз арасына жүн салып, көктеп тігілетін болған. Оларға арнайы қалыптасқан дәстүр бойынша ұзын және мол жейде-дамбал, көкірекше, бешпет, шалбар, шапан тігілетін. Ауқатты қарттар, әсіресе, олардың аңшылықпен айналысқандары, көкірекшенің (кеудешенің) үстіне жібекпен кестеленген күдері бешпет, жарғақ тон, жарғақ шалбар киетін де, оқшантайлар мен пышақты қын ілінген кісе белбеумен қаусыратын.

Еркектер қыс кезінде сыртына күпі, сеңсең тон, түлкі немесе қасқыр терісінен тігілген қаптал ішік, байпақты саптама етік, тақияның үстіне бөрік, тымақ, малақай киген.

Балалардың киімі қазақта нәрестеге арнайы тігілетін “ит көйлекті” қоспағанда негізінен ересектердің киімін қайталаған. Қазақ бұрын арнайы түрде қаралы киім тікпеген. Әйелдер, әдетте, бұрымын тарқатып, шашын жаятын да киіміндегі әшекейлерді алып тастап, иығына қара жамылған. Еркектер сұр түсті шыт пен сәтеннен қаралы белбеу буынатын. Қазақтың жауынгерлік киімі жалпыға мәлім әскердің, аңшының киімін қайталаған. Металдан кіреуке тоқытуға мүмкіндігі бола бермейтіндер, сыртқы киімінің астына арасына жүн салып, көнмен қаптай сырылатын көкірекше киген.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында товарлық өндірістің дамуы, осы негізде капиталистік қатынастардың өркендеуі, көрші халықтармен экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың нығаюы, орыстардың, украиндықтардың, немістер мен татарлардың, тағы басқа халықтардың көптеп қоныс аударуына байланысты қазақ тұрмысына ене бастаған өзгерістер, сол сыяқты қалалық сәннің әсері халықтық киімге де ықпалын тигізбей қойған жоқ.

Қазақша киім дәуір талғамынан өтсе де, ғылыми тұрғыдан әлі толық екшеле қоймаған, тереңдеп зерттей түсуді қажет ететін құбылыс. Себебі киім үлгісіне біте қайнасқан көне дәстүрлер арқылы ұлттық мәдениеттің атам заманнан бергі қалыптасу ерекшеліктерін, халықтың шыққан тегіне, бет-пішін, сөйлеу тілі, ауыз әдебиеті сыяқты біртұтастыққа меңзейтін тұстарын зерттеп-білуге, халықтың өткендегі өндіріс күштерінің деңгейін, шаруашылығының даму дәрежесін, тіптен құлазыған даланың қатал табиғатының әсерін, сол сыяқты көрші елдердің қазақ өміріне ықпалын аңғаруға болады.

Қазақы киім әлі де болса халық игілігіне, әсіресе, егде тартқан адамдарға қызмет етіп келе жатқан тұрмыстық мәдениеттің түйіні. Тіптен көркемөнерпаздықты, театр-концерт ұйымдарын былай қойғанда, әр түрлі маталардан тігілген қаптал шапан, бешпет, қамзол, бағалы аң терілерінен, қаракөл елтірісінен, жұқа ақ киізден тігілген бөрік, тымақ, қалпақ секілді бас киімдер, саптама етік, мәсі, кебіс республика тұрғындары арасында кеңінен танылып келеді. Қазақы киімнің қонымдылығын, пішімінің мұқият ойластырылғандығын, келбеті мен әшекей бірлестігін дәріптейтін дәстүрлер қазіргі киім үлгісіне де кеңінен пайдаланылуда. Үйлену салтанатына киетін тойлық киімдер де өріс ала бастады.

Әйтсе де, адамның жеке басына қажетті киімнің барлық түрлерін дайын күйінде сатып алуға мүмкіндік туғандықтан, қазір үй жағдайында қазақша киім тігу азая түскенін, тіптен көп жерлерде бұл кәсіптің жойылып кеткенін де айтқан жөн.

Кейінгі 15-20 жылда қазақы киім тігуді оңайлатқанымыз сонша, тіптен белгілі кәсіби артистердің, көркемөнерпаздардың басынан тақия, қасаба сыяқты кестелеп өрнектеуді, әр түрлі эткеншектермен, інжу-маржандармен әшекейлеуді қажет ететін бас киімдерді аз көріп жүрміз. Оның үстіне қазақы киімнің табиғатын ұқпағандықтан, көрермендер алдына шығатындардың киіну мәдениеті де барлық жағдайда қазіргі әсемпаздық талғамға лайық бола бермейді. Ал, концерттік ұйымдар, теледидар мен кино соңғы кезде сахна мен экранға ұлттық нұсқаға қатысы шамалы киім үлгілерін итермелеп жүр. Қазақы киімді ескерткіш ретінде болашақ ұрпаққа сақтау қажеттігін ескерсек, мұндай жауапсыздыққа үзілді-кесілді тыйым салған жөн.

Қазақша киініп өскен, оның қыры мен сырын егжей-тегжейіне дейін жете білетін аға ұрпақ ауыспай тұрғанда жоспарлы түрде кең көлемді экспедициялар

ұйымдастырып, әлі де болса кездесетін киім нұсқаларын жинауды ел аузындағы мәліметтерді жазып алумен қатар жүргізе берген жөн. Бұл салада ғылыми-көпшілік тақырыптар бойынша деректі фильмдер шығарудың, теледидар хабарларын, баспасөз беттерінде арнайы мақалалар ұйымдастырудың маңызы өте зор.

Қазақы киімге қажетті, әзірше баламасы жоқ, дәстүрлі материалдардан, мәселен, түйе жүнінен шекпен тоқудың халықтың заттық мәдениетінің осы бір туындысын қалпына келтіру қажет. Шекпен тоқымасынан тігілген киімдердің, басқаларды былай қойғанда, үнемі көлік үстінде жүретін малшылар тұрмысына ыңғайлы екендігін ұмытуға болмайды. Оның үстіне көрші республикалардан да шекпен тоқымасын сатып алатындар табылатындығы даусыз. Ал, қаптал шапанның шалғайына жүгіртілетін ызбаларды, қамзолға қажетті зерлі оқаны, қыздардың киіміне керекті алқа, тамақша, нәзік белдік сияқты зергерлік заттарды жеңіл және жергілікті өнеркәсіп орындарында көптеп шығаруға толық мүмкіндіктер бар. Оларды қазіргі киімге де пайдалануға болады.

Сөзіміздің төркіні тарихи мәнгүрттікке байланысты болғандықтан қазақта “мазар мен киіз үйден басқа сәулет өнеріне қатысты ештеме жоқ” деп көкітін кейбір мамансымақтарға жауап ретінде, сол сыяқты дәстүрлі киім-кешекке орынсыз араласа берудің қажеті жоқ екендігін тағы да бір еске салу мақсатымен көптен бері көкейде жүрген осы бір ойларды ортаға салуды жөн көрдік.

БИ ҚАНАТТАНСА...

Қанша тырмыссақ та қазақта би болмаған деген жалаң пікірден құтыла алмай келе жатырмыз. Қазақтың би өнері жайында сөз қозғағанда, оның ерте заманнан қалыптасып, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс-салтымен біте қайнасып келе жатқандығын еске алған жөн. Біз жоғарыда өнердің осы бір түрінің о баста үйлестірілген билеу жүйесімен де, дене қимылдарымен де шектеле бермейтіндігінен, оның үстіне әр түрлі тарихи себептермен ежелгі ойындардың алғаш қалыптасқан түрлерінің көпшілігінің бізге жетпегені жөнінде айттық. Дегенмен ел есінде олардың мазмұны, оқиға желісі, әр түрлі кәде-жоралғылармен біте қайнасқан қимыл-тәсілдері қалды.

Егер ауыз әдебиетіне, зағтық мәдениеттің ескерткіштеріне, ою-өрнектерге, жазба деректерге һәм қазақ тілінің өз лексиконына жүгінсек, би өнерінің де атабабадан қалған мәдени мұраның аса маңызды бөлігі ретінде қазақ қоғамымен бірге жасасып, оның рухани өміріне азық болғандығын аңғаруға болады. Тіптен ел арасында сақталған азды-көпті билердің өзінен-ақ халықтың өткендегі өмір салты, істеген кәсібі, оның айналадағы ортаға көзқарасы көрініп тұрған жоқ па? Қазақ билерінің ғұрыптық-салттық (“Ай қосақ”, “Жез тырнақ”), еңбектік (“Өрмек би”), аңшылық (“Құсбегі”, “Бүркіт пен қоян”), салтанаттық (“Шалқыма”, “Айда былпым”), көпшілік (“Ұтыс би”, “Алқа қотан”) болып бірнеше топқа бөлінуінде де үлкен мән жатқан сыяқты. Ал жануарларға еліктеуге бағышталған “Ортеке”, “Тепеңкөк”, “Қара жорға” секілді билерден халықтың ұшқыр қиялы, жүгіртпек ойы көрінетіндігіне күмәндануға болмайды.

Бұрын “қазақта би болмаған”, “бұл өнер тек менен ғана басталды” – деп көкірегін соғатын кейбір мамандарға жауап бере келе, халқымыздың ұлы перзенті, әлемге аты әйгілі

жазушы Мұқтар Әуезовтің Шымкент тұрғындарымен бір кездескенде “бұрын ел ішінде ақын-жыршылармен, әнші-күйшілермен қатар ежелгі халық билерін орындайтын ортекешілерде болған” – дегенін өз құлағымызбен естіген едік. Ал кейбір зерттеулердің нәтижесіне қарағанда, бізде бұрын әр тайпа елдің “құлар”, “масқарапаздар” деп аталып келген өз бишілері де болғанға ұқсайды. Тіпті Т.Паулидің 1854 жылы басылып шыққан “Россия халықтарының этнографиялық мінездемесі” деген кітабында “Дәулеткерейдің үйіндегі думан” деген сурет берілген. Онда халық музыка аспаптарының ырғақтарына билеп тұрған жігіт бейнеленген. Мүмкін ол би өнерін жете түсініп оны құрметтей білген атақты күйшінің өзі сыйлаған қадірлі қонақтарының бірі болар. Мұндай дәлелдерді былай қойғанда, қазақ тілінде кездесетін “би”, “билеу” деген сөздердің немесе көне мұрамыздағы “би күйлерінің” болуы да өнердің бұл саласының біздің халыққа да тән екендігінің кепілі іспетті екені де талай рет айтылды.

Бұл тұрғыдан алып қарағанда біз зерттеуші Л.Сарынованың “Қазір ізі табылған ежелгі халық билері, осы кезде айтылып жүргендей “тұрпайы билердің бастамасы” немесе “билеу элементтері ғана” емес, белгілі жүйеге келтірілген, бірақ та мәнерлі тәсілдері патриархалдық-шонжарлық қоғамның мәдени дәрежесімен шектелген дәстүрлі би өнерінің нағыз өзі болып табылады” (Қараңыз: Л.П.Сарынова, “Балетное искусство Казахстана”, Алматы, 1976 к. 26 б.) деген пікіріне қосыламыз.

Би өнерімен бұрын көптеген ақын-жыршылар да, әнші-домбырашылар да айналысқан. Олар той-думанның гүлі, ал ән-жыры мол, әзіл-қалжыңы пантомимамен ұласып жататын ойын-сауықтар көрсететін жәрменкелердің де асыға күтетін жандары болған. Мысалға ел арасында есімі аңызға айналған Берікбол Көпенұлын (1861-1932) алсақ, екі аяғына бақан байлап алып, желген аттыға ілесіп билегені үшін кезінде “Ағаш аяқ” атанған екен. Ол

сан алуан халық билерін нақышына келтіріп орындаған Ертіс өңірінің топжарғаны, домбыраны алдына алып та, арқасына қойып та, тіптен башпайымен шертіп те күй тартқан шебер әуезшісі, жанынан әндер шығарған композиторы, ұртымен де, көмейімен де, мұрынымен де әр түрлі жануарлардың, әр жастағы адамдардың дауысын, баланың жылағанын айнытпай салатын сауыққой өнер иесі болған.

Би өнерін жете игергендердің қатарына белгілі халық ақыны, әнші, композитор Шашубай Қошқарбаевты (1865-1954) да қосуға болады. Жасынан домбыра, сырнай тартып, ән салған Шашубай замандастарын бишілігімен де қайран қалдырады екен.

1966 жылы Алматыдағы бір қызметкердің баласын үйлендірген тойында Павлодар облысынан келген қарт биші Жүнісбек Жолдиновтың жас дәрежесіне карамай, денесінің әрбір бұлшық етіне дейін ойнақтатып билегеніне қайран қалғанымыз бар еді. Бұл кісі қазір арамызда жоқ, оның өнері марқұм Қанабек Байсейітов айта беретін Қарқаралының атақты бишісі Зәуірбаевтың өнерін еске түсірді.

Қазақ билерінің өзіне тән ерекшеліктері олардың мейлінше ширақы, шұғыл қимылды қунақы, былпымды болып келетіндігінде. Олардың бұрын тек жекелеген бишілердің ғана үлесіне тиген өнер болып қалмай, қалың көпшіліктің тұрмысында да орын тепкендігін ХІХ ғасырда бізде болған орыс зерттеушісі Д.Исаев жинақтаған материалдардан да байқауға болады.

Ол былай деп жазған болатын: “Тойға дайындық үстінде қалыңдықтың замандастары мен құрдастары қолқабысын тигізіп жүрді. Көптеген әндер айтылды, тіптен сауық кештер домбыра мен қобыз сүйемелдейтін билермен тамамдалып отырған кездер де болды” (Қараңыз: “Русский дневник”, № 93, 1859).

Тағы да бір айта кететін жағдай – қазақтарда бұрын Орта Азия мен Шығыс Түркістанда әдетке айнала қоймаған “Келіншек”, “Бүркіт пен қоян”, әнмен қосылып орындалатын “Әлде не ойыңыз” сыяқты жұптық билер де болған.

Дегенмен билеуге баулитын арнайы мектептер болмағандықтан олар ұрпақтан ұрпаққа тек дарынды өнерпаздар арқылы ғана алмасып отырған. Ал мұндай жолдың тура соқпақты бола бермейтіндігі де анық.

Сонымен қазақтағы би өнері сан ғасырларды артқа салып, ежелгі ойындар мен дала топжарғандары қалыптастырған кимыл-тәсілдерден нәр алған рухани құбылыс болғаны даусыз. Оған халықтың өзі кастерлеген баурау әдістерімен, сермеу тәсілдерімен қатар аңшылық, малшылық, диқаншылық, кәсіпшілік еңбек дағдылары, тұрмыс-салты негіз болғандығына қазір ешкім де күмәндана қоймас.

Әйтсе де халық билерінің кең қанат жайып, қарыштап дами бастауы совет өкіметі орнаған және қалыптасқан жылдардан бастап кәсіби өнердің дамуымен тығыз байланысты. Соның әсерінен 30-жылдардан бастап өнердің бұл түрі шын мәнінде тұрмыстық сипат ала бастаған. Той-думандарда өзі билеген адам қалаған замандасын, ал ол болса келесі құрбысын, онан кейінгі азамат та өз жолдасын ортаға шығарып билететін әдет пайда бола бастаған-ды. Ол кезде көркемөнерпаздар үйірмелерінде де билеушілер көбірек болғанға ұқсайды. Халық таланттарының байқаулары да елдің ең асыға күтетін мейрамдары іспетті боп өтіп тұрған.

1934 жылғы Бүкілқазақстандық өнерпаздар слеті жөнінде өзінің естеліктерінде Қанабек Байсейітов: “Менің әсіресе есімнен кетпейтіні – казак бишілерінің көптігі: “Қазақта би жоқ, болмаған” дегенде таңдайлары тақ-тақ ететіндердің талайы сол слеттен кейін ойлап сөйлейтін

болды”-деген «Қараңыз: Қ.Байсейітов, Құштар көніл, Алматы, 1981, 124 б.).

Халықтың билеу мәдениетін өркендетудің үлкен әлеуметтік мәселе екені белгілі. Соңғы кезде бүкілхалықтық мейрамдарда, той-томағаларда көпшіліктің қатысуымен орындалатын халық билерінің көріне бермей жүргені тағы бар. Ал бүкіл ел болып билемейінше ұлттық би өнерін шын мәнінде жан-жақты дамыту мүмкін емес екенін де білеміз. Бұған тіптен орыс, украин, грузин тұрмысын былай қойғанда, бізбен тектес өзбек, әзірбайжан, тағар, башқұрт, қарақалпақ халықтарының қазіргі өмірі де дәлел бола алады. Бақсақ, бұрын билемеген деп жүрген башқұрттар да өнердің бұл саласынан көп алға кеткен.

Әрине, бұл мысалдардан қазақтың халық билері мүлдем тоқырап қалыпты деген пікір туа қоймас деп ойлаймын. Әңгіме республикада ұлттық би өнерін насихаттау, үйрету, жаттықтыру жағының жетісе бермей жатқандығында болып отыр. 1991 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қазақ мектептерінде ендіріле бастаған оқушыларға имандылық-эстетикалық тәлім-тәрбие берудің жаңа жүйесі бұл салада игілікті істерге жол ашады ғой деп үміттенеміз.

Несін жасырайық, бізде Е.Брусилковский, М.Төлебаев А.Жұбанов сыяқты аға буынның өкілдері болмаса, халық билеріне арнайы әуез шығарған немесе шығарып жүрген композиторлар жоқтың қасы. Би қойғанда көбіне халық күйлерін, тіптен халық әуендерін пайдалануға тура келетіндіктен, оны қонымсыз болса да күйдің немесе әннің атымен атай салу кеңінен өріс алған. Қимыл бейнелері шұбалаңқылау, баурамы шамалы, сайып келгенде бірін-бірін қайталай беретін “Қосалқа”, “Айжанқыз”, “Былқылдақ” “Акқу”, “Сәулем-ай”, “Бозінген”, “Қуә бол” билері міне осындай туындылар. Тіптен мұндай билерді қайта қойғанда бастапқы автордың үйлестірген хореографиясы сақтала бермей, әр балетмейстрдің өз “Қосалқасы”, өз “Айжанқызы», өз “Былқылдағы” бала беретіні ел арасында нақтылы би үлгілерін қалыптастыруға

нұқсан келтіріп жүргенін де ескерген жон. Ал концерттік бағдарламаларға Дәулеткерейдің күйі “Қосалқа”, орындайтын ән-би ансамблі немесе Тәттімбеттің күйі «Былқылдақ» орындайтын бишілер тобы деп жаздырмай-ақ, сол күйлердің атымен “Қосалқа”, “Былқылдақ” халық билері деген атауларды ендіре беруге болмас па? - деген заңды сұрақ туады. Өйткені, Игорь Моисеевтің айтуына қарағанда, этнографиялық негіздегі билерді қай уақытта болса да жасай беруге болатын құсайды. Осы кезге дейін ұрма аспаптардың сүйемелдеуімен ширақы һәм шұғыл қимылдарды талап ететін “Ортеке”, “Алқақотан”, “Айқосақ” сыяқты ел арасында сақталған билерге лайықтап, нотаға түсірілген материалдың жоқтығы кынжыларлық жағдай.

Әдетте билеу тәсілдері хақында сөз қозғағанда “Әттеген-ай, дарынды композитор мен көзі ашық хореографтың ынтымағы қалыптасса өнердің бұл саласында да халқымыздың өмір салтына орай көп жұмыс істеуге болар еді-ау” деген ойдың тілге орала беретіні де міне осыдан.

Қазақтың халық билеріне тән “Құбылма жүріс”, “Айналмалы-ауыспалы”, “Сыпайы жүріс”, “Сақ жүріс”, “Молдас”, “Секендеу”, “Өкшелеу”, “Төртқұлақ”, “Шалқыма”, “Қымтыма”, “Бұраңбел”, “Дүлей”, “Бұлғақтау”, “Сыр-ма”, “Зырылдауық”, “Сүйретпе” секілді қимыл-тәсілдерді балаларға жас кезінен, тіптен балабақшаға баратын кезден-ақ үйрете бастаса (жоғарыда біз айтқан жаңа тәлім-тәрбие жүйесі осы негізге құрылмақшы), жеткіншек ұрпақтың жан жақты дамуына қосылған үлкен үлес болар еді. Өкініштісі, балабақшада да, тіптен қазақ тілінде оқытатын мектептерде де, керек десеніз, педагогтер дайындайтын арнайы орта және жоғары білім беретін оқу орындарында да, тіптен мәдени-ағарту мекемелерінде де бұл мәселеге көңіл аударыла бермейді. “Ей, осының не қажеті бар?” дейтіндер де табылады.

Қазақша билеу көбіне топтасып ән салумен, қыздар мен жігіттердің айтысымен, өз қызығы өзімен өтіп

жататын “Белбеу тастау”, “Шашбау салды”, “Қассың ба, доссың ба?”, “Айқыш-ұйқыш”, “Ақсерек пен көксерек”, “Қолсоқпақ”, “Көрші-көрші” секілді ұлттық ойындармен, тіптен “Арқан керу”, “Құда тартар”, “Ит ырылдатар”, “Тойбастар”, “Беташар”, “Жар-жар” сыяқты кәде-жоралғылармен тікелей байланысты болған. Ал көптеген тәрбиелік маңызы зор ұлттық ойындар мен кейбір әдет-ғұрыптардың ұмытылып бара жатқандығы да белгілі.

Ұлттық би өнерінің тұрмыстық сипатын нығайту клубтар мен мәдениет үйлерінің, оқу орындарының қызметімен тікелей байланысты. Арнайы семинарлар мен жаттығу дәрістері, конкурстар мен байқаулар уақтылы өткізіліп тұрса, осындай игілікті істің мерейі үстем болар еді.

Қазақтың би өнері сонау ежелгі заманнан бері қарай жұрттың көңіл-күйіне, ой-арманына, тілек-аңсарына, тіптен уақыт талабына, дәуір талғамына сай өзінше дамып, ұрпақтан ұрпаққа алмасып келе жатқан халық жасампаздығының үлгісі болып табылады. Оның өзіндік сипаты, мазмұны, қайсыбір билердің оқиға желісі, сермеу тәсілдері ғылыми тұрғыдан әлі де болса зерттей түсуді қажет ететін халық мұрасы ретінде белгілі болғанымен, мәселенің дағдылық жағы қоғамдық ұйымдардың, мәдениет және халыққа білім беру жүйесінің қызметімен тікелей байланысты. Би өнеріне жетік маман кадрлар дайындау, оқулықтар мен оқу жабдықтарын көптеп шығару өз алдына бір сала.

Кезінде ән салып, би билегендердің бірі, сырнайшы Қарсақ Қопабайұлының (1886-1974) жетпісінші жылдардың басында Арқалықта өткізіліп келген “Торғай әуендері” фестивальдерінің біріне келгенде “Би қанаттанса, қарағым, ел қанаттанады” дегені бар еді. Елдің өскендігін, оның өскелең емірін аңғартатын би қанатын қомдауға қазір бізде толық мүмкіндіктер бар. Оларды пайдалану қай қайсымыздың болса да ел алдындағы, тарих алдындағы қасиетті борышымыз.

АБЫЛАЙДЫҢ ҮШ МҰҢЫ

Тарих – дәріс, өткеннің өкінішін де, мақтанышын да бойына сіңірген өмір мектебі. Атадан балаға қалып келе жатқан тәрбие, өнеге жолы. Есімізді енді ғана жиып, іргелі, тәуелсіз ел бола бастаған қазіргі тұста, кешегі қиян-қилы заманда халықтың бірлігін, елдігін сомдай түсе, үш жүздің басын қосып, қазақ еліне ашқар көзін тігіп, қанды қолын созған қас дұшпан – Жоңғар шапқыншыларына қарсы бүкілхалықтық қозғалысты ұйымдастырушылардың бірі хан Абылайдың (1711-1781) тұлғасы, оның тарихтағы ролі жайында көп айтылып жүр. “Қазақтың аңыз-жырларында, – деп жазған Шоқан Уәлиханов, – Абылай есімі ерекше бір әсерлі мәнге ие болған. Абылай дәуірін жұрт қазақ қаһармандығының кемелдеген тұсы сыяқты сезінеді. Абылайдың жорықтары, батырларының ерлігі тұрмыстық-салттық дастандардың арқауына айналған” (Қараңыз: Записки Русского географического общества СПб., 1904, 29 т., 7 б).

Бұл жерде ғалымның Абылай дәуірі, Абылай заманы деп атап түстеуі тегін емес. Шынында да, Абылай өмір сүрген XVIII ғасыр Қазақстан тарихында өзгеше, өркештеніп көрінетін, қазақ қоғамының сілкініп, оянып, қанатын қомдап, оң-солына жіті қарай бастаған тұсы. Мұның өзі ең алдымен ол жүргізген ішкі және сыртқы саясатпен, оның қазақ рулары мін тайпаларының басын қосып, іргелі ел етуге тырмысқан іс-қаракетімен, өзі орнықтырған дешті-қыпшақтың ұлаңғайыр кеңістігінде шаруашылық-экономикалық, этномәдени және этносаяси байланыстардың негізінде қалыптасқан аймақтық бірлестіктер – жүздерді аға билер арқылы басқару жүйесімен, жандана бастаған егіншілікке, сауда-саттыққа, қол өнерін дамытуға жасаған қамқорлығымен, тағы басқалармен тікелей байланысты еді. Сол кездегі ел басынан кешкен отаншылдық, қаһармандық оқиғалардың қай-қайсысы болса да Абылай есіміне қатысты болған.

Қазақ жасақтарын жауға қарсы жұмылдыра отыра, талай-талай шайқастарда көзсіз ерлік көрсеткен жұрттың дем берушісі болған Абылай ел арасында аса зор беделге ие болған. Қазақ оның есімін өзінің жауға шапқанда айтатын ұранына, басына іс түсіп “Нартәуекелге!” бел буған кезде сыйынатын аруағына айналдырған. Тіптен жорықта баспана етуге бейімделген, қысқа уықтар шаншылатын кішкене ғана шаңырағы бар үш-төрт қанатты жол үйін де қазақ “Абылайша” деп атаған. Абылай аса ірі тарихи тұлғаға тән зеректігімен, ақыл- парасатымен, қалың елге деген қамқорлығымен дараланған жан. Тіптен қазіргі кезең өресінен ой жүгіртсек те оның халық игілігі үшін күресіп, қазақ қоғамының ілгері басуына қызмет еткенін айқын аңғарамыз. Іскер басшы, терең ойлы қайраткер болған Абылай қазақ елін өз кезіндегі ықпалды жұрттармен тең дәрежеде ұстаған.

XVIII ғасырдың ортасында Евразия белдеуіне орналасқан күштердің ара салмағын, даланың табиғи байлығын иемденіп, оның қолайлы географиялық жағдайын пайдалануға ұмтылған шығыстағы күдіретті қоңсы – Қытай империясы тарапынан туған қауіп-қатерді, оңтүстік және оңтүстік-батыстағы Орта Азия хандықтарының мендей бастаған жортуылдарын ескере отыра, Абылайдың 1740 жылы жоңғар шапқыншылығы кезінде құрғақ сөзден басқа көмек көрсете қоймағанына қарамастан Россия бодандығын қабылдағаны жөнінде ант беруі, 1772 жылы өзінің орыс мемлекетіне адалдығына екінші рет иландыруы оның көреген саясатшы, заманының аса көрнекті мемлекет қайраткері болғандығын көрсетеді.

Абылай жөнінде белгілі тарихшы Алексей Левшин былай деп жазған: “Өзінің қадір-қасиетін жақсы түсінген ол (Абылай) жұртты ақыл-айласымен, сабырлы-салмақтылығымен маңайына топтастыра білді. Жауын сұсымен де, күшімен де сескендіре білген Абылай ыңғайына қарай біресе Россияға, біресе Қытайға бағы-

ныштымын деп уәде беруге мәжбүр болғанымен, шын мәнінде ешкімге де бойұсынбаған, тәуелсіз басшы болды” (Қараңыз: Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей, ч. II., СПб 1832, 265 б.).

Қарапайым халықтың Абылайға арқа сүйеп, оны хан көтеріп, соңынан еруі де тегіннен-тегін болмаса керек. Оның шын мәнінде елдің қамын ойлаған пиғылы, халықтың бірлігін нығайтуға ұмтылуы қазақ хандарынан бұрын-соңды ешкім көрмеген абырой мен даңққа бөлеген. Өз билігін нығайту жолындағы күресте, әсіресе жергілікті хандар мен сұлтандардың билігін әлсірету үшін Абылай үш жүздің аға билеріне арқа сүйеген. Абылай хандық құрған тұста олардың ішкі және сыртқы саясатқа ықпалы өте зор болған. Әсіресе 1730 жылдың көктемінде Ұлытауда /Арғанаты/ өткен тарихи жиында жұртқа ақылымен дем беріп, бірлікке шақырған үш жүздің аға билері – Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекенің жалынды сөздері, олардың алдағы шешуші ұрыстың әдіс-тәсілін белгілеуге үлкен әсер еткені ел есінде қалған.

Қарсы жақпен жүргізген келіссөздердің бірінде Қаз дауысты Қазыбек былай деген екен: “Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ – қарпысқалы келгенбіз. Сен темір болсаң, біз көмір – еріткелі келгенбіз, қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға келмесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан - алысқалы келгенбіз, жаңа үйренген жас тұлпар сары желіммін, жабысқалы келгенбіз, берсең

жөндеп бітімінді айт, бермесен, дірілдемей жөніңді айт, не тұрысатын жерінді айт” (Қараңыз: Қазақ халқының XVIII ғас. бірінші жартысында өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін азаттық күресі. Целиноград, 1991, 13-14 б.б.)

Абылай дәуірінің тағы бір ерекше сипатын тізе қосып қимылдаған халық батырларының ерен тұлғасынан да көреміз. Хан төңірегіне топтасқан Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақұлы Жөнібек, Серкеқара Тілеуке, Қарақалпақ Құлашбек, тігіден шыққан Ер Терек, Шапырашты Наурызбай, Құдаменді Жібекбай сынды батырлардың қай-қайсысын алсақ та, қалың қол бастап, ел қорғаған, ақыл-парасатымен, ержүректігімен, иманжүзділігімен ел есінде қалған жандар болған.

Тегі, “Ерлік – елдіктің белгісі” – деп қазақ босқа айтпаған. Арқаның ұлаңғайыр кеңістігін еркін төстеп, кең жайлап тіршілік еткен ел ежелден-ақ еркіндікті, елдікті аңсаған. Ол “Ақтабан шұбырынды” кезінде де сол үшін күрескен, ер тұлғалы, еркін тынысты тіршілікті ту етіп, жырға қосқан. Аты аңызға айналған осындай батырлардың бірі 49 жыл қол бастаған Бөгенбай қазақ тарихында орыны ерекше, асқан қолбасшы, мемлекет қайраткері, XVIII ғасырдағы қазақ батырларының ең жасы үлкен ағасы, бүкіл ел сыйлаған “Қарт Бөгенбай”, “Қанжығалы Бөгенбай” боп тарихқа енген адам.

Ғалымдардың айтуынша, ол 1680 жылы Сыр бойында дүниеге келіп, 1775 жылы Арқада көзін жұмған. Бөгенбайды өзінің өтініші бойынша Түркістандағы “Әзірет Сұлтан” қорығында жерленген деседі. Бірақ ауа райының қолайсыздығынан батырдың денесін Торғай өзенінің бойында ыстап, уақытша қойған да, салқын түсісімен бұзылмайтындай етіп алып жүрген. Қаралы көшті батырдың немересі Бапан бастаған дегенді айтады. Жол бойындағы кейбір жер аттары, мысалға, сол бір қаралы көштің Есіл өзенінен өткен жері – Қараөткел, батырдың денесі уақытша жерге берілгені тұс – “Бөгенбай сөресі” деп аталған екен.

Қалыптасқан дәстүр, елдік сана-сезім тұрғысынан қарағанда, бұл деректің өзі де көп жайды аңғартса керек.

Біздің айтпағымыз, қазақ даласының бір бүйірінде туып, екінші бір шетінде қайтыс болған батырдың бүкіл өмірі ел тағдырымен біте қайнасып, аптасып жатқандығы. Осы себеппен ел ауызында Бөгенбайдың ерлігін, батырлығын дәріптеген аңыз-әңгімелер, дастандар көп-ақ.

Бөгенбай тұңғыш рет сайысқа түсіп, жауын мерт еткенде 13 жаста екен, алғаш қолбасшы болып сайланғанда жиырма сегізде болған. 1708 жылы Қабанбай 30 мың қолмен қазақ елінің құтын қашырып, берекесін кетірген казактарды талқандап, Еділден асыра қуып тастаған.

Тарихтан біз 1710 жылы Қарақұмда бүкіл қазақтың құрылтайы өткенін білеміз. Сонда жиналғандардың бір тобы жазмышқа көніп, жоңғарға бас июді, екінші біреулер Еділ сыртына қоныс аударуды, үшіншілері жан-жаққа бытырап, көшіп кетуді ұсынған. Бөгенбай мұндай әрекеттіктердің бәріне үзілді-кесілді тыйым салып, елді бірігіп қимылдауға шақырған өз ұсынысын өткізген (Қараңыз: Қазақ халқының XVIII ғас. бірінші жартысында өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін азаттық күресі. Целиноград, 1991, 10-11 б.б.)

1726 жылы Сарысудың батыс бетіндегі Бұланты деген жерде Қанжығалы Бөгенбай бастаған қазақ жасағы дандайсыған жоңғарларға қатты соққы беріп, “оларды жеңуге болмас!” деген жалған лақаптың күлін көкке ұшырған. Түркістанды қорғауға қатысып, жауды Сауран түбінен бастап Жоңғар Алатауынан асыра қуған Бөгенбай жасағы 1730 жылы Балқаш көлінің оңтүстігінде Аңырақай (кейбір деректерде – Ыңырағансай) деген жазықта Қабанбай, Олжабай, Малайсары сыяқты батырлардың қолымен бірге Жоңғар қонтайшысының қалың әскеріне қайтып басын көтерместей етіп соққы берген. Бірақ жоңғармен шайқас ол үшін мұнымен бітпеген. Бөгенбай қатысқан Талқы, Аякөз жорықтары..., Өленті, Көрітау аңғарындағы айқас өз алдына бір хикая.

Ел есінде есімі мәңгі орныққан халық батырларының бірі - жоңғарға қарсы соғысқа 103 рет кірген Қаракерей Қабанбай 1725 жылы әйгілі Алакөл шайқасында, 1728 жылы Шұбартеңіз шайқасында, 80 күнге созылған Шорға шайқасында, әсіресе 1730 жылы болған Аңырақай шайқасында көзсіз ерлік көрсетіп, үлкен атақ, абыройға ие болған. 1750 жылы Абылай, Бөгенбай, Қабанбай басқарған қазақтың қалың қолы Жоңғар қақпасының аузында жаудың негізгі күштерін тас-талқан етіп, ұлы жеңіске жеткен. Қабанбай ерлігі үшін кезінде “Дарабоз”, “Хан батыры Қабанбай” атанған адам.

Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі шайқастарда шыңдалған батырлардың қатарына Олжабай, Жантай, Жасыбай, Еспембет, Атан, Досай, Малайсары, Сенгібай, Шүйкебай, Таңсыққожа, Райымбек, Жоламан, Баянбай, Мамыт, Ақтамберді, Молдабай, Айнақұл, Байғозы, Оразымбет, Елшібек, Есет, Жаулыбай, Үсен, Бура, Шөңкей, Томаша, Алтай, тағы басқаларды жатқызуға болады.

...Жылдар өтер. Бір ұрпақты екіншісі алмастыра берер. Сонау ел басына күн туған қиян-қилы заманда оның еңсесін көтеріп, ары мен намысын сақтап қалған халық батырлары бүгін де бізбен бірге. Олардың ерлік істері жастарға, болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге, мәңгі бақи еліктеуге тұрарлық айнымас нұсқа болып қала бермек.

Өкінішке орай, көптеген жылдар бойы мәселенің бұл жағына көңіл бәлінбей келді. Хан Абылайдың, оның соңынан ерген батырлардың ерлігін дәріптеуді былай қойғанда, сол кездегі ел басынан кешкен тарихи оқиғаларға сынаржак баға берілді. Тіптен Қазақстанға қатысты мәселелерде екіжүзділік көрсетіп, құйтырқы саясат жүргізген патша үкіметінің іс-қаракеттері басқаша түсіндірілді. Өзінің Сібірдегі мүддесін көбірек ойлаған Россияның құр уәдеден аса алмай, қазақтың жоңғар шапқыншылығына қарсы бүкілхалықтық қозғалысына нақтылы жәрдем көрсеткісі келмегенін сезген Абылай,

1755 жылы аса зор құрметпен қарсы алынған қазақ елшілігін Қытайға өзі басқарып барған. Келіссөздерден кейін Қытай жағы жоңғарға қарсы 90 мың қол шығарып, ту сыртынан тиіскендіктен, әбден қансыраған Жоңғар мемлекеті екі жақтан бірдей берілген соққыға төтеп бере алмай, көп ұзамай-ақ бір жола өмір сүруден қалған.

Атамыз қазақ “жығылғанға, сүрінгенге күлме” дейді. Дегенмен, бәлкім бұл да тағдырдың тәлкегі шығар, бүкіл қазақ жерін күйзеліске салған сол жоңғардан қазір “Жоңғар Алатауы”, “Жоңғар қақпасы” деген атаулар ғана қалған. Қытай императорына жолдаған Абылайдың өтініші бойынша, қазақ жоңғар жеріне малын жаюға мүмкіндік алып, сол кезден бастап Шығыс Түркістанға қоныстана бастаған.

Әйтсе де жоңғарды талқандауды өз мүддесіне пайдалана білген Қытай империясының әскерлері 1758-1760 жылдары Орта жүздің шебіне ене бастаған. Шұғыл қимылдамаса жағдайдың қиынға соғатынын түсіне білген Абылай, оларға қарсы Бөгенбай басшылық еткен қол жіберген. Қытай жағы кейін шегінуге душар болған. Дегенмен қауіп-қатер мұнымен де біте қоймаған. 1762 жылы Абылай ордасына жіберілген Қытай елшілігі өз мемлекетінің Орта Азияны жаулап алғысы келетінін білдіріп, ханнан әскери көмек сұраған. Мұндай өтінішті қабылдау, “Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын!” дейтін қазаққа көршілерімен жауласу өзін-өзі отқа салғанмен бірдей еді. Абылайдың өз сөзімен айтқанда, кескілескен қан майданда, елді бостырып жіберген аш-жалаңаштық, “Ақтабан шұбырынды - Алқакөл сұламаға” байланысты қуғын-сүргін кезінде халқымыздың үштен екісінен айрылған екенбіз.

Ханға олардың басын қайта құрап, “қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын” бейбіт заман орнату үшін де тыныштық керек еді. Абылай кесімді жауабын айтпай, Қытай императорына адалдығының белгісі ретінде аманат етіп

өз ұлы Әділді, қасына елшілікке Қаз дауысты Қазыбекті, Қанжығалы Бөгенбайды қосып Пекинге жіберген.

Міне арагідік үзілістерімен, қактығыстарымен қосқанда қалмақ, жоңғар атаулымен жүз елу жылдан астам уақытқа созылған ғаламат соғыс осылай аяқталған. Ел басына күн туған қиян-қилы заманда бой көтерген алып тұлға - Абылайды да, оның Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке секілді дана кеңесшілерін де, камал-қорғаны болған Бөгенбайын да, өзі “Дарабоз”, “Хан батыры” деп ат койған Қабанбайын да елге, жерге деген перзенттік сезім тарих белесіне шығарған. Олар біз үшін үлгі-өнеге, ұрпақтан-ұрпаққа алмасатын отаншылдыққа, ерлікке, бірлікке бастайтын күдірет.

Өкінішке орай, кешегі рухани жүдеушілік кезінде осындай еларыстарына, олардың тарихтағы роліне аса мәнді баға берілмей келді. Тіптен, жоңғар шапқыншылығының өзін 1723-1729 жылдармен ғана шектеп келдік. Шүкір, қазір 1985 жылдың сәуір самалы ала келген қайта құрылу халыққа оның Абылай, Бөгенбай, Қабанбай сыяқты елеусіз қалған ұлдарының есімін қайтарып беруде. Мұның өзі арнайы зерттеуді қажет ететін Қазақстан тарихының әлде де беймәлім беттері іспетті. Оларды жете тексеріп, игілікке жарату түйіні қиын, күрделі мәселе. Сондықтан да, тарихтың тағылымды беттері кейінгі толқын назарынан тыс қалмаса екен дейміз.

Халықтың табиғатын, жан дүниесін тану үшін, ең алдымен оның тарихын танымақ шарт. Бұл орайда өкінішіміз де, жоғалтқанымыз да молшылық. Бүгін де өзіміз әңгіме етіп отырған Абылай дәуірінің шындығы мен заңдылығын жете түсіне қойдық дей алмаймыз. Тек қазіргі бастама аяқсыз қалмай, қазақ тарихындағы күрделі кезеңдерді екжей-текжейіне дейін зерттеп-білуге ұласса екен. Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би айтқан толғам, ұлағат сөздер, Бөгенбай, Қабанбай сыяқты батырларға қатысты қаншама деректер, аңыз-әңгімелер,

дастандар әлі де болса басы бірікпей шашырап жатыр. Абылайдың өз қолынан шыққан құжаттар қаншама. Солардың бірі жуырда Қазақстан Ғылым академиясының кітапханасындағы сирек қолжазба қорынан табылған.

Іздене білсек, әлі де көп нәрселер ашуымызға болады. Өйткені үңіле қараған жанға тарих алдындағы парызымыз бен қарызымыз шаш етекпен. Абылай мен оның қолбасшы-батырларының бір заманның төлдері, бір дәуірдің арыстары екенін, туған елін бір-біріне қанаттаса, бірге қорғап өткенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Оларға құрмет көрсету өте орынды, бірақ, өкінішке орай, ол өте кеш көрсетіліп отыр.

Жұрт өзін өзі тануы үшін де есеюі керек екен ғой. Абылайды зерттеудің аса қажет екенін ол туралы ақиқаттың ерте ме кеш пе жарық көретініне кәміл сенген Мұхтар Әуезов: “қазақтың дербес ел болуына, әрі-беріден соң қазақтың қазақ болуына, басы қосылып “бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына” ерен еңбек сіңірген Абылайдан артық адам болған жоқ. Жасымыз болса келе жатыр, кейінгілер түсіне ме, түсінбей ме, Абылай туралы бір күрделі ғылыми еңбек жазылса екен. Әзірге баспаға басу қиынға түсер, бірақ арнайы архивте қалса дұрыс болар еді” деген екен.

Хан Абылай – қазақ елінің өткендегі тарихында соншама күрделі тұлға болғанымен кешегі рухани жүдеушіліктен “Хан” деген сөзді айтудың өзі қауіпті болған жағдайда ол туралы зерттеу жүргізіп, кітап жазу, кино түсіру қайдан болсын. Ресми түрде солай болғанымен Абылай есімі халық санасынан өшкен емес. Абылай туралы өлеңдер, жырлар, дастандар ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, бізге де жетті. Ендігі жерде Абылай туралы жалған түсініктерді жою үшін ең бастысы - Абылайдың жазба деректерге, ғылыми зерттеулерге сүйенген нақтылы өмірбаянын жасау, оны Қазақстан тарихымен ұштастыра білу. Абылай тұлғасын аңыз-әңгімелерден арылтып, айқындай түсу.

Бәлкім, тарихшыларға тек орыс деректеріне ғана емес, моңғол, қытай, ағылшын, жапон, араб-парсы мәліметтеріне де үнілу қажет болар.

Абылай туралы сонау XIX ғасырдың алпысыншы жылдарында Шоқан Уәлиханов жариялаған “Абылай” атты шағын ғана мақаладан басқа, күні қазірге дейін жазылған мардымды ғылыми еңбектің болмауы өкінішті-ақ. Соның салдарынан Абылайға, оның айналасына бізде де, шетелдерде де осы уақытқа дейін әділ баға берілмей келді. Мұны да ойланған жөн, ағайын.

Абылай жөнінде сөз қозғағанда, жұмыр басты пенденің басында болатын кемшіліктерден ол да құралақан емес екендігін айтқан жөн. Оның шектен тыс қаталдығы, қатыгездігі (бәлкім, бұл ол кезде қажет те болған шығар!), тізгін-тежеусіз тәкаппарлығы кейбір ел аузындағы әңгіме-жырлардан елес беретіні белгілі. Бірақ, Абылай зиялы қауымның пікірін аяқ асты етпей, оның кеңесіне құлақ аса білген адам. Мысалға алсақ, өзінің тұстасы, кезінде замана бұлбұлы атанған, ойшыл Бұқар жырау үнемі ханның қасында болып, оның ақиқат жолынан танбайтын, ақ пен қараны көрер көзі, ақылдасатын кеңесшісі болған. Бірде Абылайдың ағат кеткен сәтінде Бұқар жырау:

“Ай, Абылай, Абылай
Сені мен алғаш көргенде
Тұрымтайдай ұл едің
Түркістанда жүр едің
Әбілмәмбет төренің
Қызметкері боп едің,

деген екен. Сонда Абылай қарт жыраудың сөзіне тоқтап, райынан қайтқан екен дейді халық. Мұның өзі де ханның пайымдылығын, әділеттігін аңғартатын жағдай. Шындықты шіміркенбей бетіне айтатын кеңесшілері болмағандықтан қазіргі кейбір басшылардың азып-тозғанын да көріп жүрген жоқпыз ба? Әлде бізде азын-

аулақ биліктің мастығына еліте қалатындар аз ба? Тура сөзді тыңдауға бас керек болса, оны айтатын батылдық та керек-ау. Осы екі қасиет Абылай мен Бұқардың екеуінде де болған екен.

Абылайды зерттегенде таразының екі басын тең ұстап, оның құптарлығы мен кемшілігінің баршасын салмақтап, сын елегінен өткізе қараған жөн. Оның қайшылығы мол тұлғасында асыра сілтеген тұстары болғанымен қиянқилы кезеңде қазақ қоғамының басын қосқан, оның тектестік тұтастығы мен ұлттық тәуелсіздігін сақтап қалуға тырмысқан аса көрнекті мемлекет қайраткері ретінде тарихқа енгені хақ.

Қайсыбір тарихшылар Абылайдың бар өмірі тек өзінің хандық өкіметін нығайтудың қамымен өтті деп түсіндіргісі келеді. Бұл шындыққа үйлесе бермейтін жайт. Халық арасында кеңінен тараған көп аңыз-әңгімелердің бірінде Абылайдың “ел басына күн туып, етігімен су кешкен қазақ” өз бас бостандығына өзі ие, іргелі ел болса екен деп арман еткені жөнінде өте орынды айтылған.

Бірде ауру меңдеп, қартайып, көзін жұмар сәті таянғанын сезген хан, қасына Бұқар жырауды шақыртып алады. Есен-саулық сұрасқаннан кейін жыраудың “жұртыңа айтар не мұның бар?” деген сауалына Абылай: “біріншіден - қан көп төгілді, оған қас дұшпан мәжбүр етті; екіншіден - сахараны жайлаған елді егіншілікке үйретіп, жер емшегін емізе алмадым, қала салып, сауда-саттықты дамытып үлгірмедім; үшіншіден, елдің басы түгелдей бірікпеді, тентегі, телісі көп болды” – деген екен.

Сол Әз-Абылайдан не қалды? Ел есінде оның ерлік істері қалды. Ханның қасында болған ақын-жыраулардың оған арнаған өлең-жырлары, аға билерінің нақыл сөздері, алуан түрлі аңыз-әңгімелер қалды. Ал оның тікелей өзімен байланысты нәрселердің бізге жеткені шамалы. Керек десеңіз, қазақ хандығына үш жүз жылға жуық уақыт астана болған қасиетті Түркістандағы “Өзірет Сұлтан”

қорығында жерленген Абылайдың басына тұрғызылған ғимарат та құлап қалған. Жазуын 1894 жылы Әбубәкір Диваев, 1956 жылы Әлкей Марғұлан оқыған құлпытасы да /оны 1964 жылы мен де көрген едім/ жоғалып кеткен.

Әбубәкір Диваевтың айтуына қарағанда, онда құранның қасас сүресінен алынған мынадай сөздер жазылған:

“Алладан басқа құдірет жоқ. Бір Алладан басқаның бәрі ғайып болады. Үкім шығару соған ғана тән. Бәрін де Алланың алдына барасыңдар” /қараңыз: Известия Общества археологии, истории и этнографии, 1895/.

Мәселенің бұл жағына біздің баса назар аударып отырғанымыз Г.Е.Грумм-Гржимайлоның қазақ өзінің 1781 жылы қайтыс болған ханы Абылайдың басына дешті қыпшақтың ханы Әбілхайырдың /1412-1468/ ұлы Сүйінішқожаның құлпытасын қойған деген топсама пікір айтқанымен байланысты еді. /қараңыз: Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Ленинград, 1926, 64 б.) Өйткені тастағы жазуды алғаш көшірген Түркістанның сол кездегі қазіі Лутфулла кожа да, оны тұңғыш рет оқыған Әбубәкір Диваев та, тіптен Әлкей Марғұлан да бұл жөнінде ештеме айтпаған. Сонда Грумм-Гржимайло мұндай қисынсыз мәліметті қайдан алған? Гәп міне осында болып отыр.

Бұл сұраққа тікелей жауап беруге мүмкіндік беретін Сүйінішқожаның басына қойылған құлпытас та /мен оны да көрген сияқты едім/ жоғалған. Бүкіл қазақ болып ақтық сапарына шығарып салған, үш жүздің ханы Абылайдың мүрдесіне қоятын бір метрден сәл-ақ асатын мәрмәр тас /ол сондай-ақ болатын/ табылмады дегенге сене қою қиын. Тіптен бір мүрденің құлпытасын екіншісіне қоя салу бұрын-соңды қазақ дәстүрінде де, мұсылман ғұрпында да болмаған жағдай десек қателесе қоймаспыз. Оның үстіне бұл пікірдің Абылайдай бүкіл ел қадір тұтқан аса көрнекті; мемлекет қайраткеріне қатысты болғандықтан да қисыны келмейтін сияқты.

Қазіргі Сайрам ауданына /Оңтүстік Қазақстан/ қарасты Қарабұлақ қыстағынан Арыс өзеніне қарай алты шақырым жерде орналасқан Абылай ордасының орны да жоғалған. Бұл жер көп жылдар бойы “Хан қорған” деген атпен белгілі болған екен.

“Әзірет Сұлтан” қорығына Абылайдан басқа Тәуекелхан, Есімхан, Тәукехан, Қаз дауысты Қазыбек, Бөгенбай батыр сыяқты Қазақстанның әр кездегі белгілі мемлекет қайраткерлері жерленген. Тіптен жұрт кіші жүздің аға биі Әйтеке де осында қойылған дегенді айтады. Олардың да, Есімхан мен Қаз дауысты Қазыбектен басқасының, қайда жатқаны белгісіз. Елдің осындай арыстарына арнап Түркістанда мемориалды пантеон тұрғызатын уақыт та жеткен сыяқты. Қызылжарда /Солтүстік Қазақстан/ ханға арнап патша өкіметі салдырған ел арасында “Абылайдың ақ үйі” деген атпен белгілі құрылыс та /мұнда Абылай тұрмаған/ қалпына келтіруді қажет етеді. Абылай есімімен тікелей байланысты Талдықорған облысындағы “Үйген тас” та мемлекет қамқорлығына мұқтаж.

Мұндай қажеттіліктерді мысалға көптеп келтіре беруге болады. Абылайға байланысты оқиғаларды зерттеп-білу оның алып тұлғасын аңыз-ертегілерден арылтып, нақтылы өмірбаянын жасауға мүмкіндік туғызар еді. Кезінде Шоканның әкесі, тұңғыш қазақ этнографтарының бірі Шыңғыс Уәлиханов Санкт-Петербуркте өткен көрмеге тапсырған Абылайдың киім-кешегін, қару-жарағын, тағы да басқа заттарын қайтарып алу қажет-ақ. Абылай жөнінде кинофильм шығару, оның ерлік істерін паш ететін көркем туындылар беру де кезек күттірмейтін нәрсе.

Жақында ғана Қазақстан “Абылай аспаған асудан” асып, өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жария етті. Іргелі ел болып, жан-жақты даму жолына түсуге мүмкіндік алды.

Мұның өзі елім деп еңіреген Абылай секілді ерлердің арманы жүзеге аса бастады деген сөз.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕГЕ

Біздің қоғам тарихтын катал да әділ сынына түсіп отыр. Мұның өзі сенімсіздік пен секемшілдіктен құтылудың бірден бір кепілі – адам рухын, арын, ожданын бойкүйездік пен дүбәралық құрсаудан біржола арылту міндетін алға қойғандықтан қоғам өміріне әлеуметтік бағыт-бағдар берерлік аса зор мәселе – өткенімізді қайта қарап, саралай түсу қажеттігін туғызды. Өйткені бұхараның әлеуметтік белсенділігінің бірден бір негізгі шарты, қозғаушы күші – ұрпақтар сабақтастығы нақ осы тұста тарих тағылымына, тарихи санаға тікелей байланысты қалыптасатыны белгілі болып отыр. Жаңару үстіндегі қоғамның тағдыры мен тарихшылардың жауапкершілігінің арасындағы байланысты айқынырақ сезінетін уақыт та жеткен сияқты. Жариялылық зерттеушілерге тарих ғылымында мықтап тамыр жайған идеологиялық кертартпалықтан арылуға, «жаңа саяси мәдениеттің» маңызды шартына, бәлкім, басты тұғырына айналған халықтың тарихи санасын арттыруға мол мүмкіндік туғызғанына кәміл сенуге болады.

Әрине, бүгінгі таңда өткеніміз бен қазіргі заманның күрделі түзілісінен тұратын тарих дәрісінің, тарихи тәжірибенің ғылыми мәні ғана емес өмірлік маңызы аса жоғары құбылыс екені белгілі. Мұның өзінің концептуалдық тұрғыдан алып қарағанда бағыт берерлік мағынасы өте зор. Өйткені тарих пен қазіргі заманның тікелей ара қатынасы бұрын-соңды өмір сүрген көптеген көрнекті тарихшылар үшін қашанда басты методологиялық мәселе болып келгені даусыз.

Өкінішке орай, қазақстандық тарихшылар жұрттың тарихты танып-білуге құштарлығын қанағаттандыра алмай, сылбырлық, бойкүйездік көрсетіп отыр. Мұның өзі бізді, әсіресе айдан анық тарихи шындықты басқалар

өзінше пайдаланып кеткен сәттерде қай жағынан алып карағанда да ұтылысқа ұрындыратыны даусыз. Мәселен, тарих ғылымның докторы В.И.Козлов (Москва қаласы) тектестік негізі қазақ халқынан тұратын жерде сол аттас республика құрудың заңдылығына күмән келтіруге дейін барған. “Бұл Каспий мен Тянь-Шаньға дейін кеңінен созылған автономия, деп жазды ол “История СССР” журналында (Қаңтар, 1990) – солтүстік-батысында экономикасы жағынан Еділ бойы мен Жайыққа бейім Орал казак әскерлерінің орыстар қоныстанған жері мен оңтүстік-шығысында Сібір казактарының иелігінде болған Жетісу казактарының жерін Верный поселкесімен (оның негізінде кейін Алматы пайда болды) бірге қосып алған. Сөз орайында айта кететін бір жай, Қазақ АССР-і Советтерінің құрылтай съезі Орынборда (1920 ж.) өткен. Егер, сол кезде казак делегаттарының біреуі казактардың бүкіл республика жерінде егеменді, республика шегіндегі орыстар алдындағы (жер иесі ретінде) артықшылықтары жөнінде айтқан болса, оны кем дегенде күлкіге айналдырып, мазақ етер еді”.

“Комсомольская правда” газетінің 1990 жылғы қыркүйектің 18-індегі санына арнайы қосымша ретінде жарияланған А.И.Солженицынның “Россияны қалай түлетеміз” атты мақаласы да тура осы сарынға құрылған. “Атыңшықпаса, жер өрте” дегендей, дүниені дүрліктірген бұл мақала авторының жазушылық дарынын қаншама құрметтесек те оның бұл туындысының тарихы шындық атаулының бәріне қарсы қарабайыр құрғақ уағыз екені даусыз.

Солженицын мырзаның сөзімен айтсақ, Оңтүстік Сібір, Оңтүстік Орал тұсы орыстар, солдаттар (!?) мен жер аударылған халықтар игеріп, көркейткен шөлейт жазықтардан құралған, “казактарының саны барша тұрғындарының жартысына да жетпейтін Қазақстан, коммунистердің ессіздігінен шектен тыс кеңейтілген”

көрінеді. Ол тіптен кәдімгі казак атаманының бұйырып әдеттенген мәртебелі нұсқау мәнерімен: “Олардың (казактардың) шоғырланған тұсы, тұрақты атамекені – негізінен солар тұратын ұлаңғайыр кеңістіктің қиыр шетінен Батысқа қарай, Каспийге дейін (!?) созылып жатқан облыстардың оңтүстік доғасы. Ал егер осы ораммен бөлінемін десе, бөлінсін, тәңір жарылқасын!” деп жомарттық танытқансиды.

Автордың осындай сәуегейлікке сүйенген сөз төркінінен бөле-жара билеп-төстеуге машыққандардың пиғылы көрініп тұрған жоқ па? Бар болған-біткені осы емес пе? - деген заңды сұрақ туады.

Шындығына келсек, Солженицын мырзаның, бұл уағызы қай жағынан алсақ та түкке тұрғысыз. Бар болғаны Батыс европалық сықақ новеллаларда кездесетін әйгілі кейіпкердің “бұл өз пікірім, сондықтан соны ұстанамын” дегеніндей, автордың өзгелерге қарсы шовинистік уытқа барынша уланған, көкейкесті ниетінің белгісі ғана. Сондықтан да, осы бір білгіш ұлыдержавашыл отаншылдың қазақ халқына “көшпелі табын” деп айдар таққанына да танданудың қажеті жоқ. Дегенмен, оны жауапсыз қалдыруға да болмас. Өйткені, көшпелілер, Солженицын мырза ойлағандай, соншалықты тағы ел болмаған. Көшпелілік евроцентристік бағыттағы зерттеушілердің талай буыны түсіндіріп келгеніндей, дүниежүзілік тарихи дамудың тұйық тармағы емес. Бұл жаңа тарихқа дейінгі Евразияның қуан және шөлейт аймақтарындағы адам тіршілігін ұйымдастырудың бірден бір тиімді жолы болған. Бұл жөнінде көрнекті орыс ғалымы С.П.Швецов өзі жүргізген көпжылдық зерттеулерге сүйене отыра, сол кездгі “қазақ шаруашылығын белгілі бір табиғат жағдайына мейілінше бейімделген, бұл тұста барынша өнімді шаруашылық ретінде қараған жөн” деп кесіп айтқан екен (Қараңыз: Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. Л,1926).

Оның үстіне, Қазақстан сыяқты ұлаңғайыр физико-гео-графиялық аймақта көшпелі шаруашылық тіршіліктің жалғыз ғана түрі болмаған. Археологиялық деректерге, ежелгі және ортағасырлық тарихи мәліметтерге, тіптен совет ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда, бұл өлкеде ерте дәуірден бастап-ақ қуатты қала өркенияты дамыған, көшпелі және отырықшы іс-қаракеттер біртұтас бірегей мәдени-тарихи кеңістік құраған.

Автордың тағы бір таңқаларлық ұшқарлығы “орыс халқы”, “казак” деген карама қарсы ұғымдарды бірге пайдаланған бишаралығынан да көрінеді. Бұл екеуін бір халықтың синонимі деп қарауға бола қоймас. Өйткені, казактардың орыс этносының бір бөлігі ретінде патша армиясының құрамында айырықша құқы бар ерекше әскери сословие ғана болғандығы баршаға аян. Ал Запорожье казактарын алсақ, олар түгелдей украиндықтардан тұрған. Оларды да орыс этносына жатқызуға бола ма?

Демек, Солженицынның Қазақстанның солтүстік орталық, шығыс, батыс бөліктерін ежелгі орыс жері ретінде көрсеткісі келгенін казактардың яғни Россия тәжінің орыс мемлекетінің шегіне орналасқан бұратана халықтарды бағынышты, тәуелді қалыпта ұстау үшін пайдаланған қол шоқпарының, бұрынғы артықшылықтарын қайтаруға тырмысып, мүләйімсіген қамқорлығы дегі қарау керек.

Казактардың, жалпы казачествоның, XIX ғасырдың екінші жартысында тұтастай орыс отаршылығына душар болған қазақ еліндегі сорақылық іс-қаракеттерін кезінде А.И.Герцен өзінің “Колоколында” шегіне жеткізе әшкерелеген болатын. Бұл ретте “Колоколдың” “Казактардың қазаққа не істейтінін білесіздер ме? деген сұрақ қойып, оған жауап берген хабарламасы казактарға байланысты жағдайды мейлінше дәл көрсететінін де атап өткен жөн. Онда былай делінген: “Қазақтың күллі мал-мүлкі казактың өз меншігі тәрізді. Оның қойын тартып алу, өгізін, не жылқысын ұрлау казак үшін керемет бір

батылдык, жігіттік өнер сыяқты көрінеді. Ол үшін төменгі шендегілерге ескертіп, сөгіс беріп жатқан офицерлер де жоқ, ауық-ауық олардың өздері де ауылдарды тонап тұрады. Есауыл Бутаков, подполковник Абакумов секілді коқыс қылықтарымен даңқы шыққан мырзалар да бар... Бүкіл Сібір әскерлері қазақ есебінен күн көріп отыр десе де болады”. /Қараңыз: “Колокол”, 1861 жыл/. “Полковник Слуцкийдің қазақ даласына “өркеният” (тырнақша менікі – Ө.Ж.) әкелген сәуегейлері болған казактары,- деп жазған ол,-Ертістің арғы жағындағы “тиімді” қызметке көшпелілерді тонап, пайда табу үшін барған” (Қараңыз: “Колокол”, Прибавочный лист. 1867 жыл).

Осындай фактілерді Солженицын мырзаның білгісі келмегені өкінішті-ақ. Әринс, бұл айтылғандар да қазақ жерін казактардың отарлауының шын сипатын терең ашып бере алмайды.

Ал, егер автордың “орыстар, сотталғандар мен жер аударылған халықтар игеріп, “көркейткен” бейтарап жер туралы айтылған пікіріне келсек, алыс Вермонтта жатқан жазушының өрескел тұжырымы ешқандай сын көтермейтіндігі өзінен өзі түсінікті болар деп ойлаймын. Осы жерде автор ізгіліктен жұрдай, орыс жұртына қатысы жоқ дүниенің бәріне жирене қарайтын ұлыдержавашыл езуегей ретінде көрініп отырғандығын ерекше атап өткен ләзім. “Орыс отрядтары орналасқан бос жатқан жерлер шын мәнінде ешқандай “иесіз жерлер” емес-ті, керісінше көшпелілердің жыл бойы көшіп-қонып жүретін қыс – қыстауы, жаз – жайлауы болған” (Қараңыз: Реальность о некоторых идеях пересмотра границ республики. “Казахстанская правда”, 1990 жылғы 30 июнь).

Тіптен орыс деректерінде көрсетілгендей, ХІХ ғасырдың екінші жартысында мейілінше меңдей түскен жергілікті халықтың мал жайылымы мен шабындықтарын “иесіз жатқан жер” ретінде тартып алу тұп-тура тізе батырып, күш көрсету арқылы жүргізілгендігін қалай ескермеске? Сонау,

1853 жылдың өзінде-ақ Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Гасфорт та :”Россия бодандығындағы қазақтардың барлық жері олардың меншігі емес, сол жерді шетелдіктерден (?) әскермен қорғап, қазақтарға мұрсат беріп отырған үкіметтің иелігіне жатады” – деген алып-қашпа пікір айтқан екен. Кейінірек, бұл пікір “Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқарудың уақытша ережесі” деген құжатта заңдастырылған тұжырымға айналған. Онда қазақ көшпелілері алып жатқан жер мемлекеттікі, оларға қауым болып пайдалануға (?) беріледі”, - делінген (Қараңыз: Қазақ ССР тарихы, 1 том, 252 б.).

Тағы бір өзгеше жәйтке назар аударайық. Барлық дерлік ресми орыс деректерінде қазақ, республиканың қазіргі орталық, солтүстік, шығыс және батыс аймақтарымен сәйкес келетін, ал солтүстік-шығыс пен солтүстік-батыс бойлықтарында Қазақстанның қазіргі шегінен тыс шығып кететін Оңтүстік Сібір және- Оңтүстік Орал тұсын алып жатқан ұлаңғайыр географиялық кеңістіктің автохонды тұрғыны ретінде мойындалған. Ал шаруаларды Қазақстан жеріне көшіру, патшаның отарлау саясатын жүзеге асырудың негізгі тәсілі екендігі сөзсіз. Қоныс аударуға арналған жер қоры дегеннің өзі шын мәнінде қазақты ғасырлар бойы өмір сүрген табиғи ортасынан күштеп айырудың қамынан туған.

1917 жылы қоныс аударушылар қоры 45 миллион десятина жер болыпты. Оның үстіне бұл қорға көшпелі жұрттың ең құнарлы шабындықтары мен жайылымдары алынып отырған.

Қазақстан жерінде “жат жұрттар” XVII ғасырдың аяғында пайда бола бастағаны мәлім. Орыс тіліндегі деректерде олар “қашқын шаруа, қылмыскер сектанттар мен әр түрлі қаңғыбастардан құралған “еркін отарлаушылар” деген атпен белгілі. Ал орыс және басқа халықтардың Қазақстан өңіріне топ-топ болып келе бастауы XIX ғасырдың соңғы жартысы мен XX ғасырдың басы. Кейінде бұлай “қоныстану” күшейіп, жалғаса түскен.

Мұның өзі бұл өлкені жайлаған елдің тектестік картасының түбегейлі өзгеруіне, әрі этнодемографиялық ахуалдың шиеленісуіне әкеп соқты. Егерде 1890 жылы Қазақстандағы орыстар мен украиндықтар мұнда тұратындардың 8,2 процентін құраса, 1897 жылы бұл көрсеткіш 12,8 процентке, ал 1917 жылы 29,3 процентке жеткен. Дегенмен славян тектес ұлыстар ол кезде Қазақстанда тұратын халықтың көпшілігі бола қойған жоқ еді. Алайда, 1917 жылдың қарсаңында олар Ақмола облысында, әсіресе, Омбы, Қызылжар, Көкшетау уездерінде сан жағынан басым болмағанымен, қалған аудандарда Қазақстанның жергілікті халқы көпшілік болып қала берген.

Аса әдептілікті талап ететін жер мәселесіне Солженицын мырзаның соншама пәтуасыз қарауы қазақ елінде бей-бастықпен аты шыққан казак-орыс атамандары мен патша чиновниктерінің өрескел қылықтарын еріксіз еске салғандай.

Біздің этнологиялық немесе этносаяси мәселерге ерекше назар аударып отырғанымыздың себебін бір жағынан республикада шовинизмді, ұлтшылықты уағыздап жүрген қайсы бір ұйымдардың іс-қаракеттерімен, екінші жағынан Россияда меңдей бастаған ашық шовинистік пиғылдармен түсіндіруге болады. Бұл әсіресе Қазақстан республикасы тіл заңы мен Республиканың егемендігі жөніндегі Декларацияның жобаларын талқылау кезінде көрінді. Көп ұлтты Қазақстан жағдайында өзгелерді “орысша тілді халық” деген жасанды атпен оның жергілікті халқына қарсы қоюға бағытталған оғаш қылықтар мен республика шекарасын қайта қарауға бағытталған арандатушылықтың халықтар арасындағы қақтығыстарға әкеліп соғуы мүмкін екендігін жете түсінетін уақыт та жеткен сияқты.

Белгілі бір ұлыстағы этноцентризм әдетте өзге тектестік қауымдардағы экстремистік пиғылдың үдеуіне әкеп соғатыны белгілі. Ал мұның өзінің тұйыққа тірелуі

екендігін, одан шыға қоюдың мейілінше қиындығын Таудағы Карабах, Ферғана, Жаңа Өзен, Душанбе, Бішкек, Ош сияқты көп ұлтты мекендердегі қайғылы оқиғалар да көрсеткен жоқ па?!

Үкімет орындары, еңбек коллективтері, оқу орындары, ғылыми мекемелер, баспасөз Қазақстанда қоныс тепкен барлық ұлыстар арасында шынайы сыйласымға негізделген қарым-қатынастарды өркендетуге, әрі олардың әр қайсысының әлеуметтік-экономикалық және рухани мүдделерін қорғауға барлық күш-жігерін жұмсауға міндетті. Өйткені, біздің қоғамымыз бүгін халықтардың өзара ынтымақтастығына мейілінше мұқтаж. Парасаттылығы мен рухани дүниесі бай орыс халқы, оның біздің Қазақстанда тұратын өкілдері, қазақ халқының ұлттық мүддесі мен арман-аңсарын түсіне біледі ғой деп ойлаймын. Тарихи себептермен орыстар мен басқа 82 ұлыстың өкілдері үшін қазақ елі олардың екінші отанына айналды. Ұлттық мүддені “қызғыштай” қорғап жүргендердің ойлағанындай, жаңа өмірді жеке-дара емес, барлығымыз жұмыла, бір әулеттің ұрпағындай ынтымақтаса ВДРУ – уақыт, өмір талабы. Бұл біздің Қазақстанда берік орын тепкен игі дәстүрге негізделген талап. Халықтар достығы мен туысқандығының игі қасиеттерін көздің қарашығындай сақтап, байыта түсейік!

ҚАСЫМ ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДА ТУҒАН ОЙ

Ақын сөзінің құндылығын өзі жеткізеді, сыншылар талдайды, қадірін жұрт таниды. Бүгін өзіміз 80 жылдығын тойлап отырған Қасым Аманжолов қазақтың көрнекті ақыны, уақыты тар, арманы асқақ аяулы азаматы болды. Небәрі 44 жыл ғана өмір сүріп, оның да бірнешеуін қан майданда өткізген Қасым жырлары міне, жарты ғасырдан аса уақыт бойы туған елінің көкірегінде күмбірлеп тұр. Азаматтығы, қалтарыссыз қайсар мінезі, таза сезімтал өлендері үшін замандастары оны шексіз сүйіп, құрмет тұтты. Ақынға деген, осы бір қалтқысыз сезім, құрмет ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермек.

Өз басым, өлеңнің, өнердің құдіреті кім? – дегенде Қасым тұлғасын, Қасым тағдырын куәлікке көлденең тартар едім. Қасым тағдыры – ғажайып ақындық, азаматтық тағдыр. Қара бастан гөрі халық қамын көбірек ойлап, күңіреніп өткен Қасымның “ауыз толтырып” тізбелейтін шеншекпені де, лауазым атақтары да болмаған екен. Оның есесіне Қасымға мойын ұсынбайтын қазақ жоқ. Ол оның мансабын емес, өр мінезін, өлмейтін сөзін тілге тиек етеді. Осылай бола бермек. Бұл да өнеге, бұл да даралық.

Қасым тек қазақтың ғана емес, бүкіл елдің мақтанышы. Ақынның отаншылдық, халықтық сезім айырықша көрінген “Атамекен”, “Туған жер”, “Қазақстан”, “Өзім туралы”, “Ертіс”, “Сарыарқа” атты өлендері бүкіл қазақ әдебиетінің шоктығынан көрінген туындылар. Қасым ескерткішінің алдында ұятты болатынымыз – оның шығармаларын аудармасының жұпынылығынан орыс және дүниежүзі оқырмандарына әлі де болса толық таныстыра алмай келе жатқандығымыз. Бұл ойланатын жағдай.

Қасым туралы сөз болғанда, әдетте оның алып тұлғасының ел өміріне, өлеңінің халық көңіліне орнығып,

ұлы ағысқа ұласып бара жатқаны айтылады. Оның ақындық мектебінен дәріс алған Мұқағали Мақатаев:

Дейсіндер-ау! Қасымның несі басым?!

Қасым солай болмаса несі Қасым.

“Ақынмын” деп копаңдап жүргендердің

Әммесінен Қасымның десі басым!-

деп ақын тұлғасын оқшаулап, сомдап бір-ақ қайырған екен. Бұл күндері Қасымды ұстаз тұтқан Мұқағалидің де туғанына 60 жыл толуы арнайы аталып өтуде. Қасымның да, Мұқағалидің де мүшел тойларының халықтық мәні аса зор екендігі күмәнсіз. Бірақ осындай ұлағатты оқиғаларға тек қана марапат, ойын-сауық деп қарасақ, шын өнердің қадірін жөнсіз түсіріп алар едік. Өйткені ақын тағдыры арқылы тұтас бір кезеңнің тарихи шындығы танылады. Қалың елдің көшін, парасат-танымын осындай ұлағаты мол асыл қазыналар берген ақындар бастайды. Елдің рухани жағынан биіктей түсуіне, тазарып-түлеуіне дем береді.

Қасым сынды халқымыздың ұлы перзентінің де арман-мақсаты жұрттың рухани жан дүниесінің кемелденуі болатын. Сол үшін қызмет етті, сол үшін күресті. Сондықтан да ақын тойы – парасат тойы.

Дүниеге келер әлі талай Қасым,

Олар да бұл Қасымды бір байқасын.

Өртке тиген дауылдай өлеңімді

Қасымның өзі емес дегі кім айтасын!

Иә, дүние озар, қаншама жаңа толқын дүниеге келер... Соның бел ортасында қасиетті қазақ өлеңінің оқ көрген, өрт кешкен байтерегі Қасым тұлғасы биіктей бермек.

“Жаксыға сөздің басын айтсаң, аяғын өзі түсінеді” дегендей лауазымды қауымның басын қосқан осы бір жиында сөз қуып, сөз теріп кетсек, күнделікті күйкілжіңнен ары кете алмайтынымыз айдан анық.

Бары мен жоғы, үміті мен күдігі, тапқаны мен жоғалтқаны қатар жүріп жатқан қазіргі кезеңде “атыңнан

айналайын Қарқаралы” жерінде Қасымға ескерткіш ашу салтанатында оны тәрбиелеп-өсірген қазақ әдебиетінің қайта құрылу жағдайында ең алдымен елді рухани тұрғыдан терең танып, түсінісу қасиетінен көрініп отырғандығын ерекше атап өткен жөн. Дегенмен, бұрын надан едік, барлығы жаман еді, енді адам болдық, қазір жарқырап сала бердік деген жаттанды сыңаржактықтан, арғы-бергіні тергеуден ары кете алмай сергелдең боп жүрген әдебиетшілер де жоқ емес.

Қайсыбір ақын-жазушылардың ой-пікіріне, сөздері мен мақала, толғаныстарына қарағанда, әлі де болса сол кешегі бір кездің әр түрлі “жерінен” арыға бара алмай жүрген сыяқтымыз. Әдебиетті бір адам жасамайтыны, Жазушылар одағы да, оның басқармасы мен бірінші хатшысы да жасай алмайтыны мәлім. Алдағы кезеңде әдебиетіміз қандай болу керек? Оны қайткенде халыққа, оның рухани өміріне жақындата түсеміз? Өсіп келе жатқан жаңа толқынның тағдыры қалай болмақ? Меніңше осы жайларды ойланған жөн сияқты.

Елдегі экономикалық күйзеліс, ауырлау соғып отырған нарықтық негіздегі тіршілік, меншікті мемлекет иелігінен алу және жекелендіру оң-солымызды орап, дүниеге мүлдем жаңа қырынан қарауға мәжбүр етіп отырған жағдайды қалай ескермеске. Қазір Мемлекеттік құрылымнан бастап шығармашыл одақтардың қызмет ерекшеліктеріне дейін өзгеріп бара жатқан жоқ па?

Рас, ешкім де, үкімет те, тіптен, президент те жазушыға былай етіп жаз деп нұсқау бере алмайды. Дегенмен, заман ағымына сай, көз көріп отырған мәселелерге меңзеу кімнің де болсын азаматтық борышы. Сайып келгенде мұның бәрі де халық үшін істеуге тиіс ортақ мүддеден туған жайт.

Мүшелтойлар, премьералар, әр түрлі кездесулер өткізуді, шығарымпаздық портреттер жасауды үйрендік. Бұл құптарлық. Дегенмен Жазушылар одағына ұланғайыр Қазақстанның рухани, мәдени тіршілігін үлкен өреге

көтеруге бағышталған, жан-жақты ойластырылған ұйымдастырушылық жұмыс керек-ақ. Қазір бізде әдеби кітаптар жетіспейді, жалпы кітап саны құлдырап азайып барады. Кезінде оқырман қауымның көңілінен шыққан талай-талай тамаша кітаптар шығарған әйгілі баспа орындарымыз қаражат, қағаз тапшылығын көруде. Оның есесіне әр түрлі бірлестіктер мен кооперативтер шикілі-пісілі кітап өнімдері мен бір қайнауы ішінде жүрген басылымдарын тоғытып жатыр. Бағасы удай. “Құранның” өзін базар нарқымен шығарып сата бастағандар да жоқ емес. Бір қазақ тілінің өзінде оның үш түрі шығарылыпты. Енді төртіншісі Қытайда шықпақшы деген қауесет бар.

Осы сел-таскынның өтінде халықтың әдебиеті мен өнерін кім қорғайды, оның мүддесін кім ойлайды? Бәлкім, шығармашыл одақтардың бірегей Ассоциациясын құрып, күллі мәдени-шығармашыл істі жүйелі-желілі түрде тұтас жүргізген де тиімді шығар?

Мәдениеттің, әдеби-мәдени-тарихи мұраның жағдайы мемлекет қамқорлығынсыз түзеліп көрген емес. Меценаттық демеу де қажет болар. Бұл мәселеде де пікір алмасқан жөн. Соңғы төрт-бес жыл қаншама қиынқилы, шиеленісті жағдайда өтті дегенмен, әдебиет пен өнер саласында бетбұрыс боларлық қадам жасалды. Шығармашыл одақтардың дербестігі артты. Жұрт өзінің төл әдебиеті мен мәдениетінің бұрын ұмытыла бастаған асыл мұраларымен қайта қауышты. Мұның бәрі де жақсы, игілікті нышандар, үлкен істің басы ғана. Шұғыл кірісіп парасаттылықпен танытар істер көп-ақ.

Соның бірі тарихқа дұрыс көзқарас қалыптастыру. Шындықты қалпына келтіре отыра, елдің рухани жағынан қайта түлеуін қамтамасыз ету. Әділеттік пен зандылыққа жұрттың сенімін нығайта түсу. Алайда, халықтың өткендегі өмір салтын, әсіресе оның рушылдыққа, тайпашылдыққа, жүзшілдікке байланысты жақтарын қайсы бір әдебиетшілердің қатысуымен кейбір газет-журналдар арқылы

елдің тектестік санасына құя беру кең өріс алып келе жатқан сыяқты. Имандылықтың негізін бастапқы нұсқа ретінде діннен іздестіріп әлек боп жүргендер де баршылық. Сонда, И.А.Крыловтың “Акку, шаян және шортан” атты мысалында айтылғандай, әркім әр жаққа тартып әкететін болса, онсыз да тағдырдың тәлкегінен талай опық жеген қазақ қоғамын жана “ақтаңдақтар” мен карадақтарға ұрындырып алмаймыз ба?

Әдеттегідей тақырып, көккейкесті мәселелер демегеннің өзінде драматургия өрісінің өзі тарылып бара жатқанын біреу сезсе, біреу сезбейді. Театр репертуары да “Сталинге хат”, “Біз періште емеспіз”, “Ақбілек” сыяқты шығармалармен ғана шектеліп қалмауы керек емес пе? Сахна өнерінің де, актер шеберлігінің де сан алуан қырларын құбылтып ашатын көп сырлы, сан қырлы драматургияға әлі де зәруміз. Көркем шығармалардан үлгі болар ұлттық пиғыл, мінез-құлық та көріне бермейтіні тағы бар.

Әдеби сын да бағыт беруші бола алмай отыр. Әрине, бұл жерде әңгіме іреп соятын ұрда-жық сын хақында емес. Ондайдың заманы алда қашан өткен. Сірә, бұл істі бір кезде сыншылар қауымы қозғаған әдеби сын “Уақыт және қаламгер” төңірегінде құрған дұрыс болар.

Жазушылар көтеріп жүрген жер-су аттары жөнінде де белгілі бір жүйелі, орынды талаптар қалыптастырған жөн. Мәніне бойламай әйтеуір бұрынғы айтуына ұмтылушылық (мәселен, “Кереку”...) я болмаса жергілікті елдегі бір атауды екінші атаумен ауыстыра салуға әуестенушілік құптай қоярлық жайт емес.

Нарықтық қарым-қатынас кезінде қалай дегенде де рухани дүниенің дамуына шаруашылық-есеп экономикалық дағдарыс, тапшылық зардабы тиюі ықтимал. Бірақ бұл да түзелер, шаруа да қалпына келер. Ал сол күйзелістің өрті жайлаған көркемдік ойдың, рухани дүниенің күйігін басып, тез арада олқысын толтыру оңайға соға қоймас. Мұны да естен шығармайық дегіміз келеді.

ОТЫРАР ӨРКЕНИЕТІ ЖӘНЕ БІЗ

Қазақстан тарихында, әсіресе қазақ халқының шыққан тегін, өмір тынысын, тұрмыс-салтын, өзіне тән мәдениетін қалыптастыруда, қазір біздің көз алдымызда үйіндісі жиырма гектардай жерге көсіліп жатқан ежелгі Отырар қаласының және ол дүниеге келтірген Отырар өркениятының алатын орны ерекше.

Археологтардың айтуынша, Отырардың берік қамалы, айнала қазылған сулы ор үстіндегі аспалы көпірмен жабдықталған үш қақпасы болған. Олар арқылы жұрт мұқият орналастырылған көшелермен қала алаңына шығатын болған. Ақша соғатын орынның, қолөнершілер тұрағының, су құбырының, нәжіс желісінің болуы мұндағы қала тіршілігінің ортағасырларда кең қанат жайып, астаналық сипатта болғандығын көрсетеді. Оның үстіне қалаға тіркесе жатқан көгалды алқаптың өзінде оннан астам үлкенді-кішілі елді мекендер болған құсайды. Ғажайып суландыру жүйесі бар қала егістігінің өзі көп шақырымға созылып жатқан.

Қаланың өмір сүруден қалуының өзіндік себептері бартын-ды. Көпшілік жұрт оның күйреуін моңғол шапқыншылығымен байланыстырады. Рас, жарты жылға созылған ерлік қорғаныстан кейін, опасыздықтың нәтижесінде жауға өз қақпасын өзі “ашуға” мәжбүр болып, күлі көкке ұшқан Отырар, моңғол шапқыншылығынан кейін де қайта бой көтергснiмен тағдырдың тәлкегіне талай рет түскен. Ол әуелде Дешті қыпшақты (оңтүстік Сібір мен Сарыарқаны – Ө.Ж.) жайлаған көшпелі өзбектер мен Алтын Орда билеушілерінің қол астында болды, онан кейін Темірланға бағынды, Қазақ хандығы мен Орта Азия мемлекеттерінің арасындағы қиян-кескі қақтығыстардың шеңберіне ілікті, жоңғар шапқыншылығын басынан кешіп, тағы да күйзеліске түсті. Оның үстіне ұлы географиялық ашылулардан кейін көне “Жібек жолының” бұрыңғы

маңызын жоғалта бастауына байланысты XV ғасырдан бастап бұрынғыдай сауда керуендерінің мұнда келуі бірте-бірте тоқтала бастаған. Қолөнері, сауда-саттығы тоқырап, суландыру жүйесі, егістігі істен шыққаннан кейін XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде соңғы тұрғындары тастап кеткен Отырар, он сегіз ғасырдан астам өмір сүрген Ұлы қала, бүгін де өзінің ауқымымен таң қалдыратын алып төбеге айналған.

Отырардың көп ғасырлық қабат-қабат қыртысынан К.Ақышев, К.Байпақов, Л.Ерзакович сыяқты археологтар қала өмір сүре бастаған алғашқы жылдардан XVIII ғасырдың бастапқы ширегіне дейінгі заттық мәдениет ескерткіштерін тапқан. Мұның біз үшін маңыздысы - олардың қазіргі қазақ тұрмысы мен мәдениетіне меңзейтін ұқсастығы. Өйткені біз, мәселенің бұл жағын түбегейлі зерттей отыра уақыт, замана, ұрпақтар байланысын айқындай аламыз.

Қазір ғылым тарапынан толық колдау тауыш отырған Отырар өркениатын Отырар мен оның өзінен кем түсе қоймайтын іргелестері Көкмардан, Кедер (Құйрық төбе), Оқсыз, Қарақоныс (Қаракөншек), Шілік (Бұзық), Отырардың тікелей ықпалында болған Иасы (Түркістан), Сауран, Сығынақ, Шорнақ, Қарнақ, Хұзақ (Созақ), Баба Ата, Құмкент, Қараспан, Хұрлық (Шымкент), Сайрам, Сүткент секілді ортағасырлық қоныстар қалыптастырған. Отырар көгалды алқабы әлемге Әбу Нәсір әл-Фараби (870-950), Ғаббас Саид әл-Жауһари (790-860), Ысқақ әл-Фараби (т.ж.б.-1002), Ысмаил әл-Жауһари (т.ж.б.-1010), Ахмет Әл-Фараби (т.ж.б.-1174), Ахмет Иасауи (1094-1166), Әбілқасым әл-Фараби (1130-1210), Әдіб Иұғнақи (XII-XIII ғ.ғ.), Ысмаил әл-Отрари (т.ж.б.-1489) сияқты энциклопедист ғалымдар, ақын-жазушылар беруі, ал олар шыққан түркі-қыпшақ ортасынан кейінірек Дәуіт Әділбақи Түркістани, Қадырғали Жалайыри, қазақ арасынан Ақтамберді, Майлықожа, Құлыншақ, Шәді

төре секілді ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің өрбуі Отырар өркениятының кезінде шарықтап дамып, Қазақстан тарихында өшпес із қалдырғанының белгісі.

Отырар мен онымен аттас көгалды алқап (бір кезде оны Фараб деп те атаған) тарихта көне заманнан белгілі өңір. Олар жөнінде мағлұмат көптеген ортағасырлық авторлардың еңбектерінде кездеседі. Отырар арқылы бір тармағы Таразға (қазіргі Жамбыл), Баласағұнға, онан әрмен Шығыс Түркістанға, екіншісі –Шашқа (Ташкент), Соғдыға, Мервке, Нишапурға кететін ежелгі керуен жолы өткен. Сауда жолдары оны Көне Үргенішпен (Хорезм), Еділ бойымен, Қара теңіз жағасымен, Кавказбен байланыстырған.

Алғашқы отырықшы қоныстар Отырар көгалды алқабында Қаңғұй /қазақ транскрипциясында – қаңлы) этносоциалдық бірлестігінің негізінде мұнан кем дегенде екі мың жыл бұрын пайда болған. 6 тайпадан, 12 рудан тұрған қаңғұйлардың /қаңлылардың/ қазақ халқының тектестік құрамында маңызды қоспа /кірме/ болғаны тарихтан белгілі. Қазаққа тиісті мәселелерді көне қытай жазба деректеріне сүйене зерттеген түрік ғалымы Мұқтархан Оразбайдың айтуына қарағанда, қаңғұйлар біздің заманымызға дейінгі I ғасырдың екінші жартысында Фергана аңғарынан солтүстік батысқа қарай Сыр бойы мен Қаратаудың аралығындағы /бұл Отырар көгалды алқабына дәл келеді/ бірынғай тарихи-мәдени кеңістікті құраған ел болған /Қараңыз: М.Оралбай. Біздің заманымызға дейінгі бес ғасыр- біздің заманымыздың бес ғасыры. Канд.дис. Анкара -Алматы, 1991, 110-111 б./

Тарихи деректер арқылы Міржакып /Мір-Якуб/ Дулатов та біздің халықтың өзі жөнінде тікелей жазба мағлұматтар кездесетін X ғасырдың ар жағынан келе жатқан ежелгі ел екендігін, ал оның тектестік құрамын түзгендердің негізгі ұйтқысы түркі нәсілді қаңлы, қыпшақ тайпалары болғанын

қостаған пікір айтқан. /Қараңыз: М.Дулатов. Қырғыз-қазақ тарихы туралы. “Қазақ әдебиеті”, 5 көкек, 1991/.

Осы айтылғандардың өзінен-ақ біз қазақ халқының шыққан тегі сияқты әлі де болса өзіндік шешімін таба алмай келе жатқан аса ірі ғылыми-танымдық және саяси мәні бар мәселені дендеп саралай отыра, Отырар өркениятының қазақ халқына, оның көне мәдениетіне негіз болғанын дәлелдей аламыз. Тағы бір көңіл аударатын жағдай – Отырар көгалды алқабының диханшылықпен айналысқан Орта Азия мен көшпелі Дешті Қыпшақтың шегіне орналасқандығынан қаңғұй мәдениетінің малшылықпен қатар дамыған егіншілік дәстүрлеріне бейімделгендігі. Мұны біз Отырар – Қаратау мәдениеті дегенге жататын Көкмардан, Күйікмардан, Қыркескен қазбаларынан табылған ескерткіштерден, әсіресе күйдірген саз балшықтан жасалған, тастан қашалған, металдан соғылған бұйымдардан, еңбек құралдарынан аңғарамыз. Қаңғұй тайпаларына байланысты нәрселер өзіміз сөз ғып отырған біздің заманымыздың алғашқы жылдарына жататын қоныстар мен зираттардан да көрінеді.

Жүздеген жылдарды артқа салып, VII-VIII ғасырларда көне түркі қағанатының күдіреті күшейген шағында Отырар көгалды алқабын арабтар басып алуға тырысқан. Сол кездегі араб жазба деректерінде түркі - соғды жағында соғысқан қаңғарлар (кенгерестер) жөнінде айтылған. Бұл мәліметтерде көгалды алқаптың негізгі қаласы Кангу-Тарбан, Тұрарбан деп аталған. Бәлкім, Отырар деген атау Тұрарбаннан туындалған да болар. Отырардың ол кезде аса маңызды роль атқарғандығын жергілікті тамғамен ақша шығара бастағанынан да аңғаруға болады. Ол кездегі Тұрарбан (Отырар) тек жазба деректерден ғана емес, археологиялық зерттеулерден де мәлім. Қала сәулеткерлігінің деңгейін археологтар ашқан Кедер (Құйрық төбе) бекінісінің (бәлкім, бұл қаңғар билеушісінің қаладан тыс тұрағы болар) кескінінен де көруге болады.

Биіктігі он метрден астам үйіктің үстіне тұрғызылған бұл ғимарат айналмалы дәлізбен қоршалған салтанатты залдан, қонақ жай мен шаруашылыққа қатысты бөлмелерден тұрған. Салтанатты залдың бұғатына ағаштан ойып, бояулы суреттермен толықтырылған бас құр берілген. Онда құда түсу, үйлену салтанаты, қамалды қоршаған садақшылар, құбыжық бейнелер, тақта отырған төрт аяқты құдайдың кескіні бейнеленген. Бекініс бұрыштама мұнарлары бар қамал- қорғанмен қоршалған.

IX ғасырда Отырар құр ағы болса да Иранның саманидтер әулетіне бағынған. Бұл кезеңде қала өмірі жаңа белеске көтерілген. Оған тіркесе жаңа елді мекендер пайда болған. Ескі қала рабадтың – қол өнершілер тұрағының есебінен кеңейе бастаған. Ол кездегі Отырар екі жүз гектар жерге орналасқан деген дерек бар. Шамасы біздің қазіргі көріп отырғанымыз қаланың орталық бөлігі ғана болған. Қала құрылысы реттелген жүйемен жүргізіле бастағандықтан біркелкі үйлер бой түзей бастаған. Қалада су құбыры, нәжіс жүйесі пайда болған. Қаланың орталығы да, іргеліс елді мекендері де қамал-қорғандармен қоршалған.

X-XI ғасырларда Оңтүстік Қазақстан түгелдей исламдана бастаған. Бірақ ата-бабасынан бұтқа табынуды мирас еткен Отырар көгалды алқабының халқы арасында мұсылман діні бірден орныға қоймаған. Ел арасында исламға дейінгі сенім (зороастризм, манихейлік, буддизм де болуы мүмкін), түркі жазуы сақтала берген.

Дегенмен, жаңа дін қала тұрғындары арасында қызу қолдау тапқаннан кейін мешіт, медресе т.б. діни орындар салына бастаған. Итқарқасы (төбе жабыны) ағаш ұстындармен (бағаналармен) тірелген осындай бір алғашқы мешіттің (X ғас.) қалдығын археологтардың Кедер қаласының орнынан тапқаны ислам сәулет өнеріндегі “ұстынды” құрылыстар салудың қай кезден бастап Қазақстан жеріне ене бастағаны жөнінде құнды материал болып табылады.

Тағы бір көңіл аударатын нәрсе сол кезден бастап қала сыртында мұсылман зиратының пайда болуы. Мұнда кейін ел аузында “Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамда сансыз баб, ең үлкені Арыстанбаб” деп дәріптелген исламды уағыздаушы, бүкіл мұсылман қауымына белгілі шейх, Ахмет Иасауидің ұстазы Арыстанбаб жерленген. Қам кесектен тұрғызылған күмбезді мазарлар осы бір ескі зиратта тіптен соңғы кезге, XX ғасырдың 40- жылдарына дейін сақталған болатын.

Отырар тарихында X-XI ғасырлар тікелей қыпшақ дәуірі болып табылады. Археологтар ашқан қыш күйдіретін құмдандар, моншалар, тұрғын жай, қоғамдық орындардың қалдықтары сол кезеңнен қалған. Осы мезгілде кемелденген шегіне жеткен қала XIII ғасырда моңғол шапқыншылығына тап болып, үлкен күйзеліске ұшыраған. Қазақстанға жау басып кірердің алдында ғана Отырар Хорезмшах мемлекетінің құрамына еніп, оған басшы болып белгілі қыпшақ батыры Қайырхан (өз аты Алып-Дерек) тағайындалған. Ол ұзаққа созбай қаланың қорғаныс шебін, бекінісін нығайтып, күрделендіре түскен. 1219 жылы қала қақпасының алдына келген моңғолға өзгелерден бұрын тойтарыс берген де осы Отырар болған. Алты айға созылған ерлік қорғаныстан кейін, қаланы қорғауға жәрдемге келген хорезмдік әскербасы опасыздық жасап түнде қақпаны ашқан соң, әрбір әуліде (аулада), көшеде, алаңда жанталаса қарсыласқан Ұлы қала жауға берілген. Бітіспес дұшпан қаланы тонап, өртеп, бекінісінің күлін көкке ұшырған. Елдің басым көпшілігін қырып, қалғанын Моңғолияға құлдыққа айдатқан.

Өкінішті-ақ... Бізге сол ерлік қорғанысқа қатысып, қан төккен ерлердің есімі белгісіз, ерлігі ғана ел есінде. Кезінде талайды тамсандырған әсем қаладан алдымызда жалпиған үйіндісі ғана жатыр. Қаншама ата-баба мұрасынан айырылды. Отырардың кітап қоры жоғалды. Қала қорғанысын басқарған, басқаны былай қойғанда

жеке өз басына зәулім ескерткіш қоюға тұрарлық есілер Қайырханды, алып Інәлшік Жаған-Тұғдыны жау Самарқанда жатқан Шыңғысханның алдына апарып, маскаралап, өңешіне қорғасын құйып, азаптап өлтірген. Қандай жауыздық десеңізші. Өз басым осы бір есілердің әруағы алдында барлық уақытта бас иемін, Отырар тағдыры – осы жердің автохонды тұрғындары болған біздің ата-бабамыздың тағдыры, қазақ халқының тағдыры. “Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін!” деп босқа айтылмаған, өзімізді өзіміз сыйламасақ, өзгелер сыйлай қоймас. Ұлы Отырар алдында, оның жазықсыз құрбандарының алдында бас иіп, тағзым етейік, халайық!

Біз Отырардың моңғол шапқыншылығынан кейін де бой көтергені жайында айттық. Ежелгі керуен жолдарының түгіскен жерінде, Қазақстандағы егіншілік күнкөріс пен көшпелі тіршіліктің шегінде орналасқандықтан иесіз қалған қала бірте-бірте қалпына келтіріле бастаған. XIII ғасырдың ортасына қарай-ақ мұнда ақша шығаратын орын жұмыс істеп, алтын, күміс, мыс теңгелер шығарыла бастаған. Әсіресе XIII ғасырдың аяғында Масудбектің ақша реформаларынан кейін қала шаруашылығы қайта жанданған.

XIV ғасырда қала қалпына келтіріліп, айналасына жаңа қамал-қорған тұрғызылған. Қазба зерттеулердің нәтижесінде табылған осы кезеңге жататын хумдар, құмыралар, сырлы ыдыс-аяқ, құрлыс материалдары, тіптен Еділ бойы мен Кіші Азиядан, Шығыс Түркістан мен Қырымнан әкелінген заттардың қалдықтары, Алмалықта, Бұқарда, Жентте, Омылда соғылған ақшалар, Самарқаннан, Гераттан, Шираздан келген зергерлі бұйымдар қала өмірінің қайта қалпына келгендігін көрсетеді.

XIV ғасырдың екінші жартысында Темірланның қол астына енген Отырар көгалды алқабы ол өлгеннен кейін Моғұлстан мен Мауреннахрды билеп-төстегендердің, қазақ хандары мен көшпелі өзбек мықтыларының арасындағы

тартыстың шеңберіне ілігіп, талай рет қолдан қолға өткен. Тек XVI ғасырда ғана бір жола қазақ хандығына бағынған Отырар, қайта салынып, ескі қала аймағындағы өмір қайта жанданып, қыза түскен. Жаңа шеберханалар ашылып, осы тұста қазақ хандарының атынан ақша соғыла бастаған. Отырар Қаратау жотасының екі жағындағы елді мекендерді, Арыс, Сыр бойындағы Сығынаққа дейінгі қалаларды өз өнімімен қамтамасыз етіп келген. Бұқар тарихшысы Рузбиханның айтуына қарағанда, Отырардың қолжазба кітаптары Сығынаққа дейін таратылған. Мұның өзі Отырардың өз кітапқоры болған деген пікірді қостауға мүмкіндік беретін жайт.

Қазақ хандығының күшеюі, оның экономикалық мүмкіндіктерінің арта түсуі, саяси және халықаралық жағынан нығаюы қала өмірінің дамуына қатты әсер еткен. Отырар Сыр бойының аса маңызды мәдени және экономикалық орталығына айнала бастаған.

Археологиялық зерттеулерге қарағанда, XVII ғасырда Отырарда бес мыңнан астам халық тұрған. Отырар басқа Сыр бойы қалалары сияқты “Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлама кезінде” жоңғар шапқыншылығының зардабын түгелдей тартқан. Әйтсе де мәні болектеу мына бір деректі бөле жара атаған жөн. Шымкент, Түркістан, Созақ, Сайрам сияқты тұрақтанған қоныстарды айтпағанда, күйреп тозығы біткен ескі мекендердің өзінде де ол кезде тіршілік белгісі өшпеген-ді. Аман қалған тұрғындар шағын-шағын топ болып, егіншілікпен, саудамен, малшылықпен айналыса берген. Қазіргі төбе-төбенің айналасына шоғырланып, үй салатын дәстүр сол заманнан қалған. Сұрай келсеңіз, сол төбе боп жатқан қонысты мекендегендердің ұрпағы болып шығатыны тағы бар.

Отырар өркенінің біз үшін аса маңызды екендігі, оң алдымен, әлемге әйгілі осы бір көгалды алқапты ежелден мекендеген қаңғұй (қаңлы), қаңғар, қыпшақ сияқты тайпалардың қазақтың тектестік құрамында негізгі

қоспа болып, оның халық болып қалыптасуына алғаш жол ашқандығында болып отыр. Егер осы тұрғыдан алсақ, Отырарды қазақ халқының алғаш қалыптаса бастаған жерлерінің бірі деп қарауға болады.

Екіншіден, Отырар өркенияты жетістіктерінің қазаққа тән құрылыс ісінен, әсіресе үй тұрғызудан, суландыру тәсілдерінен, еңбек құралдарынан, әуездік аспаптардан, қол өнерінен көрінетіндігі оның қазақ мәдениетінің ізашары болғандығын дәлелдейді.

Мысалға алсақ, “Отырардағы баспананың негізгі ұясы,- деп жазған археологтар К.Ақышев, К.Байпақов, Л.Ерзакович,- дәлізді немесе түнекті (қоймалы - Ө.Ж.) бөлме, сол сыяқты көп бөлмелі тіркеспелер отырықшы қазақтардың үйлеріне ұқсас” (Қараңыз: Древности Казахстана, Алматы., 1975, 34 б.). Сыр бойының отырықшы және жартылай отырықшы халқының бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін ортасы дәлізбен ажырасқан екі бөлмелі “Қоржын үйі” оның өн бойына астық құятын түнек - қойма салатыны археологтар пікірін растайды. Профессор М.Мендіқұлов қазақ арасында кеңінен тараған тұрғын үйдің негізгі екі түрінен – далалық қыстаудан, ондағы “ауыз үй”, “оттық үй”, “жатақ үй”, “қонақ үй” тіркеспесінен де, оңтүстіктің “қарсы есіктісінен” де қоржын іспетті ұядан тұратын баспана сұлбасын ашқан (Қараңыз: Архитектура Казахстана. Алматы., 1959, 155 б.). Оның үстіне Кенді Алтайдың орманды алқабында тұратын қазақтың ағаштан қиыстырып тұрғызатын төрт қабырғалы “қыстығынан” да, бесқабырғалы “дүкенінен” де, оларға тіркестіре орналастырылатын “Шарбақ үйінен” де тіптен Арал мен Каспий балықшыларының лашығынан да қоржын үй сарыны байқалады. Белгілі орыс ғалымы С.И.Руденко 20-жылдары Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген елдің өзі зерттеген итаркасы қора-қопсымен бірге жабылатын тіркеспе қыстауын қазақтың өзіне ғана тән, басқа жұрттан алмаспаған, оған және оның ата-бабасына кем дегенде

осыдан екі мың жыл бұрын белгілі болған баспана нұсқасы деп есептеген. Ал мұнда да қоржын үй сұлбасы көрінетіні дәлелдеуді қажет ете қоймас.

Қазақтың дәстүрлі тұрғын үйіндегі сәкі (оны сыпа деп те атайды) Отырардың қазба үйіндегі шеті күйген қышпен қаланған суфаларын қайталайды. Қоржын үйдегі оттық құрылымы мен қызметінің төркіні жағынан Отырардікіне ұқсас.

Осының бәрін ескере отыра біз, қазақтағы тұрғын жайдың барлығынан сұлбасы көрінетін қоржын үйді Отырардан табылған қазба баспананың тікелей баламасы деп қараймыз.

Тағы бір айта кететін жайт – қазақтағы әуізді, шүңетті суландыру жүйесінің, кішігірім атыздарға егістікті орналастыру тәсілінің Отырар тұрғындарының іс-қаракетін еске салатыны. Оның үстіне Шәуілдір каналы ескі оман арықтың ізімен казылған. Арыс-Түркістан каналын салуда ежелгі Ақарықтың көне заманда Арыс пен Бөгенді қосқаны ескерілген. Отырардан табылған еңбек құралдарының, ат әбзелдерінің көпшілігі қазақтікіне сәйкес келеді.

Тегі, қазақ арасында баланың әуездік қабілетін дамыту үшін дүңгіршек, шың, қамыс сырнай, қос тілік, сақпанмен бірге пайдаланылып келген үшкіріктің Отырардағы X-XII ғасырларға жататын баспананың орнынан табылуы да кездейсоқ емес. Тіптен, Отырардан қазып алынған астық құятын хумдарға, су таситын құмыраларға, шөлмектерге, ыдыс-аяққа қазақ руларының тамғасын салған дәстүр де ұрпақтар байланысының көрінісі іспетті.

Кедерде X-XI ғасырларға жататын тұрғын үйдің орнын қазғанда саздан жасалған ойыншының маскасы табылған. Мұның өзі жасанып, тіптен маска киіп жұрт алдына шығып өнер көрсететіндердің қатысуымен өтетін қызықшылық Қазақстанда ортағасырларда, бәлкім онан да әрірек, болған деген ой туғызады. Мүмкін арқаның

шаншарлары мен кулары, Сыр бойының маскарапаздары (осы сөздің “маска” деген түбірден шығуы ықтимал), тіптен ортекешілердің, сал-серілердің, жыршылардың өзі осындай дәстүрдің жалғасы десек, бұл пікірге күмәнданудың жөні бола қоймас.

Әттең, бізде әдет-ғұрыптық, тұрмыстық, әуездік археологиямен айналысатын мамандар болса мұнан да басқа жаңалықтар ашуға болар еді-ау. Отырарды жиырма жыл қазып, мәселенің бұл жағына көңіл аудармағанымыз өкінішті-ақ. Өйткені, бізге қазақтың ортағасырларда, онан да бұрын қалай киініп, қайтіп өмір сүргенін, қандай мәнерде ән салып, қалай билегенін, әдет-ғұрпының, мәдени-тұрмысының қандай бағытта болғанын білу қажет емес-пе? “Түйенің танығаны - жапырақ” дегендей біздің айналып-соға беретін шегіміз өзімізге белгілі XVIII ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы ғана.

Қазір республикада жаңа бағдарламалар, жаңа оқулықтар жасау қолға алынды. Таяудағы жылдарда Ерте дүние, Ортағасырлардағы, жаңа замандағы тарихтан (бәлкім, атаулары басқаша болар) өз оқулықтарымыз болып қалар деген үміттеміз. Өйткені, біз осы уақытқа дейін Қазақстан жөнінде мардымды білім бермейтін аударма оқулықтармен пайдаланып келдік. Біздің халық тарихи мәңгүрттікке осылай келген. Енді біз “Ерте дүниеден” мұнан былай тек ежелгі Греция, Рим немесе Египет жөніндегі мағлұматпен қатар сол заманда қазақ даласын мекендеген ежелгі сақ, массагет, қаңғұй, үйсін мәдениетінен де тәлім-тәрбие алатын боламыз. Ортағасырлар тарихынан тек Батыс Европа секілді өркениетті жұрттардың тарихын үйреніп қана қоймай, қазақ халқының тектестік құрамында аса маңызды қоспа болған ғұн, түркі, қыпшақ тайпаларының өмірі мен мәдениетінен, тіптен, қазақ халқының ғасырлар бойы қалай қалыптасқандығынан, оның елдікке, бірлікке ұмтылған іс-қаракетінен мәлімет алатын боламыз. Ал Жаңа заман тарихы тек Россияның ғана емес Қазақстанның

да тарихы болмақ. Осындай ұлағатты істе қолды байлай беретін басты қиыншылық - тарихи, жазба деректердің тапшылығын былай қойғанда, ғылыми зерттеулермен дәлелденген материалдардың жетісе бермейтіндігінде болып отыр. Мұның өзі көп жылдар бойы Қазақстанның көне тарихын зерттеп, білуге нақтылы көңіл бөлінбей келгендігінің қырсығы.

Жоғарыда біз Отырар өркениятының қазақ мәдениетін қалыптастыруда аса маңызды роль атқарғаны жөнінде айттық. Әрине, ежелгі Отырар тұрғындары мен қазақ халқының арасындағы тектестік, уақыт, замана, ұрпақтар сабақтастығы әлі де тереңдете зерттей түсуді қажет ететін өзекті мәселе. Егер бұған ерекше мән бере күш салсақ, көне Қазақстан тарихының әлі де болса жөнді айқындала қоймаған тұстарын ашуға мүмкіндік аламыз.

Сонда ғана қазақ халқы Отырар өркениятының заңды мұрагері ретінде өзінің ерлікке, бірлікке, елдікке тырмысқан өткеніне мақтаныш сезіммен қарай алатын болады.

Отырар арқылы, көшпелі тіршілік пен отырықшы күнкөрістің түгіскен жерінде бой түзеген осы бір алып қала арқылы, Отырар өркениятынан нәр алған қазақ тарихи дамудың барысында бірте-бірте халық боп қалыптаса бастаған-ды. Отырар біз үшін қазақ тарихының алтын бесігі, Куликово алаңы, Бородино алаңы, Ватерлоо алаңы секілді ерлік алаңы. Қазіргі тапшылық жағдайында тікелей мүмкіндік болмағанымен, осы жерде, ата-бабамыздың қаны төгілген қасиетті жерде, Отырар қамалының батыс қабырғасын, ондағы қақпаны қалпына келтіріп, алдына бедерлі монумент тұрғызуды, жарты жылға созылған қорғаныс кезіндегі “жекпе-жек” сайыс алаңын қалпына келтіруді осы бастан қолға алған жөн.

Бәлкім, бізге Отырар төбенің өзін де археологтар келгенге дейінгі қалпына келтіру жағын ойластырған дұрыс болар. Тегі, мұнан былай археологтар қазған жерді,

зерттеліп болған соң фиксация жасап, қайтадан жауып отыруды дағдыға айналдыру керек. Өйткені, осыдан бес мың жыл бұрынғы қоныс орыны Ботай (Көкшетау облысы), ежелгі сақ дәуіріне жататын атақты Бесшатыр (Талдықорған облысы), көптеген басқа да ескерткіштер археологиялық зерттеулерден кейін сол жайылған-шашылған күйінде қирап жатыр. Мен бірде Отырардың өзімен теңдес көршісі, лақап бойынша, әл-Фарабидің туған жері – ежелгі Оқсыз (бір кезде Васидж деп аталған) қаласының орнында болып, осыдан қаншама жыл бұрын жасалған шұрыпты көріп қайран қалдым. Оның ойығы арқылы осы уақытқа дейін қардың, жаңбырдың суы төбенің астына кетіп жатқан. Отырар төбені бастапқы қалпына келтіру қажет деп отырғаным - болашаққа төбе болса да бірдеме қалса деген ой еді. Бірде, Шәуілдірде болған шетелдік бір ғалым да осындай пікір айтқан екен.

Отырарды сақтау – біздің бүкіл дүниежүзілік тарих алдындағы парызымыз. Парызға берік болу – азаматтық, отаншылдық борыш. Қызылқұмның Отырар ауданы болып аталуы тек ғалымдарға ғана емес, оның тұрғындарына да Отырарға, оның ұлы азаматы Әбу Нәсір әл-Фарабиге байланысты тарихи ескерткіштердің бәрін сақтап, қалпына келтіріп, жұртқа отаншылдық тәрбие беруге дәнекер етуде аса маңызды міндеттер жүктейді. Ағайын, мұны да ойланайық.

«Адам меңіреу табиғаттың жөнге салуға көне бермейтін сан алуан қисынында өмір сүреді. Бірақ ауыздықтауға болмайтын құбылыстардың – циклонның, жер сілкірудің, цунамның қай-қайсысының да алдын алуға болатыны белгілі. Бұрқанған апатқа тікелей қарсы тұруға болмағанымен, одан сақтануға болады. Сол үшін де бізге метеорология, сейсмография, геология немесе гидрология қажет. Этнология деген осы ғылымдар сияқты. Ол этногенез заңдылықтарын өзгерте алмағанымен, не істеп не қойғандарын сезіне бермейтіндерді екі ұшты қылықтан сақтандыра алады».

Л. Н. Гумилев

АТАМЕКЕН

Ел аузындағы аңыздардың бірінде, кешегі қилы-қилы заманда қазақтың іргесі берік, кеудесі көтеріңкі, мерейі үстем, рухы басым болсын деп «кой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» жерұйық іздеп, сарсаңға түскен бабамыз Асанқайғы бірде Нарын құмында болғанда:

«Ей, Нарын!
Құмдарың бұйрат-бұйрат
таудай екен,
Құлының тайдай екен,
Тайың айғырдай екен.
Жеті жыл қатарынан
жұт болса да,
Тұяқты мал қалса,
Сенің бауырыңда
қалады екен»,—

дегені жайында айтылған.

Ядролық жарылыстардың кесапатына душар болған сол Нарынның бүгінгі өксігін кім көріп, кім жоғын жоқтар екен. Адам мен табиғаттың арасындағы алшақтап бара жатқан

сәйкессіздік анау Нарынның құмы сияқты апат аймағына айнала бастаған жерлердің күн өткен сайын көбейіп бара жатқаны мынау. Бәлкім, бұл да тағдырдың тауқыметі шығар, «экология» деген түсініктің өзіне де үлкен мән беретін болып алдық. Рухани экология, Имандылық экологиясы. Тілдегі экология,.. тағысын тағылар. Көтеріп отырған мәселеміз де кезінде елтануда, мұратануда жіберілген келенсіздіктердің атамекен болмысында қалдырған іздері қазіргі заманның ренессанстық сипат ала бастауына байланысты қазақ халқы үшін Шығыстағы аса күрделі наным сатысы – тарихаттағы тепе-теңдіктің бұзылуымен барабар болар еді десек, бізді ешкім кінәлай қоймас.

«...Атамекен. Қайда жүрсен көкейінде жатады екен». Тегі, осылай деп қазақтың әсем тәтті әуенінде босқа айтылмаған. Тамырын теренге жайып, түп-тұқиянын сонау ежелгі металлургиядан, бақташы қауымнан, қарабайыр егіншіліктен тартатын қазақ қоғамының арттырғаны – рухани әлемінің өзіндігі, дәстүрлі мәдениеті мен өнері. Шаруашылық пен тұрмыс ұйымдастырудан, сәулеткерлік пен кәсіпшіліктен, бейнелеу өнері мен киім-кешектен, суырып салма ақындық пен әуезден, әншілік пен билеу машығынан, қоғамның имандылық, ізгілік дәстүрлерінен көрінетін қазақ жасампаздығы мен шығармашылығының әлі де болса ашыла қоймаған тұстары жеткілікті.

Қоғамдық ойдың жаңа мыңжылдықтың қарсаңындағы даму үрдісі қазақ халқын да алғашқы рухани бастауларына қайтып оралта бастады. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуы оның бойына қуат, ойына айқындық беріп, ілгері мақсатқа жігерлендіре түсті.

«Жүрегім, мен зарлымын, жаралыға

Сұм өмір абақты екен саналыға.

Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі

Сондықтан жаным күйіп жанады да», –

деп, Мағжан сияқты іштей күңіренген қазақ, енді «Ау, осы біз кіміз, дүниежүзілік өркениетке қандай үлес

костық?», деген сұраққа жауап іздей бастады. Өз басым осы бір сұраққа пайымды жауапты халық сәулеткерлігінен де іздеген болар едім. Өйткені қазақтың киіз үйінің құрылымы мен безендірілуі жағынан тарихқа белгілі құрастырылып-ажыратылатын баспаналардың қай-қайсысынан болса да шоқтығы жоғары көрінетіні, тіркеспе қыстауының, тоқалтамының, қоржын үйіні, сырт қарағанда ерекше әсер қалдыра қоймайтынымен, сәулеткерліктегі қарапайымдылықтың, үйлесімнің, ұқыптылықтың үлгісі болғаны хақ. Қазақта сақталған ескерткіштердің басым көпшілігінің күмбезді болып келетіні, ал күмбездің, сәулеткер Т. Бәсенов айтқандай, белгілі бір дәрежеде киіз үйдің канқасына еліктейтіні белгілі. Сәулеткерлікте кеңінен тараған күмбезді құрылғыны, ондағы дарбазалы кіреберісті, мәнерлеп құйылған қыштардан құрастырылатын әшекейді жалпы Орта Азия құрылыстарына тән үш ерекшелік деп есептей отыра, белгілі орыс ғалымы А. Н. Бернштам мұндағы күмбез тұрғызу, оның біртұтастығын қамтамасыз ету идеясы көшпелі қауым мекендеген теріскейден (Дешті Қыпшактан – Ө. Ж.) келген деп бөле-жара айтқан¹.

«Халық сәулеткерлігін әуені мен сарыны жаныңды баурап алатын бейне бір әуез десек те болады»,-деп отыратын еді менің өзім ерекше қадір тұтатын сәулеткер Малбағар Мендіқұлов. Қазақтың киіз үйі, тіркеспе қыстауы, тоқалтамы, қоржын үйі біз үшін тек ескінің көзі ғана емес. Олардың құрылымдық ерекшеліктерін, әжетке жаратылған материалдарын, құрылыс тәсілдерін, тұрмысқа үйлесімін зерттеп-білу арқылы халқымыздың өткендегі өміріне, тұрмыс-салтына, күнкөрісіне, өндіргіш күштеріне, құрылыс мәдениетіне, әлеуметтік қарым-қатынастарына ілтипатпен қарайтын боламыз. Бұл ескіге қайта оралудың, өткенге бой ұсынудың әрекеті емес.

1. Бернштам А.Н. Архитектурные памятники Киргизии. М. 1950

Керісінше, бар өмірі дала жағдайымен байланысты ауыл тұрғындарының, шектен тыс біркелкіліктің кіріптары болған қала халқының үй тұрғызу секілді жауапты істе мұқияттылық көрсете білуін қажет ететін атамекеннің қамымен байланысты еді.

Ата-баба мұрасын қорғау және пайдалануда қалыптасқан қал-ахуалды ескере отыра, сәулеткерлік немесе тарихи-этнографиялық жағынан маңызы бар ескі құрылыстарды іздестіріп, есепке алу, мүмкіндігінше бұрынғы табиғи ортасына қайта оралта түсу – заттық-тұрмыстық мәдениеттің осы бір құрамдас бөлігін зерттеп-білу ісін мемлекеттік дәрежеге көтергенде ғана мүмкін болатыны өзінен-өзі түсінікті. Мәселе жұртқа олардың сұлбасының реңкін, қаңқасының өңін шығара көрсете білуде болып отыр. Тұрақты мекенжайдың қазаққа тән үлгілерінің қайсы біреулерін жаңа материалдан тұрғызып, қаланың немесе ауылдың күретамырлы көшелеріне орналастырып, инженерлік-коммуникациялық жүйеге қосатын болса, мұндай құрылыстарды насихаттау ісіне қосылған үлес болар еді.

Дүниежүзі қазақтары құрылтайының шешімімен Алматыда құрылатын Халықаралық қазақ орталығының шет елдердегі қазақ қауымдастықтарымен рухани, мәдени және іскерлік қатынастарды дамытып қана қоймай, тарихи-мәдени мұраны сақтап қалуға, халқымыздың дәстүрлі өнерінің ұмытыла бастаған тұстарын қайта жаңғыртуға бағытталған іс-қарекеттер жүргізуді алдына мақсат етіп қойып отырғаны құптарлық.

...Атамекен. Қандай қасиетті түсінік десеңізші. Оған сүйіспеншілік адам бойына ананың әлдиімен, балалық шақтың аңыз-ертегілерімен, ойындарымен, даланың жұпар иісімен, таудың құзымен, көлдің айдынымен, тіптен ұлттық мақтанышпен де сіңіседі екен. Халқымыздың өткен жолына перзенттік көзбен шолу жасасақ, біз оның рухани, мәдени, парасаттық мүмкіндіктері толығынан

іске-қосылды деп айта алмаймыз. Оның басты себебі, өзгені былай қойғанда, миллиондардың өмірін ала кеткен аштық-жалаңаштықта, 30-жылдардың дүрбелеңі де, қазір тарихтың үлесіне тиген басқа да алапат қиыншылықтарда болды. Кім білсін, 30-жылдардағы қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбандары болған арыстарымыз аман тұрғанда, біздің халықтың рухани, мәдени, парасаттық дамуы да басқаша болар ма еді. Ата-баба мұрасының біразынан айрылып қалғанымыздың өзі де сол ел басынан кешкен қасіреттің зардабынан болды ғой. Мұны қалай ұмытарсың.

Қай халықтың болса да рухани әлемі, ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен көрінетіні мәлім. Өкініштісі, кеңес үкіметі жылдарында сырттан келген сәулет эклектикасының ғасырлар бойы қалыптасқан халық жасампаздығының көрінісі болып табылатын ұлттық үй құрылысын ығыстырып үлгіргені. Мұның өзі «қазақта киіз үй мен мазардан басқа ештеме жоқ» деген қасаңқы пікірдің кеңінен орнығуына әкеліп соқты. Көп жылдар бойы білікті маман – сәулеткерлерді тек классикалық сәулет өнерінің негізінде дайындап келгендіктен қазір ұлттық үй құрылысын жете түсіне білетін сәулеткерді, сұқ саусақпен көрсету де қиын. Енді халық сәулеткерлігі негізінде жана тұрмыс талаптарына сай тұрғын үй үлгілерін қалыптастыру үшін жылдар керек. Ал қалай болса солай тұрғызыла салынған үйлерге мен мұңдалап тұратын қазақтың «қошқар мүйізін» жапсыра салудан үй құрылысының ұлттық үлгілері шыға қоймайды. Мұны да ойланған жөн.

Қазақ ою-өрнегінің көркем ойдың және онын икемді баламасы – түрдің ғасырлар бойы белгілі бір тәртіппен дамып келгеніне байланысты өзіндігі мен өзгешеліктерін сақтап, бізге жеткені мәлім. Онда елдің тектестік жағынан қалыптасу кезеңіне меңзейтін жайттар да жоқ емес. Мысалға алсақ, көне түркілердің түсінігі бойынша құс – көктің, балық – судың, ағаш – жердің белгісі болған екен.

Ал олардың қазақ ою-өрнегінің мақлұкаты, нәубетаты, ғарыштаты, тікесызықты, нышандық, танымдық т. б. сарындарының мазмұнын байыта түскені белгілі.

Мұны жете түсінген халық шеберлері ою-өрнектегі тепе-тендікті қолтума өнердің түр-түріне пайдалануда қалыптасқан айқындықты қатаң сақтап, мінсіздікке жеткен болса, қазіргі сәулеткерлер мен дизайн-суретшілер, тоқымашылар мен тігіншілер, қолөнершілер мен модельерлер оған жеңіл-желпі қарайтын болып алған. Үйлесімі келсін-келмесін «қошқар мүйізінің» – құрылыстан, киім-кешектен, тікесызықты өрнектердің – ыдыс-аяқтан, ғарыштаты әуендерінің – текеметтен, тұскестеден көріне салатыны міне осыдан. Мұнда да бір жүйе керек сияқты.

Қазақтың дәстүрлі киім-кешегін, әсіресе оның еркектерге, балаларға тиістілерін музей қорына жинап, арттырғанымыз да шамалы. Тоқыманың, киіз басындысының, былғарының, аң терілерінің, күдерінің температуралық-ылғалдық тәртіп жоқ жерде сақтала бермейтінін ескерсек, енді бірер жылда-ақ, ары кеткенде 40-50 жылдың о жақ, бұ жағында қазіргі музейлерде ілулі тұрғандардың іріп-шіріп, түсіп қалатыны айдан анық. Ал осындай қауіптің төне бастағанына қарамастан олардың баламаларын жасап, жұртқа көрсету ісі әзірше қолға алынатын түрі жоқ. Дәстүрлі киім-кешекке қажетті масаты, мәуіті, қырмызы, зер, бәтес, бедерлі, седеп кездемелерінің, кәмшат, сусар, бұлғын, құндыз терілерінің құрығаны қашан. Тіптен, қазақтың өзіне тән кәсіптен – шекпен тоқудан, зерлі оқа тігуден, күдері ұқсатудан, шегірен илеуден, көнді тапта- урындаудан көз жазып қалғанымызға жол болсын.

Болат Сарыбаевтың, Садық Қасимановтың, Омар Хаймолдиннің қажырлы еңбегінің арқасында қазақтың әуез аспаптарының санын түгелдеп алғанымызбен, сапасын

жақсарту, концерттік дағдыға енгізу жағы созылып кетті. Әуенді көмеймен салатын әнерден, домбырадағы қара қағыстың қайсы бір қисындарынан, іліп-қақпайдан, шаңғауыз, сыбызғы күйлерінен мүлдем айрылып қалдық десек те болады. Сыбызғының А. Затаевич суреттеген, сахнада Ысқақ Уәлиев ойнаған он екі тесікті түрі мүлдем жоғалып кеткен.

Кезінде жалғыз ойыншысы бар «театр» іспетті болған, бірнеше өнердің – әңгімешінің, қалжыңба ссықақшының, әншінің, күйшінің, бишінің, шарғышының, «ат құлағында ойнаған» шабандоздың, тағы басқалардың басын қосқандықтан, әр түрлі кейіпке кіріп, ұртымен, көмеймен, мұрнымен жануарлардың үнін, жасы әркілы адамдардың даусын салып, домбырасын алдына ұстап та, арқасына қойып та, башайымен шертіп те күй тартып қана қоймай, аяғына бақан байлап, желіп бара жатқан салт аттыны қуа жөнелетін Берікбол Көпейұлынан, билеу машығын, айла-шарғы жасауды асқақтаған әнмен ұштастырып, жұрттын делебесін қоздыратын ойын-сауық, көрсететін Шашубай Қошқарбайұлынан, кемпірі мен шалын ұрыстырып, қызын еңіретіп, бұзауын мөңіретіп, малын қасқырға шаптырып «қыз ұзататын», «екеудің таласын, үшеудің керісін, бесеудің жанжалын» (Мұхтар Әуезов) шығарып елдің айызын қандыратын Қалибек Қуанышбайұлынан қалған дәстүр де құрыған.

Қазіргі қазақ билері деп жүргеніміздің барлығы дерлік концерттік билер болғандықтан жұрт мүлдем билемейтін болып алған. Оның үстіне «бізде би болмаған» деп аузын қу шөппен сүртетіндер де алмаса қойған жоқ. Ау, сонда басқаны былай қойғанда, «би», «билеу» деген түсініктер қайдан шыққан? Неге біз «танцы», «дансы» демейміз. «Би күйлері» деген белгілі бір мазмұнға құрылатын халық туындыларын қайда қоямыз? Той-томағаларда, халық мейрамдарында көпшіліктің қатысуымен орындалатын

казак билерін неге қалыптастырмасқа. Осындай игілікті мақсатқа аса құдіретті ақпарат құралы – теледидарды да пайдалануға болады емес пе?

Жұрттың имандылығының, парасаттылығының азайып бара жатқаны, от басы-ошақ қасының берекесі кете бастағаны, үлкенді сыйлау, кішіге инабатты болудан қалып бара жатқанымыз да көріне бастады.

Кім білсін, коммунистік идеологиядан бірден бас тартқанымыз құптарлық болды ма, әлде асығыстық болды ма, оны өмір көрсете жатар. Бірақ оның орнын толтыратын, жұртты ілгері үмітке жетелейтін бағыт-бағдардың уақтылы бола қоймағаны «қайта құрыламыз» деп жүріп, өзін-өзі шексіз қамшылағанның адам болмысындағы ашы табын көріп, тарихты өшіріп те, көшіріп те түзеу мүмкін емес екенін енді ғана түсіне бастаған қазіргі кезеңде керісінше нәтижелерге алып баруы мүмкін.

Шын мәніндегі экономикалық, саяси-әлеуметтік мүлтіксіздікке жету үшін республикада қалыптаса бастаған қал-ахуалды мұқият ескеретін, мейлінше ойластырылған, шегіне жеткізе үйлестірілген мәдени-идеологиялық құрылғыны – халыққа тәлім-тәрбие беру жүйесін жасауға баса назар аударған жөн. Мұның өзі жұртты халқымыздың өткен жолына, мәдениетіне, тіліне, дәстүрлі өнеріне сүйіспеншілікпен қарайтын отаншылдық рухта тәрбиелеу ісін түбегейлі бір арнаға түсіруге мүмкіндік берер еді. Ойластырылған тәлім-тәрбие жүйесінің бірлік, елдік, егемендік белгілері негізінде халықтың бойындағы қайраты мен жігерін парасаттылыққа бағдарлайтыны даусыз.

ЖОЛАЙЫРЫҚТА

Уақыт. Жел үрлеген еспе құм секілді екен бұл шіркін. Өмір тезінен өткен шаруаның бетін жауып, жым-жылас етіп кете беретінін қайтерсің, Шынтуайтына барсақ, қазақтың дәстүрлі өнерінің тарих қойнауларында қалып қойғандары да, із түзсіз құрып бітуге айналғандары да осы уақыт дүрбелеңімен байланысты емес пе? Уақыт өткен сайын оларды зерттеп білудің де, мүмкіндігінше бұрынғы табиғи ортасына оралта түсудің де қиындай түсетіні тағы бар. Біздегі ғылыми тұжырымнан гөрі түйсігі жете бермейтіннің бәрін өзгеге теліп, жаңалық көрсе-ақ, «Ей, мынау қазактікі емес қой!» деп көлгірситін лауазымды азаматтардың сөзіне көбірек құлақ асатын әдет те, бәлкім, уақыт қисынынан туған жайт болар.

Уақыт. Бәрі де уақытпен байланысты. Бірде «Алтын алма» фестивалінің Медеу мұз айдынындағы ашылу салтанатында «Алтынай» халық биі ансамблі түркі-қыпшақ заманынан ел есінде қалған, Шашубай, Берікбол, Жүнісбек секілді би өнерінің саңлақтарына танымал, әйгілі өнерпаз, халық суретшісі Әубәкір Ысмайыловтың тек өзі ғана емес, кезінде әкесі мен атасы, тіптен бабасы жұртпен қосылып билеген ежелгі халық ойыны «Алқақотанды» орындағанда бір дара басшының: «Ей, мыналарың нанай биі ғой» дегені бартын-ды. Сол сол-ақ екен, «Алқақотан» фестиваль бағдарламасынан алынып тасталды. Тіптен мұнан былайғы концерттік бағдарламаларға енгізілмейтін болып алды. Сонда осы жұрт «Алтынайдың» шығармашыл ізденісіне, жасы ұлғайып, тұрмыс қажыта бастаған қарт өнерпаздың, тіптен биді қалпына келтіруге ат салысқан, қазір арамызда жоқ, аса дарынды педагог-балетмейстердің¹ жанына дақ салғанын ойлады ма екен?!

¹ Өңгіме Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер Ольга Всеволодовна Голушкевич жөнінде болып отыр

Өмірде мұндай ыңғайсыз сәттер бола беретіні белгілі. Солай бола тұрса да, мәселенің бұл жағына көңіл аударып отырғанымыз біреуді мұқату үшін емес, кім-кімге болса да енді ғана есін жиып, бой түзей бастаған халықтың көне тарихы мен дәстүрлі өнеріне жеңіл-желпі баға бере салуға болмайтынымен байланысты еді.

Халық сәулеткерлігі жөнінде сөз қозғағанда, бізге ең алдымен жылжымалы тұрғын үй мен тұрақты мекенжайдың қай-қайсысын алсақ та бейне бір жинақталған түрде елдің шығу тегіне, өткендегі өмір салтына, тұрмысына, кәсібiне, күнкөрісіне, ой-өрісіне, ғасырлар бойы қалыптасқан құрылыс мәдениетіне меңзейтін құбылыс екеніне көңіл аударған жөн. Өйткені, зерттеушілердің айтуына қарағанда, аңдардың қаптаған табындары босып жүрген есте жоқ ерте заманда қазақ даласында адам әуелде аңшы, кейіннен малшы, аса бай нәубет атты тау бөктерлерінде, өзен аңғарларында алғашында теруші, соңынан егінші болғанға ұқсайды. Малды қолда ұстап-бағуды кәсіп ете бастағандар да оны жемдеуге мүмкіндігі бар сол алғашқы қарабайыр егіншілер болған.

Ғасырларға созылған қуаңшылық бірте-бірте табиғатты қуратып, жайылымдарды жүдете бастаған соң, шамамен айтқанда, біздің дәуірімізге дейінгі IX-VIII ғасырлардан бастап, дала тұрғындары бүкіл сахараның шөбін түгелдей пайдалану үшін малды бір жерден екінші жерге, онан әрмен айдап бағуға машықтана бастаған. Қазақ жерінде көшпелі қауым осылайша пайда болған. Бақташылар бір-бірімен тікелей қатынаста болғандықтан, кейіннен тайпалық негізде біріге түсуге жол ашқан әдет-ғұрыптық, мәдени-тұрмыстық, инабаттылық қалыптарды орнықтыра түскен. Мұның өзі дәстүрлі өнер, соны мәдениет, өлең-жырға, ертегілерге, нақыл сөздерге, аңыз-әңгімелерге толы ауыз әдебиетін жасауға жағдай туғызған. Сол дәуірдің аңтабы стиліндегі кейбір туындыларының мазмұндық желісінің тек тасқа қашалған суреттерден ғана емес, қазаққа тән

аңыздардан, ою-өрнектерден, зергерлік бұйымдардан да көріне беретіні, міне, осыдан.

Тауқыметі мол күнкөріс қамы дала тұрғындарын ерте заманнан бастап-ақ мінезі әр қилы асау табиғаттын, құбылмалы ауа райының ыңғайына орайластырылған баспана үлгілерін қалыптастыруға мәжбүр еткен. Табиғаты әр түрлі жекелеген аймақтарда олардың құрылымы жағынан бір-біріне ұқсас болғанымен, іске жаратылған материалы, төбе жабыны жағынан әр түрлі болғаны ықтимал.

Әйтсе де, осыдан жүздеген, тіптен мындаған жылдар бұрын ең байырғы құрылысшылар болған алғашқы қауым адамдарының өзі де қазіргі үйлермен салыстырғанда түкке тұрғысыз тұрпайы баспанасын жер ыңғайына, қолға түскен материалдың – ағаш бұтақтарының, қабы-ғының, аң сүйектерінің, тері-терсектің, шөп-шалаңның ерекшеліктеріне қарай ұқсата білген. О бастағы аңшылардың, терушілердің, қарабайыр егіншілердің жасампаздығы да, кейініректегі көшпелі, жартылай отырықшы және отырықшы қауымдастықтарға тән құрылыс ісінің де айналадағы ортаның әсерімен қалыптасқаны мәлім.

Алғашқы аңшының дала жағдайында қалыптастырған баспанасы жерге кадалған сырықтардың басын қосып буатындықтан қанқасы сүйір болып бітетін, сырты ағаштың қабығымен, аң терілерімен жабылатын қос (бастапқы аты белгісіз) немесе жерді шұқырлап қазып, ортасына төбедегі түтін шығатын тесіктің ернеуін шабақтауға орайластыра әр жерден қойылатын, бір-бірімен байластырылған тіреуіш ашаларға ағаш бұтақтарын тастап, үстін шөп-шалаңмен жаба салатын, кіріп-шығатын ойығы бар кепе (бастапқы аты белгісіз) болған деп жорамалдауға болады. Ал жерді шаршылап қазып, алынған топырақтың есебінен биіктей түсетін қабырғасының қақ ортасына кесе-көлденен белағаш (қары) қойып, екі жағына қарама-қарсы ағаш кеспектер (пәруз) тастап, үстіне топырақ салып, лаймен

сылайтын, түтін шығатын ойығы, кіріп-шығатын есігі бар жеркепенің кейінірек пайда болғаны ықтимал.

Ғасырларды артқа салып, көшпелі малшылар аңшының сүйір қосын, егіншілер кепесін бірте-бірте жетілдіре түскендіктен қазақ даласында тұрғын үйдің жылжымалы және тұрақты түрлері қатар дами берген.

Қостан киіз үйге өтетін баспана – күрке, абылайша түрінде, кепеден қоржын үйге өтетін баспана – қақыра (бастапқы аты белгісіз) түрінде болғаны даусыз. Қостың сырықтарының ұшы енді бұрынғыдай бір буда шөппен байластыра салынбай, ортасында түтін шығатын тесігі бар шығыршыққа кигізілетін кейіпке енген. Алайда қостың ортасына қарай еңкіш қабырғасы уақытша пайдаланудың талаптарына сай келгенімен, көшпелі қауымның өмір бақи тұрып, күнелтуіне ыңғайсыз екені көріне бастаған. Сырықтардың ұшы енді арнайы тесіктері бар шеңберге (шаңырақтың бастапқы түрі) қадалатын болғандықтан қостың қаңқасы түзеле түскен.

Өстіп, қоста шаңырақтың пайда болуы баспананың бұл түрінің түбегейлі өзгерістерге түсуіне жол ашқан. Оның сырықтары енді екіге бөлініп, төменгілері бірте-бірте бір-бірімен қабыстырылатын керегенің, жоғарғылары шаңыраққа қадалатын таяқшалардың (уықтардың) кейпіне ене бастаған. Осылай кереге, уықтардың бастапқы түрлері пайда болған. Жүздеген жылдар өткеннен кейін күркенің (қостың) қабырғасы қазіргі киіз үйдікіндей, оп-онай құрастырылып-ажыратылатын торкөз қабырғалардан (керегелерден), оларға байластырылатын, түп жағы иіңкілеу болып келетіндіктен құрылғыға күмбез келбетін беретін уықтардан, шаңырақтан, маңдайша, табалдырық, босағадан құрастырылатын екі жаққа айқара ашылатын ағаш есіктен (сықырлауық) тұратын қалыпқа келгені қазақтың киіз үйін аса мұқият үйлестірілген құрылыстардың қатарына қосқан.

Киіз үйдің кереге-уықтарының, маңдайша, табалдырык, босағасының терме немесе ызба таңғыштармен, арқан-жіптермен байластырылатыны мәлім. Тек сықырлауықтың ғана маңдайша мен табалдырыққа ергенек¹ арқылы бекітілетіні бар. Қазақ арасында «Ергенек кетсе, есіктен берке кетер» деген мәтелдің кеңінен тарағаны оның «Ауызбірлік кетсе, от басынан құт кетер» деген пәлсапалық мәнімен тікелей байланысты. Ұрпақтан ұрпаққа алмасып келе жатқан осы бір ата сөзінің біздің замандастарымыз үшін де өнегелі өсиет болып қалғаны даусыз.

Ал баспананың тұрақты түрлеріне көшу үрдісі Қазақстан жағдайында көпшілік қолды материалды қарастыру мен мекенжайдың жер ыңғайына қарай орайластырылған нұсқаларын қалыптастыру ісімен қатар дамыған болса керек. Мұны кепенің жертөлеге, жер-төленің қақыраға алмасу үрдісінен де аңғаруға болады. Кепенің құрылымы жөнінде біз жоғарыда айттық. Оның біршама дамытылған баламасы жертелені тұрғызудың ең қарапайым әдісі мынадай болған: Әдетте жерді шаршылап қазып, топырағын босатқаннан кейін, үстіне су құйып, қидаланған малдың қылымен, қой жүнімен, сабанмен иін қандыра араластырып балшық илейтін де, қазылған шаршының жиегіне бірінің үстіне бірін қатар-қатар етіп жұмбаз ұратындықтан құрылыстың қабырғасы көтеріле беретін. Дайындалған материал біткен соң, шұңқырды төмен қарай тағы да үңгіп, қопсыған топырақтан балшық илеп, жұмбаздау әдісімен қабырғаны онан әрі көтере түсетін. Күн түсетін жақтан жалғыз терезе, есік шығарылатын. Төмендетілген жердің тереңдігі мен тұрғызылған қабырғаның биіктігі теңелген кезде, іші-сыртын лаймен сылап, төбесін мығым етіп қамыспен, шөппен жабатын да, лаймен сылап тастайтын болған.

Жертөленің ортасына от жағылатындықтан төбесінде әдейі қалдырылған ойыққа түтін тартатын мұржаның шыбықпен шабақталған қарапайым нұсқасы орнатылатын болған.

Тұрпайы жертөлениң бізге жеткен баламаларының бірі Сырбойы диқандарының ауладан тысқары егістіктің басына жаз айларына арнап тұрғызатын уақытша баспанасы – өлшек те жертөле үлгісімен салынатын. Тек оның іші-сырты сыланбаған, итарқасы ағаш бұтақтарымен, жыңғылмен, көк жан- тақпен жабылатын да, жел ұшырып кетпес үшін үстіне әр жерден қам кесек, кеуіп үлгіре қоймаған батпақ тоңғағы тасталатын болған.

Жертөлени қазақ шымнан да, қам кесектен де, тактатастан да соққан. Ал қақыраны төрт қабырғалы етіп кіре берісімен қоса тайланған шөптен, қамыстан, шабақтан, балшықтан тұрғызған. Іші-сырты, төбесі сылақ арқылы тәртіпке келтірілетін және оттық арқылы жылытылатындықтан баспананың бұл түрі кепе мен жертөлеге қарағанда едәуір алға кеткендік болған.

Арада жүздеген жыл, бәлкім, одан да көп уақыт өткеннен соң қақыраның негізінде кейіннен қазаққа тән тұрақты мекенжайдың жетілдірілген түрлерінің дамуына тікелей ықпал еткен қоржынүй (бұл жөнінде осы кітаптың келесі бір тарауында толығырақ айтатын боламыз) пайда болғаны ықтимал.

Бір қызығы, қазақ қос, күрке сияқты жылжымалы баспананың түрлерін киіз үймен қатар пайдалана бергені секілді, кепе, жертөле, қақыра түріндегі баспана нұсқаларын тұрақты мекенжайдың кейінгі жетілдірілген үлгілерімен қоса әжетіне жарата білген. Мұны қазақтың қайта реттеуге көне қоймайтын тұйық шаруашылығында, күнкөрісінде, тұрмысында ғасырлар бойы мардымды өзгеріс болмағанымен де байланысты қараған жөн.

Қазақ мекендеген ұлаң-ғайыр кеңістіктегі күнкөріске байланысты қалыптасқан баспананың о бастағы түрлерінің бірі – осыдан шамамен үш мың жыл бұрын пайда болған, қаңқасы арба үстіне көбіне мығым, сирегірек жинастырып, ажыратылатындай етіп орналастырылатын тұрғын үй үлгісі. Мұндай үйлер ғұндарда да, түркілерде

де, көшпелі ұйғырларда да, моңғолдарда да болған. Ал қазақтағы «Донғалақты үй», «Үйлі арба» жөнінде біздің білетініміз орта ғасырларда бізде болған Гильом де Рубрук, Әбу Абдаллах Ибн Баттута, Фазаллах Ибн Рузбихан, Антони Дженкинсон секілді шетелдік авторлардың жазып қалдырғандары ғана. Азғана құнды материал академик П. С. Палластың «Сапарнамасында» бар. Бірнеше өгіз, түйе қосарлап жегілетін үйлі арбаларда малдың қуығынан, қарнынан тартылған терезелері, кіріп-шығатын есігі, оттығы, көлеміне қарай екі, төрт, алты, тіпті онан да көп дөңгелегі болған.

Бату заманында-ақ «Алтынорданың құрамында «Қазақстан» деген аймақ болған»¹. Сол өлкені мекендеген елдің үйлі арбасын Ибн Баттута былай суреттеген: «Дөңгелекті құрылғыны олар «арба» деп атайды. Арбаның үстіне тұрғызатыны – бір-біріне қайыспен байластырылған ағаштардан құрастырылған күмбез сияқты қаңқа»².

«Олар тұратын үйлер ағаш кеспектерінен құрастырылып, бұтақтармен шабақталған, төбесінде жоғары қарай мойнын созып, ықшамдана түсетін оттыктікі сияқты дөңгелек түтігі бар арба үстіне орналастырылады да, үнемі аппақ болып жарқырап тұруы үшін жүнге әк, ақ топырақ (шамасы бор болар – Ө. Ж.), сүйек үгіндісін қосып басқан ақ киізбен қапталады екен»³. Үйлер мейлінше кең, ені 30 фут (1 фут – 0,3048 м.), дөңгелектерінің арасы 20 фут болған. Осындай үйлі арбаға 22 өгіз жегілген.

XVI ғасырдағы парсы деректерінің бірінде жат жұрттықтарға зәулім биік ғимараттай болып көрінген қазақтың донғалақты үйлері жайында мынадай мағлұмат

¹Э.Хара-Даван. Чингисхан как полководец и его наследие. Алматы, 1992, 253-бет

²Майдар Д., Пюреев Д. От кочевой до мобильной архитектуры. М., 1980, 21-бет

³Гильом де Рубрук. Путешествие в восточные страны. М., 1957, 91-бет

бар: «Олардың (қазақтардың – Ж. Ж.) мұндай үйлері ағаштан тұрғызылған, қаңқасы сарайдікі сияқты көтеріңкі және мейлінше кең. Ақ қайыңнан құрастырылған қабырғалары мінсіз, өте сәнді, киізбен, сирек кездесетін түстерге боялған кой терілерімен қапталған. Осындай үйлерде қазақтың сұлтандары мен ақсүйектері тұрады. Құрылымы ерекше үйлестірілген доңғалақты үйде 20 адамның жатып-тұруына болады екен. Мұндай үйлерді қосарлап жегілген көп түйе тартады. Үйлер зәулім, биік және сыйымды, тұс-тұсынан ашпалы көздері бар терезе ойықтары берілген. Сырты киізбен жабылған. Ішкі жиһаздары әмірлер мен сұлтандардың сарайларындағыдай мейлінше әсем және үйлесімді»¹.

Қос ат жегілетін жеңіл күйме көбіне бойжеткен қызға, жас жұбайларға, бәйбішеге тек көліктің ғана емес, жол үйдің де қызметін атқарған. Мұндай жеңіл құрылғыны соғыс кезінде шапшаң кимылдап, ұрыс әрекеттеріне жедел басшылық ететін қолбасшылар да пайдаланған.

Үйлі арбалардың қазақтағылары баспананы құрастырып-жинастырып әуре болмай-ақ, үдере көшіп күнелтуге мүмкіндік беретін құлазыған кең даланың табиғатымен байланысты болғанымен, құрылымдық жағынан олардың сәулеткерлікке қосқан үлесі шамалы. Әйтсе де олардың төрт бұрышты немесе бес бұрышты құрылғысы сәулет өнеріндегі шаршы үшкіліне, шеңбер бөлшектеріне дөп келетінімен қызықтырады. Кезінде көшпелі шаруашылыққа қызмет еткен тұрғын жайдың сирек кездесетін бірден-бір нұсқасы бола тұра, үйлі арбалардың XVIII ғасырдың алғашқы ширегіне қарай тұрмыстан шығып қалуының өзіндік себептері бартын. Оның ең бастысы арагидік үзілістермен 200 жылға созылған жоңғарлармен, қалмақтармен шайқаста, еш-

¹ Майдар Д., Пюреев Д. От кочевой до мобильной архитектуры. М., 1980, 21-бет

қашан толастап көрмеген жаугершілікте еді. 1723-1729 жылдардағы «ақтабан шұбырынды» кезіндегі елдің босып кетуі, даланың байлығына қармалауышын созған Ресейдің отарлау саясаты, Орта Азия хандықтарымен, әсіресе Қоқанмен, Хиуамен қақтығыстар елдің көшіп-конатын кеңістігін тарылта түскендіктен XVIII-XIX ғасырларда көшпелі қазақтың негізгі баспанасы кәдімгі өзімізге белгілі киіз үй бола бастаған.

Қазақ сәулеткерлігі осылайша сонау ежелгі заманнан бастап қалыптасқан. Далада тұрғызылған құрылыстардың ең алғашқыларынан (одан бұрынғылары сақталмаған) саналатын сынтастар, сандықтастар, ықтасындар, діндіңгектер, іргесі шеңбер болып қаланатын да, сүйегі сүйірленіп бітетін бір бөлмелі үйдің нұсқасы – шошала қазақтағы құрылыс ісінде қаңқалық құрылымдардың, тіреуішұстындардың, төбе жабынның орнығу үрдісін аңғартады. Ал оның деңгейі аңызға желді, үскірік аязды болып келетін ұлан-ғайыр кеңістіктегі көшпелі тіршілік пен Сырбойындағы, Арыс, Келес, Шыршық, Талас, Шу, Іле алқабындағы жартылай отырықшы және отырықшы күнкөрістің мүмкіндіктерімен шектелген.

Қазақта тұрақты және жылжымалы баспананың екеуінің бірден болуы – оның отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі топтарының арасалмағы әр түрлі бола тұра, қожалық ету тәсілдерінің, күнкөрісінің бір-бірімен тікелей байланыстылығынан, тұрмыс-салтының бірегейлігінен, мінез-құлқының ұқсастығынан туған жағдай. Алайда зерттеушілерді қайран қалдыратыны – қазақ құрылысшыларының әсіресе үй тұрғызуда, оған қолайлы жер, материал таңдауда ұқыптылық көрсете білгені. Мұның өзі сәулеткерлік тарихында көптен келе жатқан бірден-бір ыңғай табыс екені мәлім. Басқаны былай қойғанда, бар құдіреті құрылыстың мығымдығынан, кескінінің тұрақтылығынан, түрінің үйлесімділігінен көрінетін әлемге танымал классикалық сәулеткерліктің

өзін де табиғи ортаны, жер ыңғайын тиімді пайдалану, кеңістікті ұйымдастыру деңгейінен бөліп қарауға болмайды. Ойлы кезге қай-қайсысы болса да тұрған орнында шынайы да керемет болып көрінетін әлемге әйгілі құрылыс үлгілері – Акрополь де, Тәж-Маһал да, Шах-і-Зинда мен Әзірет Сұлтан да тундра түкпірінде немесе меңіреу тайгада, Бетпақдала мен Үстіртте ұсқынсыз болмаса да үйлесімсіз көрінуі мүмкін. Әйтсе де мұқият ұқыптылық көрсете білсек, мұндай келеңсіздікке жол бермеуге болар еді. Ал біздің еркімізден шығып кеткен және бүгін шешімін табу оңайға түсе қоймайтын шаруаны қалай орнына келтірерсің.

Жасыратыны жоқ, қазақтың бүгінгі қалпы – аңыз-ертегілердегі үмітпенен жоқ қуып, тоғыз тарау түйіскен жолайырыққа тап болғандықтан, қай соқпақпен кетерін білмей, дал болатын жалғыз атты жолаушының кебі. Самарқаулықтан ба, салақтықтан ба, әлде әкімге бас иген жарамсақтықтан ба, мінсіздіктің тегінен көрінетін ата-баба мұрасы үлгілерінің біразынан көз жазып қалғанымыз өкінішті-ақ. Оның кездейсоқ шешімнің жемтігі болып, «көлденең жүрген көк ақтының» қанжығасында кеткені де аз емес.

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты – қазақтың дәстүрлі өнерінің ұмытыла бастаған салаларының бірі – халық сәулеткерлігінің ерекшеліктерін үйреніп-білу арқылы Қазақстанда ғылым, мәдениет пен өнер саласында қалыптаса бастаған жаңа әлеуметтік жағдайға азды-көпті ықпал ету. Мұның өзі ата-баба мұрасын қорғау, қалпына келтіру және пайдалануда тығырықтан шығудың жолын қарастыруға қосатын үлес болмақ.

ҮЙЛЕСІМІ ЖАРАСҚАН

Қазақтың халық болып қалыптасуына байланысты ресми пікірге жүгінсек, X-XII ғасырлардан бастап Оңтүстік Сібір мен Сарыарқаны, оларға іргелес жатқан ұлан-ғайыр кеңістікті мекендеген «қыпшақтардың моңғол үстемдігінен кейінгі дәуірде қазақ халқының негізін құрағаны» (В. Бартольд) белгілі. Әйтсе де, әзірге жазба деректерде X ғасырдан бастап кездесетін «қазақ» этнонимінің ел арасында «қыпшақ» деген атаумен қатар пайдаланылып келгенін, жат жұрттық авторлардың дала тайпаларын, олардың тұрпатына, бет пішініне, тілінің бірегейлігіне, күнкөрісінің, тұрмыс-салтының, мінез-құлқының ұқсастығына қарап, бөле-жара атамай «қыпшақтар» деп есептегенін ескерсек, бұл екі атаудың екеуі де тектестік тамырын тереңге жайған бір халықтың есімі болып шығатыны даусыз. Мұны көрмеу – қазақтың «түйе өз өркешін көрмейді» дейтінінің кебі.

Құрастырылып-ажыратылатын тұрғын жайдың сол түркі-қыпшақ үлгісіне жататын «қазақтың киіз үйі құрылымдық жағынан осы уақытқа дейін көшпелі халықтардың бірде-біреуі асып түсе алмаған, жылжымалы баспананың ең жетілдірілген түрі болып табылады»¹. Моңғолдың гәрімен салыстырғанда керегесі биіктеу, уығының төменгі жағы иіңкі болатындығынан күмбезі көтеріңкі, келбеті сымбатты болып келеді.

Академик Әлкей Марғұланның айтуына қарағанда, қазақтың киіз үйі ағаштан қиыстырылатын немесе балшықтан соғылатын баспаналармен салыстырғанда өзінің о бастағы нұсқаларының негізгі элементтерін бойына сіңірген жылжымалы тұрғын жайдың біршама кейінгі түрі болған².

¹ Руденко С. Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза. – Казаки. Антропологические очерки. Л., 1927, 29-бет

² Маргулан А. Х. Казахская юрта и ее убранство. М., 1964, 3-стр.

Киіз үй қазақпен көршілес Орта Азия халықтарында да кездеседі. Олардағы киіз үйде де құрылымында немесе кескінінде ішінара кездесетін, бұрын көшпелі, жартылай көшпелі өмір кешкен қырғыз, түрікпен, қарақалпақ елдерінің тарихи дамуы арқылы енген кейбір ерекшеліктер ғасырлар бойы қалыптасқан құрылғыны түбегейлі өзгерістерге түсіре алмағандықтан, түркі халықтарына тән бірегейлік сақталып қалған.

Қазақтағы киізбен жабылатын баспананың алғашқы түрлерінің бірі – ҚОС. Сырты жонылып, тәртіпке келтірілген, ұштарында басын қосып байластыратын қайыс, жіп өткізетін арнайы тесіктері бар, 2,5–3 метрдей сырықтардан құрастырылатын болған. Сырықтарды іштен дем тартатын түтікпен¹ қоса байластырып орнынан тұрғызғаннан кейін, араларын ашып жерге тіреп, екі туырлықпен немесе арнайы пішілген үзікпен жауып, ірге жағын бел арқанмен бастыра салады екен. Киіз баспананың бұл түрінің оңтайлылығы сонша, көшіп-қонғанда сырықтарын жалғыз түйеге теңдеп, үстіне киізін, малшының көрпе-төсегін, қазан-ошағын артып кете беретін болған.

Қосты көбіне жылқы, сиыр малын жазда қысқы қоныстан 2–3 күндік өріске шығарып бағатын жылқышылар мен бақташылар уақытша баспана ретінде пайдаланған. Ал көшпелі ауылдың құрамында киіз үйге қосалқы ретінде қазан-ошақ, ыдыс-аяқ қоятын, астық сақтайтын, құрт, ірімшік қайнататын орын немесе қойшы-қолаң үшін баспана ретінде пайдаланылған.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін ұжымшарлардың мал фермаларында кеңінен пайдаланылғанымен, көп ұзамай тұрмыстан шығып қалған.

КҮРКЕ. Қостың даму барысында оның қаңқасында кереге мен уықтың пайда болу үрдісін аңғартатын, көшіп-қонуға бейімделген тұрғын жайдың ең көне

¹ Ортаға шок салатыны болмаса, коста от жағылмаған. Асты жерошаққа қазан асып, далада дайындаған.

нұсқаларының бірі. Үш қанат керегенің әр жерінен көтерілетін, құрылғыға мінсіз күмбез сұлбасын бере қоймайтын тіке уықтардың басын қабыстыру жолымен құрастырылатын болған. Күрке киізбен, тері-терсекпен жабылған. Керегесі шимен қоршалатын күркелер де болғанын ескі суреттерден көруге болады.

Күрке – негізінен бай малын бағысатын, қоңыртөбел дәулеті бар үйел-мендердің баспанасы. Соңғы 30-40 жылда тұрмыстан шығып қалғандықтан, ел арасында кездесе қоймайды.

Ортаға шоқ салатыны болмаса, қоста от жағылмаған. Асты жерошаққа қазан асып, далада дайындаған.

АБЫЛАЙША. Қостың қаңқасында шаңырақтың пайда болу үрдісін аңғартатын, оның едәуір жетілдірілген және жорық кезінде жауынгерлер уақытша баспана ретінде пайдаланып келген түрі. Көпшілік жұрт қостың бұл түрінің пайда болуын жоңғарларға қарсы бүкіл халықтық қозғалысқа басшылық етіп, талай-талай шайқастарда көзсіз ерлік көрсетіп, ел арасында үлкен абыройға ие болған Абылай ханның (1711-1781) есімімен байланыстырады.

Елге тарап кеткен бұл пікірдің анық-қанығына күмән келтіргіміз келмейді. Әйтсе де, құрылымына қарап, қостың қазақтан басқа да халықтардағы нұсқаларымен салыстыра отыра, абылайшаны (бастапқы аты белгісіз) өте ерте заманнан келе жатқан, бәрімізге танымал киіз үйдің өзін де белгілі бір деңгейде жетілдіре түсуге ықпал еткен баспана үлгісі деп жорамалдауға болады.

Кәдуілгі қостан мұның құрылымдық жағынан айырмашылығы – сырықтарының бұрынғыдай байластыра салынбай, кішігірім шаңыраққа қадалатынынан пошымының киіз үйге жақындай түсіп, төбе жабынында өзікпен қатар түндіктің, кигіз есіктің пайда болғанында. Оның үстіне, жорық кезінде баспана етуге ыңғайластырылған абылайшаның тағы бір нұсқасы қысқа уықтар қадалатын кішкене шаңырағы бар, үш қанатты киіз үй кейпінде

болған. Шамасы мұндай үйде қолбасшы әлде ханның өзі тұрған болуы мүмкін.

Абылайша соңғы жылдарға дейін ауыл арасында пайдаланылып келгенімен, кейінгі 20-30 жылда мүлдем көрінбейтін болып алды. Бәлкім, бұл көненің көзіне паңдана қарайтын керенаулықтан туған жағдай болар. Әйтпесе, жақын қашықтыққа көшіп-қонатын малшыларға, шөп шабатындарға, ет комбинаттарына мал айдайтындарға, археологтарға, барлаушы-геологтарға мұнан артық баспананы ойлап табудың өзі қиын.

ТУЫРЛЫҚ ҮЙ. Көшпелі қазақтың бар байлығы – малды жайып бағатын кеңістікке байланысты болғандықтан біздегі маусымдық жайылым атам заманнан бастап қалыптасқан. Сол жаздық, күздік жайылымдарға ығысып, көшіп-қонып жүрген кезде қазақтың екі-үш күннен артық бөгеле тұруға болмайтын, құдығының суы аз, жайылымы мардымсыз жерлерге тоқтағанда тігетін, қызметі жағынан күркеге жақындау келетін баспанасы.

Туырлық үй – негізінен төрт қанатты, уықтары кіші-гірім шаңыраққа қадалатын, тек қана туырлықтармен жабылатын жолама, жол үйдің нұсқасы. Бай малын бағатын такыр кедейлер мұндай қоныс кезінде екі керегенің басын қабыстыра, жалғыз туырлықпен жаба салатын немесе үш сырықғың басын қосып, құрым киізбен күн түсетін жақтарын ғана қымтайтын шайла тігетін болған.

АҚҮЙ. Молшылық пен сәттіліктің белгісі болып есептелген, «қазақтың киіз үйі» деген жалпылама атауды жеке иемденген, таңғыштармен, арқан-жіптермен байластырылатын қанқасы (сүйегі) құрастырылып-ажыратылатын киіз жабынды баспана үлгісі.

Биіктігі 135-140 сантиметрдей 15 басты алты қанат керегеден, күмбезін құрайтын ұзындығы 240-250 сантиметрдей 80-90 уықтан, диаметрі 180-190 сантиметрдей шаңырақтан, босаға, маңдайша, табалдырыққа бекітілетін қос қанатты ағаш есіктен (сықырлауық) құрас-

тырылады. Төрт туырлықпен, екі үзікпен, түндікпен жабылады. Таңғышы шаңырақтың шеңбері арқылы ішке қарай тартылып байланатын киіз есік үзіктің астымен сықырлауықтың сыртына түсіріледі. Киіз есік күндіз мандайшаға дейін түріліп, түндіктің бауымен ішке қарай байланады. Жылжымалы тұрғын жайдың көп тараған және мейлінше жетілдірілген нұсқасы. Бұл оның күмбезінің көтеріңкі болатынын, негізгі салмақ керегеге түсетіндіктен моңғолдың гәріндегідей шаңыраққа екі жағынан тіреуіш қойылмайтынынан да көрінеді.

Ақүй деп аталатыны – көбіне шынайы ақ реңк алу үшін бор қосып басылатын ақбоз киізбен жабылатындығынан.

ҚАРАҮЙ. (Қараша). Ақ үйдің өзімен қатар тігілетін қосалқысы. Асхана ретінде пайдаланылған. Ақүймен салыстырғанда көлемі кішілеу, төрт қанатты, уығы қысқа, тікелеу болатындықтан бойы аласалау келеді. Көбіне қоңыр киізбен жабылатындықтан қараүй немесе қараша деп аталған.

ОТАУ. Ел арасында, тіптен этнографиялық әдебиетте де көбіне үш-төрт қанатты, кіші-гірім шаңырағы болатындықтан алты қанат ақүйдің кішірейтілген түрі деп есептеліп келген. Ал шын мәнінде, қалыңдығына ұрын барған үміті алда күйеу жігітке, жаңадан от басын құраған үйелменді-сүйелменді жастарға арнап тігілетін болғандықтан құрылғысының кеудесі көтеріңкі, күмбезі сымбатты болуына ерекше мән берілген. Отау үйдің кереге-уығы да, шаңырағы, босаға-табалдырығы да, ішкі жиһаздары, бау-шуы да, кебеже-сандығы, төсек-ағашы, асадал, адалбақандары да асқан ұқыптылықпен жасалатын болған. Ақбосағаның белгісі ретінде жабынының мейлінше ақ киізден жасалатыны, ел қастерлейтін ою-өрнектермен безендірілетіні отау үйге ерекше сән береді екен.

ОРДА. Қазақ киіз үйінің шоқтығынан саналатын, құрастырылып-ажыратылатын киіз жабынды тұрғын жайдың аса сыйымды түрі. Ел билеген хан мен сұлтандар

үшін көпшіліктің қатысуымен салтанатты, рәсімді жиындар өткізіп тұруға, елшілер мен құрметті қонақ қабылдауға, қарсы жақтың зиялыларымен келіссөздер жүргізуге, шартқа қол қоюға ыңғайластырылған сыйымды орынның болуын қарастырған ізденістің нәтижесінде пайда болған 12, тіптен одан да көп қанатты киіз үйдің үлгісі. Көлемі 130-140 шаршы метрдей келген, керегесінің биіктігі 240-250 сантиметрден, уығының ұзындығы 310-320 сантиметрден, шаңырағының диаметрі 200-220 сантиметрден кем түспейтін құрылғы. Жабынына кәдуілгі ақ үйдегідей, өңдеуге оңай көнетіндіктен тығыздығы мығым төсем алуға болатын ақбоз қойдың күзем жүні жаратылған.

Хан ордасын дарбазалы қақпасының екі жанынан, жер ыңғайына орай қатаң шаршы бола бермейтін ауласының бұрыштарынан биіктігі 15-20 метрдей, жоғары көтерілетін баспалдақтары бар мұнаралар бой түзейтін қорған ішіне тігетін болған. Мұндай құрылыс салу үшін ең алдымен арнайы үйілген май топырақтың басын біріктіре түсу үшін үстіне октын-октын су құйып, мал аяғымен таптап, ағаш тоқпақтармен нығарлап негіз жасайтын. Сонан кейін ғана ылғал, сор тартпас үшін қопа қамыс төселген іргеге қалыңдығы екі-екі жарым метрдей етіп кам кесектен қаланған өркешті (тісті) қорғанның өзін тұрғызатын болған. Орданың бір жағына хан шатыры, аса құрметті қонақ түсетін үй, екінші жағына ханның алты қанат ақ үйі, оның асхана іспетті қосалқысы, бәйбішенің үйі, т. б. орналастырылады екен. Қайсыбір хан ордаларында қорған ішінде саялы бак, су тартатын шығыры, жинайтын шүңеті, шегенді құдығы болғанға ұқсайды. Көрші қорғанда ханның арғымақтары күтілген, күйме арбасы қойылған, атқосшылары, аспаздары, күтушілері, үнемі хан айналасында болатын ақын, жыршы, әуезшілер, ойыншылар тұрған болса керек. Ханның бәйбішеден басқа әйелдерінің өз ауылдары болған дегенді айтады білетін жұрт.

Оңтүстік Қазақстандағы Сайрам ауданының Қарабұлақ қыстағынан терістікке қарай алты шақырым жерде Арыс өзенінің иініне орналасқан Абылай ханның ордасының осындай болғаны ықтимал.

Қорғандағы дарбазалы қақпаның аузына, бұрыштама мұнараларға қоршаудың үстімен әрі-бері жүріп тұратын, найза, айбалта ұстап, садақ, мылтық асынған төлеңгіттерден¹ күзет қойылады екен. Хан ордасының әр қилы қашықтықтағы биік құздардың басында, үйік төбелерде қажет болғанда сақтық белгі беретін күзет орындары болғаны белгілі. Сондықтан да хан қорғандары қарапайым халыққа қамалдық мәнінен гөрі маңынан аулақ жүруге тура келетін өктем күштің құдыреті ретінде мәлім болған.

Орданың сәндік қисыны белгілі бір деңгейде алты қанат ақүйдікін қайталағанымен, қазақтың қолтума өнерінің үйлесімін тапқан ұқыптылығының арқасында ағашты, сүйекті, алтын-күмісті, әр түрлі тасты, былғарыны, киізді, иірілген жіпті кәдеге жаратуда мүлтіксіздікке жеткендігімен ерекшеленеді. Жат жұрттық саяхатшылар мен елшілікке жүргендер де ұлылығы мен байлығы жағынан оның корольдер мен императорлардың сарайларынан кем түсе қоймайтынына көңіл аударған.

Орданың безендірілуінен көркем ойдың қазақ қоғамының сезімтал талғамына сәйкес дамып, ою-өрнектің және оның икемді баламасы – төрдің айналадағы ортадан алынған мазмұндық желісімен, тіптен киелі, ғұрыптық белгілермен қойындаса, ұрпақтан ұрпаққа алмасып келгенін аңғарамыз. Оның әшекейінде мақлұқаты, нәубетаты, ғарыштаты, тіке сызықты сарындарға негізделген өрнектердің кездесе беретіні де міне осыдан.

Ішкі жиһаздарының байлығын былай қойғанда, күмбезінің иінішіне киіз астынан берілетін, жолағы

¹ Төлеңгіттер – хан жасағының сақшылары, күзетке кезектесіп тұратын болған

ақ қойдың жүнінен иірілген жіптен тоқылатын кілем басқұрдан (оны ақбасқұр деп те атайды), кереге мен уықтың қиысатын тұсына тұтылатын желісі қазақтың «қошқарат», «шынжара» атты өрнектерінің әуеніне құрылатын термебасқұрдан, нышандық белгілер ретінде сәндікке ілінетін шаңырақбау, уықбау, желбау салпыншақтарынан, шаңыраққоршау, туырлық, үзік жолақтарынан, тіптен керегенің сыртына туырлық астынан тұтылатын орама шиден, шекпеленген ағаш құрастырмаларындағы бағалы және жартылай бағалы металдармен, сүйекпен, түрлі түсті тастармен толықтырылатын ою- өрнектерден Ордадағы адам қиялына сыя бермейтін мінсіздікті көреміз.

Орданың күмбезін түгелдей жабатын үзіктерінің етегіне оюлы дөдеге, айналма құр берілетіні, артқы үзігінің кестеленген ақ жолақтарының үйдің алдына қарай айқастыра байланатыны оның көшпелі қауым өмірге келтірген таңғажайып, керемет құбылыс екенінің тағы бір айғағы.

Орданың құрылымдық жағынан мейлінше жетілдірілгені аса үлкен құрастырылып-ажыратылатын құрылғы болғанына қарамастан, онда тіреуіш, таяныш атаулының болмайтынынан да көрінеді. Керісінше, дауыл соққан кезде тепе-тендік сақтау және салмақты ортаға аудару түсу мақсатымен шаңыраққа төрт жағынан (жалпылама киіз үйде екі жағынан ғана) бекітілетін де, кереге-уыққа қыстыра салынатын желбау жолақтарын жерге сүйрете байластырып үстіне жүк үйетін болған. Сақтық үшін құрылғыны сыртынан екі жағынан арқанмен бастыратын болған.

Қазақта бұрын киіз үйлерді бір-біріне тіркестіре тігіп, әжетіне жарататын дәстүр де болғанға ұқсайды. Жетісу жеріндегі Нарынқол ауданы Қақпақ аулының тұрғыны Әбдікерім Әділбекұлынан жазушы Эрнест Төреханов жазып алған мәліметке қарағанда, қазақ байлары таудағы жайылымдарда кіші-ірім құрылғыдан тұратын төрт киіз

үйді тіркестіре тігіп, монша жасайды екен. «Киімшен» деп аталған бірінші үйде шешінеді екен де, «қауыз» деген атпен белгілі екінші үйде шомылып, «тас булау» деген үшінші үйде қыздырынады екен. Төртінші үй «бүйрек»— моншадан кейін тынығып, демалатын орын болған. Моншаның көшпелі өмірге бейімделген жылыту жүйесі болған. Осындай моншада шомылғанын Кеген ауданының тұрғыны Қасымбек Қашкынбайұлы да айтып берген. Бәлкім, Ордада да осы іспетті монша болған шығар.

Дәстүрлі өнер мен теренге меңзейтін тамырлардан нәр алған құрастырылып-ажыратылатын киіз жабынды тұрғын жайдың осы бір үлгісінен көз жазып қалғанымыз өкінішті-ақ. Мәселенің Ордаға жаратылатын ағаштың, киіздің, баушудың, арқан-жіптің нашар сақталатынында ғана емес, жылдар бойы қалыптасқан көне дүние ескерткіштеріне көзқарастың кертартпалығында, заттық мәдениеттің жетістіктерін сақтауға құнтсыздық та болғаны даусыз.

Айтылғандардан біздің көріп отырғанымыз, қазақтың киіз үйіне байланысты халық шығармашылығының ұжымдық еңбекке негізделгені. Бақсақ, оның қаңқасын бір шілеңгерлер¹ жасаса, жабыны мен жасауы екінші бір шеберлердің қолынан шығады екен. Олардың әрқайсысы оның бітімі мен безендірілуіне өз шығармашылығының соны туындыларын ендіруге тырысады екен. Мұны біз дүние жүзі қазақтарының Алматыда өткен құрылтайына (1992 ж.) тігілген Торғай шеберлерінің қолынан шыққан Орданың нұсқасынан да көрдік.

Қазақ қадым заманнан бастап-ақ өзінің ата-тегін құраған ежелгі тайпалар мен халықтардан киіз басуды, тері ұқсатуды, алаша тоқуды, ши орауды, алтынмен аптап, күміспен күптеуді өзіне мұра етіп қабылдаған ел. Дәстүрлі өнердің осы түрлерінің барлығы киіз үйден көрінетіні хақ. Солай бола тұрса да, академик Ә. Марғұланның,

¹ Шілеңгер – ұста деген мағына береді

тарих ғылымдарының докторлары Х. Арғынбаевтың, М. Мұқановтың аса құнды еңбектеріне қарамастан, қазақтың киіз үйін палеоэтнологиялық тұрғыдан әлі де болса терең зерттей түсуді қажет ететін құбылыс екенін өмір көрсетіп отыр.

Киіз үй – қазақтың өзімен бірге жасасып, тарих белестерінен бірге асқан заттық, тұрмыстық мәдениетінің көрінісі. От басының салауаттылығы мен саулығының белгісі ретінде босағаға, шаңыраққа құрмет көрсету – ежелден келе жатқан дәстүр. Ендеше қайсыбір іскер топтардың киіз үйді оп-онай баюдың ыңғай табысына айналдырып алғанын қалай түсінуге болады? Тегі, осы жұрт киіз үйге жеңіл-желпі қарайтын болып бара жатқан жоқ па? Бірде Алматы түбіндегі ресторандардың бірінде даяшы болып істейтін келіншектің киіз үймен «үш қайнаса сорпасы қосылмайтын» шеренен қалай болса солай құрастырылып, бөзбен қапталған күркесін жатжұрттық қонақтарға «қазақтың киіз үйі» деп таныстырып, дәм татуға шақырғанын көріп қайран қалған едік. Мәселе киіз үй дегеннің не екенін білу-білмеуде ғана емес, қазіргі үй жасау кәсіпшілігінде қалыптаса бастаған хал-ахуалға да байланысты. Ең алдымен үйдің қаңқасын жасайтын Үштөбедегі фабриканы дәстүрлі өнер негізінде өнім шығаратын кәсіпорын етіп қайта құру қажет-ақ. Киіз үй жасаудың өнегелі дәстүрлері сақталған Маңғыстауда, Сыр бойында, Талас – Шу алқабында тағы бір-екі кәсіпорын неге ұйымдастырмасқа? Жыл өткен сайын киіз үй жасауға қажетті материал дайындап алуға болатын табиғи тоғайлардың құрып бара жатқанын ескеріп, арнайы тал, қайың, терек, тораңғы өсіретін питомниктер ұйымдастырған да жөн болар. Орта Азия елдерінде құрылысқа жарату үшін арнайы тал өсіретін кәсіп ілгеріден келе жатқаны белгілі. Олардың тәжірибесін неге пайдаланбасқа? Қой өсіретін ел болсақ та, киіз басуға қажетті қазақы қойдың күзем жүнінің табыла бермейтінін, киізге ақ реңк беретін

және нығарлауға бірден-бір құнды материал – сүйек үгіндісінің, кәдімгі бордың, кереге көктеуге лайық таспа тілетін терінің, ағаш құрастырмаларын сырлауға қажет болатын бояудың, балық желімінің жетісе бермейтінін айтсақ, киіз үй төңірегіндегі мәселелердің күрделене түсетіні ойланатын жағдай. Мұның өзі ата-баба мұрасын халық игілігіне жарату үшін, қазіргі заман талабына сай, бұрынғы табиғи ортасына қайыра түсумен тікелей байланысты.

ҰҚЫПТЫЛЫҚ ҮЛГІСІ

Біз тұрақты баспана тұрғызу ісінің қазақ даласында ежелгі заманнан бастап-ақ орныға бастағаны жөнінде айттық. Ескі деректер мен ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне карағанда, тұрақты мекенжайдың алғашқы үлгілері бір жағынан үйреншікті түрлі – аңшы қосының сұлбасын жаңа материалға көшіре салу жолымен, екінші жағынан – оңтайлылығы жан-жақты көріне бастаған шымның, сазбалшықтың, шабақталған бұтақтың, тақтастың ерекшеліктеріне орайластырылған жаңа түлер қарастыру арқылы қалыптасқанға ұқсайды. Мысалға, қазаққа тән тұрақты мекенжайдың ең көне нұсқасы – шошаланы алсақ, оның құрылымдық жағынан ғасырларды артқа салып, аздаған өзгерістерге түскенімен, негізінен аңшы қосын қайталайтыны анық. Қазақ құрылысшылары шошала тұрғызу үшін оның іргетасын дөңгелек етіп қаластырып, үстіне 10-15 сырықтан түзілетін сүйір құрылғы орналастыратын да, ағаш бұтақтарымен шабақтап, киізбен жаба салады екен. Төбесінде түтін шығатын шаңырағы бар тұрақты мекенжайдың осы бір түрін «Шарбақ шошала» деп атаған. Малды жазғы жайылымға айдағанда, күзде шамалы жөндеуден өткізіп, үстін қайта

жауып, кіріп алатын болғандықтан, үй иесі шошаланың төбе жабынын сыпырып алып, қанқасын қалдырып кете береді екен.

Шошала шымнан, қамыстан, қамкесектен, қыштан, тақтатастан тұрғызылған. Ақмола, Атбасар, Құсмұрын, Жетікөл сияқты бұрын орманды-далалы болып келген аудандарда шошала бес қабырғалы етіліп, ағаштан қиыстырылғанымен шаңырағы – түндікпен, кіріп-шығатын ойығы – киіз есікпен жабылады екен.

Шошала жүздеген жылдар бойы жартылай отырықшы және отырықшы қазақпен бірге жасасқанымен, тұрғын үйдің жетілдірілген түрлерінің көбейе бастауына байланысты бірте-бірте азық-түлік қоймасы, етхана, асхана, тіптен отынхана ретінде пайдаланылып, соңғы 30-40 жылда мүлдем істен шығып қалған.

Құрылымының мейлінше қарапайымдығына, ертеден белгілі үйреншікті материал – қамыспен жабылып, лаймен сыланатынына, тіптен ағаш құрастырмаларында әшекей атаулының бола бермейтініне қарап, ғылымға белгілі палеоэтнологиялық ұғым-түсініктермен салыстыра отыра, бізге мәлім тұрақты мекен-жайдың барлығынан сұлбасы көрінетін қазақтың арасы дәлізбен бөлінетін екі бөлмелі «қоржын үйін» де (оны бітіміне қарай этнографтар осылай атаған) көне тұрғын үй үлгілерінің қатарына жат-қызуға болады. Бұл пікірді ежелгі Отырарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары да растайды. «Соңғы ортағасырлардағы Отырарға тән баспана мен отырықшы қазақтың мекен-жайын салыстыру,-деп жазған археологтар К. Ақышев, К. Байпақов, Л. Ерзакович, – қызғылықты нәтижелер берді. Отырардағы баспананың негізгі ұясы дәлізді немесе қоймалы бөлме, сол сияқты көп бөлмелі тіркеспелер отырықшы қазақтың үйлеріне ұқсас. Этнографиялық материалдарға жүгінсек, қазақта шаруашылыққа қажетті қосалқысының итарқасы өзімен бірге жабылатын жеке немесе екі бөлмелі тұрғын үй

кеңінен тараған. Оның құрамында кейде асхана ретінде пайдаланылған аралық үшінші бөлменің де көрініп қалатыны белгілі¹. Профессор М. Мендікұловтың казак арасында кеңінен тараған тұрақты мекен-жайдың негізгі екі түрінен де – Арканың далалық қыстауынан да, Сыр бойы мен Жетісудың «қарсы есіктісінен» де қоржын іспетті ұядан тұратын баспана сұлбасын ашқаны² жайында біз мұнан бұрын да талай рет айтқанбыз. Оның үстіне Кенді Алтайдың орманды алқабында тұратын казактың ағаштан қиыстыратын қыстығынан да, оған тіркестіре тұрғызылатын шарбақ үйінен де, тіптен Арал мен Каспий балықшыларының лашығынан да «қоржын үй» сарыны байқалатыны белгілі.

Аса көрнекті орыс ғалымы С. Руденко Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген елдің өзі зерттеген тіркеспе қыстауын казактың өзіне ғана тән, басқа жұрттан алмаспаған, оған және оның ата-бабасына, кем дегенде, осыдан екі мың жыл бұрын белгілі болған баспана нұсқасы³ деп есептеген. Ғалым тұрақты мекен-жайдың бұл нұсқасының «қарға тамырлы» казактың бәріне тән екеніне, кеңінен тарағанына, төбе жабынды, есік, терезе ойықтарын орналастырудағы ұқыптылыққа баса назар аударған. Ал мұнда да «қоржын үй» сұлбасы көрінетіні дәлелдеп жатуды қажет ете қоймас.

Қоржын үй, бәлкім, жоғарыда өзіміз айтқандай, казакқа және оның ата-бабасына әуел бастан үйреншікті бола бастаған құрылыс материалдарының ыңғайына орайластырылған тұрақты мекенжайдың алғашқы үлгісі

¹ Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б., Оррар XVI-XVIII веков по итогам раскопок 1971-1973 годов.-Древности Казахстана. Алматы. 1975,34-35-б.

² Мендікұлов М. Қазақстан архитектурасының XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас кезіндегі сипаты жөнінде. – Қазақстан архитектурасы. Алматы. 1959, 155-бет

³ Руденко С. Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза. – Казаки. Антропологические очерки. Л., 1927, 9-10-бет

болар. Олай дейтініміз, ғасырлар бойы Орта жүз, Кіші жүз қазақтарының жаз жайлауы Сарыарқада, Жайық, Ырғыз өңірінде, Ертіс бойында, Ұлы жүз қазақтарынікі Жонғар, Іле сырты, Қырғыз, Талас Алатауларының, Өгем жотасының бектерлерінде болғанымен, қысты қолөнері, саудасаттығы дамыған қалалары, диқаншылықпен айналысқан, азды-көпті шөп дайындайтын қоныстары бар, қысқы жайылымдары да, малды жусатуға қажетті тоғайы, копа қамысы да жеткілікті Сыр бойында, Арал айналасында, Талас – Шу аңғарында, Мойынқұмда, Сарыесік – Атырауда өткізіп келген. Кіші жүз қазақтарының біразы қысқа қарай Каспий бойына, Ойыл мен Сағызға қарай ығысатын.

Ызғырық желі, үскірік аязы қыста үдей түсетін, көбіне қалың қар басып қалатын жазғы жайлауларда қыстап қалатындар жоқтың қасы болған. Сарыарқада, т. б. далалық жерлерде қыстау тұрғызу ісінің соңғы кезеңде ғана, XVI-II ғасырдың алғашқы ширегінен, шамамен айтқанда, жаңа қоныстанушылардың келе бастаған тұсынан дами бастағаны белгілі. Сол кезден бастап қыстау тұрғызу дәстүрлері де теріскейге ауысқан болуы ықтимал. Бәлкім, жаратылысынан оңтүстікке тән тұрақты мекенжайдың үлгісі – қоржын үй сұлбасының далалық қыстаулардан көріне беретіні де осымен байланысты болар.

Қазақ сахара жағдайында үй тұрғызғанда даланың құбылмалы ауа райының, өзі қоныс тепкісі келген жердің ыңғайына, материалдың көпшілік қолды болуына үлкен мән берген. Қора-қопсысымен итарқасы бірге жабылатын қыстау тұрғызу үшін ол әдетте ойлы-қырлы, күн шуақты, малды жусататын шөбі мол, желдің өтіне ықтасын болатын қамысы, бұтасы бар өзен бойын, көл жағасын таңдап алатын болған. Ал диқаншылық пен мал ұстауды бірдей кәсіп еткен Оңтүстік Қазақстанның, Сыр бойы мен Жетісудың қазағы, керісінше, «қарсы есікті» мекенжайын қора-қопсыдан аулақ, ағаш бұтақтарымен, жыңғылмен шабақталған шарбақпен, шеңгелмен, кей жерлерде

дуалмен қоршалған аулаға (оны «әулі» деп те атайды) орналастырады екен.

Осындай тәртіппен тұрғызылатын үйлерден құралатын және негізінен туыстас, рулас үйелмендердің бірыңғай қоныстануы мұқият қадағаланатын қазақ ауылдарының орыс деревняларынан, ортаазиялық қыстақтардан (қыш-лактардан) айырмашылығы күретамырлы көшесінің, оның жүлгерлері мен қосалқыларының атымен бола бермейтіндігінде. Тағы да бір көңіл аударатын жайт – қыстыгүні айналадағы жайылым тарлық ететіндіктен, малы көп байлардың қыстауларында екі-үш үйелменнен артық қала бермейтіні. Қалыптасқан дәстүрге сай Сарыарқа мен Каспий, Арал сыртында көбіне қора-қопсылы тіркеспе қыстау, Сырбойы мен Жетісуда қоржын үй, тоқалтамдар, Жайық өңірінде, Тобыл сыртында, кенді Алтайдың орманды алқабында орналасқан қазақ ауылдарында олармен қатар ағаш үйлер де кездесетін. Оңтүстік Қазақстан халқының жартылай отырықшылары түгелдей қоржын үйлерден тұратын ауылдарды қыстағанымен, су жағасындағы көгалды далаға көшіп шығып, жаздың бірнеше айын киіз үйлерде өткізгенді ұнатады екен.

Қазақ ауылдарындағы осындай тәртіп соғыстан кейінгі жылдарға дейін, тіптен тың игерген кезеңге дейін сақталып келген. Қазіргі қазақ ауылдарында тұрақты мекенжайдың көпшілігінің шатырлы болып, шифермен жабылатыны, бір-бірімен жалғасатын кішігірім 3-4 бөлмеден тұратыны белгілі. Асхана, қойма тұрғын үйден бөлек қосалқыға орналасатын болып алған. Бұрынғы дәстүрлі қора-қопсы да қызметінің өзгеруіне байланысты түгелдей жартылай ашық кейіпке енген. Аулада бау-бақша, жүзім, гүл отырғызудың тұрмысқа енгені қашан.

Әйтсе де, бұрын арагідік болса да кездесе беретін, тарихи ескерткіштерді есепке алудың құнтсыздығынан сәулеткерліктері біркелкілікке байланысты түр өзгерістеріне түскен қазақ ұсталарының қолынан шыққан

мекенжайдың көпшілігінің төбе жабыны жоқ, есік-терезесі бұзылған, соғыс зардабын тартқан құрылыстар сияқты қаңқайған қабырғаларының қалғанын қалай түсінуге болады? Олар соншама керексіз дүние ме? Әлде біздің күнде көріп жүрген, Қазақстанның үлкенді-кішілі қалаларының ғана емес, ауылдарының да келбетін бұлынғыр біркелкілікке алып келген, үйлесімі шамалы, орта колды сәулет эклектикасы үй құрылысының шоқтығы ма? Егер төбесін шатырлап, еденін тактайлап, су құбырын жүргізсе, жылу беріп, электр қағанағын орнатса, ескі тұрғын үйлерде де жаңаша өмір құруға болмас па еді? Бұл қазақы үй құрылысының сахараның аңызак желі мен үскірік аязына бейімделген өзіндік ерекшеліктеріне, әсіресе бүкіл әулетімен бірге тұруды қалайтын дала тұрғындарының тұрмыс-салтына ыңғайластырылған тұстарына мән беруге тырыспағандықтан туған жағдай.

Қазақ жасампаздығының күні бүгінге дейін тарихи-этнологиялық, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық тұрғыдан әлі де болса толық ашыла қоймаған құбылыс екенін ескерсек, мұның өзі тарих алдындағы қарызымыз бен парызымыздың үдесінен шыға алмай келе жатқанымыздың қырсығы болып шықпасына кім кепілдік бере алады? Сондықтан да қазақ халқы өмірге келтірген тұрақты мекенжайдың ерекшеліктерін зерттеп-білу жаңа заман талаптарына сай үйлер тұрғызу ісіне қосылған үлес болатындықтан, оқырман қауымды оның негізгі үлгілерімен таныстыра отыра, мәселенің шешімін таба алмай келе жатқан жақтарына көңіл аударуды жөн көрдік.

Қазақ халқы қалыптастырған тұрақты мекенжайдың негізгі нұсқалары деп біз оның мынадай үлгілерін атай аламыз:

ҚОРЖЫН ҮЙ. Қазақтың бізге танымал тұрақты мекенжайларының барлығынан сұлбасы көрінетін, арасы асхананың да міндетін атқаратын дәлізбен ажыратылатын, бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін екі бөлмелі

тұрғын үйі. Қақыраның негізінде пайда болып, тұрғын жайдың басқа да үлгілерінің қалыптасуына жол ашқан үй құрылысының нұсқасы болуы мүмкін.

Қоржын үй тұрғызу әдісі мейлінше қарапайым. Ол үшін әдетте ауладағы егістіктің, бақшаның, жауын-шашынның суы жинала қоймайтын биіктеу жер тандап алынатын да, оны кетпенмен тегістеп, сабан, түйеқарын, кепкен жантақ, т. б. Шөп-шалаң төселгеннен кейін малдың тұяғымен таптатады болған. Шөп-шалаңды сыпырып алып, үстіне су құйып, кілкіндісін ағызып жіберіп, тағы да су құйып, малдың тұяғымен таптауды ағаш тоқпақпен ұрып, нығарлаумен қатар жүргізе берген, Жер әбден дайын болғаннан кейін кабырға тұрғызылатын шаршыға дуалдың енімен бірдей ор қазып, оған барынша қалың етіп қамыс төсеп, соның үстіне ғана үйдің қаңқасын тұрғызады екен. Оны алдын ала сорын шайып, үш-төрт күн суға бұқтырылғаннан кейін, сабанмен араластырып, илеуін қандырған балшықтан құйылған қам кесектен қалап, сабан қосылған лаймен қалың етіп сылайтын болған, Төбежабыны шатырдың да қызметін атқаратындықтан, итарқасының ылғал жиналмайтындай көтеріңкі болуы үшін төрт кабырғаның аздап. биіктетілген кесе-көлденең еніне әрбір бөлмейің өн бойына жететіндей етіп, қақ ортасынан қары қоятын болған. Оған дуалмен байланыстыра екі жағынан қарама-қарсы тасталатын кеспек ағаштардың үстіне ши төсеп, баулаған қамыспен қалың етіп жауып, топырақ төгіп, лаймен сылап тастайтын болған... Тебежабынға жаратылған қамыстың сыртқа көрінетін ұшын қол арамен жатық етіп қыркып, құрылысты аяқталған кейіпке келтіретін болған.

Қоржын үйдің құрамында итарқасы өзімен бірге жабылатын, әдетте құрылыстың өн бойына теріскей жағынан берілетін, астықтың түр-түрін бөлек құятын қамбалары, қак, қауынқұрт, кептірілген жеміс, ірімшік, құрт, диірменге тартылған ұн қоятын орындары, уақытша

ет ілетін адалбақаны болатын түнек тұрғызылатын. Қосалқының бұлай деп аталатыны – екі тұсынан берілетін ашпалы көздері, еденіне сырттан дем тартатын тесіктері болмаса, жарық түсіретін терезе атаулының болмайтынынан.

Үйдің терезе-есігі, бастырмасы күншуақты жағынан берілетін. Оттығы дәлізден жағылып, бөлмелері ара бөлік дуал арқылы жылытылатындықтан, үйдің итарқасында түтін тартатын мұржалары, бөлмелерінің ауасын тазалайтын дем тартқыш түтіктері болған.

Оңтүстіктің аптап ыстығында жаз айларында аспан астында ұйықтап, демалуға тура келетіндіктен, қоржын үйдің ауласында (әулісінде) үстіне масахана құрылатын сәкісі (сыпасы), құрт жаятын, жеміс кептіретін сүресі, қазан асатын ошағы, тандыр оттығы, т. б. үй шаруасына қажетті құрылғылары болған. Ауланың сыртына айналасы қоршалған бақша, дәнді дақылдар, жоңышка өсірілетін бірнеше атыз егіс танабы орналастырылатын. Мал ұстайтын қора-қопсысының ауладан бөлек болуы қарастырылатын.

Қоржын үйдің қалалық жерлерде сақталған нұсқаларында олардың ағаш құрылғыларына (төбесіне, есік-терезелеріне, бағана-ұстындарына) ою-өрнек, сыртқы бұғатына, терезе, есік ойықтарына қыштан мәнерлеп қаланған құр, жиектемелер берілген. Қаладағы қоржын үйлердің бізге жеткендерінің едені тактайлы болып келеді.

Қоржын үй ғасырлар бойы отырықшы қазаққа негізгі баспана болып келгенімен, соңғы кезеңде тұрмыстан мүлдем шығып қалған десек те болады. Оның түр өзгерістеріне түскен жекелеген нұсқаларын Сырбойының, Талас – Шу алқабының алыстағы ауылдарынан, Қызылорда, Түркістан, Арыс, Қазалы калаларында ғана кездестіруге болады.

ТОҚАЛТАМ. Қоржын үйдің тікелей баламасы, этнографиялық әдебиетте «қарсы есікті» деген шартты атаумен белгілі тұрғын үй нұсқасы. Қамкесектен соғылады.

Қамыспен жабылып, төбежабыны қаңқасымен қоса тып-типыл етіп сыланатын болғандықтан «токалтам» деп аталған. Ауласында бірнеше атыз егіс танабы, жоңышқалық, диқаншылық пен мал ұстауды бірдей игерген кешенді шаруашылықтың нышаны іспетті киіз үй, жартылай ашық қора-қопсы кездеседі.

Токалтамның қалалық жерлерде сақталған нұсқаларында төбежабынның шетін тақтаймен көмкеріп, кейде ағаш кеспектерінің үйдің бұғатына шығып тұратын ұштарына катырып тастайтын дәстүр кездеседі. Қайсы біреулерінде терезе ойықтарына ағаш жиектеме берілген.

Токалтам Ертіс жағалауында, Жетісуда, Сырбойында, Арал сыртының Ырғыз жағында кеңінен тарағанымен, соңғы жылдарда сирек кездесетін болып алған.

ТІРКЕСПЕ. Далалық қыстаулардың ең көп тараған, шатыры бола бермейтін, итарқасы қора-қопсымен бірге жабылатын, көбіне камкесектен тұрғызылып, қабырғасы лаймен сыланатын немесе сырты күйген қышпен қапталатын «ауыз үй», «оттық үй», «жатақ үй», «қонақ үй» тіркеспесінен тұратын мекенжайдың үлгісі. Қыстау тұрғындары жатақ бөлмеге немесе қонақ жайға кіру үшін әуелі қора-қопсыдағы отынханаға, астық қоймасына, төл ұстайтын «ауыз үйге» тап болатын. Сонан кейін ғана бойы аласа, терсзелері тар, табалдырығы биік (мұдай ыңайтабыс жылуды ұзағырақ сақау қамынан туған) бөмелерге, ең алдымен «оттық үйге» (асхана), қазан оттығымен жылытылатын «жатақ үйге», онан әрмен өз алдына от жағылатын «қонақ үйге» кіре алатын.

Бағана-ұстындар орнатып, төбежабынды жеңіл-желпілеу ететін тәсіл құрамында тіркеспе бөлмелері, жекелеген мал қоралары, астық қоймасы, отынхана болатын осындай үлкен құрылыстың итарқасын бірге жабуға мүмкіндік беретін болған.

Тіркеспе шымнан да, тақтатастан да соғылған. Ауқатты қазақ күйген қыштан тұрғызған, шатырлы үйлер сирек

кездеседі. Ал қыстаудың сыртын күйген қышпен қаптап, мәнерлеп қалап, материалдың өңін шығару дәстүрі кеңінен өріс алған десек те болады.

XIX ғасырдың аяғында Торғай облысының Үрпек аулына жақын жерде Аймағамбет ұста тұрғызған тіркеспе қыстаудың нұсқасында бөлмелерінің қиылысқан бұрыштарына шығыңқы бағаналар (пилон) берілген. Құрылысты салуға қатысқан қарт ұстаның айтуына қарағанда, шығыңқы бағаналар үйдің іргетасы болмай-тындығынан қабырғаға түсетін салмақты жеңілдету үшін қажет болғанға ұқсайды. Солай ма, әлде олай емес пе, мамандар өз пікірін айта жатар, біз көргенімізді, естігенімізді ғана жазып отырмыз. Өкінішке орай, 1974 жылы құлап бітуге айналған қыстауды сақтап қалу мақсатымен аудан орталығы Амангелді поселкесіне көшіргенде қора-қопсы мүлдем алынып тасталған, ішкі жағынан берілген қыш «сталактиттер» түсіп қалған да, шығыңқы бағаналар құрылыстың тек сыртқы төрт бұрышында, кіреберіс жағында ғана қалдырылған.

Аймағамбет ұста тұрғызған тіркеспе қыстаудың осы бір үлгісінің әсемделуі жағынан тағы бір ерекшелігі – сыртқы бұғатына оймышты қалыппен кұйылған өрнекті қыштардан құрастырылған құр берілгені. Мұның өзі казакқа тән үй құрылысында, қоғамдық орындарда ғана кездесетін жайт.

Қыстауға тіркестіре салынатын қора-қопсының тұрғын үймен тікелей жалғасатын тұсы (отынхана, койма, ауыз үй, т. б.) жартылай ашық болған. Ішке шығатын бөлігінде мал қамайтын ашық қора, ықтасын, ат қора, тұяғымен жусатуға қоңы жете бермейтін арық-тұрақ, мал төлі, қолда ұстайтын жылқы үшін төбесі ашық, шеңбер кейпіндегі қабырғасы дестеленген шөптен, бауланған құрақтан тұрғызылатын қотан, кішігірім шөпхана болған.

Мекенжайдың осындай тіркеспе қыстауға жататын үлгілері құрып біткен, сау қалғандарының төбе жабыны

жок, есік-терезесі бұзылып, қаңырап бос қалған кейпінде далалық жерлерде әлі де кездеседі.

Тіркеспенің қалалық жерлерде сақталған нұсқаларында, мәселен, Қазалы қаласындағы Ғани байдың күйген қыштан соғылған, түнікелі үйінде үлкенді-кішілі жиырма бөлме бар, кіре берістегі дарбазалы қақпаның үстіне бастырмалы лоджия берілген. Құрылыстағы бұғаттама құр, табакшалардан да үйлесімін тапқан ұқыптылық лебі есетін сияқты.

Маңғыстаудағы Форт-Шевченко қаласындағы Ыдырыс Сәрсенбайұлының үйі түгелдей ұлутастан соғылғанымен, терезе ойығы сыналап қалағандығымен, құрылыстың бұғатына тастан қашалған өрнектер мен бояулы накыш берілгендігімен құнды.

ШАРБАҚ ҮЙ. Кенді Алтайдың орманды-далалы алқабында қалыптасқан, қаңқасы бұтақтармен шабақталған шарбақтан құрастырылатын да, іші-сырты сыланып тасталатын тұрақты мекенжайдың біршама көне нұсқасы. Төбесінің құламасы бас жағын буған қамыспен, неше түрлі шөп-шалаңмен жабылатын болған, ортасына от жағылатындықтан төбесіндегі түтін тартатын ойықтың мұржасы шабақталып, балшықпен сыланатын. Соңғы кезге дейін қазіргі тұрғын үйлердің ауласындағы қойма, қора-қопсының қызметін атқарып келген.

ДҮКЕН. Ағаштан қиыстырылған, бес қабырғалы шатырлы үйдің нұсқасы. Бес қабырғалы болып келетіні тұрақты мекенжай салуда үйреншікті түрдің – киіз үйдің, шошаланың шеңберінен түзу қабырғалы қаңқаға алмасу үрдісін көрсетеді. Көбіне мекенжайдың өзге нұсқаларымен, әсіресе шарбақ үймен бірге пайдаланылған. Төбесінің құламасы бес қырлы болғандықтан дем шығатын ойығы қақпақпен жабылып, тіреуішпен ашылатын бес бұрыш кейпінде болғанға ұқсайды.

Қазір тұрмыстан шығып қалған.

ҚЫСТЫҚ. Шатырлы ағаш үйдің шаршысы созылыңқылау келетін, қабырғасы ағаш кеспектерімен қаланатын түрі. Кіре берісінде үйді жылытатын, қазан асып, тамақ әзірлейтін оттығы болған.

Зерттеушілер қыстықты XVIII-XIX ғасырларда Шығыс Қазақстанға жаңадан қоныс тепкендердің ықпалымен пайда болған тұрғын үйдің үлгісі деп жорамалдайды. Онын әшекейлі ою-өрнегі жөнінде мәліметтер сақталмаған.

* * *

Тұрғын үйді қазақ қоғамының тарихынан, өткен жолынан бөліп қарауға болмайды. Оның өзіне ғана тән тұрғын үй үлгілерінің тұрмыстан шығып қалуының басты себебі мынада еді: Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде Қазақстанда әр түрлі тарихи себептермен көрші Өзбекстандағы немесе Әзірбайжан, Грузия, Армениядағыдай жана тұрмыс талаптарына сай реттелген ұлттық үй құрылысы қалыптаса алмады. Алғашқы бесжылдықтарда көптеп салына бастаған, қамкесектен соғылып, итарқасы қамыспен жабылатын да, балшықпен сыланатын қоржын үй, тіркеспе, тоқалтам нұсқалары көп ұзамай-ақ сырттан әкелінген құрылыс эклектикасымен алмастырылды. Өкініштісі, бұл үрдісті уақтылы сезініп, тиісті шаралар қолданған үкімет пен басқару орындары болған жоқ. Тіптен осы уақытқа дейін: «Ей, соның керегі не?» дейтіндер де табылады.

Дегенмен, қазаққа тән тұрғын жайдың үлгілерін басқасын былай қойғанда, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан заттық-тұрмыстық мәдениетінің ескерткіштері ретінде болашаққа сақтап қалуға, тиімді жақтарын қазіргі үй құрылысына пайдалануға тікелей қамқорлық ету – Қазақ мемлекетінің қасиетті борышы деп есептейміз.

Тек нақтылы іс, жедел жәрдем керек-ақ.

ТАЛҒАМ ТАРАЗЫСЫНАН ӨТКЕН

Құрастырмалары, әшекейі, ішкі жасауы халық сәулеткерлігімен тікелей ұштасып жататын, тіптен белгілі бір деңгейде оны толықтыра түсетін қазақтағы құрастырып-ажыратылатын немесе тұрақты мекенжайлардың қай-қайсысынан да қоғамның тұрмыс ыңғайына, рухани болмысына, талғам-таразысына сай қалыптасқан дәстүрлі өнердің үйлесімін көруге болатыны белгілі.

Өзін табиғаттың дара перзентіндей сезінген ата-бабамыздың ой-өрісі кең, түйсігі ұшқыр, талғамы биік, сезімі нәзік болғанын оның тек ою-өрнекке ғана емес, баспананың есік-терезе, босаға, табалдырық, шаңырақ сияқты құрамдас бөлшектеріне киелі мән беріп, отбасының салауаттылығымен байланыстыра білгенінен де аңғарамыз.

Қазақтың жанашыр жақынына, қимас досына, бауырлас туысына деген ақ ниетін, адал тілегін білдіргенде «Босаған берік болсын!», «Шаңырағың биік болсын!», «Терезең тепе-тең болсын!» дейтіні де сол ата-бабамыздан қалған өнегелі дәстүрдің жалғасы. Ең әсем бау-шудың шаңыраққа ілінетіні, екі жағынан желбау тасталатыны, босағаның табалдырықпен, мандайшамен бекітіліп, керегеге таңылатыны баспананы жел көтеріп кетпесін дегеннің ғана қамы емес, киелі құдіретке, наным-сенімнен туған көктегі тәңірге, жердегі ата-баба әруағына көрсетілген ілтишат болып табылады. Қазақтың шаңырақтан үйдің ортасына күн түсетін сәті көктемнің күшіне енген мезгілі деп егіске түгелдей кірісетіні де осы киелі мәннен туған.

Қазақ халқының киіз үйді жасандыруда және безендіруде мүлтіксіздікке жеткені баршаға мәлім. Ал тас қашау, ағаш өңдеу, темір ұқсату, мәнерлеп қыш құю, қырма, бояумен өрнектеу сияқты тәсілдердің өздеріне көптен бері белгілі екеніне (оған ежелгі Тараздың іргесіндегі Айша Бибі, Ұлытаудағы Аяққамыр, Маңқыстаудағы

Ақүйік, Сенек күмбездері, Жетісудың таулы аудандарында сақталған ағаш бейіттер дәлел бола алады) қарамастан қазақ құрылысшылары тұрғызған тұрақты мекенжайларда әшекей атаулының бола бермейтіні неліктен?

Біздің ойымызша, мұндай сұраққа жауапты әсіресе құрылыс ісінде ұқыптылық көрсете білген қазақтың сәулеткерліктегі әшекейдің орнын тұрақты мекен-жайдың ішкі жасауындағы көз жауын алатын қалы кілем, арабы, тұскиіздермен, сырдақ (сырдамал), сырмақтармен, тұскестелермен, тіптен таптаурындалған, сүйектелген, күмістелген ою-өрнекті заттардың есебінен толтырып келгенінен іздеген жөн.

Бұлай дейтініміз, қазақтың бұрынғы отырықшы, жартылай отырықшы немесе көшпелі топтарының қай-қайсысын алсақ та, дәстүрлі өнері бірегей, өте ұқсас, тіптен бірінікін бірі қайталайтыны белгілі. Ал ондағы керемет ою-өрнек әлемімен салыстырғанда сәулет құрастырмаларына, қабырғадағы кеңістікке берілетін әшекейлердің бұлыңғыр елес қана болып қалатыны даусыз. Солай бола тұрса да, қалалық жерлерде сақталған қоржынүй, тоқалтам, тіркеспе үлгілерінің кейбіреулерінде әшекейленген сәулет құрастырмалары кездесіп отырады. Әйтсе де оларға қарап тереңге меңзейтін пікір айту қиын.

Қазаққа тән киіз үйдің ішкі жасауын орналастыру тәртібі ұрпақтан-ұрпаққа алмасып келгендіктен біркелкі реттелгені мәлім. Қалыптасқан тәртіп бойынша, киіз үйге кіреберістегі сол жақ босағада әдетте ер-тұрман, күсбегілікке қажет саймандар ілінетін. Одан әрегірек киім ілетін адалбақан, жас жұбайларға арнап шымылдық ұсталған төсекағаш (оны кей жерлерде, қысқаша, төсағаш деп те атайды) қойылатын. Төрде жүкаяқтарға, кебежелерге қойылатын әбдірелердің, қаршындардың (жүкқап) үстіне екі-үш қатар етіп көрпе-тесек жиналатын болған.

Үйдің оң жақ қанаты ежелден келе жатқан салт бойынша бос қалдырылатын. Онда қарттар жайғасатын.

Отбасында біреу қайтыс болса, арнайы үй тігу мүмкін болмаған жағдайда өлікті де осы жаққа қойып, оң жақтан шығаратын. Қант-шай, ұсақ-түйек дәм сақталатын кебеже, ыдыс-аяқ қоятын асадал (шкаф), қымыз ашытатын саба, керегеге ілінетін аяққап, теркеш (кесеқап), тағы басқа бұйым-тайым да осы оң жақ босағаға жақын орналастырылатын.

Киіз үйдің ортасында үш аяқты темір ошаққа қазан асылып, от жағылатын болғандықтан, төрге төселген текеметтің, кілемнің үстіне айнала көрпеше салынып, ортаға дастарқан жайылатын. Жаз айларында, әсіресе аса қадірлі қонақ күтетін сәтте, үйдің ортасына жайылған алаша, кілем, текеметтердің үстіне жозы қойылып, айналасына төселген көрпешелерге қонақтардың жайғасып отыруына ыңғайластырылған төсеніш ретінде әр жерден ішіне жүн, қыл салып, арнайы тоқылған кілем жолағымен немесе мәуітімен тысталған жержастықтар тасталатын. Дәмжозыға жайылған дастарқан үстіне берілетін.

Ал тұрақты мекенжайдың, ондағы оттық, жатақ, қонақ бөлмелерінің жасауы киіз үйдікіне біршама ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалған. Мысалға алсақ, жүк (көрпе-төсек) екі-үш қатар етіліп, төрге жиналғанымен, қабырғаға ұсталатын кілем, тұскиіз, алаша бөлмелердің есік-терезе ойықтары жоқ, көбіне теріскей жағына тұтылатын. Дастарқан, сүлгі, шашық, майлық, оттық (асхана қызметін атқарған) бөлмеде, төбеге бекітілген аспаға қаттап жайылатын. Ыдыс-аяқ асадалға, үйдің қабырғасындағы арнайы тектердегі сереге қойылатын.

Еденге тақтай төсеуге мүмкіндік бола бермейтіндіктен, шетін қышпен қаластырып, ортасына кесек сынықтарымен араластыра топырақ төгіп, үстін қалың етіп сылап тастайтын сәкі, сыпа (суфа) жатақ, қонақ бөлмелерінің үштен екісіндей бөлігін алып жататын. Сәкінің, сыпаның үстіне қамыс, ши, киіз төселіп, көрпешелер салынатын

да, ортаға қойылған жозы айналасына жержастықтар тасталатын. Жержастық қонаққа төсек салғанда құсжастықты (көпшікті) биіктету үшін де пайдаланылған.

Жас жұбайлар үшін жеке белменің ыңғайы келмесе, оларға арнайы орын белгіленетін.

Үйдің терезелеріне жұқа, селдір бәтестен, есіктеріне барқыттан, бедерлі жібектен тігілген перделер тұтылатын. Тұрақты мекенжайда кездесетін үстел-орындықтар, асадал, төсек ағаш, адалбақандар, ыдыс-аяқ киіз үйдікіндей болған.

Қазаққа тән тұрғын үйлердің ішкі жасауы жергілікті елдің күнкөрісіне, тұрмысына байланысты арагідік кездесетін ерекшеліктері болмаса, Қазақстанның барлық аймақтарына бірегей қалыптасқан құбылыс.

Өткен ғасырларда Қазақстанда болған жатжұрттық саяхатшылардың, шығыстанушы, тарихшы-этнографтардың көпшілігі қазақтың үйіне кіріп келгенде ең алдымен көзге түсетіні төрдің қақ ортасына бір-бірімен тіркестіре екі-үш, тіптен төрт қатар етіп жиналған жүк (көрпе-төсек) болатынына көңіл аударған.

Ескі түсінік бойынша, дала жұртына байлық пен молшылықтың бірден-бір белгісі іспетті болған жүкті (көрпе-төсекті) әсемдеп, накышына келтіре, реттеп жинауға ерекше мән берілген.

Орнына келген аса бір керемет, үйлесімді істі көргенде қазақтың «Қыздың жиған жүгіндей екен» деп тандайын соғатын теңеуі де, бәлкім, сол заманнан қалған.

Жүкті әрлеп жинаудың да қалыптасқан реті бар. Қазақстанның Оңтүстігі мен Сыр бойында ол үшін ең алдымен жалпы паркы бір шамалы, ағаштан шабылған, әр түрлі бояулармен толықтырылған шекпемен темір накыштармен әшекейленген жұқаяқтарға мейлінше бірегей әсемделген, бір қолдан шыққан әбдірелер қойылатын да, үстіне жүк жиналатын болған. Ал тікелей киіз үйдің ішінде жұқаяққа түрлі үй жиһаздарын, киім-кешекті кежім

алашаға орап, қыларқанмен мәнерлеп бұған тең, әбдіре қойылады екен. Әбдіреге төсек астына арнайы жайылатын, шеті малдың қылынан түрлі түске боялған шашақтармен көмкерілген сырдақ немесе қағылез етіп басылған жұқа текемет бүктесіні, жібектен, масатыдан, қырмызыдан, сәтеннен тігілген көрпелер, ақ жібекпен, сұрыппен тысталған екі кісілік жастық немесе бір кісілік көпшіктер жиналатын да онсыз да бау-шумен безендірілген, түскиіз, кілем ілінген үй ішін жайнатып жіберетін болған.

Арқада көшіп-конған елдің жағдайында жүктің астына жүкаяқ қою міндетті болмаған. Сүйектеліп, неше түрлі ою-өрнекпен безендірілген кебежелердің үстіне әбдіре, қаршын қойылатын да, көрпе-төсек жиналатын. Әбдіре-сандықтардың ою бастырылған ақ киізбен қапталатыны үй ішіне ерекше көрік беріп, адамның жан дүниесін баурап алатындықтан, мәңгілік есте қалады екен.

Алайда осындай жоғары талғам таразысынан өткен дәстүрлі өнердің ұмытылып бара жатқаны зерттеушілердің қай-қайсысына болса да шектен тыс жауапкершілік артатынын ескере отыра, халық сәулеткерлігінің, әсіресе, ел абайынан шыға бастаған тұстарына көңіл аударуды жөн көрдік.

Өйткені, бабамыз Асанқайғының сөзімен айтқанда, таза мінсіз асыл тас су түбінде, таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады екен. Су түбінде жатқан тас жел толқытса, ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады екен. Жасымыз болса ұлғайып келе жатыр. Халық сәулеткерлігі деп отырғанымыздың әлі де аша түсетін ескелең жолы, «бүге-шігесі», «шер тарқатса шығатын» жақтары аз емес. Оларды айқындап, «шер тарқатарлардың» қатарында біз сияқтылардың да болуы орынды.

Сондықтан да оқырманға ұсынылып отырған көптен бергі ізденістердің осы бір азын-аулақ нәтижесі халық сәулеткерлігінде бар қазынаның өзін тарихи, этнологиялық тұрғыдан ұғынуға қосылған үлес болса автор өзін бақытты деп есептейді.

ҚАЗАҚТАНУ КЕРЕК ПЕ?

Қазақ қоғамының даму үрдісі ренессанстық сипат ала бастады. Мұның өзі ел басынан кешкен мәдени-тұрмыстық, идеологиялық экспансияның кіріптары болған қазақ ұлтының генефондын, әсіресе оның дәстүрлі өнерін, тілін, ұлттық тұрпатын, мінез-кұлқын сақтап қалу мүддесінен туып отыр. Өйткені, елдің тарихын, өткендегі өмірін, істеген кәсібін, дәстүрлі өнерін, тұрмыс-салтын білмей тұрып, қазіргінің ұшығына жету мүмкін емес. Ал негізгі параметрлерімен болашағын алдын ала болжамайынша, арнайы ғылыми зерттеулер, дәйекті тұжырымдар негізінде нақтылы шаралар белгілеп, екіұшты құбылыстардың алдын алмай тұрып, елді, оған өз атын берген және түпқазығы болған қазақ халқын жан-жақты дамытуға болмайтыны тағы бар. Бұлардың бәрін былай қойғанда, Азаттық, Теңдік, Туыстық дегендердің өзі елдік, халықтық сипат, мемлекеттік сана үшін қажет емес пе? Мұны неге ойланбасқа?

Несін жасырайық, біз көп асылының біразынан, ұлттық игі қасиеттерінен көз жазып қалған халықпыз. Қазіргі келеңсіздіктердің бір жағы – ізгі дәстүрдің, отаншылдық, ұлттық сана-сезімнің жұқара бастағаны өзімізге де қатысты. Мұндай қасіреттің түйіні қазір онда-мұнда көріне бастаған рушылдыққа, жікшілдікке, құда-құдандалыққа, тамыр-таныстыққа бой ұсынуда жатыр.

«Бұл күнге бүгін емес, көптен кірдік,
Алды-артын андамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Алалық алты бақан, дертпен кірдік...

Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,
Еліріп ерегіске екі-үш күндік.
Кіреді тентек есі түстен кейін,
Мүшкілін қаліміздің енді білдік» –

деп, тегі, Ахмет Байтұрсынов босқа айтпаған.

Біз көтеріп отырған жайт халқымыздың, әсіресе жастардың ата-баба мұрасын бастапқыға парапар ұғыммен танып-білуімен де байланысты. Ол үшін негізінен екі мәселенің шешімін табу қажет-ақ. Оның бірі – қазақ тілін мемлекеттік мәртебесіне түгелдей орнықтыру. Ол сырттан қарағанда халыққа тәлім-тәрбие берудің бір тармағы ғана болғанымен, мемлекеттік саясаттың өзекті саласына айналуы қажет. Екіншісі – тарихи және мәдени мұраның, әр түрлі себептермен құрып бара жатқан қосындысына айнала бастаған қазақтың дәстүрлі өнерінің ұмытыла бастаған тұстарын (бөліктерін) қалпына келтіріп, бұрынғы табиғи ортасына оралта түсу.

Соңғы жылдары біз көп есейдік. Жетістіктеріміз де, кемшіліктеріміз де болды. Сол кемшіліктердің ішіндегі ең бастысы – мемлекеттік дәрежеде жан-жақты ойластырылған бағыт-бағдарға, мәдени бағдарлама, ресми идеологияға қолымыздың жетпегені. Тіптен, жастарға имандылық-эстетикалық тәрбие берудің республикалық кешенді бағдарламасын үкімет өзі қабылдағысы келмей, Білім министрлігінің қарауына итере салғанын қалай түсінуге болады? Бәлкім, соңғы кездегі бірде тілге, бірде дінге, бірде ұлттық дәстүрге бас ұру – құрғақ энтузиазм мен жалаңтөс жанұшырудың жемісі болып қала бергені осындай ыңғай табыстың нәтижесі болар.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаны, Республика Президенті мен Жоғарғы Кеңесінің оны орнықтыруға бағытталған іс-қаракеттері, әсіресе тәуелсіз мемлекеттің Конституциясының қабылдануы бұрынғы коммунистік идеологияның орнын толтыратын жана идеологиялық құрылым қалыптастыруды алға қойды. Мұндағы негізгі қиыншылық Кеңес Одағын құрту үшін Горбачев жүргізген «деидеологизацияның» арқасында жұрттың «идеология» деген сөздің өзін де естігісі келмейтін болып алғандығында болып отыр. Осыған байланысты уақыт тезінен өткен ата жолына, жалпыадамзаттық,

ұлттық игі қасиеттерге, дінге бетбұрыс жасау керек деген пікір де айтылды. Бұлай ету белгілі бір деңгейдегі жөнтабыс болғанымен, жаңа тәуелсіз мемлекеттің алдына қойған қыруар мақсаттарын жүзеге асыру жолында қысқа қайырғандық болар еді. Тіптен, қоғамдық ғылымдарды қаржыландырудың өзін де қысқарта тұру керек дейтіндер де табылатынға ұқсайды.

Ау, сонда біз көп ұлтты Қазақстан жағдайында азаматтық келісімге тыңғылықты жетуді былай қойғанда, жаңа тәуелсіз мемлекеттің өзін қалай құрмақпыз? Идеология атаулының бәрін жаһаннамға жіберетін болсақ, ертең бізді алмастыратын жас ұрпақты қалай тәрбиелеп, Қазақстанның тағдырын кімнің қолына тапсырамыз. Бізге жаңа идеология керек-ақ. Ол ұлттық идеология болуға тиіс. Оны мемлекеттік идеология деп бұқпантайлатудың қажеті жоқ. Ұлттық идеология деп отырғанымыз ұлтшылдық идеологиясы емес. Оның тек қазақ халқының ғана емес, республикада тұратын барлық ұлыстардың мүдделерін бірдей қорғайтын идеология болатынына күмәндануға болмайды. Өйткені, еліміздің Конституциясында жарияланғандай, «Өзін-өзі билейтін қазақ ұлтының мемлекеттігінің түрі ретінде Қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматтарының құқық теңдігін қамтамасыз етеді» емес пе? Оның үстіне бізде, қайсыбір лауазымды азаматтар үнемі сілтеме жасай беретін, Америка Құрама Штаттарындағыдай немесе Канада мен Швейцариядағыдай азаматтық қоғам емес, «қазақ мемлекеттігінің бұлжымастығын негізге ала отырып» (Конституцияның преамбуласында осылай жазылған – Ө. Ж.) ұлттық мемлекет құрылатын болады. Құрама Штаттарда, Канада мен Швейцарияда көптеген халықтардың ұрпақтары тұрғанымен, олар мекендеген аймақтың тектестік негізін құраған жергілікті ұлт жоқ. Бізде болса Республика халқының тең жарымына жуық тұрғылықты қазақ ұлты бар. Міне, оларда – азаматтық

қоғам, бізде – ұлттық мемлекет болатынының негізгі себебі осында жатыр.

Тек ұлттық мемлекет арқылы ғана қазақ халқын экономикалық, әлеуметтік, парасаттық, құқықтық, мәдени, моральдық, имандылық, мінез-құлықтық жағынан кемеліне жеткізуге болады. Сонда ғана біз патша заманында – Метрополияға, Кеңес үкіметі жылдарында – Орталыққа тәуелді болып, керек десеңіз, өнеркәсіптің шешуші, мәртебелі салаларында ұлттық жұмысшы табын, өзінен шыққан инженер-техник қызметкерлерін толығынан қалыптастыра алмай, 30-жылдардағы аштық-жалаңаштық, қуғын-сүргін кезінде миллиондаған азаматынан айырылып, Қазақстанға белгілі бір есеппен жер аударылған жұрттың есебінен өз мекенінде көпшілік болудан қалған, үкіметтің құйтырқы саясатынан тарихи мәңгүрттікке душар болып, тілінен, ұлттық әдет-ғұрыптарынан айырыла бастаған халықтың парасаттық мүмкіндіктерін түгелдей іске қоса аламыз.

Бірде маған Мұхтар Әуезов музейіндегі халық университетінде өткізілген дәріс кезінде бір жас жігіттің: «Бізге қазақтану керек пе?» деп сұрақ бергені бартынды. Қазақтану қазір қажет-ақ. Ол ең алдымен халықтың тарихын жүзжылдықтар, тіптен мыңжылдықтар деңгейінде айқындауға, қазақтың жасампаздығы мен шығармашылығын, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, дәстүрлі өнерін этнологиялық тұрғыдан кенінен зерттеп-білуге қолғабысын тигізетін болады. Қазақты антропологиялық тұрғыдан зерттей түсу де қазақтанушы ғалымдарға үлкен міндет жүктейді.

Ғылымның бұл саласының халқымызды жан-жақты зерттеуге, оның болашағына қатысты өзекті мәселелер бойынша социологтардың, демографтардың, политологтардың, этнографтардың, лингвистердің, т. б. қатысуымен нақтылы болжам, ғылыми тұжырымдар жасай алатынын ескерсек, көптеген сауалдарға жауап

табуға болатыны өзінен-өзі-ақ түсінікті. Біздің мәселенің бұл жағына көңіл аударып отырғанымыз патша үкіметі кезіндегі, онан кейінгі зерттеулердің қай-қайсысын алсақ та тарих, этнография, антропология, әдебиет пен өнер саласында құнды деректер қалдырғанымен, негізінен отарлау, орыстандыру мүддесіне байланысты жүргізілгендіктен, қазақты халықтық тұрғыдан зерттеп, оның жан-жақты дамуына ықпал ете алмағанымен байланысты еді.

Мысалға алсақ, Ресей мемлекеті қазақты Төртінші Иванның кезінен-ақ зерттей бастаған. 1534 жылы ноғайлы Ордасында болған орыс елшісі Дағиил Губиннің патша ағзамға жазған хабарламасында: «Қазақтар, әміршім, құдіретті, де батыл құсайды, жұрттың айтуынша, әмірші Ташкентті жаулапты, тіпті ташкенттік ханзадалар, менің естігеніме қарағанда, екі рет шайқасып, қазақтардан соққы жепті» дегені кезінде европалықтар үшін құлақ түрерлік мағлұмат болған екен. Бірінші Петрдің, Екінші Екатеринаның патшалық құрған тұсында, онан кейін де, табиғи байлығы мол ұлан-ғайыр кеңістікке иелік еткен қазақтың құдіреті мен осал жақтары оның рухани болмысымен, әлеуметтік қатыныстарымен, тұрмыс-салтымен қоса зерттеле берген. Отаршылық кармалауышын Шығысқа қарай созған Ресей мемлекеті жіберген зеттеушілердің арасында өрісі кең, демократтық көзқарастарымен белгілі болған ғалымдар да, бұратана халыққа паңдана қарайтын лауазымдылар да, жергілікті мықтылар жөнінде ұсак-түйек мәлімет, сыбыс жинаған жансыздар да болған. Өйткені, қазақ жерін мейлінше бытыранқы, әртілде сөйлейтін, сан жағынан шамалы Сібір халықтары сияқты қарулы қазақтардың аз ғана тобының күшімен бағындыра алмайтыны көптен белгілі болған. Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі 20-30 жылдардағы экспедициялардың да белгілі бір мақсатқа – мемлекеттік құрылысты орнықтыруға, кеңестендіру

саясатын уағыздауға бағышталып, ұжымдастыруға, индустрияландыруға, мәдени экспансияға, идеологиялық біркелкілікке дайындық ретінде ұйымдастырылғаны хақ.

Бәлкім, бізге бүгін тәуелсіз Қазақстан жағдайында қазақты шын мәнінде халықтық тұрғыдан зерттеп, көз жеткізе алатын болашақта халқымыздың демографиялық көрсеткіштері қандай болмақ, қазақ тілімен кім боламыз, ал онсыз күніміз қалай болмақ, дәстүрлі өнер бізге керек пе, оны дамыту үшін не істеу керек деген сұрақтарға жауап іздеуге тура келер. Ұлттық сана-сезім, мінез-құлық, тұрпат пен бет-пішін қандай өзгерістерге түсуі мүмкін? Ұлттық жұмысшы табын қалыптастырудың жолдары қалай болмақ? Тағысын тағы сұрақтарға жауап беру тығырықтан шығудың мүмкіндіктерін қарастыруға, елді мүлтіксіздікке, кемеліне жеткізуге көмектесер.

Бұлай дейтініміз, диалектикалық бірлік пен қайшылықтардың бірден-бір көрінісі болып табылатын дәстүршілдік пен жанашылдық, ескіру мен жанару, өшу мен өсу, тағысын тағы құбылыстардың кеңес үкіметі жылдарында әрдайым жаңа мазмұнмен толықтырылып, олардың қоғамға әзірше беймәлім қайсыбір үрдістерінің өзгелердің есебінен шешіліп келгенімен байланысты еді. Мәселен, экономиканың мәртебелі салаларында қызмет ететін қазақтың өзінен шыққан, жоғары маманданған жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлердің аздығы оның дарынсыздығынан емес, ондай кадрлардың жоспарлы түрде жылдар бойы шеттен жіберіліп келгендігінде еді.

Дала жағдайына, оның аңызак желіне, үскірік аязына, елдің күнкөрісіне, тұрмыс құру ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан дәстүрлі үй құрылысын мүлтіксіздікке жеткізе түсудің орнына оны сырттан әкелінген орта қолды сәулет эклектикасымен алмастыру тарихи мәңгүрттікке жол ашқан тағы бір жайт болды десек, қателесе қоймаспыз.

Тағы бір мысал. Күні кеше ғана Қазақстанның қалалары мен ауылдарын бұлыңғыр біркелкілікке әкелген әйнек пен темірбетон сәулеткерлігін ендіру үшін дәстүрлі құрылыс үстемдігін ауыздықтауға күш салынды. Тек бүгін ескі құрылыс дәстүрлеріне қайта бетбұрыс жасауға мүмкіндік алғаннан кейін ғана осыдан біраз бұрын мәртебелі бағыт деп есептелмейтін құрылыстарды сақтауға, қалпына келтіруге, жаңаша пайдалануға көзқарас өзгере бастады.

Мұндай мысалдарды елдің тұрмысынан, өзара қарым-қатынасынан, имандылық, парасаттық, ізгілік дәстүрлерінің шайқала бастаған тұстарынан да келтіруге болады.

Қазақтану – ғылымның басқа салаларымен қойындаса отыра халқымыздың жан-жақты дамуына әсер ете алатын құбылыс. Кезінде қазақтың зиялылары ат салысқан Қазақстанды зерттеу қоғамы елтану, мұратану, өнертану, т. б. бағыттарда бірқатар игілікті істердің ұйытқысы болған екен. Қалыптасқан жағдайдың кезек күттірмейтінін ескере отыра, әлеуметтік және стратегиялық зерттеулермен айналысатын орталықтардың бірін Қазақтану ғылыми зерттеу институтына айналдырсақ, халқымыздың болмысына, дәстүрлі өнеріне, сәулеткерлігіне, тұрмысына, мінез-құлқына байланысты мәселелерді кеңінен зерттей түсуге де жол ашылар еді.

Олай дейтініміз, қазақ даласындағы тіршіліктің қай кездегісін алсақта өз идеалдары болған. Мәселен, көшпелі қауымның, жартылай отырықшы және отырықшы елдің бар ойлағаны күнкөріс қамы болса, кеңес өкіметі жылдарында оған қоса ілгері үмітке, білім-танымға талпыну басымырақ болды. Ал қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында қаржы, байлық жинау, қосымша құн иемдену алғы шепке шығып отыр. Мұның өзі әсіресе ата-баба мұрасына, ұлттық игі қасиеттерге ұқыпты болуды, жұртты ұлттық мақтанышқа баулу ісін, көп ұлтты Қазақстан халқын ауызбірлікке, ынтанымақтастыққа тәрбиелеу ісін жүйеге келтіруді талап етеді.

Қысқасы, қазақтанудың, егер оған мемлекет тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін болса, қадым заманы мен жаңа дәуірдің арасындағы тарихи сабақтастықты, уақыт, ұрпақтар байланысын аша түсуге, белгілі дәрежеде халықтың болашағын бағдарлап отыруға мүмкіндік беретіні даусыз.

ЖҰБАН АҒА ТУРАЛЫ ОЙ

«Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген
Жөрегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкіммен түн түрілген.
...Мен – қазақпын, бір биік белеспін мен
Еуропа да, Азия да емеспін мен.
Аралықпын жетінші материктей
Бірақ барша адаммен телі өстім мен.
«Қазақпын» деп досқа айтам ұғысатын
Мақтан етсін атақты туысы атын.
«Қазақпын» деп жауға айтам қасақана
Біліп қойсын, болса ойы жұғысатын.
Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін
Қайта тудым өмірге қайта келдім.
Мен мың жылда бір тірілдім мәңгі өлмеске –
Айта бергім келеді, айта бергім».

Бұлай деп кезінде Жұбан ақын ғана айта алған. «Мен – қазақпын» деген өзінің отты тұжырымын ол 1986 жылғы қанды оқиға кезінде Колбин мен оның сыбайластарына да айтты. Кім білсін, сол күндері Алматыда болсам, мен де тоқырау заманының озбырлығына қарсы шыққан жастардың арасында болар ма едім, оны тағдыр менің пешенеме жазбапты. Әйтсе де, азулы да ашулы ақынның әділетсіздікке қарсы айтқан отты сөздерінен алған эсерім қажағаймен тайға таңба басқандай кімді болса да бейтарап қалдырмайтын еді.

Жұбан сияқты арыстар өмірге анда-санда ғана келеді. Біздің қоғамға «бір бірлеп мың болатындай, тамшы боп тама, көл болатындай» ауызбіршілік, ынтымақтастық қажет екеніне қарамастан, оған көзі тірісінде өзіне лайық қадір-құрмет көрсетілмеді. «Алты бақан ала ауыз» (Абай) болатындай осы жұртқа не керек екенін кейде түсіну қиын.

Жұбан ағамен жарастығымыз көптен ақ қалыптасқан еді. 1977 жылы Мәдениет министріне орынбасарлыққа

тағайындала салысымен менің көзіме түскені 1943 жылдан кейінгі 34 жыл ішінде республикада халық ақындары айтысының бірде бір рет өткізілмегені, «Халық ақыны» деген құрметті атақтың ешкімге берілмей келгені болды. Сол бір соғыс кезінде өткізілген соңғы айтысқа Қаныш Сәтбаев (қазылар алқасының төрағасы), Мұхтар Әуезов, Күләш Байсейітова сияқты аса көрнекті ғылым мен өнер қайраткерлері басшылық еткен екен. Біз де солардың деңгейінде өткізілген айтыстан кем түспейік дегендей, қазылар алқасына аса көрнекті мамандарды (олардың арасында Жұбан Молдағалиев те болатын) қатыстырдық.

Өнер сайысы басталардың алдында (ол жасөспірімдер театрында өтті) жүргізуші диктор айтыстың қазылар алқасын жиналғандарға таныстырып жатты. Менің нақақтан нақақ Орталық Комитеттегі бөлім меңгерушілігі қызметімнен босатылғанымға ренішім әлі басыла қоймаған еді. Кезек келіп, фамилиям аталғанда, қанша тырмыссам да бойымды билеп ала алмай, орнымнан тұрдым да қайтадан отыра кеттім. Мұным Жұбан ағаға ұнаған жоқ. Қазақтың «тоныңды отқа салма» дейтінін есіме салып ол маған:

– Е, бауырым, сен әлі ренжіп жүр екенсің ғой. Қалай еткенде де халықтан бой тасалауға болмайды. Жұртқа көрінуің керек еді, – дегенді айтты. Мен:

– Кешіріңіз, Жұбан аға, байқамай қалыппын. Мұнан былай есте болар, – деп өзімді өзім жұбатқандай болдым.

Ашынғандықтың ащы табындай кімге болса да тұжырыңқы әсер ететін сезімнің бола бермейтінін Жазушылар Одағында бірінші хатшы болып қызмет атқарып келген Жұбан Молдағалиевтей асыл азаматты орнынан босатып, өзгені «тағайындай» салғанда көрдім. Бірақ, ол мұқалған пиғыл көрсеткісі келмеді. Ақынның шығармашыл одақтың жұмысын жақсартуға бағдарланған кең өрісті ойлары барын «Маңғыстауда өткен қазақ әдебиетінің күндерінде»

Форт-Шевченкода болған кеште өз құлағыммен естігенім бар-тын. Онысы іске аспай қалды...

Десек те содан бері талай уақыт өтті. «Мен – қазақпын» деген мақтаныш сезіммен әлемге жар салатын сәт тағы да туар. Басқаны қайдам, өз басым осы ғасырлар алмасатын мезеттен болашағымызға ілгері үмітпен қарайтын уақыт басталар деп ойлаймын.

Лайым, солай болсын!

Бала жастан Жұбан ағадай болмасам да ұқсап бағып, дүниені құратын сәулеткер де, көркейтетін суреткер де болуға тырмысып келдім. Тағдыр мұнымды қол қөрмеді ме, қайдам, қолымды байлай берді. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осылай болар. Қазіргі жұлқарларға ұқсап, балашағасына қалдыратын байлық жинайтын жағдай менде болған жоқ. Болған күнде де ондайға бара алмас едім. Иісі қазақтың бәрін бірдей тұтып, руға бөліп жіктеген жоқпын. Мені ұлтшыл дейтіндер де табыла қоймас. Жұрттың ұлтына, дініне, наным-танымына, түр-түсінігі, тұрмыс-салтына карамастан бәрімен бірдей қатынаста болуға тырмысып келдім. Ағат кеткенім де жоқ сияқты. Бірақ, өз кінәсін түсінгісі келмей, босқа өкпелегендер болғанға ұқсайды.

Бірде Оралхан Бөкеевті ақтық сапарына шығарып салуға арналған қаралы рәсімге жиналғанда көптің ішінен бұрын «Мәдениет және тұрмыста» редактор болған бір азаматты көріп, хал-жағдайын сұрасам: «Сіз мені суға салдыңыз батпадым, отқа салдыңыз жанбадым» деп сарнап ала жөнелгені. Апыр-ау, осынша өкпе айтатындай мен бұл адамға не істеп қойыппын? Тым тұрпайы болса да, елдің осындайда пайдаланатын мәтеліндегі «қызу басатынын» айтып салайын деп тұрдым да қазақтың қалаулы ұлдарының бірін шығарып салуға бағышталған қаралы сәтте әдеп сақтап үндеген жоқпын.

Соңынан білгенім – мұны қызметінен босатқанда Орталық Комитетке шақырып, себебін тәптіштеп түсіндіргені

болды. Ол оған қанағаттанбапты. Партия тарқарға жақын қалған аласапыран уақытқа тап болғандықтан бөлімдегілер оны менімен жолықтырмапты. Ал осы үшін зейнеткер адамның көңіліне тиіп, соншалықты орынсыз айып тағуға бола ма? Әлде ақымақтарға заң жазылмаған деген осы ма? Қазір мұндайлармен қандай деңгейде болса да кездесіп, сөйлесе қояр ма екен?

Сөз орайы келгенде айтайын дегенім кейіннен тұрақты жұмыс істейтін парламентке жол ашу үшін «өзін өзі таратқан» Жоғарғы кеңестің сайлауы бейпілауыз демократияның шарықтап, шегіне жеткен тұсында (1990 ж.), көпшілік жағдайда балама негізде өткен еді. Ұят-арды жинап тастап, өзін өзі депутаттыққа ұсынатындар да сол тұста бой көрсете бастаған болатын. Сайлауға дайындық үстінде менің де мынадай бір таңқаларлық оқиғаға тап болғаным бар еді.

Бір жолы таңертеңгі сағат 8-ден-ақ Орталық Комитеттің есігінің алдына орналасып алып, бірінші хатшы орнынан табыла қоймаған соң, менің атымды атап «Жәні-бек-ов!», «Жәні-бек-ов!» деп бар даусымен айқайлап, өздерімен кездесуге шақырған, мойындарына әртүрлі талаптар жазылған плакаттар асып алған «ақ сақалды, сары тісті» көнекөз қарттар мен кимешек киген кейуаналарды көріп қайран қалдым. Араларында бірлі жарым болмаса жастар жоқ еді. Қайта-қайта айқайлап қоймаған соң, көмекшім арқылы Орталық Комитеттің қабылдау бөлмесінің залына сыйғанынша шақырып алып, сөйлеспек болдым. Әңгімеміз бірден басталып та кетті: Қарттарды толқытқан жәйт өздерінің қалап ұсынған кандидаты, соңынан «Табиғат» қоғамына президентікке сайланған Мэлс Елеусізовты жергілікті орындардың ықпалымен себеп тауып тіркеуден «өткізбей тастағаны» екен. Жалма-жан Орталық сайлау комиссиясынан егер шын мәнінде сайлау туралы ереже бұрмаланған болса мәселеге қайта оралуды өтіндім. Қарттарды шығарып салып, Елеусізовтің өзін ғана

қалдырып, кемпір-шалдарды шулатпай ақ (оларды Күрті ауданынан арнайы екі автобуспен алып келген екен), өзін келсең де осы мәселені шешуге болатын еді ғой дегенімде алған жауабым: «Маған да жұрт көңіл аударса екен деп ойлаған едім» болды.

Кейіннен «маған да жұрт көңіл аударса» дегенді жас бизнесменнен де, саясаткерден де, тағы басқалардан да естідім. Шамасы бұл қазіргі жастардың өмірлік мүдделеріне сай өздерін тезірек көрсете білуге тырысатындығының айғағы болса керек. Олай болса бұл жақсылық нышаны, өмірге құштарлықтың тағы бір көрінісі. Тек мұндай құбылыс ізгілікпен, имандылықпен, отаншылдықпен ұштасып жатса. Сонда ғана мұнан отыз жылдан астам уақыт бұрын «Мен – қазақпын» деп әлемге жар салған ұлы ақынның өсиеті орындалатын болады.

Десек те халқымыздың қиын-қилы тағдырын естен шығарып алмас үшін оған оқта-текте бір мезгіл үңіліп те алған жөн. Өйткені өткендегі тарихсыз бүгін, бүгінсіз ертең, ертеңсіз болашақ жоқ. Әртүрлі себептермен халқымыздың дамуы тарихтың өн бойына көршілерімен, әсіресе Қытаймен салыстырғанда басқаша өрбігені белгілі. Мәселен, қытайлықтар адамзат тарихының о бастағы нәрегейлік шағында-ақ (шамасы, Ұлы қытай қорғаны бостан босқа тұрғызылмаған болса керек) бірегей дами бастаған, біртұтас халық болып үлгірді. Ал біз болсақ, Еуразия белдеуі арқылы халықтардың ұлы қоныс аударуымен, ешқашанда толастай қоймаған жаугершілікпен, өзара қырғи-қабақтылықпен, аштық-жалаңаштықпен арпалысып келдік.

Сондықтан да қарапайым есеп ғалымдардың айтуынша, сол кезде Қытай жерін мекендеген 16 млн. халықтан 1,2 млрд. қытайлықтардың өсіп өрбігеніне, ал қазіргі қазақ тайпаларының ата тегін құрғандар қоныс тепкен кеңістікте өмір сүрген 1,0 млн. халықтан небәрі он миллиондай ғана қазақ өсіп-өнгеніне меңзейді. Егер

біздің халық Қытайдағыдай даму үрдісінен өткенде, бәлкім мұндағы елдің Кіндік Азия халықтарының біразынан бұрын тектестік жағынан айқындалғаны, моңғол шапқыншылығының алдында-ақ мал өсіріп, егін еккен, сауда-саттығы дамыған қалалары мен отырықшы қоныстары бар «Қазақстан» деген атпен белгілі елдің болғаны қазақтың тағдырына тағылым етерлік өшпес із қалдырған деп жорамалдауға болатын еді.

Қазақ жасақтарының Шыңғысхан мен Батудың, Әмір Темір мен Тоқтамыстың, басқа да шығыстық қолбасшылардың әскерінде негізгі соғыскер күш болғаны мәлім. «Балқан, Балқан, Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген тіркестердің қазақ фольклорында кездесетіні де тегіннен тегін болмаса керек. Бүкіл Таяу шығысты дүбірлеткен мамлюктердің құрамында да қыпшақтар басымырақ болған.

Десек те оқтын-оқтын қайталай берген қуаңшылық, малдың жұты, егіншіліктің күйреуі бүкіл елді қамтыған аштық-жалаңаштыққа, халықтың күрт азайып кетуіне алып келе берген. Қайсыбір әлі де болса дәлдей түсуді қажет ететін деректерге қарағанда, арагідік үзілістермен екі жүз жылға созылған жоңғар қалмақтарымен ғаламат шайқаста халықтың үштен бірі қырылғанға ұқсайды. Сөйтіп, қазағымның артықшылығы жерінің кендігі, жетіспейтіні санының кемдігі болып қала берген.

Егер тарихи шындыққа жүгінсек, отызыншы жылдардағы қолдан жасалған аштық-жалаңаштық, қуғын-сүргін, көрші елдерге қоныс аудару кезінде опат болған 3 млн.ға жуық халықтың әр қайсысынан үш адамнан өрбігенде де қазіргі қазақтың санына 9 млн. адам қосылған болар еді.

Жұбан ағаның «Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген» дейтінінің түпкі мәні де міне осында жатыр. Өкініштісі өзімізді қорғай да, сақтай да алмадық. «Оқасы жоқ» десек те жан жағымызға қарайлап қырағы болайық, ағайын!

1972 жыл. Құрамында Жұбан Молдағалиев те бар Сәбит Мұқанов бастаған бір топ жазушы Сырбай Мәуленовтің 50 жылдығына байланысты Торғай облысына келетін болды. Облыс енді ғана құрылған, Арқалықта керек десеңіз Мәдениет үйі де, мейманхана да, тіпті ресторан да жоқ уақыт болатын. Мерейтойдың ашылу салтанаты Құрылысшылардың клубында өтті, ал қонақтарды қала сыртындағы жасанды көл жағасына тігілген екі киіз үйде күтіп алуға тура келді. Менің Сәбенді өзінің «Сұлушаш», «Адасқандар» (кейіннен – «Мөлдір махаббат») романдарының оқиғалары өрбіген жерлерге алып барып, әңгімесін тыңдап, қызығына батсақ деген ойым бар еді. Бағдарламаны да соған орай құрастырдық.

Па, шіркін, Сәбеңнің әңгімесін бір рет тындағанның өзі қандай ғанибет десеңші! Бұрын мұндай сәттерді басымнан кешсем де, ұлы жазушыны тыңдай бергім келетін де тұратын. Бұл жолы да сондай сезім бойымды билеп алған еді. Өкініштісі, қасында ұзақ бола алмадым. Делегацияны облаткомның орынбасарына қалдырып, Мәскеуде болатын бір кеңеске қатысу үшін іс-сапарымен кетіп қалуға тура келді. Әйтсе де, Сәбеңмен қоса әрқайсысы бір бір елдің әдебиетіне ұстын болуға тұрарлық Сырбай Мәуленовпен, Мұхаметжан Қаратаевпен, Жұбан Молдағалиевпен, Ғафу Қайырбековпен екі күн бірге болып, есітіп-білгендерім мәңгі есімде қалды.

Келесі күні Аманкелді ауданындағы Сарыторғай жылқы зауытында болдық. Халықтың Сәбене, Сырбайға деген ықыласының шегі жоқ еді. Мұнда да жұрт екі ақ үйді қатар тігіп қарсы алды. Күндіз осы аймақтағы тарихи ескерткіштері бар жерлерде болдық. Әсіресе бір бірімен қатар екі қырқаға қатар орналасқан VIII—X ғасырларға жататын, тактатастан қаланған Екі дің («Екі діңгек») ғибадатханасы, XIX ғасырда тұрғызылған Қыз моласы атты бейіт қонақтарға үлкен әсер етті. Мұнда аңыз бойынша есігіндегі жалшысына ғашық болып, қытымыр

заманда шынайы махаббатының құрбаны болған байдың жалғыз қызы жерленген екен. Әсіресе Сәбең қыздың бейітін, әрі-бері айналып:

– Апыр-ау, осы менің Сұлушашым емес пе екен? Қайжағынан алып қарасаң да соған меңзей беретін сияқты, – деп қалбалақтай берді. Мен жазушының айтқанын дәлдегім келіп:

– Сонда Сәбе, сіз, романыңызды мұнда болмай жазған ба едіңіз? – деп сұрадым.

– Жок, мәселе мұнда болып-болмауда емес. Романның мазмұндық желісіне арқау етіп ел арасында кеңінен тарап кеткен әңгімені алған едім. Бұл арада болмасам да жердің табиғатымен, бедерімен, адамдарымен сырттай таныстығым бар-тын, – деп сөзін бітірді.

Сәбең Қызбелге («Адасқандардың» оқиғасы болған жер) де барып қайтуға ықыласты екенін айтты. Бірақ күннің ысып кетуіне байланысты асфальтталған жолдың жоқтығын айтып, жеңіл автокөліктің жүре алмайтынын ескертіп, ондай сапарды келесі кезекке қалдыруға келісімін алдым.

Жұбан ағамен екі күн бірге болу да мен үшін қызғылықты еді. Ақын сырт қарағанда көп сөйлеп кете бермейтін парасатты да, сабырлы да болғанымен, шешіле кетсе сөзшең, әңгімешіл, ақылгөй ұстаздай көрініп тұратын. Оны мына бір шумақтардан да аңғаруға болады:

Құптасаң да, сөксең де сен өзің біл,
Кейде асқақтау сөйлесем мен өзім бір.
Құлағы естіп, кенеттен тілі шыққан,
Санырау-сақау құлқындай мінезім бұл.
Кешір ана, еркенді елпілдеген,
Есесі бұл мың жылдың желпінбеген.
Дүр сілкіндім өзіңнің қанатыңмен,
Еркін келем тек сенің еркіңменен.
...Тар жолдан таймай өткен халық – батыр
Алдында бұдан да әсем өмір жатыр.

Дариға-ай, дәурен жетіп көрсем сені,
Тойыңа толған шақта толы ғасыр!

Кешкі кездесуден кейінгі дәм үстінде кеңшардың директорын оңаша шақырып алып (ол өзі бір жеңілтектеу жігіт болатын) Сәбеңнің қасына жұбайы Мәриям апай еріп келген екен, әлгі өздеріңнің «Торғай түрі», «Алты ауыл» атты осы өңірге кеңінен тараған кілемдеріңнің бірін сыйға тартсаң орынды болар еді десем директор жігітім:

– Сонда не, Сәбит біздікіне келді деп кеңшарды таратып жіберуім керек пе? Жылқы сойдым, қой сойдым, сол да жетеді ғой, – деп қалды.

Мен өзімді қоярға жер таппай, ашу-ыза кернеп:

– Ей, оңбаған, бұл не дегенің? Сәбең сенің үйіңе екінші рет келеді ме, келмейді, ме, ол жағы бір құдайға мәлім. Бірақ, сен сияқты көргенсіз әлі талай рет Сәбең біздікінде болып еді деп баласының баласына мақтанып сезіммен айтатын боласың. Бүкіл ел қадір тұтатын атамыздың атын саудаға салатындай, сен кім едің? Сен не, Сәбеңнің үйінде кілемі жоқ деп ойлайсың ба? Әлде мен саған кеңшардың есебінен сатып алып бер деп отырмын ба? Кілеміңді жамылып жата қал, онда менің жұмысым жоқ. Арқалыққа барған соң тоқымашылардан өзім-ақ сұрап алам. Олар сен сияқты надан емес, өздері-ақ алып барып сыйлыққа тартатын болады. Мен Мәскеуге барып келейін, әзірге сау бол, жігітім.

Осыны айтып, Мәскеуге ертемен ұшатын ұшаққа үлгіру үшін үйге кіріп, қонақтармен қоштасып, шығып кеттім.

Ертеңіне жазушылардың делегациясын Иманов атындағы кеңшардың Үрпек деген ауылында ешкім қарсы алмай (шамасы уақытын шатастырған болса керек), жалғыз түп ағаштың көлеңкесінде отырып қалыпты. Сәбең шыдай алмай:

– Апыр-ай, ит байласа тұрмайтын жер екен! – депті.

Мұны естіп қалған Ғафу Қайырбеков:

– Сәбе, бұл не дегеніңіз, әркімнің туған жері өзіне алтын бесік емес пе? – деп өкпесін айтыпты.

Сәбең болса:

– Ей Гафу, мен сен жөнінде айтып жатқан жоқпын. Байқадың ба, обком хатшысы кеше неге қабағы салыңқы, бір нәрсеге ренжігендей кейіппен бізбен қоштасып түнде кетіп қалды? Сенің мыналарыңды тәртіпке келтіру үшін бұл адамға үлкен күш жұмсау керек шығар, – депті,

Ертеніне бұл әңгіме Мәскеудегі маған жеткеннен кейін аудандық партия комитеттеріне телефон соғып, қандай үйде қарсы алудан дастарқан мәзіріне дейін тәптіштеп тапсырма беруге тура келді.

Мен мұны сөз ретіне қарай айтып отырмын. Әйтпесе құлазыған кең даланың бір қалысында қазіргі заманғы әлеуметтік коммуникациялардан тысқарылау қалып қойған елден басқаша нәтиже күтуге болмайтын еді. Өзгені қайдам, өзім мұны жақсы түсінем де. Сондықтан да, Торғайдағы бар өмірім сол елдің басылып қалған еңсесін көтерсем деген талпыныспен өтті. Оны торғайлықтар жақсы біледі.

Біз жоғарыда әрбір тарихи кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болатыны, оның құдіреті – уақыт, шындығы – ақиқат, талабы – талғам, келешегі – болжам арқылы ашылатыны жөнінде айттық. Мұны түсіне білу – мемлекеттік тәуелсіздіктің әліппесін енді ғана оқи бастаған біздің халық үшін қажет-ақ. Олай дейтінім қайсыбіреулер бұрынғы кеңестік құрылысқа қайта оралғысы келетінін бұқпантайламай, ашық айтып жүр. Екінші біреулер бірден американдық өмір салтына алмасып кетсек деп жанығуда. Сайып келгенде, бұл екі бағыттың екеуінің де тілге тиек ететіні Қазақстанда сан түрлі ұлыстардың қоныс тепкені болғандықтан қазіргі саяси, әлеуметтік қал-ахуалға сәйкес емес. Үшінші бағыт шын мәніндегі тәуелсіз мемлекеттік құрылыспеи байланысты. Бірақ оның да негізгі қағидаттары, шама-шарқы әлі де болса жөнді ашыла қоймай келеді.

Біз соңғы бес жылда көп есейдік. Елде қалыптаса бастаған жағдайды жетістіктерімен де, кемшіліктерімен де, қиыншылықтарымен де, бұрмалаушылықтарымен де бірдей қабылдап, тәуелсіздік мектебінен өте бастадық. Мұның бәрін сыпырып тастап, Ресейдің қолтығына кіре қалайық деудің өзі тым келте қайырғандық болар еді. Америка нұсқасы да бізге үлгі бола алмайды. Өйткені Америка ойдан-қырдан, әр түрлі халықтардың ұрпақтарынан құралған ел. Түбінде олардың да тектестік санасы оянуы мүмкін. Әзірге жанартау жарыла қоймағандықтан Американы әлеуметтік сілкіністерден бір жолата арылған ел деп қарауға болмайтын сияқты. Оның байырғы халқы құрып біткен десе де болатындай қалде. Бізде құдайға шүкір, халықтың 52 процентін құрайтын, елге өз атын беріп, оның түпқазығы болған, өзіндік этномәдениетімен, үш мың жыл бойы желісі үзілмей жалғасып келе жатқан антропологиялық тұрпатымен ерекшеленетін өлкенің түп тамырлы тұрғындарынан өсіп-өнген жергілікті казак ұлты бар. Оның мүддесін көздемейтін мемлекет тәуелсіз өмір сүре алмайды да, өзгелерге үлгі бола алмайды да. Мұндай жағдайда тәуелсіздік тізгінін өз қолына алған жас мемлекеттің өмірлік доминанттарының жалпылығы, дербестігі, тіршілік бастаулары бір салада біріге алмай, қоғамның қозғаушы күштерінің аса маңыздыларынан саналатын мәдени өзегінің үдемелі қағидаттары орныға алмауы мүмкін.

ТҮЙІНІ

Тарих белестерінің талайынан өткен қазақ бүгін де аса жауапты кезеңді басынан кешіп отыр. Талапкер – талғам, төреші – уақыт, шындық – ақиқат нышаны болатындықтан тәуелсіздіктің әліппесін енді ғана оқи бастаған сыяқтымыз.

Жасыратыны жоқ, қоғамның даму бағытына терең талдау, елдің ертеңі мен болашағына нақтылы болжам жасалмағандықтан, тіптен өзінің тиісті заңдылықтарымен өмір сүретін әлеуметтік құрылымның дамуына тыянақты ғылыми көзқарас қалыптастыра алмағандықтан соңғы жылдары қазір бәрімізді аландатып отырған келеңсіздіктерге жол берілді. Кезінде “жаудың” бейнесін қолдан жасағанымыз сыяқты коммунистерді ойдағыдай болып шыға қоймаған қайта құрылудың қас жауы – кертартпа күштер етіп көрсететін дертке душар болдық. 74 жыл бойы совет қоғамын басқарған, өзіміз кәміл сеніп, шын пейілімізбен жоғары идеалдарына қызмет еткен Коммунистік партияның 1991 жылдың 19-20 тамызындағы, кей жақтары әлі де болса түсініксіз, мемлекеттік төңкеріске әрекет жасалғанына байланысты өзге мықтының емес, өз бас хатшысының “декретімен” ләм деп аузын ашпай, тіптен азын-аулақ мәлімдеме де жасамастан біржола өмір сүруден қалғаны өкінішті-ақ. Мұның өзі миллиондаған коммунистерге жасалған опасыздық болды десек қателесе қоймаспыз.

Бәлкім, бұл қайсыбіреулердің өз айыбын басқаға аударып салатын қара бастың қамынан туған жағдай да болар. Өйткені пайыбына барсақ, осы уақытқа дейін қайта құрылуға қарсы кертартпа күштер дегеннің белсенді дем берушілерінің аты-жөні неге аталмасқа. Неге олардың “бас терісін бетіне қаптап” бүкіл қоғам алдында жіберген өрескел қателіктері мен кемшіліктері үшін жауакершілігін арттырмасқа. Әлде біздің жариялылық, пікір сайысы деп жүргеніміздің бос сөз болғаны ма?

Меніңше, біздің қоғамда қайта құрылуға тікелей, саналы түрде қарсы шыққандар болған жоқ. Ал, жаңаша ойлап, қалыптаса бастаған қоғамдық, саяси, экономикалық құрылымдарға қызмет етуге қабілеті жете бермейтіндер аз емес. Олармен кертартпа күштер деп айдар тағып, байбалам салмай-ақ қоштасуға болатын еді ғой.

Шамасы, біз дүниежүзілік тарихи үрдістің шырғалаңы мол қысталаң соқпағына түскен болуымыз керек. Сондықтан қазіргі саяси, экономикалық дағдырыс пен кемтарлықты революциялық сілкініске түсе бастаған елдің жан-жақты даму алдындағы уақытша дүрбелеңі деп ұққан ләзім. Өйткені, мұндай жағдайдың терең де түбегейлі өзгерістер алдында болатыны белгілі.

Иә, елдің соңғы жетпіс жылдан астам тарихында халқымыз үшін кесепаты ауыр оқиғалар аз болған жоқ. Ахмет Байтұрсыновтың: “Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ, теңізде жүрміз қалқып, кешпесі жоқ. Жел соқса, құйын құса жылжи бере, болған соң табан тірер ештеме жоқ” – дегенінің де орны бар. Мұның басты себебі – республиканың экономикалық тәуелсіздікке қолын жеткізе алмағанында, өз жеріне, өз байлығына өзі ие бола алмай қалғанында. Әйтседе советтік тарихты зұламат кезеңге балап, шолақ қайыру тарихи қисынға қарсы шығу болып табылар еді. Мәселенің егжей-тегжейіне терең бойламай-ақ, тек оқу-ағарту жүйесін, мәдениетті, әдебиет пен өнерді, ғылымды дамытуда қол жеткен баршаға мәлім жетістіктердің өзі-ақ ел өміріндегі ақ пен қараны барынша әділ екшеп көрсетеді ғой деп ойлаймын.

Негізгі гәп – Қазақстанның өткендегісі мен бүгінгі өмірінің күңгейі мен теріскейін шындыққа ғана жүгініп, ақыл-ой таразысынан өткізумен қатар жұртты елдікке, бірлікке баулитын іс-қаракеттер жасау. Бұл халықтың әлеуметтік қажыр-қайратын, күш-жігерін дұрыс арнаға бағыттау үшін ауадай қажет-ақ. Ең керегі, ауызбіршілік,

“бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын” ынтымақтастық.

Әрбір тарихи кезеңнің өзіне тән ерекшелігі, сыны мен тезі, қуанышы мен өкініші болады. Мәселен, бүгінгі күннің де дәл осындай қыры мен сыры жетерлік. Ұлттық сана-сезімнің тамырланып толыса түсуі, халықтың рухани қазынасының молаюы, әдебиет пен өнер арқылы жұрттың санасына ұялайтын ой салмағының арта түсуі қайта құрылу кезеңіндегі жетістік екенінде дау жоқ. Қазақтың тарихи тұлғаларды еске алып, ас беретіні тегіннен тегін болмаса керек. Өзекті дәстүр. Ол қазақ елі үшін ежелгі олимпиадалардан кем болмаған. Өнер сайысы да, жүйрік ат, әдепті қыз, сегіз қырлы, бір сырлы жігіт те, жезтаңдай шешендер де, әншілер де сондайда танылатын. Яғни, мұндай мерейлі күндер жеке ақынның, не батырдың қара басын дәріптеу ғана емес, елдің елдік қасиетін, дарынын, дәстүр-берекесін әспеттеп, тәрбиелеу жолы. Осы тұрғыдан алып қарағанда соңғы кезде ғана өткізілген Абылайдың, Бөгенбайдың, Қабанбайдың, Сыпатайдың т.б. мерейтойларының өзіміз душар болған тарихи мәңгүрттікке қарсы бағытталғанын ұмытуға болмайды.

Қазақ жұртының арттырғаны – рухани дүниесінің өзіндігі, жасампаздығы мен өнері екен. Ол өзінің тарих қойнауында қалған көп асылдарының орнын суырып-салма ақындығымен, шешендігімен, қолөнерімен, дәстүрлі мәдениетімен толтырып келген. Оның рухани даму желісінің өзіндік арқауын үзбей, жалғастыра беру – мәңгүрттікке қарсы жұрттың санасына нұр, сәуле құйып, өмірге биік талғам мен дұрыс көзқарас қалыптастыра беруге жол ашады. Ең бастысы, ұлт мүддесін көздейтін осынау міндеттің шынайы салмағы мен мәнін жүрекпен ұғына білу. Мұның өзінің азаматтық құлшынысқа итермелейтіні тағы бар.

Сол үміт пен сенімнің үдесінен шығатын болайық, оқушым!

СІЛТЕМЕ ДЕРЕКТЕР

Абу Наср аль-Фараби. Философские трактаты. Алматы, 1972.

Агапов В., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. Алматы, 1979.

Аджигалиев С.И. Традиционные погребально-культовые сооружения Западного Казахстана как историко-этнографический источник. Автореферат дис.канд. наук. Ленинград, 1989.

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар XVI-XVIII веков по итогам раскопок 1971-1973 годов. - "Древности Казахстана", Алматы, 1975.

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар. Алматы, 1981.

Аргынбаев Х.А., Кауанова Х.А., Ходжаева Р.Д. Направления и протяженность кочевых путей - "Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков". Алматы, 1980,

Аргынбаев Х.А. Обычай и поверья казахов, связанные со скотоводством. - "Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков", Алматы, 1980.

Архитектура Казахстана. Алматы, 1958

Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алматы, 1986.

Байсейітов Қ. Құштар көңіл. Алматы, 1977.

Байыргы сақ, ғұн, үйсін өнері. Қазак совет энциклопедиясы. II том, Алматы, 1973.

Басенов Т. Памятники архитектуры в районе Сам. Алматы, 1959.

Бартольд В.В. Киргизы. Соч. т.1, часть 1. Москва, 1963.

Бернштам А.Н. Архитектурные памятники Киргизии. Москва, 1950.

Биржанов К.А., Захарова И.В. Распространение орошаемого и неорошаемого земледелия. Способы и типы

ирригамонных сооружений. - "Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков". Алматы, 1980.

Булатов М.С. Геометрическая гармонизация в архитектуре Средней Азии IX-XV в.в. Москва, 1978.

Бөгенбай дәуірінің қаһармандары. Целиноград, 1991

Уалиханов Ч. Избранные произведения. Алматы, 1958.

Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. Санкт-Петербург, 1865.

Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI в.в. о долине р. Талас и смежных районах. Труды Ин-та истории, этнографии и археологии АН Казахской ССР. т.VIII. Алматы, 1960.

Герцен А.И. Колокол. Прибабочный лист. 1867

Грум-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Уранхэйский край. Ленинград, 1926.

Гумилев Л.Н. Древние тюрки. Москва, 1967.

Дулатов М. Қырғыз-казак тарихы туралы. "Қазак әдебиеті", 5 көкек, 1991.

Древние авторы о Средней Азии, Ташкент, 1940.

Елеуменов Ш. От фольклора до романа-эпопеи. Алматы, 1987.

Жданько Т.Я. Номадизм в Средней Азии и Казахстане. Москва, 1968.

Жилище народов Средней Азии и Казахстана. Москва, 1982.

Записки Русского географического общества. Санкт-Петербург, 1904, т.29.

Захарова И.В., Ходжаева Р.Л. Казахская национальная одежда. Алматы, 1964.

Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. Алматы, 1964.

Қазақ хандығының XVIII ғасырдың бірінші жартысында өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресі. Целиноград, 1991

Кармышева Б.Х. - Кочевая степь Мавераннахра и ее население в конце XIX - начале XX в. - "Советская этнография", 1980.

Каскабасов С.А. Казахская сказочная проза. Алматы, 1990.

Курылев В.П. Оружие казахов. - XXXIV сб. Музея антропологии и этнографии АН СССР. Ленинград, 1978.

Костюм народов Средней Азии. Москва, 1979.

Козыбаев М.К. История и современность. Алматы. 1991.

К вопросу о территориальной целостности Казахстана – Материалы республиканской научно-теоретической конференции. Алматы, 1990

Көбесов А. Әл-Фараби. Алматы, 1971,

Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. ч. II., Санкт-Петербург., 1832

Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее убранство. М., 1964.

Массон М. Старый Сайрам. Известия Средазкомстариса. Вып. III, Ташкент., 1926.

Мендикулов М. Памятники архитектуры полуострова Мангшылак и Западного Устюрта, Алматы, 1986,

Муканоз М.С. Виды сельскохозяйственных орудий. "Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков.", Алматы, 1980.

Назаров Ф. Записки о некоторых народах к землям средней части Азии. Санкт-Петербург., 1821.

Оразбай М, Біздің заманымызға дейінгі бес ғасыр – біздің заманымыздың бес ғасыры кезеңіндегі Қазақстанның этносаяси тарихының мәселелері. Канд. дис. Анкара-Алматы, 1991.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Алматы, 1935.

Руденко С.И. Очерк быта казаков бассейна рек Уила и Сагыза - "Казаки. Антропологические очерки." Ленинград, 1927.

Рычков П.И. Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии. I– II. Санкт-Петербург, 1762.

Садоков Р.Л. Тысяча осколков золотого саза. Москва, 1971.

Султанов Т.И. Краткое описание сочинения Сейфи. Известия АН Казахской ССР. Серия общественных наук, 1970, N1.

Современное общество и общественные науки - Материалы республиканского совещания обществоведов. Алматы, 1991

Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. Москва, 1989.

Сарыбаев Б. Казахские национальные инструменты. Алматы, 1978.

Токарев С.А. Этнография народов СССР. Москва, 1968.

Толстов С.П. Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах. ИГАИМК. вып. 103. Москва-Ленинград, 1934.

Турсунбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. Алматы, 1967.

Шалекенов У.Х. Актобе - средневековый памятник. - История материальной культуры Казахстана. Алматы, 1980.

Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алматы, 1966.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Акишев К. А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар XVI- XVIII веков по итогам раскопок 1971-1973 годов. – Древности Казахстана. Алматы, 1975.

Арғынбаев Х. Қазақ халқының қол өнері. Алматы, 1988.

Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы, 1967.

Баскаков Н.А. Жилище приийских казахов. «Советская этнография». 1971, 4.

Бартольд В.В. Киргизы. Фрунзе, 1943.

Басенов Т.К. Архитектурные памятники в районе Сам. Алматы, 1947.

Бернштам А.Н. Архитектурные памятники Киргизий. Москва, 1950.

Гильом де Рубрук. Путешествие в восточные страны. Москва, 1957.

Гумилев Л.Н. География этноса в исторический период. Ленинград, 1990.

Қозыбаев М.К. История современность. Алматы, 1991.

Майдар Д., Пюрвеев Д. От кочевой до мобильной архитектуры. Москва, 1980.

Маковецкий П.Е. Юрта. Записки Заподно-Сибирского отделения РГО. 1986, т.1.

Мендіқұлов М. Қазақстан архитектурасының XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас кезіндегі сипаты жөнінде. – Қазақстан архитектурасы. Алматы, 1959.

Муканов М.С. Казахская юрта. Алматы, 1981.

Озерова Г.Н., Покшишевский В.В. География мирового процесса урбанизации. Москва, 1981.

Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. Санкт-Петербург, 1973, ч.1.

Руденко С. Очерк быта казаков бассейна рек Уила и Сагыза. – Казаки. Антропологические очерки. Ленинград, 1927.

Шнэ В. Зимовка и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области.

Записки Западно-Сибирского отделения РГО. 1984, книга 17, вып. 2.

Эренжен Хара-Даван. Чингисхан как полководец и его наследие. Алматы, 1992.

СИРЕК ҚОЛДАНЫЛАТЫН СӨЗДЕР ТІЗБЕГІ

Аңтабы – ежелгі сақ өнеріндегі стиль (звериный стиль в древнесакском искусстве)

Алтынмен аптап, күміспен күптеген – зергерліктің машығын жете игерген

Суармалы егістіктің бөлігі

Атыз –

Әшекей – декор (арх.)

Әуез – саз (музыка)

Әуен – ән, өлең

Әрлеу – әсемдеу

Баспана – үй (жилище)

Бұғаттама құр – декоративтік фриз (арх.)

Бау-шу – киіз үйдің бау, басқұр таңғыш жіптері

Бедер – жер ыңғайы (рельеф)

Бедерлі – жібек мата (шелк набивной)

Біркелкілік – тұрмыстағы, құрылыстағы урбанизация

Ғарыштаты – қазақою-өрнегіндегі космогониялық сарын

Дарбаза – кіреберіс қақпа

Дәліз – коридор

Доңғалақты үй – арба үй

Жаңғыртпа – реконструкция

Жапсарбас – лай, раствор

Жасақ – ұлан, дружина

Жасақ сақшысы – жасақ күзетшісі

Жасау – жиһаз, үйдің мүлкі, ұзатылған

Кызға беретін төсек-орын

Жертөле – жартылай кепе (полуземлянка)

| | | |
|-----------------|---|---|
| Жозы | – | Дөңгелек үстел |
| Жұмбаздау | – | балшық ұру, |
| Жүлгер | – | күретамырлы (магистральды) көше- нің қосалқысы, проезд |
| Заттық мәдениет | – | материалдық мәдениет |
| Зер | – | зерлі мата (парча,) |
| Зерлі оқа | – | зерлі жолақ |
| Имандылық | – | адамдық, кісілік (нравствен- ность) |
| Инабаттылық | – | мейірімділік (милосердие) |
| Итарқа | – | Төбежабын, крыша (арх.) |
| Кебенек | – | киіз сулық |
| Кепе | – | жеркепе (землянка) |
| Кешен | – | комплекс |
| Кешек | – | бір кісілік киім (комплект) |
| Көшен | – | композиция |
| Көпшілік қолды | – | оңай табылатын материал |
| Күдері | – | замша |
| Күзет | – | пост |
| Күнкөріс | – | өмір сүру тәртібі (уклад жизни) |
| Киізжабын | – | туырлық-үзік (войлочное покрытие) |
| Күйме | – | арба (повозка) |
| Қақыра | – | үй (мазанка) |
| Қаңқа | – | қабырға (сүйек) |
| Қары | – | басағаш белағаш (арх.) |
| Құрылым | – | конструкция |
| Құрылғы | – | негіз, (основание) |
| Қисын | – | жүйе (система) |
| Қосалқы | – | пристройка |
| Қожалық ету | – | шаруашылық ұйымдастыру |
| Масаты | – | ыраң барқыт (бархат с низким ворсом) |
| Мәуіті | – | сукно |

| | | |
|--------------|---|--|
| Мақұлықаты | – | казак ою-өрнегіндегі аңтабы сарын |
| Мұнара | – | минарет (башня) |
| Мұржа | – | түтін тартқыш |
| Нәубетаты | – | казак ою-өрнегіндегі өсімдік сарыны |
| Нышандық | – | казак ою-өрнегіндегі символдық сарын |
| Ойыншы | – | биші, ортекеші (танцовщик, трюкач) |
| Ойық | – | проем (арх.) |
| Оттық | – | асхана, сөзбе-сөз печь деген мағынада |
| Өрнекениет | – | цивилизация |
| Парасаттық | – | интеллектуалдық мүмкіндік (потенциал) |
| Парк | – | Сәйкестік (схожество) |
| Реңк | – | түр |
| Сұлба | – | ұсқын, нұсқа, үлгі |
| Сөре, шыпта | – | жеміс, құрт кептіретін ши бастырма |
| Таптауырын | – | Көнге өрнек салу (тиснение по коже) |
| Таптауын | – | шекіме соғу (чеканка) |
| Тауқымет | – | жеке- бастың әлегі |
| Тең | – | әсемдеп буылған жүк |
| Теруші | – | жинаушы (собиратель плодов) |
| Тіке сызықты | – | казак ою-өрнегіндегі геометриялық сарын |
| Тіркеспе | – | Бөлмелері тіркестіре орналастырылатын тұрғын үй үлгісі |
| Түнек | – | қойма |
| Түтік | – | бутартқыш (вентиляция) |
| Төбежабын | – | итарқа (кровля) |
| Төсем | – | кесек (киіз), жазықтық, плоскость (арх.) |
| Ұстын | – | бағана, тіреуіш, колонна (арх.) |
| Үйелмен | – | үйелменді-сүйелменді жандар, отбасы (семья) |

- Үрдіс – процесс
 Үйлі арба – арба үстіндегі үй, (дом – повозка, кибитка. – повозка)
 Ұя – үйшік (ячейка)
 Ықтасын – қора, (затишье)
 Ыңғайтабыс – подход
 Ізгілік – гуманизм
 Іліп-қақпай – домбыра қағысынын түрі
 Шаңғауыз – шаңқобыз, варган іспетті қазақтың әуез аспабы
 Шекпе – ағашқа ою-өрнек салу
 Шүнет – Бөлінген су, әуіз, жиған су
 Шыңылтыр – глазурь
 Электр қағанағы – электр шамы (лампа)

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| Рух сардары..... | 3 |
| Тарих қойнауына үңілсек..... | 8 |
| Нартәуекел!..... | 16 |
| Қанағатпен күн кешкен..... | 38 |
| Іздеген табады..... | 62 |
| Үйлесімін тапқан ұқыптылық..... | 84 |
| Алтын домбыра жайлы аңыз..... | 103 |
| Жаңа мыңжылдық табалдырығын аттарда..... | 126 |
| Жалғыз құдірет..... | 135 |
| Ерлік, бірлік белгісі..... | 147 |
| Абайға тағзым етейік, халайық!..... | 159 |
| Ұлыстың ұлы күні..... | 168 |
| “Қоржын үй” хикаясы..... | 180 |
| Би қанаттанса..... | 193 |
| Абылайдың үш мұны..... | 200 |
| Қазақ жерінің тұтастығы жөніндегі мәселеге..... | 213 |
| Қасым ескерткіші алдында туған ой..... | 221 |
| Отырар өркениеті және біз..... | 226 |
| Атамекен..... | 239 |
| Жолайырықта..... | 247 |
| Үйлесімі жарасқан..... | 257 |
| Ұқыптылық Үлгісі..... | 267 |
| Талғам таразысынан өткен..... | 279 |
| Қазақтану керек пе? | 284 |

| | |
|--|-----|
| Жұбан аға туралы ой..... | 292 |
| Түйіні..... | 303 |
| Сілтеме деректер..... | 306 |
| Пайдаланылған әдебиеттер..... | 310 |
| Сирек қолданылатын сөздер тізбегі..... | 312 |

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
 АДАБИЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ПЕДАГОГИКАСЫ
 АКАДЕМИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
 АДАБИЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ПЕДАГОГИКАСЫ
 АКАДЕМИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
 АДАБИЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ПЕДАГОГИКАСЫ
 АКАДЕМИЯСЫ

095 _____
 096 _____
 097 _____
 098 _____
 099 _____

Ўзбекәлі ЖӘНІБЕКОВ

**ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ**

Бірінші кітап

Редакторы **Ж. АСАН**

Көркемдеуші редакторы **М. АУБАКИШЕВ**

Техникалық редакторы **А. ТИЛЕУКЕЕВА**

| | |
|-----------------------------------|-----|
| Рус тилида | 1 |
| Тарихий шайхларнинг устози | 2 |
| Қуръоннинг | 31 |
| Қадамнинг | 38 |
| Ақсароғат | 52 |
| Ғолибийнинг таълими ва таълими | 54 |
| Алғачик шайхларнинг | 60 |
| Жаҳидийликнинг таълими ва таълими | 70 |
| Қадамнинг | 124 |
| Биринчи | 147 |
| Қадамнинг | 159 |
| Ғолибийнинг таълими | 160 |
| Ғолибийнинг таълими | 170 |
| Ғолибийнинг таълими | 170 |
| Ақсароғат | 178 |
| Қадамнинг таълими ва таълими | 214 |
| Қадамнинг таълими ва таълими | 221 |
| Ғолибийнинг таълими ва таълими | 224 |
| Ақсароғат | 237 |
| Қадамнинг таълими | 247 |
| Ғолибийнинг таълими | 257 |
| Қадамнинг таълими | 267 |
| Ғолибийнинг таълими | 278 |
| Қадамнинг таълими | 284 |

ISBN 978-601-03-0097-2



9 786010 300972

ИБ № 525

Басуға 31.08. 2011 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Әріп түрі "Times New Roman"

Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік.

Баспа табағы 20.

Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс № 331/6098.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
Жангелдин – Мұхамеджанов көшесі, 30/26.

"ҚАЗАҚПАРАТ" баспа корпорациясы

Тел.: (8-727) 397-41-63, 397-41-62

Эл. пошта: Kazakparat@inbox.ru

"ҚАЗАҚПАРАТ" баспа корпорациясының баспаханасы